

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік
УНИВЕРСИТЕТІ**



**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» бағдарламасы аясында
«QAZAQ TILI MEN ÁDEBIETI» mamandyǵynyñ 30 jyldyǵyna arnalǵan
«LATYN ÁLIPBİi: GYMANITARLYQ ǴYLYMDAR
jane ÁLEMDİK INTEGRATSIA»
halyqaralyq ǵylymi konferentsia materialdary
30 qarasha, 2018 jyl**

**Сборник международной научной конференции
«ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ: ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
И ГЛОБАЛЬНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ»
посвящённой 30-летию специальности
«КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА»
в рамках программы «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
30 ноября 2018 года**

**Proceedings of the international scientific conference
"LATIN ALPHABET: HUMANITARIAN SCIENCES
AND GLOBAL INTEGRATION"
dedicated to the 30th anniversary of the speciality
"KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE"
within the program "RUKHANI ZHANGYRU"
November 30, 2018**

Ақтөбе-2018

УДК 811.12
ББК 812. Лат-03
Е 44

Ғылыми басылым

Баспаға конференцияның редакциялық Кеңесі ұсынған

Редакциялық кеңес:

Ердембеков Б.А. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; Бекназаров Р.А. – ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Садирова К.Қ. – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор; Айтпенбетова А.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі.

Редакция алқасы: Садуақас Н.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Мұратбек Б.Қ. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент; Күштаева М.Т. - филология ғылымдарының кандидаты, Кушкимбаева А.С. – PhD., Бекниязова Д. Д. - филология ғылымдарының кандидаты, Оқасова Г. Ж. – оқытушы, Жекеева А.Т. – оқытушы, Сәдірова Ә.С. – оқытушы.

Е44 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында өткізілген «**Латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және әлемдік интеграция**» халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті баспа орталығы. 2018. – 184 бет.

ISBN 978-601-7959-57-9

Бұл электронды жинақта Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және әлемдік интеграция» тақырыбында өткізілген халықаралық ғылыми конференция материалдары жинақталып берілген. Ғылыми жинақ студенттер, магистранттар мен оқытушылардың, жалпы оқырман қауымның пайдалануына ұсынылады.

УДК 811.12
ББК 812

ISBN 978-601-7959-57-9

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018

**Құрметті қонақтар!
Қадірлі әріптестер!**

Еліміздің батыс өңірінде іргелі жоғары оқу орны болып табылатын, ғылым мен білімнің қара шаңырағына айналған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне өткізіліп отырған *«Латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және әлемдік интеграция»* атты Халықаралық ғылыми конференциясына қош келдіңіздер!

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Бұл мақала қалың көпшіліктің арасында үлкен серпіліс, сапалық қозғалыс туындатқаны бәрімізге белгілі. Осылайша Елбасы кезекті рет қазақ ғалымдарына бүгін немен айналысу керек, бүгін қандай жобалар қазақстандық қоғамға аса қажет екенін шегелеп айтып берді және де латын қарпіне көшу тілімізді дамыту мен оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығарудың бірден бір жолы деп ерекше атап көрсеткен еді.

Сөз жоқ, бүгінгі таңда латын әліпбиіне көшу - әлемдік өркениетке ілесу, көштен қалмау деген сөз. Біз оны жақсы түсінеміз және қолдаймыз. Осы жұмыста тілдің тазалығына, қазақ тілінің латын графикасына негізделген орфографиялық ережелерін жетілдіруге халықтың латын әліпбиіне психологиялық тұрғыдан бейімделуіне байланысты біз өзіміздің үлесімізді қосамыз деп ойлаймыз. Тілдің қоғаммен бірге дамып, ғылым мен техника ілгерілеген сайын көршілес елдерден және басқа да шетелдерден жаңа сөздер кіруі арқылы да толығып отыратыны табиғи заңдылық болып табылатындығы анық. Қазіргідей басқа шет елдермен арада барыс-келіс жиілеген заманда күнделікті тіршілікте өзге тіл сөздерінің енуі де, әсері де күшейе түспесе, баяуламайтыны рас. Ал кірме сөздердің барлығын дер кезінде қазақы айтылымға икемдеп отыру оңай шаруа еместігі тағы бар. Әрбір оқыған сауатты адам өзге тілден келген сөздің де қазіргі кирилл әріптерімен өзгеше жазылып тұрғанын оғаш көріп, тез қабылдай қоймауы мүмкін. Ал латын әліпбиі бұл қиындықты өзі реттеп, жұртшылық кірме сөздерді қазақы жазып, қазақы оқып кеткенін өздері де байқамай қалар еді. Сондықтан туған тіліміздің табиғи айтылымына қарама - қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесуіне қарай айтуымыз үшін ескі

әліпбиімізді латын әліпбиіне алмастыруға мүмкіндік туып отыр. Демек, ұрпақ келешегін ойласак, ұлттығымыздың негізгі белгісінің бірі - тілімізді сақтап қаламыз десек, бұл орайдағы бірден-бір дұрыс жол - латынға көшу.

Ендеше, осындай келелі мәселелерді бір араға тоғыстырып, салиқалы бас қосуға жиналып отырған тілші-ғалымдар ұлттық санамыз бен рухани өремізді дүр сілкіндіретін, ұлт болып ұйысуға, ел болып белді бекем бууға, ұлттық намысты ту етуге бастайтын қазақ тілінің халықаралық, әлемдік деңгейде өрістеуіне жол ашатындай жұмыс жасайтынды деп ойлаймын. Осындай басқосулардың нәтижесінде шет елдегі қандастарымыз және түркі текті бауырларымызбен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасымызды, тығыз байланысымызды күшейтуіміздің көкжиегі кеңейе түсері сөзсіз.

Бүгінгі конференцияда баяндама жасайтын ғалымдар таразының екі басында тұрған орыс және латын әліпбиіне қатысты мәселелерге назар аударып, қайсысының тиімділігі басым екендігі деген сауалдарға тұщымды жауап беретініне сенімдемін. Бұл ретте ғалымдар арғы-бергі әлемдік тәжірибені жинақтап, әсіресе көршілес түркі халықтарының тәжірибесін зерттеп, зерделеп бір шешімге келеді деп ойлаймын.

Ендеше, ХХІ ғасыр - ақпарат ғасыры десек, бүгінгі компьютер заманында әлемдік ғаламтор жүйесіндегі ақпарат кімнің қолында болса, сол өз билігін емін-еркін жүргізе алады. Ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы - латын графикасы. Білім, ғылым, өндіріс саласына еніп жатқан жаңа технологияларға латын әліпбиі арқылы қол жеткіземіз. Сондықтан латын әліпбиіне көшумен халықаралық ақпараттық кеңістікке шығу жеңілдейді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашылады. Сықиып тұрған шетел сөздері қазақша қалыпқа ие болып, латын әліпбиі қазақ тіліне ұлттық сипат береді. Қазіргі жиналып отырған зиялы қауым өкілдері латын әліпбиіне көшуді әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол деп есептеп, оның саяси мәні де зор екендігін түсінеді деген ойдамын, яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақ елі бүкіл түркі әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түсетіндігіне шүбә келтірмейтіндігі анық.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», — деп Елбасы айтқандай латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен қайткенде тереземізді теңестіре аламыз деген сияқты ғылыми сауалдарға конференцияға қатысушылар тұщымды жауап алады деген сенімдеміз.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілі – Қазақстанда және басқа көптеген таяу және алыс шетелдерде тұратын қазақ халқының ұлттық тілі. Сондықтан ол тіл тасымалдаушыларының қатынас құралы қызметін атқаратын кез келген ұлттық тіл ретінде қазақ халқының күнделікті өмірінде пайдалану үшін оқытылуы және дамуы керек.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Сондықтан ол кез келген мемлекеттік тіл ретінде Қазақстанда тұратын халықтардың қатынас құралы болуы үшін және өзінің барлық саласында, соның ішінде басқа елдермен сыртқы қатынастарда іс жүргізу үшін мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді.

Жазба тілі сөйлеу тілі сияқты практикалық және теориялық тұрғыда аса маңызды зерттеу нысаны екені мәлім. Мысалы, ақпаратты автоматты түрде өңдеу мен шартты белгілермен таңбалау (кодтау) кезеңінде сол тілдің графемдерінің статистикалық сипаттамаларын білу керек болады. Әсіресе, қазіргі таңда қажеттілік тудырып отырған қазақ тілін латын қарпіне көшіруге қатысты мәселені шешудің ғылыми-практикалық алғышарттарын жасау ісінде маңызды болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге қосар үлесі де зор.

Латын әліпбиіне көшу – ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін, әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадам. Ғаламдық істер адамзаттың игілігіне айналары анық.

«Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты - бұл қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. Қазіргі орфографиямызды жетілдіру, сөзіміздің қазақ тілінің табиғи үндесіміне сай жазылуын қамтамасыз ету болып табылады. Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толығырақ түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс табады. Егер осы сөздер өз ана тілінде, немесе ана тілдің заңдылығына бейімделіп қолданылмаса, онда кез-келген тілдің сөздік қоры жұтаң тартып, ол тілдің табиғи заңдылықтары бұзыла бастайды. Барлық уақытта да тілдің өзіндік заңдылықтарын ескеріп, үнемі жетілдіріліп отыруы керек.

Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндалған мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы ұстанымдары мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, маңызды

тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болды. Соған орай еліміздің барлық мекемелерінде, оқу орындарында, ғылыми қауым, жалпы жұртшылық арасында қазақ тіліне, оның жазуына сай келетін латын графикалы әліпби жобаларын талқылау жұмыстары ерекше белсенділік жағдайда жүргізілді. Бұл жинақта осындай шаралардың бірі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында және «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 30 жылдығына орай «Латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және әлемдік интеграция» халықаралық ғылыми конференция материалдары жинақталып берілген.

І БАҒЫТ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ӘЛЕМДІК ИНТЕГРАЦИЯ МЕН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ОРНЫ

ПОСТКЕҢЕСТІК ЕЛДЕРДЕГІ ЛАТЫН: ТІЛ ЖӘНЕ САЯСАТ

Бекежан Өмірбек Қадырханұлы

Философия ғылымдарының докторы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры

Атырау қ., Қазақстан республикасы

bekezhanok@mail.ru

Андатпа. Мақалада бұрынғы посткеңестік елдердің кириллицадан латын графикасына ауысуы процессінің ерекшелігі қаралады. Әріп ауыстыру процессінің саяси-элеуметтік және мәдени-тарихи факторлары талқыланған. Сонымен қатар қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің әртүрлі проблемалары, оларды шешудің жолдарына байланысты пікірлер қарастырылған.

Түйін сөздер: *латын графикасы, кеңестік латын әрпі жобасы, посткеңестік елдердегі алфавит реформасының ерекшелігі, тіл және саясат, әріп және қоғамдық пікір.*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности перехода с кириллицы на латинскую графику в постсоветских странах. Проанализированы социально-политические и историко-культурные факторы реформы алфавита. А также обсуждаются проблемы перехода казахского языка на латинскую графику и пути их решения.

Ключевые слова: *латинская графика, советский проект латинской графики, особенности реформы алфавита в постсоветских странах, язык и политика, алфавит и общественное мнение.*

Summary. This article discusses the features of the transition from Cyrillic to Latin in the former Soviet countries. The social and political, historical and cultural factors of the reform of the alphabet were analyzed. Also, the transition of the Kazakh language to the Latin script and ways to solve them are discussed.

Key words: *Latin graphics, the Soviet project of Latin graphics, features of the reform of the alphabet in the former Soviet countries, language and politics, the alphabet and public opinion.*

Қазақ тілін латын графикасына көшіру процесі тәуелсіздік алғаннан бері іске асырып жатқан қоғамдық өмірдің барлық саласын, барлық әлеуметтік институттарды қамтитын модернизациялау процесстерінің ең күрделі, тарихи маңызды формасының бірі болып табылады. Экономикада нарық пен жеке меншікті енгізу, жекешелендіру және тағы басқа реформалармен қатар бұл процесс те мәдениет пен қоғамдық санада, әлеуметтік ортада үлкен резонансты оқиғаның бірі екендігіне талас жоқ. Сондықтан елдің ішінде және алыс-жақын шетелде бұл туралы кереғар көзқарастар баршылық. Соның ішінде шынын айту керек, көп адамды бұл алфавит реформасының саяси жағы қызықтырады.

Жалпы латын алфавитіне әлемдегі елдердің көшуі – ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан, әсіресе ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысында жаңа серпін алған құбылыс. Біз, әдетте, осы графикаға көшу мәселесі көтерілгеннен бері туыстас түркі халықтарының тәжірибесі туралы көп айтамыз, сонау 1929-1940 жылдары латынды қолданғанымызды тілге тиек етеміз. Саяси төңкеріс нәтижесінде орнаған кеңес үкіметінің мемлекет тіршілігінің барлық саласында, сол кезде кеңес империясына кіретін барлық республикалар мен халықтарға ортақ көптеген реформалар жасағаны белгілі. Кеңес үкіметінің үлкен реформасының бірі - мәдениет пен білімге арналды. Соның ішінде сонау 1930-шы жылдары кирилл әрпін латиницаға ауыстыру жөнінде әңгіме де көтерілген екен. Ресейлік зерттеушілер А.Х.Даудов, Е.П.Мамышева өз мақаласында латын алфавитіне кеңес халықтарын көшіру талпынысының тарихы туралы фактілер мен құжаттарға сүйене отырып жазыпты [1].

Филология ғылымдарының докторы, Ресей Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, Тіл білімі институтының директоры Владимир Алпатовпен болған сұхбатта да кезінде кирилл әрпін латынға алмастыруға бетбұрыстар болғаны айтылады. Сонау 1920 жылы Білім Халық Комиссары А.В.Луначарский мұсылман халықтары мен басқа да ұсақ ұлттардың (барлығы 50-дің айналасындағы ұлттар) әліпбиін ортақ латын графикасына көшіру жөнінде бастама көтеріп, арнайы комиссия да құрады. Оның бұл идеясын тіл маманы, профессор Н.Ф.Яковлев қолдайды және латын әліпбиіне негізделген орыс алфавитін жасайды. Оның бірнеше себебі де анықталады, 1) саяси себеп, кирилл әрпі бұрынғы патша заманының әрпі, ескінің көзі, сондықтан ол жаңа заманға қызметете алмайды, 2) ол «әлемдік революцияны» жүзеге асыру идеясы әлі де күн тәртібінде тұрғандықтан латын әліпбиі – революция жолына түскен халықтарды біріктіруші фактор деп саналды, себебі сол кездің өзінде әлемнің көптеген халқы, әсіресе Еуропада осы әріпті пайдаланды. Мысалы, осы алфавитті жасаған профессор Н.Яковлев былай дейді: «Речь идет не просто о создании новой национально-буржуазной разновидности латинского алфавита, какие мы имеем в современной Западной Европе, но о едином международном

латинизированном алфавите социализма, разработанном на основе последних достижений материалистической лингвистики, современной техники полиграфии и марксистской педагогики»[2,].3) мұсылман дінін ұстайтын халықтарды ислам дінімен тікелей байланысты таралған араб графикасынан айыру. 4) өз әліпбиі әрі әдеби тілі жоқ халықтарға ортақ графика жасау, жалпы елдегі ұлттар мен халықтарды жақындастыруға ұмтылыс. Бұл сол кезде, шын мәнінде, кейбір асыра сілтеуге қарамастан көптеген ұлттар үшін прогрессивтік қадам болды және тарихи, мәдени және саяси қажетіктерден туындады.

Кеңес кезіндегі латын жазуына көшу жоспары тек өзге ұлттар емес, орыс тіліне, оның төл графикасы – кирилл әрпіне де қатысты жүргізіле басталды. Интернеттегі ақпарат көздерінен А.В.Луначарский айтқан екен деген мынандай жолдарды көруге болады: «... о желательности введения латинского шрифта для всех народностей, населяющих территорию Республики ... что является логическим шагом по тому пути, на который Россия уже вступила, приняв новый календарный стиль и метрическую систему мер и весов» [2]. Осы жерде жоғарыда аталған А.Х.Даудов, Е.П. Мамышева мақаласынан мына сілтемені келтірген жөн сияқты. 1929 жылы РСФСР Білім Халық Комиссариаты 13 адамнан тұратын орыс жазуын латынға алмастыру жөніндегі комиссия құрады. Комиссия кирилл жазуын қатаң сынға алып, былай деп жазады: «идеологически чуждой социалистическому строительству форма графики, пережиток классово-графической феодально-помещичьей и буржуазной, самодержавного гнета, миссионерской пропаганды, великорусского шовинизма, насильственной русификации» [4]. Міне, осындай бір жағынан, сол заманға сай саяси-идеологиялық қағидаға сүйенген, екіншіден, отар ұлттардың саяси тарихы тұрғысынан қарасақ, әділетті болып табылатын көзқарасқа сүйене отырып, комиссия латын графикасына негізделген орыс жазуының үш нұсқасын жасайды. Комиссияның 1930 жылғы 14 қаңтардағы хаттамасында тура былай деп жазылған: «Переход в ближайшее время русских на единый интернациональный алфавит на латинской основе — неизбежен». Басқа ұлттық тілдер сияқты бұл жерде де орыстың төл әріптерін беру мәселесі қиындық туғызады. Соған қарамастан Н.Ф.Яковлев жасаған латынға негізделген орыс алфавитін қазір де тілші ғалымдар жоғары бағалайды екен, оны жарияланған кейбір мақалалардан байқауға болады. Бірақ осындай графикаға байланысты үлкен жобалар өткен ғасырдың 30-шы жылдарына қарай тоқтап қалады да, кеңес елі территориясында кирилл әрпі ортақ жазу ретінде қабылданады. Соның салдарынан жаңағы комиссия сынға алған құбылыстар кеңес заманында қайтадан идеологиялық сипат алып, аз ұлттарды орыстандыру саясаты өз жалғасын тапты. Бірақ, латын графикасын кеңес елінде жаппай енгізу идеологиялық қысымды азайтып немесе репрессияны болғызбай, әлде аз ұлттардың тағдырын жеңілдеткен болар еді деген құр иллюзияға ұрынудың да бізше қажеті жоқ сияқты. Сол жылдары Қазақстанда «Улы Сталин» деп әріп қатесін жібергендердің тағдыры соның куәсі. Бұл сонымен қатар әріпті жазу тұрғысынан кереғарлықтың ол кезде де көп болғанын көрсетеді.

Енді посткеңестік кезеңде бұрынғы кеңестік ұлттардың латын графикасына көшу мәселесіне келер болсақ, ол да әр түрлі сиятқа ие болды. Бұл жерде бірнеше тарихи, саяси фактордың ықпалын көреміз. 1989 жылы Молдовияда латын алфавиті қолданысқа енгізілді, оның қабылдануына ұлттық қозғалыс зор ықпал етті. Молдовияда латын әрпін енгізу айтарлықтай қиындық туғызған жоқ, себебі олар өздеріне туыстас румындардың латын графикасы негізіндегі алфавитін пайдаланды. Бірақ бұл елде кирилл әрпін қолдану әлі де жалғасуда және оған ықпал етуші күштер де бар, соған қарамастан латын графикасы негізінен толықтай қолданысқа енді. Әліпбиі жағынан бұрынғы кеңес елінде ерекше тұрған елдер Балтық жағалауының үш елі – Литва, Латвия, Эстония болды. Бұларда латын графикасы негізіндегі алфавит өзгерген жоқ, сондықтан орыс тілінің де таралуы басқа одақтас елдердегідей болған жоқ, кириллица мен орыс тілі латын әрпі мен ол елдердің ана тілін ығыстыра алмады. Бұл жағдай ол елдерде белгілі бір деңгейде саяси ішкі тәуелсіздіктің болуына ықпал етті, сондықтан орыстандыру саясаты көп жүзеге аспады. Сол себептен ол елдерде ұлттық сана мен тіл, менталитет, құндылықтар барынша бейтарап жағдайда сақталды. Патшалық Ресей кезінде көнбей келіп, өткен ғасырдың 40-шы жылдары күшпен әрең одаққа кіргізген бұл үш елділатыннан бас тартуға мәжбүрлеуге москваның дәті бармады, сондықтан олар өз әрпін де сақтап, кириллді де қолданып 90-шы жылдарға дейін шыдап келді. Егер саяси тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ үш жүз жыл бойы ресеймен соғысқан қазақтың XX ғасырда тез әрі тым орыстануы Ресейдің бізден әлі айырылмай отыруына себепші фактор болып отыр.

Бұрынғы Кеңес елдерінің ішінде Белоруссия мен Украинаның да латын әрпімен тарихи байланысы баршаға аян. Мысалы, Белоруссияда «латинка» аталған латын әрпі нұсқасы сонау XVI ғасырдан мәдени өмірде үлкен роль атқарса, 1940 жылдардан қазіргі латын әліпбиі қолданысқа енген. Ал Украинада бұл мәселе Ресеймен арадағы қайшылықтарға байланысты күшейе түсуде. Бұл елде де латын графикасы XVI- XVII ғасырларда енгізілген. Зерттеушілер оған Польша мен Чехияның ықпалы болғанын айтады. Бұл елдердегі кирилл алфавитінің латынмен қатар енгізілуі – саяси және мәдени факторға ие құбылыс. Қазіргі кириллицадан кері латынға көшу жөніндегі ұстанымдар да саяси астары бар көзқарас екені сөзсіз. Оның үстіне Батыс Украинаға католик шіркеуі мен Польша ықпалын және жалпы ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлерді ескерсек, Украинаның болашақта латын әрпіне көшуі тосын жағдай болып көрінбейді.

Посткеңестік түркі елдеріне келетін болсақ, латын әліпбиін бірінші болып Азербайжан қабылдады. Көп аналитиктер бұл реформаға Түркияның ықпалы зор болды деп санайды. Азербайжанда латын графикасына көшу 1992-2001 жылдары жүзеге асты. Кезінде сонау өткен ғасырдың 20-шы жылдары да Азербайжан латын тілін енгізуде басқа түркітілдес елдерден алда тұрғаны, оларға үлгі болғаны тарихи факт. Сондықтан, Түркия ықпалы бұл жағынан тарихи қалыптасқан деуге болады. Түркмения мен Өзбекстанда латын

графикасына ауысу процесі қиындықпен өтті және әлі де толықтай аяқталған жоқ. Жалпы Өзбекстанға қатысты латын графикасын енгізуге саяси немесе ұлтаралық қатынастың ықпалы болған жоқ. Оған қарсы әрекет еткен сыртқы күштер немесе қысым туралы да айту қиын. Сондықтан бұл жерде латын графикасын енгізу процесінің созылып кетуіне негізінен лингвистикалық және экономикалық факторлар қатты әсер етті деуге болады. Соған қарамастан осы мәселені зерттеушілер қашанда бұл өзгерістерден саяси астар іздейді. Мысалы, жоғарыда аты аталған профессор В.Алпатов өз интервьюінде бұл құбылысқа былай деп баға береді: «В Азербайджане и бывших советских республиках Средней Азии отказ от кириллицы был продиктован политическими соображениями. Этот демонстративный шаг преследовал цель максимально обособиться от ареала русской культуры и сблизиться с Турцией. Периодически о переходе на латинский шрифт говорят на Украине. Но по опыту, например, Узбекистана мы видим, что это непростой и весьма дорогостоящий процесс, сопровождаемый колоссальными издержками. Чтобы сменить письменность в условиях почти поголовной грамотности населения, нужны очень веские основания и политическая воля»[2].

Шын мәнінде, тілге, әсіресе алфавитке саясаттың ықпалы зор. Әлемдік тарихтағы жазудың таралуын қарайтын болсақ, көп халықтарға тараған алфавиттердің артында мықты діні немесе империялық саясаты бар өз заманының іргелі елі тұрады. Тарихта руна жазуы, латын жазуы немесе араб әліпбиі болсын осындай жолмен әлем халықтары арасында кеңінен тараған. Түркі империясы жойылды, сонымен бірге оның жазуы да өшті. Кешегі Кеңес империясының тарауы нәтижесінде кирилл әліпшесінің де қолдану аясы тарыла бастады. Елдердің бәрі дерлік қазіргі әлемдегі ғылым мен технологияның алфавиті болып отырған латынға көше бастады. Бұл жерде де әлемдегі көшбасы елдердің ықпалы болғаны жасырын емес. Сонымен қатар латынмен, латын әріпті елдермен бәсекелесіп тұрған елдердің бар екені де белгілі. Мысалы, Қытай экономикасының Америкамен тайталаса бастауы, Қытай экспортының күшеюі, білім саласындағы белді елге айналуы қытай тілінің де кең қанат жаюына әкеліп отыр, бұл құбылыс, әсіресе Ресейден бастап посткеңестік елдерде ықпалды бола түсуде. Сондай-ақ араб тілінің, араб графикасының да әлеуетін естен шығаруға болмайды. Араб елдері қуатты елдер қатарына еніп келеді, бұл жерде экономикадан басқа тағы бір аса зор фактор бар, ол әлемдегі ықпалы күшейіп келе жатқан ислам діні. Еуропа елдерінде соңғы жылдардағы миграцияның салдарынан араб жұртының саны күрт өскенін, олардың болашақта ықпалды дін мен мәдениетке айналуы мүмкіндігін ескерсек, әліпби бәсекелестігі әлі алда болуы мүмкін.

Алфавит бәсекесінің негізгі факторлары экономика, саясат, дін және мәдениет екені белгілі. ХХ ғасырда саяси фактор шешуші болды, одан бұрынғы ғасырларда, әсіресе орта ғасырда діни фактор басым болып тұрғаны белгілі. Осы ғасырда экономика мен технология әліпби таңдауда шешуші сияқты көрінеді, бірақ бәрібір саяси таңдауды, саяси мүддемен байланысты критериді

жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі әліпби ауыстыру құбылыстарынан да осыны байқаймыз. Бірақ ешкім ресми түрде саяси фактор жөнінде жария жасамайды. Мысалы, Азербайжан өз шешімін «әлемдік ақпараттық кеңістікке ену үшін» деп айқындады, бірақ өз ренішін жасырмаған Ресей өкілдері бәрібір Түркия факторы ұстанымынан таяр емес. Осындай көзқарасты олар біздің елге де қатысты ұстанып отырғаны тағы жасырын емес. Сондықтан әліпби ауыстырудың таза техникалық, әрине лингвистикалық, экономикалық сұрақтарынан басқа саяси астары да сақталатыны белгілі. Бұл жерде елдегі халықтың бір тұтастығы, көзқарас, құндылықтар ортақтығы маңызды роль атқарады. Тағы бір фактор бәсекелес әліпбидің мәселесі. Егер оның потенциалы мықты, қолдаушысы көп болса ол әліпби ауыстыру процесінің ұзаққа созылуына, негативті сипаттағы жазу бәсекесіне, соның нәтижесінде тіл мен әріп негізінде қоғамның әлдебір бөлінісіне апаруы мүмкін. Сондықтан еліміздегі латынға көшу процесі өзіміз мақтанш қылып жиі айтатын қазақстандық идентификация (бірегейлік) қағидасына сын болары сөзсіз. Әңгіме тек көп ұлттықта емес, негізгі сын ұлттың бірлігіне (тілдік, саяси, страттық, діни, құндылықтық-дүниетанымдық және т.б.) түсері сөзсіз. Сонын әрине, Өзбекстан факторын қайталамас үшін қонымды жасалған әліпби және мықты қаржылық демеу керек. Сонымен қатар латын графикасын барынша ұтымды енгізген Азербайжан тәжірибесін де ескеріп отыру қажет.

Тағы бір мәселе, ұлт өкілдерінің әр түрлі алфавит қолдануы айналып келгенде ұлттың өз ішінде түсінбестік пайда болуына әкеліп отырады. Қазіргі Моңғолиядағы жағдай соған мысал. Моңғолияның өзінде кезіндегі Кеңес елінің ықпалымен латын әрпі қолданылса, ішкі Моңғолияда ескі моңғол әліпбиі қолданылады. Тілі қай елде болса да, өзінің тарихи тазалығын сақтаған қазақтарда үш алфавиттің қалыптасқанын білеміз. Ендігі алда тұрған міндет, латын әліпбиін елімізде ұлттың өз ішінде бөлініс тудырмайтындай етіп енгізу. Бұл жердегі ең басты фактор қоғамдағы ықпалы жоғары болып отырған орыс тілі мен кирилл графикасы. Оның екі жағы бар, бірі ресми тіл болып отырған орыс тілін ресейдің «жұмсақ күш» ретінде ықпал етуге пайдалануы, солтүстік аймақта орыс тілді топтың шоғырлануы және бейтарап немесе үнсіз қарсылық позициясын ұстануы. Бұл жердегі негізгі қиындық орыс тілді кейде қазақ тілді қазақтардың жаңа графикаға скепсиспен қарауы немесе ашық қарсы болуы. Соның салдарынан негізсіз алып қашпа әңгіме әлде негативті қоғамдық пікір туғызуы. Мысалы, осы әліпбиден қашып балаларын орыс сыныптарына, балабақшаларына беру сияқты фактілердің жиілеуі. Бірақ соған қарамастан олардың өзі балаларын барынша ағылшынша оқытудан қашпайды. Осы жерде біз латын әрпін кіргізе отырып ағылшын тілінің факторын барынша оңтайлы пайдалануымыз қажет деп ойлаймын. Себебі, қазақ тілінің қазіргі орыс тілінің қолдану потенциалынан көп төмендігін ескерсек, оған балама ретінде латын әріпті ағылшын тілін ғана қарсы қоюға болады. Қазіргі қоғамда ағылшын тілін қолданушылар аясы кеңеюін ескерсек бұл да жүзеге асуы қиын емес міндет. Әңгіме тілдік-мәдени және саяси факторларда. Ол үшін ерте мектеп жасынан

ағылшын тілін үйрену, телекоммуникациялық құралдар арқылы ағылшын тілді хабарлар эфир уақытын көбейту сияқты шараларды қолға алу керек (қазақ тіліне зиян келтірмейтіндей деңгейде). Жалпы бұл процесстің созылуы толықтай (рухани) деколонизация, ұрпақтар ауысуы, демография, ұлттық тілдің баламасыз мемлекеттік тілге айналуы сияқты факторлармен тығыз байланысты.

Сондықтан тарихи болашақта әртүрлі көрініс табатын әліпби ауыстыру процестері жаһандану заманындағы бәсекелестік пен саяси, геосаяси тартыстардың құрамдас факторы ретінде жалғаса беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Даудов А.Х., Мамышева Е.П. Из истории латинизации национальных алфавитов СССР. /Вестник СПбГУ.Сер.2.2011.Вып.2.

Алпатов В. Латиницу называли "алфавитом революции". электронный ресурс.<https://news.rambler.ru>. 23.05.2017г.

Алпатов В. Русская латиница Н.Ф. Яковлева.Научный диалог. Выпуск №3(39)/2015.С.8

«Материалы по вопросу о латинизации русской письменности»

Культура и письменность востока. Книга 6-ая. - Баку., 1930. - стр. 208—219

ИЗ ИСТОРИИ ПИСЬМЕННОСТИ ТЮРСКИХ ЯЗЫКОВ

Холманова Зулхумор Турдиевна

д.ф.н., профессор Ташкентского государственного университета языка и литературы имени Алишера Навои (Узбекистан)

zulxumor-uzmu@mail.ru

Письменность является средством передачи одной из форм речи. Оно появилось в истории человечества по социальной необходимости в определенное время и совершенствовалось с развитием общества. Письмо является одним из самых больших культурных приобретений человечества после языка.

Появление и развитие письма определяется с развитием общества, его культурной степенью, политически-правовой, и эстетической стороной, а также необходимостью передачи культурного наследия. Письменная речь выполняет коммуникативную, эмоционально-экспрессивную, аккумулятивную функцию. Непосредственно, через язык люди входят в коммуникацию, передают информацию, имеют сведения о прошедших событиях, людях, традициях. Через письмо расширяются возможности передачи сведений о культурных памятниках, исторических событиях и моральных наследиях будущему поколению.

Письмо имеет свою историю развития. Графические знаки являются основной формой письма. Пиктографические, идеографические, иероглифические знаки являются одними из первых видов письменности. После них появилось фонографическое письмо, т.е. вначале кое-какие слоги, затем кое-какие звуки обозначались каким-либо знаком. Формирование фонетического письма связано с финикийским письмом.

Народы придумали – латинские, армянские, грузинские, славянские, арабские варианты фонетического письма. Древние письма записывались сначала на камнях, костях, на дереве, на камыше, затем на пергаменте и на бумаге. Письмо читается справа налево, слева на право, снизу вверх.

“Исследование взаимосвязи письма и языка является важной теоретической проблемой лингвистической науки, и в современном языкознании уже произошло четкое разделение двух лингвистических направлений, как: “Фонетика и фонология”, изучающая звуки, т.е. фонологическую систему языка, и “Грамматология” или “Графическая лингвистика”, изучающая проблемы письменности, различные виды алфавитов, истории письма и т.д.” [1, 9-стр.]

В мире существует более 5000 тысяч языков, из которых некоторые не имеют своего письма. Многие языки использовали несколько видов письма. Изменение письма влияет на развитие данного общества, оно связано с объективными и субъективными факторами.

Сведения о племенах, которые жили в древнее времена на территории Средней Азии и их культурной жизни, языке и письме дошли до нас непосредственно из произведений греческих, персидских и китайских историков, а также с помощью надписей текстов на камнях.

Великий Шёлковый путь находился в центре социально-экономических отношений, знакомил всех культурными традициями тюркских народов. Связующим звеном культурной компетенции всех тюркских народов относится развитие письма народов Центральной Азии, которая с древних времён является очагом культуры. Народы Центральной Азии пошли дальше и использовали фонетическое письмо, т.е. алфавит, где каждый звук соответствовал букве.

Первыми, основными письмами древнего Ближнего Востока были клинописное, египетское и семмитское письма. В VI – IV веках до нашей эры на территориях близ Ирана Средней Азии официальным письмом считали клинописное письмо.

На основе семмитского письма появилась индийское письмо и все арамейские письма Центральной Азии. Арамейским письмом пользовались персы в ведении документации. В некоторых местах в дипломатических отношениях использовали арамейское письмо, так как это письмо было намного проще клинописного письма.

По историческим сведениям в III – I веках до нашей эры вместе с арамейским письмом параллельно использовались греческие письма и карошта.

В конце XVII и начала XVIII века в раскопках Восточного Туркестана были найдены образцы письма религиозно-мистического характера. На некоторых предметах домашнего обихода встречались тохарское письмо, на основе которого образовалось пехлавийское письмо.

В 1956 году монгольский археолог Дорж Сурен в деревне Бугуте (Монголии) нашёл надгробный камень с надписью. Монгольский учёный Б.Ринчен исследовав этот отрывок письма предположил его уйгурским. Затем В.А.Лившиц, исследовав это письмо на основе фотоснимков, который послал Дорж Сурен, текстов, который переписан С.Кляшторным, научно подтвердил теории о том, что бугутское письмо является согдийским.

Считалось, что, связь между сагдийцами и тюрками началась с VI века, на основе вышесказанного памятника эти отношения являются ещё древнее. Образцы согдийского письма сохранились в текстах документов и это показывает значимость этой письменности.

С II века нашей эры начали использовать согдийское письмо. Это письмо использовалось до VI века.

С конца II века и начала III века Хорезмшах выпустил деньги на хорезмийском письме, на печати хорезмского шаха можно было увидеть хорезмийское письмо. Это письмо было очень близко к арамейскому.

Современная наука ведёт отчёт истории письма тюркских народов с надписи на серебряном сосуде найденном в Иссыккургане. Оно было найдено в 1974 году близ Алматы в склепе древне-сакского предводителя. Данное письмо называется «горячим письмом» («иссик ёзув»), образцы которого были также найдены на территории Сурхандарьи – на юге Узбекистана. В 1950 году члены францужко-афганской экспедиции заметили на скалах (на территории Афганистана) тексты на «горячем письме». Это говорит о том, что этот древний тюркский алфавит был распространён на большой территории IV–III веках до нашей эры и в II–III веках нашей эры. Считают, что эта письменность явилась основой для рунического письма [5,8-стр.]

Похожее письмо, которое было найдено на юге Узбекистана и в Дашти Новуре Афганистана ещё не исследовано достаточно на научном аспекте.

В V – VIII веках тюркские народы пользовались руническим письмом.

В 1982 году сотрудниками института рукописей АН Уз началось изучение древних письменностей, и памятников древности, на которых они были изображены. В основном начали изучать согдийские, рунические (кук турк), староуйгурские письмена и памятники древности с точки зрения филологии и источниковедения.

Изменения письма мы можем проследить и на примери тюркских языков. Их изменение определяется с социально-политическими процессами.

Фонетическая система каждого языка, формирующаяся в течение многих веков, представляет собой уникальное явление, которое определяет во многом специфику языка. А алфавит, система графических знаков, традиции письма в большой степени изменяются под влиянием экстралингвистических факторов.

Алфавиты тюркских языков более чем какие либо другие языки, испытали на себе это влияние, видоизменяясь три раза за последние только 75–80 лет.

В начале XX века тюркские народы начали обращать большое внимание на проблемы письма. В 1926 году на первом курултае тюркологов, которое происходило в Баку, был поднят вопрос о переходе с арабской графики на новый алфавит тюркского языка. И здесь же были разработаны орфографические правила этого алфавита.

Особое место имеет конференция тюркологов, которая состоялась 12-15 декабря 1966 года, посвященная 40 летию первого тюркологического курултая. На этой конференции были подняты вопросы письма тюркских народов, их орфография и терминология, совершенствование данного письма.

Как было сказано выше, изменения происходившие в письме тюркских народов было связано с социально-политическими процессами. Сначала некоторые из тюркских народов с древних видов письменности перешли на арабское письмо. Например, как у узбекского народа, татары тоже пользовались арабской письменностью. В 20-х годах XX века был реформирован арабский алфавит, все буквы, которые ставшими характерны для татарского языка были изъяты из алфавита и введены новые буквы. Гласные передавались специальными знаками. В конце 20-х годов был переход на латинскую графику, а в 1938 году на основе кириллицы был создан новый татарский алфавит. В современном татарском языке существует 39 букв. Письмо крымских татар несколько раз реформировалось. В начале у них тоже была арабская графика, затем латинская, а после – русская графика (кириллица).

Народы Средней Азии, а именно узбекский народ, в древности использовал разную систему письма. В истории узбекской письменности можно выделить в основном фонографическое письмо, т.е. звуковое, буквенное, которое составляло алфавит. А также, узбекский народ, как и другие народы Средней Азии использовал арамейское, греческое, согдийское, хорезмийское, кушанское, эфталитское, пахлавийское, сирийское, индийское, руническое, уйгурское и арабское письмо.

Узбекский язык использовался в нескольких видах. Из истории узбекского письма более доступно конкретное научное обозрение следующих типов графики:

- 1) **самые древние письмена:** алфавиты узбекского языка на основе согдийской, орхоно-енисейской, уйгурской письменности;
- 2) алфавит на основе арабской графики;
- 3) первый (ранний) алфавит на основе латинской графики;
- 4) узбекский алфавит на основе кириллицы;
- 5) новый узбекский алфавит на основе латинской графики.

1. Самые древние письмена

Памятники древнего периода написаны на рунической, уйгурской, согдийской, манихейской и брахманской (брахмийской) письменностях. Они были

обнаружены на камнях (например, орхоно–енисейские надписи), коже или специальной бумаге (найлены в Турфане) и т. д. Все памятники были созданы в период Тюркского и Уйгурского каганатов.

Самые древние письма относятся к согдийскому, арамейскому и брахманскому письму. В Маверауннахре до VII века пользовались руническим, уйгурским, согдийским, манихейским, брахманским письмом. Религиозные произведения были на брахманском и манихейском письме, а официальные документы на уйгурском или согдийском письме.

На руническом письме дошли орхоно-енисейские каменные памятники, древнетюркские летописи (VIII-X вв) на уйгурском (его Махмуд Кашгарский называет «турецкое письмо»); «Олтин ёруг», «Майтри смит», буддийские и христианские религиозные летописи, юридические документы – на сагдийском письме. На манихейском написан «Хуастуанифт».

Уйгурское письмо параллельно использовалось с арабским до XV века. Венская копия «Кутадгу билиг», копия «Хибатул хакойик», древняя копия «Угузнаме», «Мухаббатнаме», «Дахнаме» и «Махзанул асрор» были написаны на уйгурском письме [11, 57-стр.].

Сегодня существует следующая теория о происхождении уйгурского письма на основе сагдийской письменности, рунического письма на основе арамейской письменности.

Некоторые учёные считают, что тюркское руническое письмо возникло на основе согдийской письменности, другие считают, что на основе – пехлавийской.

Памятники на древнетюркском языке дошли до нас на орхоно-енисейском (руническом) и уйгурском письме.

Тюркское руническое письмо пишется справа налево.

В тюркской рунической графике существовали 8 гласных фонем, которые передавались четырьмя знаками. 29 букв этой графики имели и твёрдые и мягкие варианты. Отсутствовали звуки «в», «ж», «х», «х», «ф». В рунических текстах, чтобы отделить слова и словосочетания использовали двоеточие (:). Наличие многовариантности согласных говорит нам о совершенстве языка и его сингармонизме [9,7-стр.)

Возникшее после рунического письма, уйгурское письмо сохранилось в документах и в религиозных (манихейских) книгах.

Общеизвестно, что проблема письменности, это проблема духовной культуры народа, нации. И назревшая на современном этапе настоятельная необходимость перемены алфавита. Т.е. возврат к латинице направлен на сохранение и развитие языка, на сохранение его самобытной природы. Более того, эта проблема затрагивает сохранение и развитие самой нации, ибо язык это первый показатель в определении нации.

Современный узбекский алфавит называется «новым узбекским алфавитом, основанным на латинской графике».

На 13 сессии Верховного Совета Республики Узбекистан (2-го сентября 1993 года) был принят закон “О создании узбекского алфавита на основе латинской графике”. Это объясняется тем, что этот алфавит приблизит народа к всемирной науке и технике, и этот алфавит больше соответствует особенностям узбекского языка.

“Этот закон был основан конституцией Республики Узбекистан, а также исходя из положительного опыта 1929-1940 г.г., и по требованиям широких масс республики этот алфавит служит для дальнейшего развития государства и для вхождения в коммуникационную систему мира”.

В соответствии этого закона алфавит состоит из 31 буквы и одного знака (апострофа). Как говорится во втором пункте этого закона вместе с латинской графикой можно изучить также арабское письмо, а также кириллицу.

6 мая 1995 года закону о создании узбекского алфавита на основе латинской графики “были внесены поправки:

1) заменить следующие слова 1 пункта: “31 буква и 1 апостроф” на “26 букв и 3 буквосочетания”;

2) удалить из алфавита следующие буквы : *Cc, Jj*;

3) изменить: *Ō ō* → *O‘o‘* ; *Gġ* → *Shsh*; *Şş* → *Chch*; *Şş* → *Ngng*; *Q* → *q*;

4) использовать следующие формы написания: буквы *Aa, Ii, Gg, G‘g‘, Qq, O‘o‘, Zz* и *Ch ch*.

24 августа 1995 году были приняты “Основные орфографические правила узбекского языка (основанного на латинской графике)”, которое состоит из 7 разделов и 82 пунктов.

Переход на новый узбекский алфавит основанный на латинской графике обоснован следующими факторами:

1. Переход на латинскую графику поможет в социально-экономическом развитии страны. Все развитые страны мира пользуются этой латинской графикой, а также латиница является широкоиспользуемой во всем мире.

2. Для развития на уровень высоких достижений в социально-экономической сфере, в дипломатических переговорах с зарубежными странами требуется изучения английских, испанских, французских языков. Переход на латиницу поможет освоению этих западных языков.

3. Переход на латинский алфавит был поддержан со стороны нескольких тюркских народов [7, 3–7].

В настоящее время продолжается параллельное использование кириллицы и латиницы, которая, однако, существенно отличается как от алфавита образца 1928 года, так и от современных тюркских латиниц (турецкой, азербайджанской, крымско-татарской и др.).

Использованная литература

I. Abdurahmonov G‘, Xo‘jayeva D. Hozirgi o‘zbek adabiy tili.-Toshkent: O‘qituvchi, 2003.-87-b.

2. *Амирова Т.А.* Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. - М.Наука,1975.
3. *Жуманиёзов Р.* Эски ўзбек ёзуви.-Т.:Ўқитувчи,1989. -7-17-б.
4. *Исхоқов Ф.* Эски ўзбек тили ва ёзуви. - Т.: Ўқитувчи. 1995.-9-б.
5. *Исхоқов М., Қ.Содиқов, Қ.Омонов.* Мангу битиглар.-Т.,2009.-8-б.
6. *Nurmonov A. va boshqalar.* Hozirgi o`zbek adabiy tili. I qism.-Toshkent:Ilm ziyo, 2011.-57-b.
7. *Раҳматуллаев Ш.* Ўзбек тилининг янги алифбоси ва имлоси.-Тошкент: Университет, 2002. -3-7-б.
8. *Раҳмонов Н.* Қадимги туркий тил.-Тошкент:Ўқитувчи,1989.-24-25-б.
9. Умаров Э. Урхун ёзуви.-Тошкент, 2013. -42 б.; www.uz-translations.net.
10. *Шобдурраҳмонов Ш.* Ҳозирги ўзбек адабий тили.-Тошкент:Ўқитувчи,1980. 84-85-б.
10. *Ҳамидов З.* Эски ўзбек тили ва ёзуви (қўлланма). Т., 2002. -9-11-б.

LATYN ÁLIPBIINE KÓSHÝ – QAZAQ TILINIŇ ALǴA JYLJÝY

Aitbenbetova A.Q

Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe ónirlik memlekettik ýniversiteti dosenti, f.ǵ.k

Elimiz Táýelsizdikke qol jetkizgennen beri til, mádeniet jáne rýhanat salasynda tyń ózgerister beleń alǵany barshaǵa aıan. Elbasy Nursultan Nazarbaev «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» atty baǵdarlamalyq maqalasynda elimizdiń áleýmettik-ekonomıkalyq, innovasıalyq jańǵyrtý úderisterimen qatar ǵylym men bilim salalarynyń aldyna da mańyzdy mindetter qoıǵany belgili. El táýelsizdigi oralyp, tarihyмыz taram-taram joldardan taralyp, óziniń sara súrleyine túskен shaqta qazaq lingvısteri men zıaly qaýymynyń arasynda latyn álipbiine kóshýdiń paidasy men zıany týraly pikirtalastar júrgizile bastady. Belgili ǵalym, fonolog, filologia ǵylymynyń doktory, professor Álimhan Júnisbek «Latyn qarpine kóshýden utaryмыz kóp» atty kólemdi eńbegin oqı otyra, latyn álipbiine kóshý týraly kózqarasym túbegeili ózgerdi («Ana tili», 26.12. 2012). Tilimizdi jan-jaqty zerttep, onyń teorıalyq bazasyn jasap, qoldanı órisin keńeytý qajettiligi ózdiginen týyndap otyrǵan sekildi. Sonay kóne tarih qoımaýynan bastaý alatyn qazaq tili de osyndaı kúrdeli ózgeristerdi basynan ótkerdi. 1925-1938 jyldardaǵy latyn grafikasyna negizdelgen túrki tilderi álipbilerin taldaý nátjesinde mynadaı qorytyndyǵa kelemiz. Latyn grafikasy jazýy joq jáne jazba tili kenjelep qalǵan túrki tildi halyqtardyń jazba tilin damytýǵa kúshti serpin berdi. Túrki tilderi álipbilerin latyn grafikasyna kóshirý birshama jetistikter ákelip, qazirgi zamanǵy jazba tildiń qurylyyna negiz boldy. Sebebi, XX ǵasyrlarda jaryq kórgen A.Baitursynuly, Q.Jubanov eńbekterindegi qazaq tili grammatikasynyń erejelerin, termınderin qurastyrýdaǵy eńbekterinen baıqayмыz. Sondyqtan, qazaq álipbiin latyn qarpine kóshirý saıasaty ana tilimizdiń óziniń ishki múmkinshilikterin paidalana otyra, ósip, órkendeýine, órkenietti eldermen, uly

tildermen qatynasqa túsip, órisiniń keńeiýine jasalyp otyrǵan izgi qadam dep túsinem.

Professor Álimhan Júnisbek qazaq tilinde 1, ý daýysty dybystary joq, tek 1, ý daýyssyz dybystar ǵana bar degen pikirdi qarapayym halyqqa uǵynyqty tilmen jetkizipti. Endi 1-diń ornyna ii, ý-dyń ornyna uý qoldanylady. Daýysty 1, ý dybystary «orystandyry» saiasaty yqpalymen tilimizge zorlap engizilgendigin uzaq dáleldepti avtor. Olar joq bolsa, endi qazaq tilinde 1, ý dybystarynan sóz bastalmaıdy. Bir kezderi qazaq tilinde l, r áripterinen sóz bastalmaıdy degen pikirtalas qulaǵymyzǵa tuýshi edi, júre kele ondaı qatań ereje joq ekenine kóz jetkizgenbiz. Onda da osy áripterden bastalatyn sózderdiń aldyna álsiz y, i dybystaryn qoiý kerek ekeni aıtylǵan. Endi sonyń kebin 1, ý dybystary kiip tur. Mysaly, Isataı, Ibataı demeı Isataı, Iıbataı dep jazamyz. Sóz ortasynda da osy ereje qoldanylyp, tasymaldanady. Qalyıma, Kákiıma, Jiırenshe, dyıqan, bilik, shyıraq, ý-uý, tý-tuý, ýaqyt-uýaqyt, qýan-quýan, júan-júan, iımiıgen, ii-mii-gen sekildi kete bermekshi. Ýalı sózin orystar Valı deitin edi ǵoi, endi ony biz de Uýalıı dep qoldanamyz. Buny aıtý ońaı bolǵanmen, ártúrli suraqtar týyndadı. Salystyryp, oilanyp qarayıqshy. Isataı, Iran, Irina – úsh tilden alyńǵan 3 sóz. Avtorдың pikirinshe sońy 2 sózde daýysty 1 dybysy bar, al qazaq sózinde ol joq, ol ii bolyp estiledi. Bizdińshe, bul sózderdegi 1 dybysy qazirgi qazaqtıń qulaǵyna esh ózgerissiz birdei estiletinine kúmán joq. Bir kezderi aıymashylyǵy bolǵan shyǵar, qazir joq. Onyń sebepterin de birshama aıttyq. Sótip, biz bir álsiz, bolymсыz, umytylǵan, avtorдың sózimen aıtqanda «umyttyrylǵan», keı sózderde baiqalmaıtyn, elemeı ketse de sózdiń máni ózgermeitin dúdamal dybysty izdeitin sekildimiz. Sony qaitadan qalpyna keltirýge jumystanýdamyz. Soǵan bola baqandaı eki daýysty dybysty joqqa shyǵarǵanymyz qalaı? Barlyq dybystıń sóleý ústindegi aıtylyyn sol kúinde ózgerıpeı jazatyn til álemde joq sekildi. Mysaly orys tilindegi Elena, Egor sózderiniń transkripsiasy [ielena], [ıegor] dep naqty mysaldarmen dáleldep, taldyp kórsetedi. Sondyqtan til ǵylymynyń orfografia, orfoepia salalary qalyptasqan. Sondyqtan týǵan tilimiz básekege qabiletti, yqsham, oralymdy, ikemdi, ómirsheń bolsyn desek, ǵasyrlar boıy jınaǵan qundylyqtarymyzdy mansuq etpeı, búgingi deńgeimizdi turaqtandyryp baryp, keleshegimizdi oilayıq demekshimin. Tól álipbiimizdiń taǵdyry zaman talaby, ýaqyt aǵymy, halyq múddesi turǵysynda tereń talqylanyp, oń sheshimin tapsyn degen izgi metin bildiredi.

Sonymen qatar, f.ǵ.d., professor Baiynqol Qaluly da óziniń biraz jylǵy zertteýlerin ortaǵa sala bilgen. . Birinshiden, latynsha áripterdiń qoldanýǵa (oqýǵa, jazýǵa) qolailı bolý jaǵyn, ekinshiden, olardy balalarǵa, shetel azamattaryna úretýdiń ońaı bolý jolyn qarastyrǵan. Professor óz nusqasyn usynyda mynandaı ustanymdardy basshylyqqa alǵan:

- Latynnyń 26 árpine saı keletin qazaq álipbiin jasaý;
- Tek qazaq tiliniń óz dybystaryna ǵana árip (tańba) izdeý (Orys dybystaryna árip izdep áyre bolmadym. Óitkeni ol – orys tili mamandarynyń mindeti);
- Jańadan jasalǵan qazaq-latyn áripterin jas býyn men qazaq tilin úrenem degen shetel azamattaryna oqytýdyń, úretýdiń ońaı bolý jaǵyn oilastyry;

- Ol úshin qazaq dybystarynyń árbireýin (6 tól dybystardan basqalaryn) latynnyń jeke-jeke dybystarymen tańbalaý; ıaǵnı bir dybysty bir ǵana árippen belgileý;
- Qazaq dybystaryna balama bolatyn latyn áripterin tańdaýda quiryqty áripterdi de, úmláýitti áripterdi de, qos núktelerdi de paidalanbaý;
- Qazaqtyń tól dybystarynyń qasyna álipbı quramynda joq, biraq perнетақтада бар H belgisin qoıý (Bul qazaq tili úshin árip emes, shartty belgi. Ol oqylmaıdy. Tek daýysty dybystardyń qasynda tursa – jıńishkelikti, daýyssyz dybystardyń qasynda tursa – jýandyqty bildiredi), t.b.

Qazirgi tańda A.Baitursynuly atyndaǵy Til bilimi institýtynyń ǵylymi qyzmetkerleriniń uzaq jylǵy eńbekteriniń nátijesinde latyn álipbiine baılanysty usynylp otyrǵan nusqa halyq, tilshiler arasynda oń pikir týǵyzýda. Árине, halyqqa birneshe nusqa túrleri taratylyp, qyzý talqyǵa túsýde. Talqyǵa qarapaim halyqtan bastap tilshiler, saıasatkerler, memlekettik qyzmetkerler t.b. biraýyzdan qatysýda. ıaǵnı, tilimizdiń bolashaq taǵdyry eshkimdi de beı-jai qaldyrmaýda.

QR Bilim jáne ǵylym ministrliǵı Túrki akademiasynyń prezıdenti Shákir Ybyraev álipbıdi latynmen aýystyrǵanda bizdiń utatyn jaqtarymyz dep mynadaı pýnktterdi atap kórsetken bolatyn: Birinshiden, til tazalyǵy máselesi. Tilimizdegi qazirgi jat dybystardy tańbalaityn áripterdi qysqartyp, sol arqyly qazaq tiliniń tabıǵı taza qalpyn saqtaýǵa múmkindik alamyz. Ekinshiden, qazaq tilin oqytqan ýaqytta basy artyq tańbalarǵa qatysty emle, erejelerdiń qysqaratyny belgili. Ol mektepten bastap barlyq oqý oryndarynda oqytý úrdisin jeńildetedi. Ýaqyt ta, qarjy da únemdeledi. Úshinshiden, latyn álipbiine kóshý – qazaq tiliniń halyqaralyq dárejege shyǵýyna jol ashady. Qazaq tiline kompiýterlik jána tehnologialar arqyly halyqaralyq aqqarat keńistigine kirigýge tiimdi joldar ashylady. Tórtinshiden, túbi bir túrki dúmiesi, negizinen, latyndy qoldanady. Bizderge olarmen rýhanı, mádenı, ǵylymı, ekonomıkalyq qarym-qatynasty, tyǵyz baılanysty kúsheıtýimiz kerek.

Latyn álipbiine kóshý – qazaq halqynyń alǵa jyljýyna, jána zaman talabyna saı ósip-órkendeýine, bolashaqta elimizdiń jan-jaqty damýyna úlken úles qosyp, jemisi men jeńisin ákeleri sózsiz. Biz latyn álipbiine kóshe otyryp, órkenıetti elderdiń qataryna qosylp, tilimizdegi dybystyq júvelerdi naq anyqtap, qazaq tiliniń jazylýy men dybystalýy kezinde sózder qoldanysyndaǵy artyq kirme sózderden arylamyz. Sondyqtan latyn álipbiine kóshý biz úshin, bolashaq úshin áldeqaida maңызdy ekenin basa aıtqym keledi.

Ádebietter:

1. Ijanov Z. Álipbı túraly arhıv ne deıdi? «Qazaq ádebieti». — 2000
2. Júnisbek Á. «Latyn qarpine kóshýden utarymyz kóp», «Ana tili», 26.12. 2012.
3. Mýsaev K.M. Iazyki ı pismennosti narodov Evrazii. — Almaty, 1992. — 27, 28-b.
4. Ámirjanova N. Latyn álipbii negizindegi qazaq jazýynyń grafikasy men orfografiasy. kand. dıss. Almaty, 2010

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДА ЛАТЫН ҚАРПІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҮЛГІСІ

Абдрахманова Жұмазия Мәжитқызы

Филология ғылымдарының кандидаты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Атырау қ., Қазақстан республикасы

Azhm63@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін латын графикасына көшіруге байланысты еліміздегі латын әрпін қолданудың тәжірибесіне шолу жасалған. Кеңес кезінен бастап латын әрпін қолданудың бағыттары көрсетіліп, оларға талдау жасалған. Латын қарпінің әсіресе тәуелсіздік алғаннан бері қоғам өмірінің көп саласында қолданысқа енгені нақты фактілермен көрсетілді.

Түйін сөздер: *латын қарпі, латын әрпі қолданысы, латын әрпінің тарауы, қолданыс бағыттары, эргоурбонимдер*

Аннотация. В статье дан обзор опыту использования латинской графики в связи с переходом казахского языка на латинскую графику. Проанализированы направления применения латинского алфавита в советское время. На основе конкретных фактов показаны распространения латиницы во многих сферах общественной жизни, особенно в годы независимости.

Summary. This article provides an overview of the experience of using Latin graphics due to transition of the Kazakh language to the Latin script. Directions of the use of Latin alphabet in the Soviet period were analyzed. Based upon specific facts the spread of Latin in multiple areas of civil life during the years of independence were shown.

Қазақ әліпбиін кириллицадан латын қарпіне көшіру жөнінде іс-шаралар жоспары жасалып, бүгінде 2025 жылы енгізуге дайындық жұмыстары басталып та кетті. Осы нақты іске көшкенге дейін қоғамда әртүрлі тартысты әңгіме болғаны да көпшілікке белгілі. Бірінші сұрақ латын графикасына көшудің қажеттігі мен мақсаты жайлы болды, бірақ қазіргі әлемдік медиакоммуникациялық кеңістіктегі латын алфавитінің қолданыс аясының кеңеюі, оны қолдануды негіздейтін бірден-бір фактор ретінде интернет пен электрондық мәдениеттің дамуы айналып келгенде жеткілікті дәлел мен объективтік фактор болғаны сөзсіз. Осыдан кейінгі аса маңызды, тіпті, негізгі мәселе – қазақ тіліне бейімделген, оның тілдік ерекшеліктерін қамтитын латын графикасын жасау еді. Оның да бірнеше нұсқалары жасалды және Президент барынша қазақ тіліне ыңғайланған нұсқасын енгізу жөніндегі Жарлыққа қол қойды.

Осыған байланысты біздің еліміздегі лингвистикалық кеңістікте латын графикасының осыған дейінгі және қазіргі қолданыс практикасы қандай, қаншалықты ол кеңінен тараған деген сұрақтарға жауап іздеу қажеттігі туады. Себебі, бұл сұрақ арқылы біз еліміздің тұрғындарының латын графикасын қолдануға қандай тәжірибиесі бар, қаншалықты осы таңбаларды қабылдауға және қолдануға дайын деген сұраққа жауап алуға болады. Бұл жерде біз сонау 1929 жылдан 1941 дейін қолданыста болған латын әліппесінің тарихын айтып отырған жоқпыз. Әңгіме қазақтардың әр ұрпағының латын әрпін оқу, жазу тәжірибиесі қандай деген сұрақтың төңірегінде болып, біздің елімізде күнделікті немесе кәсіби қызметте латын әрпін қолдану, онымен жұмыс істеу тәжірибиесі қандай деген сұраққа жауап іздеу төңірегінде болмақ. Ең біріншіден, үлкен ұрпаққа қатысты айтатын болсақ, жоғарыда айтылғандай 1929-1940 жылдары қазақ әліппесі латын графикасында болғаны белгілі. Сол кезде мектепте оқыған аға ұрпақтың есінде ол қалғаны сөзсіз. Бұл қазіргі қарттарымыз, ардагерлер. Одан кейінгі ұрпаққа келер болсақ 1961 жылдың 27 мамырында КСРО министрлер кеңесінің «шетел тілдерін оқуды жақсарту» жайлы қаулысы шыққан екен. Ол бойынша елде 700-ден аса арнаулы мектептер ашылып, шетел тілінің жаңа оқулықтары шыға бастаған. Егер кеңес одағы кезінде жоғарыдан (мәскеуден) шыққан қаулының бәрі одақтас республикалар үшін заң екенін ескерсек, бұл қаулы қазақстанда да орындалғаны сөзсіз. Демек, оның нәтижесінде қазақ мектептерінде де ең болмаса латын әріптерін танып білуге мүмкіндік болды деп санаймыз. Сонау 1961 бері де талай бала шет тілін, мейлі ол ағылшын болсын, неміс пен француз болсын оқу барысында латын әріптерін үйренді деген сөз. (Бұл жерде тіл туралы айту қиын, себебі, шет тілін оқыту сапасы мен оған көзқарастың қандай болғанын сол кездегі ұрпақ біледі). Ал сонау 70-80 жылдары сол кезде жайлап кеңес еліне тарай бастаған атақты «Rolling Stones», «Pink Floyd», «The Rolling Stones», «Modern Talking», «The Beatles», «Boney M» топтарының тек кирилл әрпінде ғана емес латынша жазылған аттарын оқушы дәптерінен, ауылдағы, қаладағы граффитилерден көруге болатын еді. Демек, бұл да латын әрпін пайдаланудың кеңестік кездегі тәжірибесі деуге болады. Латын әрпі сонымен бірге кеңес еліне, әсіресе 80-жылдардан кейін джинсилермен (Adidas) және басқа киімдермен бірге молынан келе бастады. Латын әрпін білетін, тіпті оны жұмыс барысында қолданатын кәсіби мамандар тобы да кеңес үкіметі кезінде баршылық болды, олар: шет тілі мамандары, дәрігерлер, педагогтар (математик, филологтар, физик, химик, биолог және т.б.). Осы аталған мамандықтардың көбінде «латын тілі» пәні де жүргізілді. Жалпы сол кездегі жоғарғы және кейбір орта білімді мамандардың бәрі дерлік аты-жөнін жазатындай деңгейде латын әліпбиін білгені сөзсіз. Ал жалпы латын әрпін жаппай қолдану біздің елімізге ұялы телефондар мен компьютерлік техника келуінен басталды. Компьютерді жаппай қолдану, e-mail пошталардың қолданысқа енуі, интернет қажеттігі үшін латын графикасын үйрену қажеттігін туғызды, бұл да осы алфавиттің халық арасына тез тарауына әсер етті. Алғашқы ұялы телефондарда кирилл әрпінің болмауынан жаппай

латын әрпі қолданылғаны да сол кездегі замандастардың есінде. Орысша және қазақша жазуға, ақпарат беруге телефонда бар латын әрпі жеткілікті болды, әрине олар қазақ тілінің төлтума дыбыстарын беруге жеткіліксіз болғаны белгілі және оның қолданысы қазақ әріптерінің, дыбыстардың қолданыстан шығуына әкелді. Мысалы, «ң» әрпінің орнына «п», «ө» орнына- «о», ал «ү», «ұ» орындарына «и» қолданылғаны белгілі. Әрине, бұл әріптермен –ақ жоғарыда айтылғандай ақпараттар беріліп жүрді, әлі беріліп те жүр. Бірақ оның бәрі қазақ төлтума дыбыстарының шет қалуына, ауызша айтылғанмен, жазғанда көптеген бұрмалаушылықтың болуына әкелді. Мысалы, «Бүгін үйде болмаймын, жеңіс күніне арналған шараға барамын» деген сөйлем былай жазылды: «bugin uide bolmaimyn, zhenis kunine arналган charага barамyn». Сөйлемдегі ақпарат түсінікті болғанымен, айтқанда дұрыс дыбыстағанымызбен, айналып келгенде қазақ тілінің құрылысын толықтай бұзушылық болып шығады. Міне, сондықтан қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты шаралар осы мәселені шешуге байланысты болып келеді. Бірақ осы тәжірибелердің бәрі еліміздегі ресми болмаса да кириллмен қатар латын әрпінің кең тарауының басы болды.

Осындай жағдай ҚР азаматының жеке куәлігі және халықаралық паспорт, жүргізуші куәлігі, автомашина номеріндегі әріп таңбалары, банк карточкалары сияқты құжаттарда да молынан кездеседі. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы латын әрпі келуінің екінші үлкен кезеңі еді. Мүмкін, алғашқы ұялы телефондар жұрттың бәрінде болмаған шығар, бірақ құжаттың әрбір азамат, азаматшада болғаны сөзсіз. Жалпы тәуелсіздік жылдары халықаралық коммуникациялық кеңістікке бейімделген латын графикасындағы жазуы бар осы құжаттардың пайда болуы да тек іс қағазы емес қоғамдық санаға, әліпби қолданысына үлкен өзгеріс әкелді, бұл құжаттардың жаппай қолданыста болуының өзі қазіргі болып отырған әліпби ауысуына дайындық сияқты сипат алды. Себебі, адамдар өзі аты-жөнін болса да латынша оқыды, үйренді, әріпке көз үйретті. Сондай-ақ, барлық киімнің өлшемдері (размері) де халықаралық стандартқа сәйкес латын әріптерімен беріліп жүр.

Енді жалпы латын алфавитінің біздегі қоғамдық өмірдегі басқа да қолданысына келер болсақ, бүкіл жаһандаған қазіргі әлемдегі сияқты Қазақстан Республикасында көптеген шетелдік компаниялар, фирмалар, инвесторлар қызмет етеді. Ағылшын тілінің іскерлік, экономикалық салада кеңінен тарауы да латын графикасының күнделікті өмірде, әсіресе қалалық лингвистикалық кеңістікте молынан кездесуіне мүмкіндік жасап отыр. Қалалардың өсуіне байланысты урбонимдер де салалық, тілдік бағыт жағынан кеңею үстінде. Солардың ішінде тек қана кирилл әрпіндегі немесе қазақша ғана емес, латын әрпімен жазылған ағылшынша, түрікше және тағы басқа тілдердегі атаулармен қатар латын әрпімен жазылған қазақша және орысша онимдер де жеткілікті. Енді соларға тоқталып өтсек.

Қалалық онамастика кең диапазонға ие құбылыс екені белгілі. Оған көше атаулары, шағын аудандар, әлеуметтік-мәдени құрылымдар (мектеп, аурухана,

балабақша және т.б) атаулары сияқты көп нәрселер енеді. Осының бәрі қалалық әлеуметтік-кеңістіктегі тіл құбылысын қамтиды. Бірақ соның ішінде үлкен құбылыстың бір ғана саласын – қаладағы іскер кәсіпорындар, жалпы экономикалық іскерлікпен, кәсіпкерлікпен байланысты атаулардың басым екенін айтқан жөн. Бұл бағыт – қазір «эргоурбонимдер» деген атау алған тілдік, лингвомәдени зерттеу саласы болып табылады. Атау екі сөзден құралады, ол «эрго» – грекше «ergon» – жұмыс және түбірі «қала» сөзінен тараған «урбоним» сөздерінен құралған.

Қаладағы эргоурбонимдерді бірнеше салаға бөлуге болады: сауда-саттық орындар, қызмет көрсету орталықтары, фирмалар, кіші кәсіпорындар және т.б. Олардың қалалық тілдік кеңістіктегі орын алу, көріну түрлері: маңдайшалар, жарнамалар, боннерлар және т.б. Жалпы түрде қалалардың эргоурбонимдік номинациялар номенклатурасын мынандай деңгейге бөлуге болады:

Халықаралық эргоурбонимдер;

ТМД көлемінде туындағандар;

Шығыстықтілдік мәдени сипаттағылар;

Қазақстандық немесе автохтондық эргоурбонимдер. Осылардың көбі дерлік латынға ауыса бастады.

Іскерлік саласында, соның ішінде мұнай өндірісінде, оған қызмет етуші түрік компанияларының да үлесі жоғары, сондықтан түрікше номинациялар да негізінен латын графикасында кездеседі. Қазір елімізде мың жарымнан аса түрік компаниялары бар екен, демек, осыншама латын атаулары бар деген сөз. Мысал үшін мыналарды ғана атап кетуге болады: «*Basaran group*», *KOÇ Holding*, *YILDIRIM*, *Yildizlar SSS*, *KIBAR Holding*, *Ulker Group*, «*TurkuazGroup*», «*YildirimGroup*», «*YildizHolding*», «*AkfelHolding*», «*Asels anElectronic*», «*Acibadem*», «*Calik Holding*», «*Agrobest Group*», «*Yildirim Holding*», «*Yildizlar SSS Holding*» және тағы басқа атаулар. Болмаса итальяндық «*Saipem International B.V.(ENI Group Company)*», Қазақстандық *TOO «Magnum Cash&Carry»*, «*Astana*», «*Dastan Hotel Aktobe*» және мындаған американдық, батыс еуропа елдері компаниялары бер екенін ескерсек, соның ішінде жүздеген латын әрпімен жазылып жүрген отандық компания, фирмаларды айтуға болады. Айта кету керек, еліміздің көптеген үлкен компаниялары өз атауларын бұрыннан-ақ әлемге ортақ латын алфавитінде жазып келді. Қазірдің өзінде елімізде жаңа қабылданған латын әліпбиінде жазылған мындаған атауларды көруге болады. Еліміздегі үш тілде оқыту концепциясын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар, жүздеген ағылшын тілі курстары, алыс шетелмен байланыстың күннен-күнге нығаюы, шетелде оқып және жұмыс істеп жүрген қазақстандықтардың көбеюі, әлемдік интернет, әлеуметтік жүйелердің кеңінен тарауы, міне, осының бәрі еліміздегі латын графикасының барған сайын тарап бара жатқанынан хабар береді. Олай болса, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі ұлттық тіл деңгейіндегі жазудың жаңа нұсқасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қазірдің өзінде Елбасының Жарлығы шыққаннан бері көптеген атаулардың, баспасөз аттарының, мекеме маңдайшаларының латын

әрпімен қазақша жазылғанын көріп, оқып жүрміз. Сонымен қатар ел арасында жүргізіліп жатырған латын әліпбиін үйрету, насихаттау жұмыстары да өз нәтижелерін бере бастады деуге болады. Әрине, бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де кеңейтіп, жұртшылықтың көзі үйренетін бағытта жүргізе берген дұрыс. Мысалы, сыртқы ақпаратпен қатар, мекемедегі бөлімдер, тауардың атауы сияқты халық жиі оқитын, шығыны да көп емес жазуларды тарата берген дұрыс деп санаймын.

Осы айтылғанды қорыта келгенде, қазақ тілінің латын графикасына көшуі белгілі бір қолданыс тәжірибелері бар, ешкімге жат немесе тосын емес, қолдану алғы шарттары бар шара деуге болады. Жоғарыда айтылғандарды түйіндейтін болсақ, қазақ баласының әрбір ұрпағының латын қарпін үйренуге, қолдануға мүмкіндігі болған. Ал тәуелсіздік алғаннан бері интернет, ұялы телефон, компьютерлік технологияның келуімен латын алфавитін қолдану күнделікті нәрсеге айналып отыр. Қолданысқа еніп жатқан «qazaq latin keyboard» сияқты бағдарламалар әріп енгізу үрдісін техникалық жағынан жеңілдетері тағы да сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Халыққа Жолдауы, 2007 ж.
2. Н.Ф. Алефиренко Современные проблемы науки о языке – М.: Наука, 2005. 412 с.
3. Дереккөз: ostranah.Ru/listis/laguages.php.
4. Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Сов.энц., 1990. 682 б.
5. Большой справочник: страны и континенты. М. «Махаон», 2005.487 б.
6. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 1 том. А. 1998 ж. 719 б.

НАШ ЯЗЫК – НАСЛЕДИЕ КАШГАРИ

Икбол Мирзо

Народный поэт Узбекистана

В 2019 году мы отмечаем 30-летие принятия Закона "О государственном языке", где узбекскому языку дан статус государственного языка. Данный статус был закреплен в Законе "О государственном языке" Республики Узбекистан. Согласно статье №4 этого закона, все граждане Узбекистана имеют возможность изучения государственного языка также обеспечивается уважение к языкам всех народов и наций, а государственный язык преподается бесплатно.

Хорошо известно, что язык создает сама нация, и язык украшает и улучшает эту нацию на протяжении веков. «Изобретения» единственного человека, индивида, может отрицательно повлиять на развитие языка. Вот почему наш

великий предок Алишер Навои сказал: «Невнимательность к языку равна невнимательностью к своему народу» (“*Tilga ixtiёрсиз – элга эътиборсиз*”).

Сегодняшняя реклама, привлекающая внимание, тоже требуют серьезного рассмотрения. Существуют такие рекламы как: "Наслаждайтесь новым форматом" (“*Yangi formatdan zavq ol*”), "Дай пять!" (“*Beshni ol!*”), "Встречайте лето с "Айс" (“*Ays’li yozni kutib oling*”), "Американский вкус с 1905 года" (“*Amerikacha ta’m 1905-yildan*”), "Утоли жажду вкусно" (“*Chanqog’ingni ma’zali qondir*”) и на них невозможно относиться нейтрально. Кроме того, в рекламных текстах на миллионы потребителей обращаются на "ты" и это неуважительно для нашего народа.

В такие моменты необходимо вспомнить известную фразу великого писателя Абдуллы Каххара: почему нарушителям дорожных правил выписывают большого количество штрафов, а нарушителям родного языка ничего не предпринимается?

Изучая международный опыт в законодательстве о языковом праве, мы стали свидетелями, что во многих странах существуют специальные инспекции, центры, комитеты над контролем соблюдением правил государственного языка.

Особенно в Латвии, в Литве и в Эстонии специально уполномоченные организации ввели значительные штрафы для средств массовой информации, физических и юридических лиц, нарушивших правила государственного языка. Например, Латвийский государственный языковой центр в 2015 году провел 5751 проверок, и подал иск и в результате оштрафовали нарушителей на сумму 21150 Евро. Обычно средства, собранные такими центрами, направляются на публикации орфографических словарей и книг на государственном языке. Можно с уверенностью сказать что, в нашей стране тоже пришло время для таких экспериментов.

Как вы знаете, авторитет и ценность любого языка, конечно, тесно связан с его выражением в письменной форме. Когда дело доходит до нынешнего состояния и дальнейшего развития государственного языка, необходимо глубоко изучать узбекский алфавит на основе латинской письменности.

На данный момент, наша страна не завершила полный переход на узбекскую письменность на основе латинского алфавита. Одной из наиболее важных причин этой ситуации является тот факт, что в нашем обществе сегодня широко обсуждаются предложения по дальнейшему совершенствованию узбекского алфавита на основе латиницы. В Указе Президента Республики Узбекистан «Об организации Ташкентского государственного университета узбекского языка и литературы имени Алишера Навои» намечена задача: – создание академической и учебной грамматики, отражающей характер и особенности узбекского языка, звуки и их написание, а также дать научно обоснованные рекомендации по улучшению существующих правил написания.

Необходимо выполнить эту задачу правильно, то есть улучшить алфавит основе латиницы, а затем изменить нормативно-правовые акты о переходе на эту письменность.

Также важно обеспечить, чтобы наш государственный язык имел достойное место в мире информационной сети, имел свой стиль компьютера, программы перевода на основе узбекского языка и ведущих иностранных языков мира и создание электронных словарей. Современная лингвистика утверждает, что языки, не имеющие компьютерных программ, не «защищены» от исчезновения, то есть, диапазон потребления уменьшается до категории языков, которые могут исчезнуть.

Итак, во-первых, необходимость принятия Закона «О государственном языке» в новой редакции уже созрел. Потому что в действующем Законе выражение государственного языка в письменной форме, соблюдение норм литературного языка в средствах массовой информации, контроль над соблюдением норм государственного языка не уточнены.

Во-вторых, желательно создать Государственную контролируемую инспекцию при Кабинете министров, которая будет следить за соблюдением Закона «О государственном языке» и правил государственного языка.

В-третьих, необходимо внести изменения и дополнения в Кодекс об административной ответственности, чтобы повысить ответственность за нарушение Закона «О государственном языке» и Правил государственного языка.

В-четвертых, необходимо заняться созданием механизма внедрения новых терминов на нашем языке после рассмотрения палат Олий Мажлиса.

В-пятых, совершенствование узбекского алфавита на основе латиницы и определить точное время реализации, создание компьютерных программ, электронных словарей на узбекском языке, увеличить количество интернет-сайтов в мире, специализирующихся на преподавании узбекского языка.

В-шестых, Институту узбекского языка, литературы и фольклора Академии наук и Ташкентскому государственному университету узбекского языка и литературы необходимо совершенствовать систему научных исследований и разработку руководящих принципов подготовки нормативно-правовых документов на государственном языке.

Еще одно предложение в конце моих идей: Наш предок Кашгари, тысячи лет назад написал в своём произведении «Словаре тюркских наречий» (“Девону луғати-т-турк”), что людей, которые не знали своего родного языка и предпочли другой язык называли «сумлим». Сегодня это историческое слово нужно снова использовать. И если у нас тоже создали бы языковую инспекцию, я бы в первую очередь, предложил снова использовать слово "сумлим".

ЛАТЫН ӘЛПБИИНЕ КӨШУ – ТАРИХИ ТАҢДАУ

Бекниязова Динара Достановна
Филология ғылымдарының кандидаты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, оқытушы,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан республикасы
Margulan0112@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада латын графикасына көшіруге байланысты елдердің тарихына шолу жасалған. Кеңес кезінен бастап латын әрпін қолданудың бағыттары көрсетіліп, оларға талдау жасалған. Латын әліпбиіне көшудің заманның талабы екендігі сөз етіледі.

Түйін сөздер: *латын қарпі, латын әрпі қолданысы, латын әрпінің тарауы, қолданыс бағыттары.*

Аннотация. В статье представлен обзор истории стран, связанных с переводом на латинскую графику. С советских времен были показаны и проанализированы направления применения латинской буквы. Речь идет о том, что переход на латиницу-это требование времени.

Ключевые слова: латинский шрифт, применение латинской буквы, раздел латинской буквы, направления применения.

Summary. The article presents an overview of the history of countries associated with the translation into Latin script. Since Soviet times, the directions of application of the Latin letter have been shown and analyzed. We are talking about the fact that the transition to the Latin alphabet is a requirement of time.

Keyword: latin, use Latin letters, section letters, directions of these applications.

Жазу – адамзат ақыл-ойының үлкен жетістігі. Кез-келген халықтың тарихы жазба тілмен тікелей байланысты қалыптасып, барлық рухани және материалдық құндылықтар деңгейі жазба мәдениетінен көрінетіндіктен жазу тарихы жалпы адамзат тарихының бір саласы ретінде қарастырылады.

Әлемдегі бүкіл халықтар секілді қазақ халқы да өзінің тарихи өрлеуі барысында саяси, қоғамдық әлеуметтік жағдайларға байланысты әр түрлі жазу үлгілерін қолданды.

Қазақ мәдениеті тарихында алфавит, емле мәселесінің өз орны бар. Өйткені жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Жалпы жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс, адамның рухани байлығының үлкен жетістігі. Жазусыз мәдениет те, әдебиет те, ғылым да дамымас еді. Оның адамзат өміріндегі маңызын көптеген ғалымдар өз еңбектерінде атап айтқан.

XX ғасыр басында тікелей оқу-ағарту ісімен немесе әдебиетпен айналысқандарды ғана емес, бүкіл қазақ қоғамын алаңдатқан үлкен проблема болды. Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. Көпшілікке мәлім, қазақ жазуын (араб графикасы негізіндегі) басқа графикаға көшіру мәселесі XIX ғасырдың II жартысынан бастап көтерілген болатын. Сол уақыттағы баспасөз беттерінде араб жазуының кемшілік жақтарын, оның түркі тілдеріне жарамсыздығын айтып сынаған мақалалар көптеп кездеседі. Кей мақаланың авторлары араб жазуының қазақ

тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтындығын, бас әріптердің, тыныс белгілерінің жоқтығы оқуда қиындық туғызатынын көрсете келіп, қазақ жазуын жетілдіру керек не басқа алфавит алу керек деген пікір айтады. Қазақ оқығандары, оның ішінде Ы.Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды, не осы жазуды біраз жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Міне, осы пікір ағымын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынап отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын қызу уағыздады.

Араб жазуын жетілдіру не басқа графикамен алмастыру мәселесі ХІХ ғасырдың екінші жартысында көтерілгенімен, бірақ өз шешімін таба алмай аяқталды. Бұған нендей себеп болғанын шығыстанушы Н.Яковлев былай деп көрсетеді: “Орыс графикасы миссионерлер мектебі арқылы таратылғандықтан кейбір халықтардың ұлттық сезіміне жағымсыз әсер етті. Бұл орыстандыру және зорлықпен ұлттық ерекшеліктерді жою үшін істелінген іс деп есептелінді”.

XX ғасыр басында туған шытырман заманның түрлі қоғамдық-саяси оқиғаларына қазақтың көзі ашық ұлтжанды зиялы тобының өкілдері бейтарап қарап отыра алмады. Олар қоғамдық дамудың алғы шарттарының бірі – халыққа білім беру деп танып, қалың бұқараның сауатын тез ашу үшін оқыту жүйесіне реформа жасаудан бастау керектігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Мектептер мен медреселерде діни сабақтармен қоса әр түрлі ғылым салаларынан алғашқы мәліметтер берілетін болды. Жаңа әдіспен оқытудың пайдалы екендігін түсінген Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Исен Бейсенбаласы т.б. халықты ана тілінде тез сауаттандыру үшін төте жазумен жазылған жаңа оқу құралдарын құрастырып, жаңа әдіспен оқытуға арналған әліппе, емле ережелерін құрастырумен айналысты.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласында жәдид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ алфавитін түрленген жаңа жүйеге келтіруге, ежелеусіз оқу мен төте оқуды қалыптастыруға жол салды. Бұрынғы әліппе бойынша, ескі араб әрпімен (хадимше) түсініксіз сөздерді жаттаудың орнына, тура өз тілімізде оқып-жазатын жаңа әдіс ұлт мәдениетінің тарихында орасан зор маңызды оқиға болды. Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың бас кезінде араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп өзгерістер енгізді. Ол қазақ әліппесін жүйелеп, оқу құралдарын жасады, фонетика, грамматика саласын зерттеп, қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулер жазды.

Кеңес үкіметінің жүргізген саясатына байланысты 1930 жылдардың ортасы мен соңына қарай ұлттық республикаларда орыс тілі ортақ қарым-қатынас құралы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданыла бастады. 1940 жылы орыс графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі қабылданды.

1990 жылдары қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі алфавитке ауыстыру мәселесі көтерілді. Біраз түркі тілдес республикаларда (Әзірбайжан, Түркменстан, Өзбекстан) қайта құру кезеңі басталғанда латын графикасына

ауысты. Сол республикалардың оң тәжірибелерін зерттеп, бізде де латын графикасына көшу мәселесін қарастырып жатқан ғалымдардың еңбектерін зерделеу қазіргі күн тәртібінің өзекті мәселелерінің біріне жатады.

2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», — деген еді.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1917 жылдың мамыр айында мектепті шіркеуден бөлу және барлық мектеп жасындағы балаларды еңбекке баули отырып тегін, міндетті оқуға тарту жөніндегі бағдарлама қабылдануы Қазақстандағы оқу-ағарту саласында елеулі өзгерістерді талап етті. Бұл біріншіден, мектептерге қажетті оқу құралдарын қажет етсе, екіншіден емле мәселесінде өзгерістер енгізудің маңыздылығын айқындап берді.

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері, оқушы жастар, оқытушылар латын әрпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтерді. Бұғанға дейін қазақ жазуы А.Байтұрсыновтың емлесі негізінде жүргізілген еді. Алайда латын қозғалысының кең түрде насихаттала бастауы араб жазуын ығыстыра бастады. Сөйтіп жаңа латын әрібін қолдаушылар мен бұрынғы араб жазуын қолдаушылар арасында үлкен айтыс-тартыс туындады. Бұл, әсіресе, 1924 жылы жазуында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде айқын білінеді. А.Байтұрсынов бастаған араб әрібін қолдаушылар басым түсіп, араб әрпіне лайықталған қазақ графикасы қабылданды.

Осы съезде А.Байтұрсынов бас баяндама жасап, онда араб әрібінің қай жағынан болса да ыңғайлы, қолайлы әріп екендігін дәлелдеп берген болатын. 1927 жылы латын әрібін алу жолындағы бұл білімпаздардың арасында болған айтыс-тартысын жинақ ретінде Кәрім Тоқтабаев пен Мұхтар Мұрзин Қазақстан жаңа әліппе комитетінің тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттік баспасынан «Жаңа әліппе жолында» деген кітап шығарып, онда латын әліпбиіне қатысты М.Мұрзин, Ә.Байділдин, Т.Шонанов, В.Бартольд, Н.А.Шмарин, Л.Жирков, Жозе және тағы басқа ғалымдар мен зиялылардың ой-пікірлері топтастырылды. Жаңа әліппе комиссиясының жұмыс нәтижесіне партия мен үкімет қолдау көрсетті. Латын жазуын қолдаушыларының арнайы «Жаңа түрік әліппесінің комитеті» құрылып, «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап бастыртып, мектептерде осы кітаппен оқытуды ұсынды. Сондай-ақ газеттерді бірте-бірте латын әрпімен басу мәселесін өз міндеттеріне жатқызды. Комитет мүшелері халық арасында баспасөз арқылы жаңа әліпбидің қалың бұқара үшін араб әрпіне қарағанда пайдасы мен қолайлылығын түсіндіріп, осы төңіректе пікір алмасуға шақырды.

1925 жылдан бастап жаппай Қазақстанның мектептерінде, жеке кәсіпорындарында және мекемелерінде латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрыла бастады. Соңғылары тек айтыс-тартыс жиналыстарын ғана емес, арнайы жаңа әліпбиді үйрететін үйірме сабағын да ұйымдастырды, баяндамашылар үшін тезистер құрастырып, жергілікті газеттерге ұжымдық мақалалар жазды. Осы жылы Н.Төрешұлының «Жаңа әліпби туралы» атты кітабы басылып шықты.

1926 жылы Ақпанда Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық съезде латыншылар мен арабшылар арасында қатты қызды. Осы съезден кейін түрік республикаларында жаңа әліпби ұйымдары құрыла бастады. Ұйымдардың басты мақсаты халық арасына латын әліпбиінің қолайлылығын түсіндіру болды. Сондай-ақ Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ латын негізіне қойылған жаңа әліппені алуға декрет шығарды.

1927 жылы түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліппенің Бүкілодақтық Орталық комитеті құрылды. Бұл комитет түркі елдерімен бір бағыттағы жаңа әліпби жасау, мектеп жасындағы балалар мен ересектерге арналған әліппелер шығару, латыншыларға жәрдем берерлік нұсқау кітаптарын шығару, баспаханалар үшін жеткілікті латын әрібін дайындау, латыншылар қоғамы мен ұйымдарының ережелерін басып шығару, латыншылар қоғамын, ұйымдарын ашу және жандандыру үшін газет-журналдар арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, әліпби жұмысына басшылық қылатын адамдар даярлау сияқты жұмыстарды тез арада атқаруға тиіс болды.

Комитет қазақ әліпбиінің қажеттілігі турасында пікірталас өткізіп, оның қорытындыларын 5 баспа табақтық қазақ тіліндегі екі кітапта жариялайды. Нығмет Нұрмақов 2 айлық жаңа әліпбидің әрібін терушілер курсы ашуға және бұл курстың үздіксіз адамдарды қабылдауын қадағалады. Сонымен қатар, «Жаңа әліппешілер қоғамы» Жарғысын қабылдап, өз мақсаттарын қазақ халқының арасында жаңа әліпбидің маңыздылығын түсіндіріп, көшуге үгіттеу деп көрсетті. Бұл мақсатқа жетуде қоғам өз алдына бірнеше міндеттерді қоя білді. Негізінде Жарғы 8 бөлімнен тұрды. Онда қоғамның мақсаты, міндеттері, құқымен қатар қоғамның құрамы, мүшелерінің міндеттері, қоғамға қабылдау және шығару, «ЖӘҚ»-тің бүкілқазақстандық съезін өткізу, Орталық Комитеті, тексеру комиссиясы, қоғамды тарату мәселелері көрсетілді.

Ескі әліппе мен жаңа әліппе мәселесіне қатысты академик В.Бартольд та өзіндік тұжырым жасаған. Ол латын әліппесінен түрік дыбыстарын таңбалауға ыңғайлау мәселесіне қатысты профессор А.Н. Самойлович баяндама жасап, латын әліппесін алудың қолайлылығын баса көрсеткендігін айта келе, латын әліпбиін алу кезінде оған жаңа бірнеше әріптерді қосуды ұсынды. Оның себебін Еуропа елдерінде әр халық латын әріптерін түрліше қолданатындығын, сондықтан әріптерді бірізділеу арқылы қолдануды дұрыс санады.

Ұлт зиялылары Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Мурзин, Ә.Байділдин және тағы басқалар латын әрібінің ыңғайлылығын насихаттауға белсене кірісті. Латын әрібінің алғашқы нұсқасын жасаушылардың бірі Халел Досмұхамедұлы

болған. Ол бастапқыда латын әрібіне қарсы болғандығын: «Нәзір айтқандай, менің латын әрпін алуға қарсы екенім рас. Бірақ латынға қарсы екенімді біле тұра маған латын әріптерінің жобасын жасау тапсырған соң, сол жобаны жасағаным рас. Одан кейінгі «Қазақ тіліне латын әрібін алу мәселесі» деген мақаласында: «Түркі халықтарына араб хари́фтерін тастап, латын хари́фин алу керек деген сөз көптен бар. Әзербайжандар латын хари́фтерін қабылдады, жаһұттар да солай қылды. 1922 жылғы съезінде өзбектер де өз тілін латын хари́фтерімен пішті. Профессор Поливанов үлгі жасады» - деген болатын.

Латын әліпбиі біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Жоғарыда аталған латын әліпбиі туралы дереккөздерді келтіре отырып, қазақ қоғамына, халқына латын әліпбиінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады. Бұл жайына Елбасымыз биылғы Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтты. «Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді таныдық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын». «Біз 2025 жылдан бастап *әліпбиімізді латын қарпіне*, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» - деген болатын.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда біздің ұтатын жақтарымыз деп мынадай пункттерді атап көрсеткен болатын: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ

анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Пайдалынған әдебиеттер:

<http://alashainasy.kz/alashuni/shetteg-5-million-kazak-jutyilsa-atajurt-sagan-syin-55670/>

http://www.inform.kz/kz/elbasy-kazak-tili-alipbiin-latyn-grafikasyna-koshiru-turaly-zharlykka-kol-koydy_a3079173

<http://e-history.kz/kz/contents/view/6807>

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Иманбаев Қуаныш Қожабайұлы
филология ғылымдарының магистрі
k.sabak@mail.ru

Мухтарова Агипа Сагидуллина
Ақтөбе гуманитарлық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Agipam.s1965@mail.ru

Латын графикасына көшу заман талабы. Бүгінде латын әліпбиі бойынша түрлі жұмыстар жүргізіліп, халыққа тың деректер беріліп келеді. Әйтсе де латын графикасына қатысты көңілімдегі жауабын таппаған ойлардың бірі оның тарихына байланысты. Біз түркі халқы түрлі таңбаны қолданып келдік. Бүгінгі күні қазақ тілі мен әліпбиі туралы сөз болғанда жиырмасыншы ғасырдағы латын графикасын қолданғанымыз айтылады. Ал біздің ұлттық жәдігеріміз «Кодекс Куманикус» латынның готикалық көне қарпімен жазылған. Осы бағытта қарасақ «Түркі халқы латын әліпбиін ежелден қолданған ба?» деген сұрақ туындайды. «Модерн», «модернизация» дегеніміз адамзат өркениетіндегі мағыналы өзгерістер, бәсекеге қабілеттілік, рухани жаңғыруды білдіреді десек, латын әліпбиі халықтың руханиятында қалыптасқан дәстүршілдік пен жаңашылдықтың бірлігі негізінде ұлттық сөйлеу мәдениетіміздің дамуы дегенді білдіреді. Бүгінде құбылмалы жаһандану салтанат құрып тұрған кезеңде тіліміздегі бұл әлеммен қабыспайтын, өзіндік дыбысталуына кері әсер ететін сөздерден арылу, тілдің табиғи болмысын танытатын заңдылықтарды

жаңғыртуға жол ашары анық. Елімізде латын әліпбиіне көшу туралы сөз қозғалғаннан бері қаншама ғалымдар, тіл мамандары, жұртшылық арасында пікірталастар туды, соның нәтижесінде латын таңбасына ауысудың төмендегі мүмкіндіктері анықталды:

Біріншіден, үш тілділік саясаты бар қазіргі ұрпақты халықаралық тілдің әліпбиіне ұқсас графикаға көшіру – өзге тілден енген сөздерді араластырып сөйлеуден сақтайды;

Екіншіден, қазақы дыбыстауға, яғни, тіліміздің ұлттық бояуын сақтап айтуға мүмкіндік туады;

Үшіншіден, ана тіліміз жаңғырған ақпараттық технология тіліне айналады. Өйткені қазіргі қоғамдағы терминдер, түрлі мамандыққа қатысты әдебиеттер, математикалық формулалар, тіпті, дәрі-дәрмек атаулары да латын әліпбиімен байланысты болып отыр.

Төртіншіден, тіліміз бен әдебиетіміз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалады; Бұл мәселені «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбымен берілген мақалалық бағдарламасында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «... Латынға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы ақпараттық технологиялық ортаның, ... ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру ерекшеліктеріне байланысты», - деп жазды [1].

Бесіншіден, ең бастысы, шетте жүрген қандастарымызбен қарым-қатынас жасау тиімділігі артады; Демографтар шеттегі қазақтардың саны – 4,5 миллионның айналасында деген пікірде. Ол қазақтардың қазақстандық қоғаммен ақпараттық жұмыс жүргізуі үшін ортақ әліпби қажет.

Алтыншыдан, күллі әлеммен байланысты жеңілдетеді, демек қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі көтерілетіндігі белгілі.

Қазіргі таңда жаңа әліпбиге көшу бағытында Қазақстан Президенті тиісті Жарлыққа қол қойып, мектептерді латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру кестесі де жарияланды [2]. Әрине, бұл қазақ тілінің болашағы үшін жасалған қадам. Еліміздегі газет-журнал, мекеме атаулары да латын таңбасына көшірілді. Жарнамалардың өзі латын әліпбиімен жете бастады. Ағылшын тілін оқып жатқан оқушыларымызға ондай жарнамаларды оқу, латын таңбасымен теріп жазу да қиындық тудырмасы рас.

Сондықтан баяндамада латын әліпбиі, құрамына енген әріптер, оның дыбысталуын қарастырмай, сабаққа қойылар жаңа талап туралы болмақ. Ол – қазақ тілін заманына лайық етіп оқыту, тіліміздің қуатын оқушыға сезіндіру. Себебі, қазіргі жастардың өз тілінде білім алуы жетекші фактор болып отыр.

Ендеше қазіргі таңда пән мұғалімдерінің алдында ана тіліміздің қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасайтын сабаққа қойылатын жаңа талапты анықтап, қыр-сырын толық зерделеу міндеті тұр деген сөз. Яғни, тілімізді жаңғыртудың негізгі қайнарына инновациялық және білімнің жаңа үлгісіне лайық әдіс-тәсілдерді қолдану да жатады деп ойлаймын. Демек, тіліміздегі әліпбиді реформалауды (қайта қарау) сәтті жүзеге асыру үшін педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылу керек.

Мысалы, мектеп бағдарламасы бойынша 8-сыныпта «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы» [3] тақырыбындағы мәтіннен оқушылар латынға көшу мәселесі 1920 жылдан күн тәртібіне қойылғандығын оқып біледі, соңынан «латыншылдар», «арабшылдар», «кириллицаны жақтаушылар» болып үш топқа бөлініп, пікірталас ұйымдастыру тапсырмасы берілген. Бұл оқушылардың ана тіліміздің ерекшелігін сақтап қалатын латын әліпбиі екенін түсінуге жасалған бірден-бір қадам деп түсінемін. Әрі олар пікірталас ұйымдастыруға дайын деп ойлаймын. Олай дейтінім,

- оқушылар ұсынылған мәтіндегі астарлы ойды айыра алады;
 - қазақ әліпбиінің тарихи кезеңдерін, ұлттық әліпби деңгейіне жету жолын;
 - V-VII ғасырларда ата-бабаларымыз ғылымда Орхон-Енисей жазуы деген атпен белгілі көне түркі руна жазуын пайдаланғанын;
 - графика (graphike) мен алфавит (гр. ἀλφάβητος) арасындағы байланысты;
 - жаңа әліпбиге көшу мәселесі бойынша жұмыс жасалып жатқанын біледі.
- Демек, пікірталастырушылардың айтар ойлары, дәлелді пікірлері бар.

Тапсырманы орындаудағы басымдық: мәтінге негізделген коммуникативтік әрекет арқылы көтерілген мәселені оқушылардың өмірлік тәжірибемен байланысты көзқарасын білдіруге мүмкіндік беруге құрылған. Олай болса, оқушылардың назар аударуды қажет ететін мәселеге көңіл бөлгеніне көз жеткізу қажет. Мысалы, «латыншылдар» кириллицадан тіліміздегі сөздердің айтылуына өзгеріс енгізбей көшуге болатындығына қалай көз жеткізуге болады, қандай дәлелдер келтіре аламын, қалай баяндасам болады... Осы тұста білім алушыларға «Күлтегін» жыры және «Көне түркі ескерткіштерінің зерттелуі» тақырыптарына нұсқау берген дұрыс. Яғни, баланың алдында меңгерген біліміне негіздеу. Өйткені олар латын таңбаларының көне түркілік руналармен ұқсастығы бар екендігін қарастырған. Берілген тақырыпты Алтай Аманжолов [4] Марат Барманқұлов [5], Олжас Сүлейменов [6] секілді тюрколог ғалымдарымыз жазғандығын біледі.

Біздің міндетіміз-оқушының өз ойын жеткізуде тілдік бірліктерді дұрыс қолдануға, дыбыс үндестігіне сай сөздерді айта білуге, берілген тақырып аясында еркін сөйлеуге үйрету. Жүсіпбек Аймауытов пікіріне сүйенсем, « ... әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» сонда оқушы тілдің қуатын сезінеді.

Айтылған ойларымды жинақтай келе, оқушыны Тұлға ретінде қарау кезеңінде қазақ тілі – болашақтың тұтқасы екенін түсінгені дұрыс. Оқушы алдымен өз ана тілін, тарихын барынша сезіп алмай, өзге пәнді меңгере алмайды. Ал әліпби мен жазу мәселесі бір-бірімен тығыз байланыста, ол-мәдениетті жалғастырушы құндылықтың бірі. Латын графикасына көшу арқылы біз халқымыздың жазба мұрасын бар әлемге паш ете аламыз. Демек, латын әліпбиіне көшу – тілімізді жаңғыртуға жасалған тарихи қадам.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасы, 12 сәуір, 2017 ж.
2. Қыдырәлі Д. Ұлы Дала Ренессансы. EGEMEN QAZAQSTAN, № 70 (29301) 13 сәуір 2018 ж.
3. Күдеринава Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.
4. Аманжолов А.С. Генезис тюркского рунического алфавита. Алматы, "Мектеп", 2003.
5. Барманкулов М.А. Хрустальные мечты тюрков о квадрациях. Алматы, ОФ «БИС» 1999.
6. А. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992 г

ҚАЗАҚ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Қарағұлова Б.С.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Кушкимбаева А.С.

PhD докторы

Ақтөбе, Қазақстан

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Латын әліпбиіне көшу - қазіргі таңдағы басты проблемалардың бірі болып отыр. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді ұстанымдары халық арасында әртүрлі пікір туғызып, қызу талқыға айналып жатқаны белгілі. Дегенмен бұл бағыт көпшілік қауымның ықыласына ие болып, қолдау тауып отыр. Бұл мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің және маңызды тарихи оқиғалардың бірі болып табылады. Оның үстіне латын әліпбиі қазақ тілі үшін жат құбылыс емес. Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізді. Уақыт өте келе ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келгені мәлім. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына

негізделген әліпби қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылғаны белгілі. Бұл кезеңде алаш зиялыларының бұл мәселеге қосқан үлесі зор. Сол кезеңдегі қазақ зиялылары латын әліпбиіне көші мәселесіне зор үлес қосты. Атап айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Н.Төреқұл т.с.с ғалымдар латын әліпбиін қазақы жазуға бейімдеп енгізуге тырысты. Алғашқы латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінде 9 дауысты, 2 жарты дауысты, 18 дауыссыз дыбысты таңбалайтын 29 қаріп болды. Алғашқы латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиін жетілдіру бағытында профессор Қ.Жұбанов ұсынған жобада 25 қаріп, бір дәйекші көрсетілді. Оның қазақ жазуын жетілдіру бағытындағы ғылыми ұстанымдарының маңызы зор болды.

Қазіргі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу әлі де екі жақты тартыс пен талас тудырып отырған мәселе болып табылады. Латын әліпбиіне көшуді жақтаушылар бұл мемлекеттік тілдің өзінің күшіне енуіне оң әсерін тигізеді десе, латынға қарсылық білдірушілер халық арасында сауатсыздық бел алады деп шошуда. Кейбіреулер Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақтың ардақтылары латын әліпбиіне қарсы болған деген пікірлерін де алға тартады. Дегенмен қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Осы мәселеге қатысты етіп, латын әріптері туралы айтқан кезде латын халқы, оның тілі және әліпбиі туралы да айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Латын тарихы өте терең, оны қысқаша айтсақ, олардың мекені Италия жеріндегі Лациум деген жазықтықта орналасқан б.з.д. VIII ғ. латын тайпасы негізін қалаған Рим қаласы болды. Б.з.б.

I ғасырдың аяғында көп жерлерді жаулап алған Рим үлкен мемлекет боп V ғасырға дейін өмір сүрді, бүкіл Жерорта теңізі, Испаниядан Грецияға, Кіші Азия мен Египетке дейінгі және қазіргі Франция территориясы, Англия мен Германияның кейбір бөліктері т.б. жерлер Римнің қол астында болып, римдік мемлекеттің тұрғындары латын тілінде сөйлеген. Осы уақытта билік жүргізген империялық Рим мемлекетінің ресми тілі де латын тілі болғандықтан оның тілі мен жазуы бүкіл антик әлеміне тарап, еуропалық өркениетінің негізі болған. Кейіннен Рим мемлекеті ыдыраған кезде оның құрамындағы түрлі ұлттар да бір-бірінен алшақтап, олардың тілдері де өз жолдарын тапты. Сондықтан қазір латын халқы жоқ, лингвистикалық классификация бойынша латын тілі өлі (яғни, қазіргі кезде қолданылмайтын) италийлік тілдерге жатады. Латын тілінің негізінде ұлттық тілдер, яғни романдық тілдер - итальян, француз, испан, португал, румын және молдаван т.б. тілдері өз алдына қалыптасқан екен. Латын алфавитінің қазіргі бізге жеткен таныс түрі б.з.д VI-III ғ.ғ. қалыптасқан. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды.

Ендеше латын әліпбиінің болашағы да зор. Алайда латын әліпбиіне көшу барысында, бұл мәселе қатысты ғалымдардың еңбектерін назарға ала отырып, төл дыбыстарымызды жоғалтып алмайтындай, тілімізге зияны тимейтіндей, латын әліпбиіне көшу мәселесінде туыстас елдеріміздің жіберген қателерін болдырмайтындай ең дұрыс нұсқасын алғанымыз жөн. Себебі Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Ол - өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байланыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Сондай-ақ Елбасының мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы сарабал саясаты, оның шетелге барған сапарында түрлі жиындарда қазақ тілінде сөйлеуі қазір мемлекеттік қызметтегі адамдарға ерекше ықпал етті деп айта аламыз. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Қазіргі күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы Қазақстанның өзін бүкіл әлемге танытып қана қоймай, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, сыртқы елдермен байланысының күшейе түсуі, әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған 30 елінің қатарына қосылуға бағыт алуы, т.б. жағдайлар оның мемлекеттік тілі мен

жазуының да әлемдік талаптарға сай болуын талап етеді. Демек, қазақ тілін латын графикасына негізделген әліпбиіге көшіру - әлемдік стандартқа сай болу дегенді танытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне түркі және араб, латын жазбалары). – Алматы: 2007. -264 бет

Уәли.Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткі жайттардың басымдығы// Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс», 2007. – 410 бет

Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992. – 446 б.

Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы// гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). №26 – Ақтөбе, 2017 16-21 б.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ - ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Джусупова Куляйм Жубановна

Орыс филологиясы және мәдениаралық коммуникация кафедрасының аға
оқытушысы
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада латын графикасы мен қазақ тілі емлесінің ережелері туралы баяндалған.

Тірек сөздер: Латын, әріп, дыбыс, жазу, емле, ереже.

Резюме

В статье говорится о латинской графике и написании правил казахского языка.

Ключевые слова: латинский, буква, звук, писать, написание, правило.

Summary

The article talks about the Latin script and writing the rules of the kazakh language.

Keywords: Latin, letter, sound, write, writing, the rule.

Қазақ тілінің әліпбиі бірнеше рет өзгергенін білеміз. Себебі барлық билік өзгенің қолында болған замандарда тіліміздің тағдырына алаңдаушылықтан басқа ештеңе де жасай алмағанымыз түсінікті жай еді. Енді қазіргі таңда егеменді еліміздің болашағы үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Еліміздің ғасырлар бойы армандаған ойларын жүзеге асыруда Елбасымыздың атқарып жатқан еңбегі ұшан теңіз деп есептейміз. Бүгінгі таңда мемлекеттік тіліміздің болашағы үшін жасалған шараларды да мақтанышпен атап көрсетуге болады. Қазақ әліпбиі мен жазуын латын қарпіне көшіру мәселесін көтерген Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» «стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп атап көрсеткен еді[1.2]. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы мақаласында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», - деген болатын[2.2]. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы Елбасының рухани жаңғыру бағытында баяндаған терең мәнді ұстанымдарын халықтың ықыласына ие болып, қолдау тауып отырған мәңгі елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі істердің, маңызды тарихи оқиғалардың бірі деп білеміз[3.153].

Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарына белсене араласып жүрген жерлес ғалымдардың бірі Н.А.Садуақастың айтуынша, латын әліпбиіне көшуге себеп болған басты бірнеше қажеттіліктер бар екен. Оларды тізбелеп көрсетсек, қазіргі әліпбиіміздегі 42 әріптің ішінде орыс тілінің он үш әрпі бар(в, ё, и, ц, ч, щ, ф, х, ь, ь, э, ю, я), сондықтан қазақтың төл сөзінде жоқ әріптер өз тіліміздің заңдылығын бұзып, көп сөздерді орыс тілінің емлережелеріне бағынып жазып, орыс тілі заңдылығына бағынып айтуға жол берді, яғни қазақ әліпбиі деген аты ғана, біздің әліпбиімізді қазақ-орыс әліпбиі деп атауға болады екен. Бұл өз кезегінде тілді шұбарлап, қазақ тілінің орысша акцентпен сөйленуіне жол берді. Әліпбиде әріптің көп болуы да дыбысталуға әсер етеді десек, ал дыбысынан әріп саны асып түсетін әліпби тілге тіпті қауіп төндіреді. Қазіргі әліпбиімізбен сауат ашып, білім алған біздер айналамызды, өзімізді қоршаған ортаны, тіпті әлемді тілімізге енген орыс сөздері арқылы, яғни орыс тілінің «көзімен» танып келдік. Себебі біздегі барлық ақпарат орыс тілі арқылы келеді. Шетелдік географиялық атау, адам аттары, терминдер, барлығы орыс тілінің ыңғайына бейімделген күйінде келеді. Әр тілдің өз

дыбыстары болады. Сондықтан өзге тілдегі сөздерді де, басқа дыбыс іздемей-ақ, өз дыбыстарымен алмастырып айта беретін кездері де болады. Мысалы, орыс тілінде көмеймен айтылатын немістің «h» дыбысы жоқ болғандықтан оны өздерінің «г» дыбысымен Heine емес Гейне, Hugo емес Гюго деп айта береді. Сол сияқты қазақтың сөздерін де орыстар өз тілдерінің заңдылықтарына сай «боран-буран», «тұман-туман», «тостақан – стакан», «түрік-тюрк», «қазақ-казах», т.б. деп айтады. Осылай өз дыбыстарымен айту арқылы өз тілдерінің табиғи ішкі заңдылықтарын сақтап тұрады. Біз де ертеректе тілімізге енген орыс сөздерін «кровать-керует», «бревно-бөрене», «русь-орыс», «стол-үстөл», т.б. түрінде айтып келген болсақ, кешегі кеңес үкіметі кезінде қазақ тілінде жоқ дыбыстарды әліпбиімізге алуымызға тура келді. Сондықтан өзге тіл әріптері қазақ тілінің ішкі табиғатына сай келмеуінен өз тіліміздің заңдылығын бұзып, қазақша сөйлеп, жазып отырсақ та, көп сөздерді орыс тілінің емлережелеріне бойынша жазып, орыс тілі заңдылығы бойынша айтуға тура келді. Сол сияқты қазақтың «орал» деген сөзін «урал» немесе «арал» деп айтқанына еріп біздер өз сөздеріміз қайсы, өзгенің сөзі қайсы екенін ажырата алмай қалдық. Мысалға, қазақтың «Жанар», «Айнұр», «Өтеміс» деген сияқты аттарын «Жанара», «Айнура», «Утемис» деп айтуға үйреніп кеттік. Қазақтың үндесе айтылатын сөздерін «Ысмайыл-Смайыл», «Ысқақ-Сқақ», «Ырысты-Рысты» деп тіліміздегі дыбыстар тіркесін, айтылым заңдылығын бұзып жүрміз. Қазақ тіліндегі - «к», орыс тіліндегі - «х», араб сөздеріндегі «h» дыбыстарын таңбалайтын әріптерді жазуда бірінің орнына бірін қолдана беру кездеседі. Бұл тіл заңдылығын бұзу болып табылады, яғни грамматикалық және орфоэпия-орфография заңдылығы бұзылғанын айтады [3.153].

Латын негізді қазақ әліпбиінің үш нұсқасы жарияланып, олар халыққа таныстырылып, соңғы нұсқасы бекітілді. Жалпы алғанда, әліпбидің осы соңғы нұсқасы талапқа сай, көңілге қонымды жасалғанмен әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді екен. Қазақ жазуындағы латын әліпбиі мәселелерін зерттеп жүрген жерлес ғалымдардың бірі Н.А.Садуақастың айтуынша, бұл әліпбиді жетілдіре түсу үшін төмендегідей ұсыныс айтқан екен: Әліпбидегі әріптер дыбыстардың өзіндік фонетикалық ерекшеліктеріне сай жүйелі таңбалануы тиіс. Әліпбиде өздерінің жуан-жіңішкелігімен бір-біріне қарама-қарсы қойылатын дауысты дыбыстар «А» мен «Ә», «О» мен «Ө», «Ұ» мен «Ү» тек әріпүсті белгілермен ажыратылып, бірдей әріптермен берілуі өте дұрыс жасалған деп есептейміз. Бірақ жуан-жіңішкелі «Ы» мен «І» дауыстыларының І і -[i], Ү у - [y] болып екі түрлі таңбамен берілуі осы жүйеге сай келмей тұр. Сондықтан бұл екі туыс дауысты да Ү у - [y], Ү`у`-[i] болып, бірдей әріппен таңбаланып, басқа дауыстылар сияқты жүйемен, тек әріпүсті белгілермен ажыратылуы тиіс[3.155].

Латыннегізді қазақ әліпбиі бекітілгеннен кейін тіл жанашырлары жаңадан ұсынылған қазақ орфографиясының Ережелері жобасын талқылауға кірісті. Жаңа мазмұнды Қазақ емлесінің негізгі ережелерін дайындау барысында біртуар ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбановтың, латын графикасына ауысу

идеясының көшбасында болған академик Ә.Қайдар, қазіргі қазақ жазуының ғылыми ортологиялық негізін қалаған аса көрнекті ғалым академик Р. Сыздықтың, сонымен қатар түркітекес халықтардың тәжірибесі жан-жақты ескерілген. Емле ұлттық тіліміздің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуына, тіліміздің дыбыстық қорының мүмкіншілігін толық қамтуға ерекше назар аударылған. Емле ережесінде қосар [ұу], [үу], [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орфограммасына ерекше назар аударылды. Қосарлап таңбаланса да, даралап таңбаланса да айтылымында, А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, еш айырма жоқтығы, жазу-сызуға қойылатын жинақылық, ықшамдылық талабына сай келетіндігінен бұл дыбыс тіркестерін дара түрде таңбалануы дәстүрге айналғандығын негізге ала отырып, қазақ жазуының латын әліпбиіне көшуімен байланысты шұбалаңқылыққа ұрынбау үшін ұу/үу, ый/ій қосар дыбыстардың бір ғана «у», «и» дара әріппен таңбалануының үлгісі ұсынылған[4].

Қазір латын негізді жаңа әліпбиі бойынша дайын болған қазақ тілі емлесінің Ережелері жобасын талқылау жұмыстары жүріп жатыр. Емле ережелері Жобасы талқыланып, пікірлер айтылды. Жалпы алғанда қазақ тілі әліпбиі мен емлесін латын графикасына көшіру жұмыстары тіл мамандарының үлкен белсенділікпен қатысуымен атқарылып келеді. Емле бойынша әліпбиімізден шығарылып тасталған әріптермен келетін сөздердің де жазылу ережелері жасалған. Емледе «жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейді», -деген ереже бар[5.26]. Бұған мынадай сөздер мысалға келтірілген: *ansámbł (-diń, -i, -ge, -der)*, *dúbl (-diń, -i, -ge, -der)*, *rúbl (-diń, -i, -ge, -der)*, *paró l (-diń, -i, -ge, -der)*, *asfált (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *púlt (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *ált (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *ós (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *vólt (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *búldog (-tyń, -y, -qa, -tar)*, *batalón (-niń, -i, -ge, -der)*, *medalón (-niń, -i, -ge, -der)*, *koról (-diń, -i, -ge, -der)*, *gastról (-diń, -i, -ge, -der)*, *alkogól (-diń, -i, -ge, -der)*, *kúlt (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *gólf (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *vestibúl (-diń, -i, -ge, -der)*, *sırkúl (-diń, -i, -ge, -der)*, *roiál (-diń, -i, -ge, -der)*, *álpınıs (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *áľternativ (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *kobált (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *festivál (-diń, -i, -ge, -der)*, *áľbatros (-tyń, -y, -qa, -tar)*, *áľbom (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*, *áľmanah (-tyń, -y, -qa, -tar)*, *áľtron (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*, *áľfa (-nyń, -ǵa, -lar)*, *váls (-tiń, -i, -ke, -ter)*, *báľzam (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*, *páľma (-nyń, -sy, -ǵa, -lar)*, *oftáľmolog (-tyń, -y, -qa, -tar)*, *búldozer (-diń, -i, -ge, -ler)*, *múľtfilm (-niń, -i, -ge, -der)*, *úľtrasáyle (-niń, -si, -ge, -ler)*, *fóľklor (-dyń, -y, -ǵa, -lar)*, *vóľfram (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*. Ескерту. Мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: *bron (-nyń, -y, -ǵa, -dar)*, *monastyr (-dyń, -y, -ǵa, -lar)*, *gyash (-tyń, -y, -qa, -tar)*, *týsh (-tyń, -y, -qa, -tar)* [5.26]. Бұл ережеде жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейтінін білдіреді: ансамбль-ансэмбл *-ansámbł (-diń, -i, -ge, -der)*. Альбом-элбом-áľbom (-nyń, -y, -ǵa, -dar); Бұл жерде де жіңішкелік белгі орны жіңішке айтылғанмен бүкіл сөз аралас буынмен

жазылады. Ал айтқанда сингармонизм заңымен бірдей үндесіммен айтылуы тиіс.

Қазіргі талқылаудағы қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері Жобасы Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ғылыми-практикалық орталығы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының, осы іске араласқан басқа да мамандардың тынымсыз еңбегі мен ғылыми дұрыс бағыттағы зерттеулерінің жемісі деп білеміз. Сондықтан қазақ тілі емлесінің негізгі Ережелерінің жобасын қолдай отырып, қазақ жазуында қолдануға, оны бекітуге болады деп есептейміз.

Әліпби мен жазу адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Латын әліпбиі – өркениеттің жазуы, оқу құралы, өмір талабы, тек дамудың кілті ғана емес, рухани жаңғырудың басты бір баспалдағы, әлемдік ақпарат кеңістігінің тура жолы, ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін, рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадам. Қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі болып табылады[6.21]. Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады. Қазіргі жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Еліміз тәуелсіздігін алған кезден бастап ғалымдарымыз бен тіл жанашырлары латын әліпбиіне көшудің пайдасын сөз ете бастаған еді. Латын әріптері - әлемдік талаптарға сай жазу, латын әліпбиі өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Сондықтан Елбасымыз бастап, халықтың қолдауымен қазақ жазуына латын графикалы әліпбиді таңдап отырмыз. Қорыта айтқанда, латын графикасы - қазақ жазуының болашағы, латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін жаңа биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз. Жаңа ғасырда жаңа әліпбиіміз бен жазу емлемізді меңгеріп, тіліміздің үндесім заңдылығына сай жазатын болсақ, тіліміздің де болашағы жарқын болады деп есептейміз. Сондықтан латыннегізді қазақ әліпбиі мен жазуын тезірек күнделікті қоғамдық өмірімізге енгізуге күш салуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан — 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы.- Астана, 2012 ж.
2. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»//Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1-2 б.

3. Садуақас Н.А.Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері// «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Атырау: «Инфорсервис» баспа орталығы,2018.-152-157 б.
4. Садуақас Н.А. Латын негізді қазақ жазуы мен әліпбиінің дискурсы// «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми электронды конференция (24.05.2018).- Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ, 2018.- 2-3 б.
- 5.Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. Жоба.-Астана: тілорталық, 2018.- 30 б.
- 6.Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы. // Гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы) №26. – Ақтөбе, Қ.Жұбанов атын. АӨМУ, 2017. –16-21 б.

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Канағатова Жанслу Маратқызы

преподаватель, магистр филологических наук
АРГУ имени К. Жубанова,
Республика Казахстан, г.Актобе,
Zhansik-actobe91@mail.ru

В нынешнем мире латиница соотносится с новыми технологиями и прогрессом. На латинице создаются все доменные имена и адреса электронной почты. Одним из главных преимуществ новой грамоты является то, что, изучая казахский язык на латинице, будет легче изучать английский язык, на котором на данный момент говорит и пишет мировое сообщество.

Переход на этот алфавит важен. Латинский алфавит будет содействовать тому, чтобы не отстать от времени и эффективно перейти в мировое пространство, не теряя при этом свою уникальность. Казахстанские лингвисты на данный момент уже выявили критерии, которым должен отвечать латинский алфавит. Это современная латынь без лишних элементов, быстрый в использовании и легко воспринимаемый с известными словами и так далее.

Усовершенствованная грамота будет как можно более удобной с точки зрения использования информационных технологий. В нем будут использоваться 25 стандартных букв, а 8 специфических звуков передаваться сочетанием нескольких букв – диграфами. Поэтому для написания текста на латинице будет использоваться стандартная англоязычная клавиатура.

Создание этого алфавита осуществлялось при помощи интеллигенции как казахстанской, так и зарубежной.

Процесс перехода на латиницу направлен в первую очередь на реформирование казахского алфавита и правил орфографии, что дает возможность выяснить схожести между фонетикой языка и его графикой.

Переход на латиницу скорее всего не причинит казахстанцам неудобств. Для этого нужно много трудолюбия, а также уверенное понимание поставленной цели.

В странах бывшего постсоветского пространства, в которых уже осуществился переход с кириллицы на новый алфавит, в те времена не было такого разносторонней и долговременной дискуссии по данной проблеме, как это бывает в у нас.

Процесс перевода казахского языка на новую графику должен быть максимально тактичным, с применением самых разных предложений.

Что немаловажно, и компьютеры, и рынок устройств, вроде смартфонов развивается быстрыми темпами. Вроде вчера на модели iPhone мы смотрели, как на что-то сверхпотрясающее. Сейчас у каждого второго казахстанца есть такие телефоны. Внедрение новой графики будет проходить в разы быстрее за счет компьютерной грамотности людей, которая несомненно повысилась в значительной степени.

Различные сферы деятельности и многие другие информационные источники существуют прежде всего на латинице. И это не только английский язык, но и так же день ото дня становящийся все более важным и популярным испанский и многие другие языки. Тут есть и политическая подоплека, и осознание важности момента, когда тюркский мир в большинстве своем уже перешел или переходит на латиницу. Это более тесное интегрирование в мировую экономику, а также, символически, курс на Запад, на западную модель развития. Не надо бояться быть уникальными.

На парламентских слушаниях рабочей группой на рассмотрение общественности, научных кругов и депутатов вынесен проект нового алфавита. Всего 25 букв. Специфичные звуки будут отображаться через различные комбинации сочетания букв. Для молодого поколения, изучающего иностранные языки, этот вариант будет безусловно комфортным. Что касается старшего, то за предстоящие восемь лет, думается, его сможет освоить любой желающий. Вообще практика свидетельствует, что чем меньше букв, тем легче освоение языка. Любые специфичные буквы создают психологические барьеры. И ни один язык не стоит на месте, он проходит адаптацию и совершенствование непрерывно. Модернизируются даже доминирующие европейские языки, параллельное хождение латиницы планируется в китайском и японском языках. И мы попросту вливаемся в этот цивилизационный поток.

До конца 2017 года был принят единый стандартный вариант казахского алфавита новой графики. С 2018 года началась подготовка кадров для преподавания нового алфавита и учебников для средней школы, а также разрабатывается четкий график перехода казахского языка на латиницу. С 2025 года планируется вести делопроизводство, издавать периодику на латинице.

Переход на латиницу – это историческая необходимость для Казахстана, это еще одна возможность интегрироваться к мировым научным и технологическим процессам.

В современном мире без знания английского языка трудно развиваться в любом направлении, в том числе экономически. Переход на латинскую графику приблизит страну к передовым достижениям в мире, будет способствовать в дальнейшем более эффективному развитию разных сфер жизни.

Переход на новый алфавит позволит расширить вхождение в мировое информационное пространство. Сейчас весь мир идет к тому, чтобы упрощать языки. Можно будет писать на казахском языке на любом гаджете, находясь в любой точке мира. Это будет способствовать более легкому освоению западных языков из-за общей латинской графики, которая даст нам возможность консолидироваться, без этого в современном мире очень сложно.

В каждом языке с течением времени нужно вносить те или иные изменения. К примеру, такие изменения имели место в китайском и японском языках. Поэтому переход на единую латинскую графику нами воспринимается как объективный и неизбежный процесс развития. Я убеждена, что у Казахстана в этом плане есть преимущества. Опираясь на опыт бывших советских республик, можно избежать определенных проблем.

Переход казахского языка на латинскую графику является необходимым условием дальнейшей интеграции Казахстана в мировое сообщество в условиях глобализации. Данный вопрос имел актуальность уже на заре независимости.

Однако необходимость проведения взвешенной политики в социокультурной сфере на долгие годы откладывала этот переход. Сегодня Казахстан имеет уникальный шанс учесть опыт постсоветских стран, проводивших аналогичные реформы.

Переход на латинскую графику открывает перед страной возможность культурной интеграции с западной цивилизацией, но это не означает отказа от достижений в условиях применения кириллической графики. Необходимо отметить очень важную роль ее многолетнего применения в казахском языке. Благодаря кириллице наш народ имел возможность быть причастным к достижениям мировой цивилизации. Однако тенденции и

масштабы глобализации и формирования нового информационного общества диктуют условия перехода на латиницу.

80 процентов информации в мире публикуется с применением латинской графики. Переход на нее позволит нашей молодежи мобильнее усваивать новые языки, в том числе английский.

Применение латинской графики не является абсолютным новшеством для нашего общества. В Казахстане, как и в других тюркоязычных советских республиках, она применялась с 1929-го по 1940 год. Надо отметить, что данная графика оказалась более удобной для применения, чем арабская, которую применяли казахи не одно столетие.

Переход на новую графику создает возможность возвращения Казахстана в социокультурную среду тюркоязычных народов, сближает наши народы и укрепляет взаимопонимание между странами. При разработке кириллической графики в советский период был допущен ряд ошибок, не были учтены фонетические особенности казахского языка, многие слова и термины были интегрированы в казахский язык из русского. Эти ошибки необходимо учесть и по мере возможности исправить при формировании новой графики казахского языка.

Глава государства в своей программной статье отметил, что до конца нынешнего года необходимо принять единый стандарт латинской графики казахского языка. И со следующего года нужно приступить к подготовке специалистов по новому алфавиту и учебников для средних школ. Реформа казахского алфавита обусловлена историческими предпосылками и нацелена на повышение глобальной конкурентоспособности Казахстана, направлена на ускоренную интеграцию в мировое научно-образовательное, технологическое и коммуникационное пространство.

Переход на латиницу должен быть простым и не должен вызвать затруднения, так как школьники изучают английский язык, используют гаджеты и компьютеры, соответственно, это не приведет к каким-либо проблемам и дополнительным нагрузкам. Вся проблема в том, чтобы создать хороший, удобный алфавит. И тогда мы выйдем на мировой уровень, наш язык станет проще изучать и понимать. Сократится и количество букв, что также упростит изучение казахского.

Мы сами не обращаем на это внимание, а между тем переход практически начался. Любой человек ежедневно сталкивается с такими словами, брендами, названиями, и все его понимают. Первое время, возможно, будет непривычно, но со временем все наладится.

Нам уже сейчас необходимо позаботиться о будущем поколении казахстанцев. Это веление времени – переход на латиницу. Нужно помнить, что латинский алфавит является самым распространенным в мире.

Развитие науки в современном мире является залогом успешного государства. Прошло время, когда один талантливый ученый мог двигать

человечество вперед. Сейчас для достижения прогресса нужна систематическая работа всего научного сообщества.

Подавляющее большинство специализированной литературы, методических пособий изданы на английском языке, либо с использованием латинской графики. Таким образом, существует ряд объективных причин, мешающих казахстанским ученым интегрироваться в международное научное сообщество.

Решение данной проблемы еще в прошлом десятилетии предложил Глава государства – необходимо осуществить постепенный переход государственного языка на латинский алфавит. Следовательно, будет стерт барьер, мешающий успешному изучению английского языка, и, как говорилось ранее, это даст ощутимый толчок отечественной науке.

Когда в жизни общества происходят кардинальные изменения, это не может не вызвать широкий резонанс. Но, как показывает практика, любые позитивные изменения также сопровождаются трудностями, которые необходимо преодолеть для достижения поставленной цели.

Есть еще один не очевидный, но от того не менее значимый плюс – консолидация тюркоязычных стран, многие из которых давно осуществили аналогичный переход.

В первую очередь хочу отметить, что переход на латиницу – это веление времени, и это не ввод латиницы, а ее возвращение. Ведь, как известно, на территории современного Казахстана латиница использовалась с 1929-го по 1940 год. Конечно, переход будет производиться постепенно. И для этого есть два существенных плюса. Во-первых, это даст толчок к воссоединению или объединению страны с другими тюркскими государствами. Среди них – Турция, Азербайджан, Узбекистан, которые используют латиницу продолжительное время. Во-вторых, это позволит Казахстану интегрироваться в мировое пространство, облегчить доступ Казахстана к достижениям стран, использующих латиницу. Кроме того, это даст возможность узнать о нашей стране многим жителям планеты, хотя бы в плане использования сети Интернет. Сейчас самое главное – правильно подойти к этому вопросу.

В ближайшие годы всем нам предстоит масштабная работа по разъяснению перехода на латиницу. Поэтому я обращаюсь к жителям страны принять в этом активное участие. Важные аспекты перехода на латиницу – это в первую очередь укрепление статуса казахского языка не в ущерб другим официальным языкам: русскому и английскому. Эксперты не раз отмечали, что тюркские слова на латинице писать проще, она легче в использовании. Более того, нет необходимости использовать новые термины в казахском языке. На прошедших двумя днями ранее парламентских слушаниях публике были представлены несколько вариантов диграфов в классической латинице без использования надстрочных и подстрочных добавок. Проект нового алфавита составляет

25 знаков латинского алфавита. Как было отмечено, создание настоящего проекта алфавита в первую очередь учитывало звуковую систему казахского языка. На мой взгляд, это самая оптимальная разновидность написания казахских звуков, поскольку большинство казахстанцев привыкли к такому классическому варианту. Модернизация алфавита – это совершенно нормальная практика в ряде стран. Однако чтобы не повторить ошибок других государств, где адаптация к латинице затянулась на многие годы, нам необходимо взвешенно подойти к этому вопросу. И мнение граждан в этом вопросе играет важную роль.

Список использованной литературы:

1. К. Жубанов. Исследования по казахскому языку. - Алматы: Ғылым, 1999.- 581 с.
2. А. Джунисбеков. Просодика слова в казахском языке. - Алма-Ата: Наука, 1987. - 92 с.
3. А. Мектептегі. Свойства и трагедия казахской письменности // Журнал «Жалын». №1, Алматы: 1996. 152-170.

LATYN ÁLIPBII – ÁLEMDİK KEŇISTIKKE APARATYN JOL

А.А.Иманғазина

Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe óńirlik memlekettik ýniversitetiniń docenti,
filologia ǵylymdarynyń kandidaty

Elbasy Qazaqstan halqyna arnaǵan «Qazaqstan – 2050» Strategiasy – qalyptasqan memlekettiń jańa saıası baǵyty» atty Joldaýynda latyn qarpine kóshý máselesine toqtala kelip: «Biz 2025 jyldan bastap álipbimizdi latyn qarpine, latyn álipbiine kóshirýge kirisýimiz kerek. Bul – ult bolyp sheshýge tiis principiti másele. **Bul qazaq tilin jańǵyrtyp qana qoımai, ony osy zamangy aqparattyń tiline amaldyrady.** Latyn qarpi bizge dúniejúziniń halqymen, álemniń ǵylym-bilimimen qarym-qatynas úshin kerek. Eger latyn álipbiin engizýge aqylmen kele alsaq, biz kompiuter tiline kóshemiz, balalarymyzǵa jáne bizge ekonomıkalyq jáne ǵylymı keńistikke enýge ońayraq bolady. Budan qashyp qutyla almaımyz, bul – keleshektiń talaby. Sondyqtan biz osyǵan umtylýǵa tiispiz. Biraq bul maqsatqa biz úlken sarabdaldyqpen, baiyptylyqpen kelýimiz kerek» dep atap ótken bolatyn.

Ultymyz úsh alfavit júesin basynan ótkergendigin bilemiz. Olar: arab álipbii (1929 j.deiin), latyn álipbii (1929-1940 jj.), kirillıcaǵa negizdelgen qazaq álipbii (1940 jyldardan búginge deingi qazirgi álipbimiz). Sonaý saq dáýiri, túrki dáýiri kezeńindegi ata-babalalarymyz ózderi oilap taýyp, engizgen, qurastyrǵan alfavitten basqalary bodandyqtyń kebimen kúshtep engizildi. Sondyqtan tól tilimizdiń tabıǵı

bolmysyn jańgyrtýda jańa álipbı reformasy qajet ekenin Elbasymyz da halyq ta der kezinde sezindi.

Qaita jańgyrý zamanyndaǵy barlyq ozyq tehnologiyanıń úlgisi bolyp otyrǵan latyn álipbiine kóshý bul – elimiz úshin úlken rýhanı qubylys. Buqaralyq aqparat derekterine súensek, búginde álemniń 70% elderi latyn jazýy arqyly bilimdi ıgerip, ǵylymı zertteýlermen tanysýda. Bul degenimiz – bilim, ǵylym, saıasat pen tehnika, mádeniet pen óner, sport t.b. qatysty jazbasha aqparattyń barlyǵy derlik latyn grafikasy men beriledi, qoǵamdyq ómirdegi jańalyqtardyń basym bóligi osy grafikanyń negizinde taralady degendi biliderdi. Demek, latyn álipbiiniń bizdiń otanymyzdyń álemdegi damyǵan 30 eldiń qataryna qosylý talabynyń oryndalýy jolynda mańyzdy rol atqaratyny sózsiz.

Ultymyzdyń rýhanı álemi úshin mańyzdy bolyp tabylatyn osynaı ózekti máselege bailanysty buqaralyq aqparat quraldarynda túrli usynystar, oı-pikirler tasqyny úzdiksiz oryn aldy áli de jalǵasýda. Kún tártibinde turǵan osynaı ózekti taqyrypty odan ári damytyp, latyn álipbiine kóshýdiń tiimdi jaqtary men zıandy tustaryn taldap kórsetip jazylǵan maqalalar qatary kún saıyn tolyǵa túsýde.

Akad. Á.T.Qaidar óz maqalalarynda qazaq jazýy «ultaralyq, halyqaralyq, jalpy dúniejúzilik taralı deńgei joǵary» latyn álipbi negizinde bolýy kerek degendi aıtty.

Akad. Á.T.Qaidardyń bul úlken bastamasy ǵalymdar men tilshi qaıym arasynda qyzý pikir-talas týǵyzdy. Gazet-jýrnal betinde de mamandyqtary men jas erekshelikteri ártúrli avtorlardyń maqalalary jaryq kórdi. Soǵan saıkes qazaq grafikasy men latyn álipbiine qabyldaı kompiuterlendirý aǵymyna ilesý, halyqaralyq arenaǵa shyǵý, internetti tolyqqandy pıdalaný, orta q túrki jazýyn qalyptastyrý úshin qajet dese, keibiri oǵan kóshýge qarsy boldy. Muhtar SHahanov aǵamyzdyń ózi: «Latyn álipbiine kóshý – qazaq halqyn ekige bóledi» degen pikiriniń alǵa tartty. Bul másele elde qarama-qarshy pikirli eki taptıń pıda bolýyna ákep soqtırdy. Árine, latyn árpine aıysý – oıaı sharýa emes. Osındaı daıly pikirlerdiń bolýy da zańdy qubylys.

Jańa álipbıge kóshýge qarsylyqtyń taǵy bir ushqyny mynadaı boldy: «Bul elimiz úshin óte erte qadam. Sebebi tarihyмыzdy endi-endi aıqyndap jatqanda, bul – teris qadam basýshylyq. Áriptirimizdi azaitamyz dep, bolashaǵymyzdy bulyńǵyrlandyryp, tarihyмыzdy óshirip almaıaq ıgi edi» degen alańdaıshylyq ta baıqaldy.

«Qazaqstannyń latyn álipbiine kóshýi – zaman talaby ma, álde úlken saıasat múddesi me?» degen kúdikti oılar da týyndalǵany ras. «Memlekettik tildi jıyrma jyldyń ishinde tolyq meńgermeı jatyp latyn álipbiine kóshirý esh qısyńǵa kelmeıdi» degen janıqarılar da boldy. «Eger basqa álipbıge kóshý mańyzdy bolsa, onda kóne túrki jazýyna aıysqanymyz durys shyǵar» degen pikirler de aıtyldy. «Álipbı aıystırý qyrýar qarjyny kerek etedi. Al bul turǵydan kelgende bizdiń ádebi-mádeni muralar qaida qalmaq? Onsyz da latynsha áripti meńgerip, keiin aıysa berermiz. Biraq túbegeili aıysýdyń qajeti joq» degen usynystar da aıtyldy.

«Memlekettik tildi tolyq meńgerý uzaq ýaqıtqa sozylǵanymen, sońy nátjesiz aıaqtalyp keledi. Onyń qasynda resmı til joǵary tur. Al latynǵa kóshý arqyly biz orystan qutyla almaımyz. Bolmasa táýelsizdik jyldarynda birjola latyndy tańdaımyz kerek edi» degen synı kózqarastar da ushqyn berip otyrdy.

Akad. Á.T.Qaidar óziniń «Qazaqqa latyn álipbii kerek pe, joq pa?» degen maqalasynda [1] prezidentten resmı jarlyǵyn suraǵan bolatyn. Jańa álipbige kóshý máselesine qatysty halyqtyń pikiri ekige jarylǵanymen, Elbasymyz aldyna qochǵan maqsatynan tayıǵan emes. Mine, 2017 jyly latyn álipbiine aýysý týraly maqala jarıalap, halyqtyń oń kózqarasyn tanyǵan Prezident artynsha Jarlyqqa qol qoidy.

2012 jylǵy Elbasy Joldaýynan keingi latyn álipbiine kóshýge qarsylyqtyń ekpinin sý sepkendeı basqan ğylymı maqalalar ekenin erekshe aıtyp ótkenimiz durys.

Sebebi sol kezeńde BAQ betinde ğylymı ýájimen, negizdemesimen jańa álipbidiń qajettiligin túsindirgen ğylymı zertteýlerdiń jarıalanýy halyqtyń betin jańa betburysqa burǵany aıǵaqtalady.

Akad. Á.T.Qaidardyń «Jeti jyl jyr bolǵan jazý jayında» [2] atty maqalasynda túrki halyqtaryna ortaǵ álipbi, ortaǵ jazý jasaý tilegin bildirdi. Akademik Ábdýalı Turǵanbaıuly Qaidar qazaq jazýynyń jedel túrde orys grafikasyna kóshýiniń mynadaı sebebin keltirdi: «Túrkia eliniń ğalymy, professor Tımýr Qojaogly «Jańa túsiniń» gazetine (09.08.1991) bylaı dep jazady: «Keńes úkimeti 1927 jyly KSRO-daǵy búkil túrki halyqtary qoldanyp kelgen arab jazýyn latyn alfavitimen aýystyrdy. Biraq Túrkia da 1928 jyly latyn alfaviti túrki jazýy bolyp qabyldanǵandyqtan keńes basshylary Anatolia túrikteri men Keńes Odaǵyndaǵy túrkitildes halyqtardyń mádeni baılanysynyń arta túsýinen qaýiptenip, 1939-1940 jıldardan keiin olarǵa mindetti túrde kırıll alfavitin qabyldatqyzdy. Altai M. «Latyn tańbalary. Qazaq álipbi nusqalaryna syn» atty maqalasynda túrki halyqtarynyń jańa álipbiinde 8-den 20-ǵa deiin árip aıyrmashylyǵy bar ekenin atap kórsetti. Bul ortaǵ túrki álipbii týraly sóz qozǵaı qajettiliginiń tómendegenin kórsetti [3].

Keıbir maqala avtory, mysaly, «Saıasat» jýrnalynda jaryq kórgen «Voprosy reformy kazahskogo alfavita» degen maqala avtory N.A.Aıtqojın kırıllica negizinde jasalǵan túrki tildi álipbilerdiń birde-bireyi qazirgi kompjuterlerde qoldanylatyn baǵdarlamalaryń eshqaisysyna saıkes emes degendi aıtty [4].

Prof. Q.B.Kúderınova óziniń «Qazaq jazýynyń teorıalyq negizderi» atty eńbeginde: «Bizdiń oıymyzsha, kompjuter múmkindigi dáıekshe qoldanýǵa jetse, onda jańa qazaq álipbii A.Baitursynulynyń dáıekshe arqyly jazý dástúrin qaıta jańǵyrtý kerek. Dáıekshe qoldaný tek A.Baitursynulynyń álipbiinde emes, h.Dosmuhamedulynyń (1925), J.Aımaıytovtyń, Á.Júnisbektiń (2002) álipbilerinde usynyldy» dep, dybystardyń jýan-jıńishkeligin dáıekshe arqyly ajyratýdy usyndy [5; 347].

Latyn grafikasyn qazaq álipbiine ikemdeı baǵytynda óziniń salmaqı oıларымен bólisip júrgen filologia ğylymdarynyń kandidaty, docent N.Á.Sádýaqas: «SHynynda da, álipbi aýystyrýdyń saıasatqa da, basqaǵa da qatysy joq, eń basty qajettiligin tildiń ózi talap etip otyr. Tildiń ishki-syrtqy jaǵdaıy qazirgi jazýdyń (orfografia) aıtylymǵa (orfoэriaǵa) kerı áser etip, ózge tilden kirgen sózderdiń salmaǵy arta túsip, kirme dybystardyń tól sózderimizdiń fonetika-grammatikalyq talaptaryn buza bastaıy sekildi túrli jaǵdaılar álipbi ózǵertý máselesin alǵa tartty. Demek, álipbi ózǵertý tek kırıll áripterin latynmen almastyrý ǵana emes, jazý salasyn da reforma (qaıta qaray) jasaı qajetigin talap etedi. IAǵnı kırıll áripterinde qalsaq, osy álipbidiń emle-erejeleri de qaptaldaı jarysa kedergi keltirýin qoımaıdy. Sebebi biz, qazaqtar, orys

tilin óz ana tilimizde erkin meńgergen, sózderdi aralastyryp aita berýge de úirengen, tipti keide qai tilde sóilep, qai tilde tyńdap otyrǵanymyzdy ózimiz de ańǵarmai qalatyn dárejege jettik. Eki tildiń áripterini de birde bolǵandyqtan orys tilindegi sózder de eshqanda kedergisiz ene beredi», – dep, qazirgi qazaq jazýynda qoldanylyp júrgen álipbidi latyn áripterimen aýystyrdy bolashaqqa jasalǵan batyl qadam, elimizdi tórtkúl dúniage tanytyp kele jatqan Elbasynyń taǵy bir mańyzdy bastamalarynyń biri jáne der kezinde qozǵalǵan tilimizdiń bolashaǵy úshin jasalǵan ǵylym mańyzdy shara dep tanıdy.

Qoryta kelgende merzimdi jáne elektrondy BAQ-ta halyqtyń, zıaly qaýymnyń, ǵylym ortanyń erkin pikir bildirýi, oıyn búkpesiz ashıq aıtý demokratiyalıy qoǵamnyń ilgeri damyp kele jatqanyn baıqatady. Ásirese jastardyń ǵylymı negizi bar ýájdı toqtamdargá ilesip, aqıqat bolmysqa umtylıy qýantarlyq jait. Bunymen qosá, halyqtyń bastapqyda qarsylyq bildirip, keıin qazaq tiliniń jazýyna jańa reformanyń qajettiligin túsinip, moyndaǵan qasietini de álitalyq ortanyń mádeni ortanyń damyp kele jatqanyn ańǵartady.

Latyn álipbine kóshý – qazaq halqynyń alǵa jyljúyna, jańa zaman talabyna saı ósip-órkendeýine, bolashaqta elimizdiń jan-jaqty damýyna úlken úles qosyp, jemisi men jeńisin ákeleri sózsiz. Biz latyn álipbine kóshe otyryp, órkenıetti elderdiń qataryna qosylyp, tilimizdegi dybystyq júıelerdi naq anyqtap, qazaq tiliniń jazylýy men dybystaly kezinde sózder qoldanysyndaǵy artyq kirme sózderden arylamyz.

Latyn álipbin engizý – halqymyzdyń bilimi men mádeniıeti, óneriniń damýyna taǵy bir serpilis ákeletini dara jol. Osy ispen ǵylymı túrde aıalysyp júrgen ǵalymdardyń pikirini eskeretin bolsaq, latyn álipbine kóshý sonshalyqty qıyndyq týdyрмаıdy. Óitkeni, latyn álipbi – álemdik keńistikke aparatyn jol.

Ádebiıetter:

1. Qaidar Á.T. Qazaqqa latyn kerek pe, joq pa? // Egemen Qazaqstan. 6 qańtar, 1996 jyl.
2. Jeti jyl jyr bolǵan jazý jayında // Egemen Qazaqstan. 16 maýsym, 2000 jyl.
3. Altaı M. Latyn tańbalalary. Qazaq álipbi nusqalaryna syn // Ana tili. 15 tamyz, 2002 jyl.
4. Saıasat. №12, 1998 jyl.
5. Kúderınova Q.B. Qazaq jazynyń teoriyalıq negizderi. – Almaty: Memlekettik tildi damytý ortalyǵy, 2010. -380 bet.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Сағнадинова Жансая

Қ,Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, филология мамандығының 1 курс магистрі

Ақтөбе қаласы

Jan_saya.9696@mail.ru

Аңдатпа.

Мақала барысында қазақ жазуының тарихи кезеңдері санамалап көрсетілген. Жазу тарихында Ахмет Байтұрсыновтың сөздері негізге алынған. Өткен дәуірдегі латын әліпбиіне көшудегі қарсылықтар берілген. Қазақ жазуы тарихының өткені мен бүгiнiне шолу.

Аннотация.

В ходе статьи перечислены исторические этапы казахской письменности. В истории письменности за основу взяты слова Ахмета Байтурсынова. Даны возражения по переходу на латинский алфавит прошлого века. Обзор истории казахской письменности.

Annotation.

The article lists the historical stages of the Kazakh writing. The history of writing is based on the words of Akhmet Baitursynov. Objections are given to the transition to the Latin alphabet of the last century. Review of the history of Kazakh writing.

Тірек сөздері.

Жазу, әліпби, ұлт, саясат, латын әліпбиі.

Ключевые слова.

Надпись, алфавит, национальность, политика, латинский алфавит.

Key words.

Writing, alphabet, nationality, policy, latin alphabet.

Қазақ халқының пайдаланған жазу түріне көне түркі жазуы (КТЖ), ұйғыр, араб жазуы және А.Байтұрсынұлының төте жазу (ТЖ) үлгісі, латын графикасына негізделген қазақ жазуы (ЛГнҚЖ), орыс графикасына негізделген қазақ жазуы (ОГнҚЖ) жатады [1, 152].

Қазақ жазуының түпкі атасы – түркі жазуы. Мәліметтерге сүйенер болсақ, «түркі тілдері жазуы таңбалы (руникалық) жазу немесе табылған аймақтарына байланысты «Орхон-Енисей» жазуы деп аталып келеді. Бұл да әріп жазуына жатады. «Орхон-Енисей » және түркі жазуы – қазақ жазуының алғашқы түрі. Сол жазумен жеткен ескерткіштердің түркі туыстас халықтардың ру-тайпа кезінде бір орталыққа бағынған, жазу-сызу мәдениеті ортақ, тіршілік тұрмыс жағдайы ортақ замандағы жазба мұралары, олар қазақ халқына да тікелей қатысы бар көне мұралар» [2, 10]. Көне түркі жазуы туралы қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір қалыптастырған Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов сынды ғалымдар көне түркі жазуының әліпбиін құрастырып, ондағы әріп таңбаларының мәнін, берілу тәсілдерін, дыбыстық заңдылықтары туралы еңбектер жазған [1, 153].

Көне түркі ру-тайпалары руникалық жазудың заңды жалғасы ретінде көне ұйғыр әліпбиін қолданды. Бұл жөнінде әр ру-тайпалық топтар бұл жазуды VIII-XIII ғ.ғ қолданған, ұйғыр әліпбиінің шығуына «Манихей» әліпбиі, соғды/орта парсы / жазуы / графикасы / негіз болады деген көзқарас бар. Ұйғыр жазуы

дегенде қазіргі ұйғырлардың жазуы деген ұғым емес, сол кездегі «Тоғыз оғыз» /ұйғыр/ немесе «тоғыз тайпалық ұйғыр» деген ұғымында түсінген жөн. Манихей әліпбиі жазуы – Орта Азия, Шығыс Түркістан аймақтарын мекендеген түркі тайпаларына кең тараған жазу. Сол жазу арқылы соғды, қытай, тибет тілдерінен әртүрлі мазмұндағы дінге, құдайға жалбарыну дұғалары, заң құжаттары, жылнамалары, діни ішірткі т.б. ата түркі тілдеріне аударылған [2, 11].

Ұйғыр алфавитін б.з. 790 жылдардан бастап Орталық Азиялық түріктер қолдана бастаған. Байырғы түріктердің рун жазуы кең көлемде қолданыста болған кезеңдердің бірі [3, 95].

XI ғасырдан бастап-ақ жазу ұйғырдан араб жазуына ауыса бастаған. М.Қашқари бұл жөнінде де өз сөзінде ұйғырлар өз жазуынан басқа да жазуды пайдаланғандығы, бір-ақ ол жаңа жазуды көпшілігі түсіне бермейтін деп ескерткен. Ұйғыр жазуын XIV-XV ғасырларда атақты Ақсақ Темір, оның қол астындағылар, Алтын Орда хандығы да пайдаланғандығы туралы деректер бар. Бұл жөнінде академик Қ.И.Сәтбаев тау-тас қойнауынан тапқан жазбалар арқылы көп мағлұмат берген болатын. Сол сияқты X ғасыр Ю.Баласағұнның «Құтадғу білігі» (Құтты, бақытты болу жанындағы білім) дастанының ұйғыр вариантымен жетуінің де, «Алтын Ярух» (Алтын жарық) атты дидактикалық шығармасының да тілдік мән-мағынасы зор. Бұлардың оқылуына, зерттелуіне еңбек сіңірген А.Вамберидің, В.В.Радловтың, В.Томсеннің т.б. есімдерімен, еңбектерімен танысудың орны бөлек [2, 11].

Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті VIII ғасырдан бастап, ұйғыр жазуынан кейін XX ғасыр басына дейін қолданды. Араб жазуының қазақ даласында екі түрі пайдаланылды: қадим және жәдид. Қадим жүйесінде 35 таңба болды. Бұл классикалық араб әліпбиі негізінде емес, жалпытүркілік әліпби болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы (ژ(же), گ(ге), چ(че) پ(пе) әліпбиінен, 2-і түркі (ك(ке), و(ве), 1-і ауған жазуынан (و(иа- мәжһул, е) алынды. Ал араб тілінің өзінде 34 дыбыс (28 дауыссыз, 6 дауысты) 28 әріппен таңбаланады. Әріптердің 22-сі төрт көріністе (сөз басы, сөз ортасы, сөз аяғы және жекеше түрде), 6-ы екі көріністе жазылады [1, 167].

Араб жазуының негізі тарихи жазу. Ол арабтардың надандығынан емес, араб тілінің қасиеттерінен болған [4, 333].

Жәдид жүйесінен басталған реформа одан ары жалғаса берді. А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алды. А.Байтұрсынұлы: «әуелі әліфті тегіс жатқа оқытады және де оқытқанда әрбір харіфтің өз үнімен оқытпай, әліфбиде қалай аталса, сол атымен әліп, би, ти, си, им, ха, дал дегізіп оқытады. Соны оқып болған соң астын, үстін, үтірін оқытады. Мұны оқытқанда да харіфтің өз дауысын оқытпай... бисын ба, тисын ба, сисын ба дегізген соң харіфтің анық дауысы қалай екенін білмей баланың басы катады» деп сынады. Ел арасына тарай бастаған жаңа оқу жәдид жүйесін одан әрі жетілдіруді ойлады: «Усул жәдид, яғни төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасына аз тараған соң, біздің мақсатымыз

да сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю. Усул жадит жолын сіз 28 әріп оқыту мағынасында ұқсаңыз, оныңыз қате- усул жадид – жаңа жол. Бір екі белгі алып қосқаннан усул жадит жолынан шықпасыз»деді. Сөйтіп, 1912 жылдардан бастап А.Байтұрсынұлы оқулықтары осы әліпбимен жазылып, ел арасына тез тарай бастады.

А.Байтұрсынұлының әліпбиін 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуы үлгі етуге уағдаласып, қазақ жазуы ресми түрде 1924ж. бекіткенімен, әліпбиге берілген жоғары бағаға қарамастан түркі халықтарынан әзербайжан жазуы 1922жылы көшкеннен бастап басқа түркі жазулары да әрі-сәрі күйде қалды. Бұл әліпби ресми түрде 1924 жылы Орынбор съезінде қабылданды [1, 183].

1922 жылы 30 қаңтарда Бакуде Нариман Нариманұлының ұйымдастыруымен араб жазуын латынға алмастыру мәселесін көтерген түрік оқығандарының жиналысы өтті. Онда 1922 жылы орыс графикасына көшіруге қарсы болған бұқара халықтың наразылығын ескеріп, комитет төрағасы Н.Нариманов араб жазуын латынға ауыстыру туралы ұсыныс жасады. Ұзақ талқылаулардан кейін бұл ұсыныс қабыл алынды [5, 88] .

А.Байтұрсынов бір графикадан екінші графикаға көшуді дұрыс көрмеген. Графика таңдау – жазуы жоқ халықтардың міндеті. Ал, қазақ халқының өз жазуы бар. Графиканы ауыстыру – өте күрделі, өте қиын, көп жағдайда әлеуметтік, тарихи қажеттілігі аз, я мүлдем жоқ өзгеріс дейді. Бұл процесс көп қаржы талап етеді: мұғалімдерді, баспа мамандарын, мемлекет қайраткерлерін қайта оқытып дайындау керек, баспаханалардың техникалық қорын, жазу машиналарын, т.б. жаңалау керек [6, 77] .

...А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша, дүниеге келетін қазақтың жаңа графикасы, әліпбиі және орфографиясы қазақ тілі дыбыс қорының сөйлесім процесіндегі сингармониялық қасиеттерін дәл көрсететін болу керек. Бұл ойды іске асыру үшін, әр фонемаға – әріп принципін медеу тұтқандығы айқын байқалады [6, 47] .

Әліпби ауыстырудың арғы сырын жақсы сезген Ахаң : «латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес»; « араб әрпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді»; «түрік жұртының 90%-ы баяғыдан араб әрпін пайдаланып келеді»; «хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес» деді. 1920 жылдары Байтұрсыновтар араб графикасын неге соншама қызғыштай қорғағаны жайлы білу үшін сол кезеңнің шындығын білу керек. Жаппай таралатын мерзімді басылымдардың, оқулықтардың шыққанына он-ақ жылдай уақыт болғанда, араб графикасынан латынға көшу – елді басқа континентке көшірумен пара-пар еді. «Қазақ» газеті ары барғанда 8 мың , «Еңбекші қазақ» одан сәл-ақ көп тираж жинағанда, ұңғыл-шұңғылы белгісіз латынға ауысу қауіпті еді. Сондай-ақ, Мұрат ақынның «Мен қауіп еткеннен айтамын» дегеніндей, Ахметтер латынның-кирилге барар жолдағы аялдама екенін сезген [7, 10].

1926 жылдан соң КСРО-ның түркі және басқа халықтары латын жазуына көше бастады, сол кезден араб жазуы Кеңес Одағы саясатының тіл білімі саласының ресми құжаттарында «өткен заман» («сауатсыз заман») жазуы болып атанады. Сан ғасырлар бойы араб графикасының түркі халықтарының жазуы қызметін атқаруы сол жазуды қолдануда біраз қайшылықтар бар екендігін ашып берді [6, 15].

Сөйтіп, 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын «Жаңа алфавит туралы қаулы» шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады. Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауыстысы мен 20 дауыссыз фонемасына әріп арналды [1, 232].

Осы тілдік саясаттың астарындағы түркі халықтары жазуын алдағы уақытта орыс әліпбиі мен емлесіне көшіріп, біртіндеп орыстандыруды көздеген саясаттың жатқанынан бейхабар кеңестік түркілер латын қарпіне ауысуға жедел қамдана бастайды. Және осы реформаны белсене қолдап, жақтаушы болған эзирбайжан ұлтының қоғам қайраткері Н.Нариман (Кербалаи Наджаф оглы) секілді т.б. ұлт өкілдері (адамдары) бойында «латыншаға көшсек, бәрімізге ортақ әліпби жасалып, түркі халықтарының бір-бірімен тілдік, әдеби-мәдениеттік қарым-қатынасы жақсара түседі. Латын жазуы түркі халықтарының басын біріктіреді» деген секілді қияли (утопиялық) сенімде де болды. Әлбетте, бұл сенімді де олардың санасына ұялатқан кеңестік тілдік саясат болатын [8, 35].

Кеңес Одағы құрамындағы түркі тілдес халықтардың латынша жазуға көшіп, ортақ жазу арқылы бір-бірімізбен тығыз байланыс орнатамыз, түркі әлемінің басын біріктіреміз, түркі халықтарына ортақ әдеби тіл қалыптастырамыз деген мақсат-мүддесі алғашқы онжылдықта орындала бастағандай еді. Алайда, батыс зерттеушілері атап көрсеткендей, түркі халықтарының әрқайсысы өз тілдерімен ауызша сөйлесіп, бірін-бірі жақсы түсінгенімен, экономикалық және мәдени-әлеуметтік қарым-қатынастары өте алшақтап кеткендіктен және латыншаланған әліпбилері де бір-біріне ұқсамай кеткендіктен, оның іске асу мүмкіндігі неғайбыл болмапты [9, 8]. Оны кейінгі жылдардағы кеңестік үкіметтің тіл саясатынан да, яғни кеңестік түркі халықтарының әрқайсысына арнап дайындап берген кирилше әліпбилердің сипатынан да айқын көреміз.

Патшалық Ресейдің өз қарамағындағы өзге жұрттарды орыстандыруды көздегеніндей, кейінгі кеңестік тілдік (ұлттық) саясаттың да, яғни араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуын латыншаға ауыстыру саясатының да астарында қазақ халқын біртіндеп орыстандыру жатты. Себебі, орыс жазуының (кириллица) өзі латын немесе грек әліпбиі негізінде қалыптасқандықтан, егер қазақ (кеңестік түркілер) жазуын латыншаға көшіре қалған жағдайда оны кейінірек орыс жазуымен оп-оңай алмастыра салып, орыстандыру саясатын емін-еркін жүргізе беруге кеңірек жол ашылатын еді. Солай болды да. Ахмет Байтұрсынұлының қауіп еткен нәрсесі, осы болатын [8, 37].

Латын графикасын негізіндегі әліпбиге халықтың енді ғана көзі үйреніп, қолы жаттығып келе жатқанда қазақ жазуы өктемшіл Орталықтың әмірімен

кирилшеге көшірілді. Латын графикасы негізіндегі әліпби қазақ қоғамында он жылдай қызмет істеді. Ұлтсыздандыру, дінсіздендіру идеологиясының зорлығымен Орталықтың дегенімен, 1940 жылы «бір күн бір түнде» кирилше жазуға көшкені мәлім. Қазақ жазуы арабтан латынға, латыннан кирилшеге көшкенде де бәріне тоталитарлық тәртіпке негізделген саяси фактор күшті болды [1, 307].

Қазақ жазуы – түркі тілдерінің ішінде араб әліпбиін реформалап, ұлттық жазу жасаған (1912 ж., А.Байтұрсынұлы), жұрттың соңы болса да (1929ж.), дыбыстық жүйені толық таңбалаған латын негізді алфавит құрастырған, өзге тіл кирилл алфавитінің 33 әрпінен тұсалып, ары аса алмағанда, ең көп әрпі бар әліпби (42 әріп) жасап, тілдің фонологиялық құрамын дәл бейнелеген парасатты жазу [5, 218].

Қазіргі жаңа белес – латын әліпбиіне көшу. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII сессиясында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Асығыстыққа бой ұрмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген сөзінен кейін бұл мәселе қазақ қоғамын дүр сілкіндіріп қойды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымызды ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады. Тілді заманға сай үйлестіру керек», - деп латын графикасына көшудің нақты мерзімін белгілеп берді [10, 10].

Қорытындылай келе, латын әліпбиіне көшу – көппен теңесудің жолы. Дамыған елдердің қатарына қосыламыз десек, оны осы бастан қабылдау міндет. Сол себепті, 2018 жылдан бастап қарқын алған істің ақырын сәтті аяқтап шығуымыз қажет. Барша мүмкіндіктерді пайдаланып, тіл мамандарын бір арнаға тоғыстырып, асылдың сынығы «көнекөз шығармаларымызды» латын әліпбиімен бастыру жұмыстарын қолға алу керек. Бөтен сөзбен сөз арасын былғап біттік. Латын әліпбиіне көшу арқылы жүйесіздіктен, ұлтымыздың санасын отарлық «кирилл» бұғауынан босатып алып шығамыз. Латын әліпбиі болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Сондықтан, бұл қадам біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Бұл – тіліміз үшін жасалған игі қадамның бірі.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Күдерина К.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы.- Алматы: «Елтаным баспасы», 2013.344б.
- 2.Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне түркі және араб,латын жазбалары). - Алматы: 2007. -264б.
- 3.Қажыбек Е.. «Көне түрік ескерткіштері: палеография, мәтінтану, жазу тарихы» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Астана: Ер-Дәулет, 2007.168-бет.
- 4.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608бет.
- 5.Күдерина К. «Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы»: монография. – Алматы, «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 336б.
- 6.Жүсіпұлы М. «Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы». - Алматы: Ғылым, 1998.216 б .
- 7.Қамзабекұлы Д. «Қазақ зиялылары және әліпби айтысы»// Астана хабары.Астана, 2007.
- 8.«Түркі тілдері».«Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру –әдістемелік орталығы »РМҚК. -Астана, 2015.-456б.
- 9.Bennigsen A., Quelquejay Ch. The Evolution of the Muslim Nationalities of the USSR and their Linguistic Problems Oxford,1967.214.
10. Тұрғанбаев Ж.,Бармешова Н., Садырбаева З., Оспанғалиева Н., Жеңіс Б., Әбдіхалықова Г., Манапбаева Ж., Бесіров Е., Садықова М., Аққозова А. «Жаңа ұлттық әліпби»1-кітап.- Алматы, 2017. -537б.

ПИСЬМЕННОСТЬ – ЦЕННОСТЬ НАРОДА

Холмурадова Муштарий Фахрутдин кизи

Докторант (PhD) Ташкентского государственного университета языка и литературы
имени Алишера Навои (Узбекистан)
mushtariy-uzmu@mail.ru

Письмо является драгоценным изобретением человечества. Тюрский народ пользовались разными письменностями.

Уйгурский алфавит. С VI –VII веков тюркские и монгольские народы начали пользоваться уйгурским письмом. Во времена правления Чингизхана в

государственном управлении и в делопроизводстве пользовались уйгурским письмом.

В произведениях, которое относятся к XIV–XV вв., таких как «Бахтиёрнаме», «Меъражнаме», «Тазкирай авлия» были переписаны на уйгурское письмо. Даже грамота Умаршайха, которая относится 1469 году тоже на уйгурском письме. Уйгурское письмо повлияло на письменный литературный язык, например во всех произведениях до Наваийского периода, можно встретит морфологические, лексические, фонетические особенности уйгурского языка.

В узбекском языке уйгурское письмо использовалось параллельно с арабским письмом до XVI века.

В уйгурской графике 19 знаков, это гласные и согласные фонемы. Уйгурское письмо пишется с права на лево.

Уйгурское письмо полностью не смогло передать фонетические особенности тюркских языков, например, в этом алфавите отсутствовали буквы, которое бы передавали фонемы «и», «у». А также нет специального знака для гласного «э». При передачи фонем использовались гласные *а, э, ы, д* для обозначения букв [9, 25-стр.].

Староузбекский алфавит на основе арабского письма (с VIII века до 1929 года). Сначала VIII века Средняя Азия была захвачена арабами. Произошли изменения и в общественной и в культурной жизни. Завоеватели хотели растоптать духовные ценности, а также хотели уничтожить письменность. В государственных делах начали применять арабский язык и письменность. Как писал Абу Райхан Беруни об арабском полководце Кутайбе: «Кутайба знал хорезмийское письмо. И старался уничтожить всех учёных, которые знали хорезмийское письмо, знавших хорезмские мифы» [12, 79-стр.].

В странах, которые были зависимы халифату, некоторое время арабский язык был государственным языком. Местная интеллигенция в совершенстве знала арабский язык, и учёные, писатели переводили произведения на арабский язык с местных языков. И это обеспечило арабскому языку статус межнационального языка, как в Европе - латинский. В восточных странах арабский язык стал международным научным языком.

Несмотря на широкое распространение арабского языка во времена темуридов были специалисты, которые могли читать тексты на древних письмах, комментировать их. В это время существовали документы и на уйгурском письме.

Среди тюркологов нет единства в толковании чагатайского языка и определении его временных границ, но принято считать что на нём писали в Средней Азии, начиная с XIII—XIV и практически до начала XX века был языком межнационального общения в Средней Азии. Этот язык происходит от уйгурско-караханидского языка. Чагатайский язык лежит в основе литературного узбекского и уйгурского языков, на этом основании его иногда называют *староузбекским* или *староуйгурским* языком, а письменность — *строузбекским письмом*.

Арабское письмо появилось в VIII веке и стало популярным. Само слово «алифбе» состоит из соединения двух начальных букв арабского алфавита «алиф» и «бо» (бе). До перехода на латинскую графику весь мусульманский мир пользовался арабским письмом. В 20-х годах XX века арабская графика была реформирована, так как не было знаков которые бы показывали гласные звуки. «Зеру-забар» (знаки используемые под буквами и над буквами) были только в «Коране» и в других религиозных книгах.

Арабское письмо занимает значительное место в историческом развитии и культурой жизни тюркских народов. Арабское письмо, которое пришло в тюрксий мир, обслуживало социально-культурные потребности общества в течение более чем тысячи лет.

Арабское письмо сыграло объединяющую роль в общем культурно-историческом пространстве тюркских народов. Невокализированный текст на арабской графике можно было читать соответственно специфике каждого тюркского языка (татарского, узбекского, турецкого и т.д.). Потому что тюркские языки отличаются в области фонетики, в первую очередь, по системе гласных. Этот алфавит в течение во многих веков поддерживал единство тюркских народов, и великая литература, созданная на этом алфавите, воспринималась как своя в любом регионе тюркского культурного мира. Произведения созданные в течении 1000 лет относятся к арабской графике. Целый комплекс тюрко-узбекских письменных памятников, эти ценнейшей атрибуты духовной культуры народа дошли именно в арабописьменном варианте.

На курултае, который был посвящён языку и орфографии (1-5 декабря 1921 года, Ташкент), вместе с другими вопросами письменности, были также упрощены формы арабских букв, которые пишутся в начале, в середине и в конце слов. Не соответствующие узбекскому языку буквы ص (cod), ض (zod), ط (икти), ط (изги) были удалены из алфавита. Для звуков *y, ŷ, u, a* были выделены специальные знаки. Этот указ был приведён в действие на втором курултае сотрудников образования и культуры, который прошёл в апреле 1922 года.

Поэт и полководец Захириддин Мухаммед Бабур, считая арабское письмо сложным, создал алфавит «Письмо Бабура», когда ему было двадцать лет. Главной особенностью этого письма является то, что здесь гласные буквы передовались не диакритическими знаками (зер-забар), а специальными буквами. «Письмо Бабура» устраивал многих, так как он был создан с учётом фонетических особенностей тюркских языков. Это доказывают тексты, которые встречаются в «Бабурнаме»: *Мирзобек тагойидин ҳам Камронга таржима ва Ҳиндқа келгали айтқон ашъор ва “Бобирий хати” била битилган сархатлар йиборилди* [3,409-стр.] отправлены *сархаты*, которые были написаны в письме «Хатти Бабурий»...

Сархат – это образец письма, написанная для тех, кто изучает новую пропись [14, 552-стр.; 15, 345-стр.]. *Сархат* образцовая пропись используемая в целях

просвещения. Сархат даёт информацию о развитии национальной каллиграфии. Отрывок о сархате из «Бабурнаме» даёт нам сведения об использовании алфавита «Хатти Бабурий» («Письма Бабура») какое-то время.

В издании «Бабурнаме» 2002 года говорится о существовании «Письма Бабура» и о том, что, «Каран» был переписан на этом письме [3,18-стр.].

Первый (ранний) латинский алфавит (1930–1939). В марте 1928 г на III сессии Узбекского Центрального Исполкома был принят указ об изменении письменности на латинского алфавита с государственным статусом. Этот приказ был утверждён специальным приказом Центрального Исполнительного комитета и Совета Народных комиссаров от 7 августа 1929 года.

После реформы орфографии в 1934 году количество гласных букв было сокращено до 6 (были убраны три буквы, используемых для записи [ö], [ü] и [i], а в 1937 сильно иранизированный ташкентский говор был окончательно принят за основу произносительной нормы литературного языка [11,80-стр.].

Узбекский алфавит на основе кириллицы (с 1940 по 1993 г). 8 мая 1940 года, кроме армянских, грузинских и прибалтийских народов, по указу все остальные народы союза должны были перейти на кириллицу с 1940 года. По этому указу узбекский народ перешёл на кириллицу.

В этот алфавит были внесены специфические буквы, которые свойственны узбекскому языку: “ў”, “қ”, “ғ”, “ҳ”.

Узбекский алфавит на основе русской графики состоит из 33 букв и двух знаков. Сюда не вошли русские буквы «ы», «и». Вместо них использовались «и», и буквосочетание «шч».

«Ъ» (твёрдый) и «ь» (мягкий) знаки не обозначали звук, использовались только в русских-интернациональных словах.

Буква «ж» применялась в двух случаях:

1) переднеязычный, взрывной согласный: например, в словах: *жума, жануб, жўжа, жиян*;

2) переднеязычный смычный согласный (в арабских и русских словах): *журнал, аждар, жюри*.

Для передачи носового звука используется звонкое, заднеязычное буквосочетание: *н+г* → *ң*: *де-нғиз, ку-нғил, то-нғи*. Это создаёт трудности при переносе слов и различении двух отдельных букв: *н+г*: *мен-га, сен-га, тун-ги, жахан-гир*.

Буква *о* также применяется в двух вариантах:

1) негубная, широкая, заднеязычная фонема *а (о)*, которая присуща узбекской фонетике;

2) губная, среднеязычная фонема *о(ў)*, которая встречается в русских интернациональных словах.

Йотированные буквы *е, ё, ю, я* передавали непосредственно два звука.

В узбекских диалектах число гласных составляет 8-9, а в алфавите их всего 6.

Особенность, появившаяся под влиянием узбекского кириллического алфавита традиция передавать во многих словах звук [o], который обозначался в

кириллице буквой *ў*, через *у* в силу схожести соответствующих букв. На самом деле в этих словах присутствует звук, более закрытый, чем [o], но более открытый, чем [y].

Закон гармонии гласных, характерный для большинства тюркских языков, заключается в том, что в слове могут присутствовать либо только гласные переднего ряда, либо только гласные заднего ряда. В современном узбекском общетюркские гласные [o] и [ö] соответствуют одному звуку [o], [u] и [ü] — [u], а [i] и [i] — [i]. Остатки вокального сингармонизма сохранились лишь в кыпчакских диалектах. Оканье заключается в переходе в ряде случаев общетюркского [a] в [o].

“Основные правила узбекской орфографии на основе кириллицы, состоящие из 72§, были утверждены 1956 году Президиумом Верховного Совета Узбекистана.

Новый узбекский алфавит отличается от кириллицы последовательностью букв, а также изменением некоторых букв.

Йотированные гласные *е, ё, ю, я*, а также мягкие и твёрдые знаки (*ь, ъ*), в том числе буква *ц*, которая встречалась в русских-интернациональных словах были удалены из алфавита.

Некоторые буквы были заменены буквосочетаниями (sh, ch, ng). Эти изменения можно проследить на следующих примерах:

1. йотированные гласные в новом алфавите передаются с помощью двух букв, иногда одной:

е → *ye*: ел - *yel*, елкан - *yelkan*;

е → *e*: келин - *kelin*, тер - *ter*;

ё → *yo*: ёркин - *yorqin*, ёш - *yosh*

ё → *o*: режиссёр - *rejissor*, ликёр - *likor*.

ю → *yu*: юлдуз - *yulduz*, ютук - *yutuq*;

ю → *a*: агглютинация - *agglutinatsiya*;

я → *ya*: яшил - *yashil*, яхши - *yaxshi*;

я → *a*: октябрь - *oktabr*, сентябрь - *sentabr*;

2. Буква «*ц*» алфавита на основе кириллицы в начале, в середине (после согласного), в конце слов в латинской графике передаётся буквой «s»: цирк—**sirk**, центнер—**sentner**, концерт—**konsert**, акцент—**aksent**, абзац—**abzas**, шприц—**spris**, кварц—**kvars**.

В середине слова после гласного пишется «*ts*»: лицей - **litsey**, милиция—**militsiya**, конституция - **konstitutsiya**.

4. *ь, ъ* знаки кириллицы были удалены: альбом—**albom**, июнь—**iyun**, рельс—**rels**.

В некоторых словах вместе твёрдого знака *ъ* пишется *й*, или применяется йотированная буква *е* в начальной форме: субъект—**subyekt**, объект—**obyekt**.

ь знак не означает звука. *Ъ* знак, встречающийся в арабских словах, заменён апострофом, выполняет следующие функции:

а) если ' (апостроф) находится после гласного, то он служит для долгого произношения: *ma'no*, *ma'rifat*, *ta'limot*, *a'lo*, *ta'lim*, *e'lon*, *fe'l*;

б) если ' (апостроф) находится после согласного, он выполняет разделительную функцию: *mas'ud, jur'at, sun'iy, in'om, mas'ul*;

в) ' (апостроф) служит для различения значений:

sher (животное) - *she'r* (стих), *qala* (рубить) - *qal'a* (крепость)

tana (тело) - *ta'na* (неблагодарность), *nasha* (растение) - *nash'a* (радость) *sanat* (считать) - *san'at* (искусство), *surat* (рисунок) - *sur'at* (темп).

tarif (квалификация) - *ta'rif* (*sifatlash*), *ayon* (прилагательное) – *a'yon* (существительное);

г) а также ' (апостроф) используется для различения *s* и *h* от **sh**: *as'hob, Is'hoq*.

Новый узбекский латинский алфавит отличается от классического следующим: в современном узбекском алфавите, используемом в Узбекистане, в целях унификации с основным латинским алфавитом нет символов с диакритическими знаками, в то время как в алфавите 1928 года использовались не только символы с диакритическими знаками, но и уникальные символы, изобретённые лингвистами специально для языков малых народов. Например, звуки [ш] и [ч] обозначаются так же, как и в английском языке.

в новом узбекском алфавите нет букв «w», «c»;

вместо системы звуков **ks** используется заднеязычное «x»;

буква *y* выполняет функцию среднеязычного звука;

некоторые буквы обозначают два звука: `z` , `ç` > j; `o` , `â` > o;

арабское **айн** передаётся непосредственно через ' (апостроф).

29 букв передают 31 звук.

Использованная литература

1. *Abdurahmonov G', Xo'jayeva D.* Hozirgi o'zbek adabiy tili.-Toshkent: O'qituvchi, 2003.-87-b.

2. *Амирова Т.А.* Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. - М.Наука,1975.

3. *Бобур Захириддин Мухаммад.* Бобурнома.-Тошкент: Фан,1960 409- б.

4. *Жуманиёзов Р.* Эски ўзбек ёзуви.-Т.:Ўқитувчи,1989. -7-17-б.

5. *Исхоқов Ф.* Эски ўзбек тили ва ёзуви. - Т.: Ўқитувчи. 1995.-9-б.

6. *Исхоқов М., Қ.Содиқов, Қ.Омонов.* Мангу битиглар.-Т.,2009.-8-б.

7. *Nurmonov A. va boshqalar.* Hozirgi o'zbek adabiy tili. I qism.-Toshkent:Ilm ziyo, 2011.-57-b.

8. *Раҳматуллаев Ш.* Ўзбек тилининг янги алифбоси ва имлоси.-Тошкент: Университет, 2002. -3-7-б.

9. *Раҳмонов Н.* Қадимги туркий тил.-Тошкент:Ўқитувчи,1989.-24-25-б.

10. *Умаров Э.* Урхун ёзуви.-Тошкент, 2013. -42 б.; www.uz-translations.net.

11. *Шобдураҳмонов Ш.* Ҳозирги ўзбек адабий тили.-Тошкент:Ўқитувчи,1980. 84-85-б.

12. *Ҳамидов З.* Эски ўзбек тили ва ёзуви (қўлланма). Т., 2002. -9-11-б.

13. *Маллаев Н.* Ўзбек адабиёти тарихи.-Тошкент: Ўқитувчи,1976.

14. *Навой асарлари луғати.* Порсо Шамсиев таҳрири остида.-Тошкент, 1972. - 552-б.

15.Таджикско-русский словарь.Под редак. М. В. Рахими и Л. В. Успенской -М.: Гос. изд. ин. и нац. словарей, 1954.-с.345

ЛАТИНСКОЕ ПИСЬМО В СИСТЕМЕ БАШКИРСКОГО ПИСЬМА

Хусаинова Ляйля Мидхатовна

Кандидат филологических наук, доцент

Стерлитамакский филиал Башкирского государственного университета, доцент
кафедры башкирской филологии, г.Стерлитамак
Lejla-kh@yandex.ru

Письмо является как дополнительное к звуковой речи средство общения, возникающее на базе языка, служащее главным образом для передачи речи на большие расстояния и для закрепления ее во времени. По мере развития цивилизаций многие языки приобрели письменность. Появление письменности и ее развитие не шло одинаково во всех языках. Известный тюрколог К.М. Мусаев в своей книге «Языки и письменность народов Евразии» [12] приводит классификацию языков, имеющих письменность, по следующему принципу.

1-я группа языков. Языки, которые имеют непрерывные письменные традиции со времени создания национального письма в древности до наших дней. На этих языках сохранились уникальные древние рукописные памятники и их копии, выполненные на различных материалах (камне, пергаменте, дереве, бумаге и т.д.). После изобретения книгопечатания появляются книги, а с дальнейшим развитием печатного дела – газеты, журналы, учебные пособия и т.д. Таких языков немного.

2-я группа. Эти языки в древности имели письмо, но с течением времени развитие письменных традиций не было непрерывным, хотя в XIX в. и начале XX в. на некоторых из них выходили книги, газеты и журналы.

Об этих двух группах языков в первую очередь говорят, что они являются старописьменными.

3-я группа. В эту группу входят языки, которые не имеют столь ярко выраженных письменных традиций. На этих языках не издавались книги, газеты и журналы. Однако некоторые их образованные носители использовали письмо для различных целей: для сочинения поэтических произведений, личной переписки, обучения детей своих соплеменников грамоте и т.д. Об этой группе языков говорят, что у них имелись зачатки письменности.

4-я группа. Сюда входят языки, которые до революции вообще не имели письменности, а приобрели ее только в советское время. Иногда их называют «младописьменными». Носителей этой группы языков относительно немного, но по количеству ее языки составляют большинство среди современных письменных языков.

Башкирский язык рассмотрен в последней группе. Здесь необходимо уточнить, что башкирский язык можно рассматривать младописьменным лишь в том

плане, что национальная башкирская письменность была приобретена после Октябрьской революции. А башкирское письмо как средство общения имеет более глубокие корни.

По данным профессора К.М. Мусаева, в республиках бывшего СССР представлено большинство тюркских языков мира – 20 письменных языков. В числе этих языков автором рассматривается и башкирский язык.

Исследователи возникновения и развития письма рассматривают следующие этапы в истории письма. В истории развития башкирского письма мы, основываясь на работы К.С. Ахмерова, выделяем два периода: дописьменный период (сюда входят *предметное письмо; пиктография*) и письменный период (сюда входят *идеография; слоговое письмо; фонография*) [14, С.14].

Фонографическое письмо в башкирском языке представлено несколькими алфавитами. Тюркские народы, в том числе башкиры, в историческом плане имели следующие разновидности письменности: они знакомы с руникой; читали произведения, написанные уйгурскими буквами; долгое время пользовались алфавитами, основанными на арабской графике; в 30-40-х годах XX столетия, когда все малые народы бывшего Советского Союза перешли на латиницу, писали латинскими буквами, и, наконец, с 1941 года пользуются действующим алфавитом на кириллице.

Согласно заявленной теме, рассмотрим латиницу по отношению к башкирскому языку.

Латинское письмо, которым пользовались древние римляне, сохранилось у большинства народов Западной Европы, оно легло в основу письменностей многих языков мира. Существуют две гипотезы происхождения латинского алфавита. По одной гипотезе, латинский язык заимствовал алфавитное письмо из греческого напрямую, по другой версии, своеобразным посредником в этом оказался этрусский алфавит. В том и в другом случае основой латинского алфавита является западногреческий (южноиталийский) вариант греческого алфавита [9, С. 370]. Древнейшие надписи, выполненные латиницей, относятся к VI в. до н.э. На латинском письме сохранился до наших дней известный словарь кыпчакского (куманского или половецкого) языка – Кодекс Куманикус, составленный итальянскими и немецкими миссионерами в XIII в. в Крыму.

Латинский алфавит первоначально включал только 21 букву. Буква *z* была исключена из алфавита в 312 г. до н. э. (позже её восстановили). Буква *c* использовалась для обозначения звуков [k] и [g]; в 234 г. до н. э. была создана отдельная буква *G* путем добавления к *C* поперечной черточки. В I в. до н. э. были добавлены буквы *y* и *z* для записи слов, заимствованных из греческого языка. Таким образом, со II-I вв. до н.э. и в течение всей античной эпохи латинский алфавит состоит из 23 букв.

Как известно из истории Отечества, в 1920–1930-х гг. проводится кампания по переводу письменностей народов СССР на латиницу. Латинизацию начали с языков, которые использовали на письме буквы арабского алфавита. Первыми

перешли в Азербайджане и на Северном Кавказе (Ингушетия, Северная Осетия и Кабарда) в 1921 г.

Как отмечает А.Г. Биишев, движение за латинизацию алфавита началось в Башкортостане почти сразу же после Октябрьской революции и приняло интенсивный характер в 1924-1927 гг. [5, С.51-52]. Вопрос о переходе на латинский алфавит впервые обсуждался в Башкортостане в июне 1924 г. в Академическом центре Наркомпроса Башкирской АССР на специальном собрании. Собрание сочло необходимым немедленно начать подготовительную работу для перевода алфавита на латинскую основу, в этих целях выпустить небольшую азбуку, для пропаганды идеи латинизации алфавита создать при Академическом центре Временный республиканский комитет нового алфавита, в школах и редакциях республиканских газет организовать кружки по обучению латинскому алфавиту [15]. Временный республиканский комитет нового алфавита разработал и в октябре 1924 г. утвердил первый проект башкирского алфавита на латинской основе. Постановлением Совета Народных Комиссаров Башкортостана от 6 октября 1924 г. вместо Временного республиканского комитета нового алфавита при БашЦИК был создан Башкирский центральный комитет нового алфавита.

В марте 1926 г. в Баку состоялся первый тюркологический съезд, на котором представители тюркских народов при участии ученых-тюркологов из Ленинграда и Москвы приняли решение о желательности применения опыта Азербайджана по латинизации в других республиках и автономных областях СССР. Для руководства этой работой был создан Всесоюзный центральный комитет нового тюркского алфавита (ВЦК НТА). 1-й пленум ВЦК НТА, прошедший в Баку в 1927 г., принял проект унифицированного нового тюркского алфавита из 34 букв (*Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Qq, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Nñ, Oo, Əə, Pp, Qq, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Vv, Xx, Yy, Zz, Zz, Ьь*). По мере надобности разрешалось использовать добавочные знаки к ним для отдельных языков. 6 июля 1930 г. На его основе и был создан новый алфавит башкирского языка, известный в науке под названием «яңәлеп». Он содержит 36 букв, 26 из которых обозначают согласные звуки, 10 – гласные. Имеется еще 37-я графема – апостроф, которая предназначена для обозначения гамзы (хәмзә). Для обозначения башкирских специфических звуков (*ə, ø, k, ɣ, ʃ, ʒ, h, ɣ, ɲ*) предложены отдельные буквы. Более того, первоначально отличались *ж* и *жс*, от последнего позже (в 1934 г.) отказались [3, С.64-73]. Этим алфавитом башкиры пользовались до 1940 г.

Переход на латиницу привел к некоторым изменениям в области гласных звуков, к пополнению фонемного состава. Вместе с русскими заимствованиями башкирский язык пополнился буквой ‘о’ (в период арабского алфавита гласный звук [o] в письме вообще не было, так как не было соответствующего знака), который обозначал башкирский звук [o^o] и русский открытый гласный [o]; буквой ‘е’ для обозначения башкирского звука [e] (*enə – энә / игла*) и для русских заимствований (*metod – метод*); буквой ‘ь’ для обозначения фонемы [ы]. С

переходом на латинский алфавит появилась возможность отражения в письме закона сингармонизма. С этого периода в башкирских словах наблюдается явление эпентезы – добавление лишнего звука в середине слова между согласными. В качестве эпентетического гласного выступают [o], [e], [ə], которые добавлялись в основном после первого слога перед согласными [p], [l], [c], [ш], [т], [к] [10, С.209-210].

В статье М.С. Арслановой дан обзор первого букваря на латинице 1929 г. издания, составителем которого являются З. Аюханова, Г. Давлетшин, а также проанализированы издания 1934, 1935, 1937 гг. [2, С.107-108].

От латиницы в башкирском языке было отказано в 1940 году, когда перешли на кириллицу. При этом одна буква латинского алфавита была взята для нового алфавита – буква h-h.

Буква h-h употребляется для обозначения специфического звука башкирского языка [h], гортанного глухого спиранта.

Употребляется в анлауте, инлауте, как правило, в начале слога, аффикса, когда предыдущий слог оканчивается на согласный звук: *һаулыҡ* [һавлык] (здоровье), *барһа* [барһа] (-һа – аффикс условного склонения глагола) (если пойдет), *һыуһаһа* (-һа – аффикс условного склонения глагола) [һывһаһа] (если захочет пить).

В ауслауте представлен в нескольких словах: *гәһаһ* [гәһаһ] (<перс.; грех), *геуһ* [геуһ] (<перс.; свидетель), *шаһ* [шаһ] (<перс.; шах), в междометиях *аһ* (ах), *ыһ* (ых).

Вопрос правописания буквы ‘h’ вместе с буквой ‘ç’ рассмотрен в статье И.М. Агишева [1, С.203-208]. Автор приводит правило из орфографии 1950 г., согласно которому буква ‘h’ пишется:

в начале слова: *һыйыр* (корова), *һарык* (овца), *һурпа* (бульон), *һәм* (союз ‘и’), *һаман* (все еще);

в середине слова в начале слога после согласного: *акһак* (хромой), *тукһак* (хромой), *бурһык* (барсук), *анһат* (просто);

в начале окончаний: *барһа* (если пойдет), *алһа* (если возьмет), *йәшәһен* (пусть живет), *караһыу* (черноватый);

буква ‘ç’ пишется в конце слога и в середине слова в начале слога после гласной: *баçкыс* (лестница), *кыçка* (короткий), *арыçлан* (лев), *һоçа* (челнок ткацкого станка), *усаç* (очаг), *таçыл* (сноровка).

В качестве исключения приводится употребление ‘h’ в середине слова после гласной в некоторых глаголах и именах, заимствованных из восточных языков: *яһау*, *Баһау*, *Бәһиә*, *баһа*.

Исходя из сказанного, И.М. Агишев выводит «закон начала слова» по отношению к букве ‘h’, что привело к некоторым вариантам письма одних и тех же слов.

написано через ç (согласно	написано через h	Перевод
----------------------------	------------------	---------

<i>орфографии</i>)		
һуһар (Г. Рамазанов)	һыуһар (Н. Мусин)	Куница
таһырлау (И. Гиззатуллин, В. Нафиков)	таһырлау (К.Марган, А. Ихсан)	греметь
таһырайыу (Ф. Исянгулов, Н. Мусин, В. Исхаков)	таһырайыу (Ф. Исянгулов, А. Мирзагитов)	выпячиваться
таһыл (А. Игебаев, Г. Рамазанов, Ф. Исянгулов)	таһыл (Я. Вали, С. Кулибай, Т. Кулдавлетов)	сноровка
альюһыкка (А. Вахитов, А. Чаныш)	альюһыкка (А. Ахметкужин)	напрасно
яһак (учебник истории СССР)	яһак (С. Кулибай, Р. Кузеев, Б. Юлдашбаев, М. Хисматов)	Дань

В правилах правописания башкирского языка не сказано о звукоподражательных словах, которые в словаре К.З. Ахмерова представлены в виде *ыһылдау* (*ыхать*), *аһылдау* (*ахать*), *уһылдау* (*ухать*), *эһелдәу* (*эхать*), что также противоречит самим правилам.

По мнению профессора А.А. Юлдашева, фонема [h] относится к числу самых устойчивых и широкоупотребительных согласных, составляющих национальную специфику башкирского консонантизма [8, С.61].

По мнению И.М. Агишева, разное оформление букв ‘h’, ‘ç’ в однотипных словах связано с недостаточно четким определением норм литературного языка, тесное влияние разговорной формы на литературный язык, и в особенности с отсутствием общих принципов построения орфографических правил. Он предлагает расширить «закон начала слова» по отношению к букве ‘h’ с заменой «законом начала слога» и с добавлением к позиции ‘после согласных’ позиции ‘после гласных’: *аһыл* – *аһыл* (*драгоценный*), *таһыл* – *таһыл* (*сноровка*), *һаһык* – *һаһык* (*зловонный*), *һоһа* – *һоһа* (*челнок ткацкого станка*), *эһе* – *эһе* (*жарко*), *юһык* – *юһык* (*направление, русло*). Свое мнение о «законе начала слога» он аргументирует следующими доводами:

в слоге в начале слова всегда без ошибок пишется ‘h’: *һу-һыш* (*война*), *һу-һыр* (*глухарь*);

в начале всех аффиксов пишется ‘h’: *-һа/-һә*, *-һын/-һен*, *-һоң/-һөң*, *-һы/-һе*, *-һо/һө*, *-һын/-һен*, *-һыл/-һел*;

в середине слова в начале слога после согласной всегда пишется ‘h’: *тип-һән* (*равнина*), *көр-һак* (*живот*), *тур-һык* (*бурдюк*);

в середине слова в начале слога после гласной во многих диалектах употребляется ‘h’;

в заимствованиях из арабского и персидского языков в начале слога пишется буква ‘h’. [1, С.206]

Далее И.М. Агишев рассматривает ‘h’ в интервокальном положении, где он также предлагает писать ‘h’. Таким образом, он приходит к выводу, что в башкирском языке по отношению к звуку [h] применителен «закон начала слога», а по отношению к звуку [ç] – «закон конца слога». С одной стороны, такое предложение могло устранить многие ошибки, но, в таком случае, такие слова как *нәсел* (родня), *кеҫәртке* (ящерица), *үҫеү* (расти), *бүҫер* (грыжа), *ясы* (плоский) и другие по «закону начала слога» должны писаться как *нәһел* и т.п.

Орфография 1981 года так определяет употребление букв ‘h’ и ‘ç’: буква ‘h’ в начале слова и аффиксов, в середине слова в начале слога после согласных; буква ‘ç’ пишется в конце слова и слога, в середине слова в начале слога после гласных [4, С.11]. В современном башкирском языке принят последний вариант и, как показывает практика, не вызывает особых трудностей при оформлении этих звуков.

В конце XX столетия, в связи с переходом на латиницу в Узбекистане, Азербайджане, Туркменистане, Каракалпакстане, в ряде тюркоязычных республик России прошла волна по поводу возрождения латиницы. В Республике Татарстан данный вопрос обрел официальный статус и рассматривался на государственном уровне. В Республике Башкортостан такой активности не наблюдалось, хотя были отдельные выступления на страницах республиканских СМИ [6, 7, 11]. В целом, идея возрождения латиницы для башкирского языка скорее нашла противников, чем сторонников [13, С.20-22].

В настоящее время латинский алфавит знаком почти всем людям Земли, поскольку изучается всеми школьниками либо на уроках математики, либо на уроках иностранного языка, и вполне обоснованно его называют «алфавитом международного общения». Латинские буквы используются в транскрипции. Международные телеграммы всегда пишутся латиницей; в электронной почте и на веб-форумах также часто можно встретить запись русского языка латиницей из-за отсутствия поддержки кириллицы или из-за несовпадения кодировок. Латинские буквы широко используются в медицине. На латинском алфавите основано большинство искусственных языков, в частности, эсперанто, интерлингва, идо и другие. Во всех компьютерах установлена латиница. Возможно этим и объясняется выступление лингвистов о целесообразности возрождения латинского письма для тех народов Российской Федерации, которые пользовались им раньше.

Список литературы:

Агишев, Ч, ç, h өндәренәң орфографияла сағылышы // Вопросы башкирского языкознания. Уфа, 1973. С.203-209

- Арысланова М.С. Латин графикаһында баһылған әлифбаларға күзәтеү // Современные проблемы башкирской и тюркской филологии и филологического образования: Сборник материалов Международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию профессора К.Г. Ишбаева. Уфа: Гилем, 2012. С.107-108
- Ахмеров К.З. Из истории башкирской письменности (история алфавита и орфография башкирского литературного языка). Уфа: Башкирское книжное издательство, 1972, 134 с.
- Башкорт әзәби теленәң алфавиты һәм орфографияһы. Өфө: ТТӘИ, 2007. 28 бит.
- Бишев А.Г. О башкирском алфавите // Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. М.: Наука, 1972. С.51-52.
- Гарифуллин Ш. Латинским шрифтом // газ. Ленинец, 1990, 14 июня.
- Гарифуллин Ш. Чтобы буква звуком отзывалась // газ. Советская Башкирия. 1995 г. 13 июля.
- Грамматика современного башкирского литературного языка. М.: Наука, 1981. 495 с.
- Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. М.: Наука, 1965. 600 с.
- Кудабаева А.Х. Правописание гласных в латинографических башкирских словах башкирского литературного языка 1930-1940 гг. // Современные проблемы башкирской и тюркской филологии и филологического образования: Сборник материалов Международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию профессора К.Г. Ишбаева. Уфа: Гилем, 2012. С.209-210
- Масалим Р. Лучшая ли из азбук кириллица? // газ. Заман-Башкортостан. 1995 г., 4-10 ноября.
- Мусаев К.М. Языки и письменность народов Евразии. Алматы: Гылым, 1993. 242 с.
- Ураксин З.Ф. Алфавит хакындағы бәхәстәр // Телем минең – язмышым. Өфө: Гилем, 2002. С.20-22
- Хусаинова Л.М. Башкирское письмо. Стерлитамак: СФ БашГУ, 2016. 120 с. Центральный архив БАССР, Фонд Р-798, архив №1275

ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ УЗБЕКСКОГО АЛФАВИТА

Шахабитдинова Ш.Х., Зарипбаева Н.М.

Андижанский государственный университет им. З.М.Бабура,
г.Андижан, Узбекистан
Специализированная на иностранные языки школа,
г.Ташкент, Узбекистан.

История узбекской письменности уходит своими корнями в древность. Известная в истории руническая письменность, которую наши предки

интересуется данной темой, лингвистами не является, а представляет собой группу интеллектуалов с определенным опытом в одной из социально-гуманитарных областей. Очевидно, что точки зрения данных слоев отличаются от мнения слоя основных потребителей. Они выступают в качестве специалистов или знатоков-теоретиков по языку и письму и наблюдают, анализируют, высказывают предложения как специалисты, и видят то, что не видят, не знают простые потребители. Мы сказали, что потребители не знают и не видят некоторые проблемы. Но есть аспекты, которые простые потребители и не обязаны осознавать. Какой алфавит нужен для обычного пользователя? Как должны формироваться отношения между населением и письмом? На первый взгляд, ответ на эти вопросы ясен: письмо, которое люди используют, должно быть совершенным. Существует ли идеальное письмо? Каковы критерии совершенного алфавита? Следует отметить, что критерии совершенства письма различны для лингвистов и общественности. Если лингвисты требуют, чтобы письмо было настолько точным, насколько это возможно при отражении языковых знаков на письме, то для простых людей важно, чтобы алфавит был как можно более простым и легким в процессе его усвоения и использования. Следует отметить, что ни одно письмо не отражает языковые единицы полностью идентично. В произведении «Об отношении русского письма к русскому языку» (1912 г.) видный теоретик-лингвист Бодуэн де Куртенэ писал: «...Письмо и язык, взятые в отвлечении, как две разнородные группы явлений внешнего, внечеловеческого мира, представляют собой чуждые друг другу, несоизмеримые величины» [2,251].

Конечно, данная идея ученого может вызвать множество сомнений. Однако мысль о том, что письмо - это не язык, - идея, достойная обсуждения. Связь между языком и письмом несовершенна, как любая условная ссылка. Итак, какова же социальная значимость замены одного вида письма другим - какую пользу принесет этот сложный и долгий процесс: оправдают ли результаты затраты (и не только финансовые)? Обязательства интеллигента перед обществом подразумевают выбор и продвижение должным образом продуманного социально-экономического пути в данном процессе.

Лингвистика имеет ряд проблем, которые тесно связаны с уровнем лингвистической культуры и грамотности людей: языковая картина мира является объектом большого внимания в мировой лингвистике, и не только лингвисты, но и представители многих научных и профессиональных направлений (психологи, социологи, антропологи, политики, пиарщики и т.д.) интересуются этим вопросом. Хотя этот вопрос представляет особый интерес, его предмет не получил заслуженного, научно обоснованного определения. Как может быть организован процесс формирования и манипулирования людьми разного социального происхождения? Каково значение языковых теорий для публики: другими словами, как лингвистика может стать выгодным экономическим и социальным фактором? Как можно поднять массовую лингвистическую культуру? В настоящее время по этим вопросам специальных

исследований не проводится. Некоторые из исследований, которые были проведены, имели описательный характер. Однако имеются некоторые группы, которые накопили большой опыт влияния на ум человека через его язык, не все из которых имеют положительный эффект.

Теоретическая лингвистика достигла больших успехов. Однако эти результаты не используются в формировании культуры массовых знаний и общения. В то же время следует подчеркнуть, что общественная грамотность (трансатлантическая) привлекает внимание международного сообщества. Доказательством этого является, помимо прочего, лозунг ЮНЕСКО «Грамотность есть свобода». На протяжении более полувека по инициативе данной организации каждый год 8 сентября Международный день грамотности отмечается под особым девизом (в частности, лозунг «Let's Read the Future» в прошлом году). Согласно видению ЮНЕСКО, грамотность является одним из неотъемлемых прав человека. Осведомленность ведет к искоренению нищеты, детской смертности, стабилизации роста населения, гендерному равенству, устойчивому развитию, миру и демократии [см. 6].

Существование стран с разным уровнем развития в мире привело к разному отношению к грамотности. Такие виды влияния широко распространены в социальных сетях мирового сообщества. Человек, достигший высокого уровня языковой культуры, обладает способностью взаимодействовать с языком. Уровень грамотности, связанный с алфавитом, является значимым в данном процессе.

В Узбекистане, к 2021 году, процесс латинизации должен достигнуть своего окончания. В настоящее время ведутся работы по усовершенствованию данной графики.

Библиографический список

1. Гегель. Философия духа // Гегель. Сочинения. т. III. -М., 1956. – 372 с.
2. Норман Б.Ю. Лингвистические задачи. – Москва, Издательство «Флинта», 2006 – 251 с.
3. Она тили фани бўйича узлуксиз мажбурий таълим тизимида битирувчиларнинг тайёргарлик даражаси ва унга қўйиладиган талаблар. Ўзбекистон Республикаси узлуксиз мажбурий таълим тизимининг Давлат таълим стандартлари - Ў з б е к и с т о н д а в л а т с т а н д а р т и, 2014. – 77 б.
4. Турсунова М. Қадим мадрасаларда таълим тизими// Жаҳон адабиёти. 2016. №4 – 137-139-б.
5. Ўзбек тилининг изоҳли луғати. 3-жилд. – Тошкент: "Ўзбекистон миллий энциклопедияси" Давлат илмий нашриёти, 2007. - 416 б.
6. ru.unesco.org
7. Transliteracyresearch.com
8. wikipediya.ru

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Нағашбеков Нұржан

гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Латын қарпіне көшу заман талабы. Ұшқан құс, жүгірген аңның өзінің келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігі бар. Өткен онжылдықта Елбасы үшін Астананы Алатау баурайынан Арқаға көшіру қаншалықты маңызды болса, бүгінгі таңда төл әліпбиімізді латын қарпіне көшіру соншалықты маңызды. Бұл шағын мақала барысында қазақ халқының латын қарпіне дейінгі ұстанымдары, латын әліпшесінің маңыздылығы, оның келешек ұрпаққа тигізер пайдасы жайында айтылады.

Латынға көшу үрдісі белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын процесс. Бәрімізге ұялы телефон арқылы келетін хабарламалардың латын графикасымен жіберілуі, ұлттық арналардың латын қарпімен безендірілуі т.б. дәлелдер оның халықтың санасына ақырындап сіндіріліп жатқанын көрсетеді. “Саусақ бірікпей, ине ілікпейтін” заманда көпшілік ғылыми ортада, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен көптеген басқосулар ұйымдастылды.

Осы тұрғыда, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек ұлттық комиссия жұмыс тобының бастамасымен жалпы республика көлемінде 20-дан астам ғылыми-ұйымдастыру және ғылыми-тәжірибелік іс-шаралар өтіп, оларға 2,5 мыңнан астам ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысқандығын растайды. Яғни, жоғарыда айтылғандай латынға көшу бұл заманның талабы.

Дамыған технологияның тұсында латынның әріптерін пайдалана отырып, ең алдымен саннан сапаға көшеміз. Яғни, кириллицадағы 42 әріптің орнын латынның 26 таңбасы басады. Күштеп енгізілген кириллица әріптерінен арыламыз. Екіншіден, бұл әліпбиімен “Үштілділік саясат” барысында біліп алатын бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін тез әрі оңай үйренуіне жағдай жасаймыз. Бірінші сыныптың баласына бір уақытта екі түрлі қаріпті үйретудің қиындығынан құтыламыз. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге алдымен орыс тілінің грамматикасы арқылы жол ашамыз деген жалған түсініктен арыламыз. «Рио» олимпиадасында А.Нидің “Kazakstan” футболкасымен жүргені естеріңізде болар. Өзгеге білінбесе де, көзімізге оттай басылған олқылық бір өкініштің барын сездірген. Ал, жаңа әліпбиімен елімізде болашақта өткізілетін халықаралық жобалар арқылы қазақ тілінің әлемдік

аренаға жаңа нұсқада қанат жаюуына мүмкіндік береміз. Бұл да болса ел имиджінің қалыптасуына себепкер.

“Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ еліміз үшін әлдеқайда маңыздырақ”. Бұл Әбдісаттар қажының латын графикасы арқылы өзіміздің төл әріптерімізге берілетін мүмкіндігі жайында айтқан пікірі. Анығында, экономикадан кейін екінші орынға қойған мәдениет пен дәстүріміздің ақ қарыны жарылған күнге де жеттік. Орыстың шекпенінде кеткен “Қазақстанымыз” латынша “Kazakhstan” (Қазақстан) емес, “Qazaqstan” болып, елді жаңаша бағытта көрсететін болады. “Жамбылымыз” - “Джамбул” емес “Jambyl”, “Медеуміз” - “Медео” емес “Medeu”, “Бурабайымыз” - “Боровое” емес “Burabai” қалпына оралады.

Өткен ғасырдағы қай ғұламаны алып қарасаңыз да “Олар (орыс үкіметі) жеңген, біз жеңілген халықпыз” деген түсінікті айтқан. Оған себеп орыс әдебиетінің, технологиясының, қару-жарағының, абыройының қарыштап дамуы еді. Бүгінде бірақ заман да, адам да басқа. Өзгенің көңіліне жалтақтайтын уақыттан өткелі ширек ғасыр өтті. Латынның қарпін меңгеру арқылы, ағылшын тілін дамытып, әлемнің өзге дамыған елдерімен терезесі тең дәрежеде ақпарат алмасатын күнге де жетеміз әлі. Оған бізде сенім де, үміт те, қаражат та, ынта да мол. Лайым солай болғай, іске сәт дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Абай ақпарат. (2009) Абайдың қара сөздері. Онлайн: <http://abai.kz/post/6> (Қаралған уақыты: 31 қазан, 2017жыл)
2. Дербісәлі, Ә. (2017) Латын әліпбиінің берері көп. Онлайн: <https://egemen.kz/article/159101-latyn-alipbiininh-bereri-koep> (Қаралған уақыты: 30 қазан, 2017жыл)
3. Төлебаев, Д. (2017) Латын әліпбиі – қазақ тілінің жаңа көкжиегі. Онлайн: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=44790> (Қаралған уақыты: 31 қазан, 2017 жыл) а
4. Өмірбаева, А. (2017) Латын әліпбиіне көшудің бес пайдасы. Онлайн: <https://massaget.kz/blogs/23144/> (Қаралған уақыты: 31 қазан, 2017жыл)

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Аманғалиева Мақпал Жолайқызы

Көптілді дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Гуманитарлық ғылымдары магистрі, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қаласы. Эл почта maka73.73@mail.ru

Тұржанова Сайрагүл Саматқызы

Көптілді дайындық кафедрасының оқытушысы, Гуманитарлық ғылымдары магистрі, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қаласы. Эл почта s.karazhanova@mail.ru

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы мәселе кеше мен бүгін ғана көтерілген мәселе емес. Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет болғалы бұл мәселе бүгінгі күнге дейін өзекті күйінде талқыланып келеді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемендік алған азды-көпті уақыт аралығында әлемнің көптеген дамыған елдерімен мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан байланыс орнаттық. Тәуелсіздіктің тегеурінді екпіні басты құндылығымыз-тіліміздің тынысын ашып берді.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті ұғым. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген еліміздің басты мақсаты сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып отыр. Бұл дегеніміз- өз ана тілінде еркін сөйлей, сауатты жаза алатын, оның салт-дәстүрлері мен тарихын терең меңгерген ұрпақ. Бүгінгі күннің басты талабы тілді шұбарламай, анық, сауатты жаза білу саясаты болып тұр.

Сол саясаттың бір ұшы қазіргі қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне келіп тіреліп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан — 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында латын қарпіне көшу мәселесіне тоқтала келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы — қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», — деп атап көрсетті [1.73].

Мемлекет басшысы өз Жолдауында тіл мәселесіне айрықша тоқталып, Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде» деген болатын. Президентіміздің алдағы 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін меңгеруі керек деген сөзін ескерсек, әр қазақстандық азамат қазақ тілінің мәртебесін асқақтатуға атсалысуы керек. Осы Жолдаудағы Елбасының тапсырмасы- бізге ұтымды саясат негізіндегі тұжырымды, маңызды міндеттерді белгілеп береді.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Тарихқа көз жүгіртсек, бірінші тұғырлы байлық –жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қауіптісі – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиінде жазу-сызуды қолданды. Бұл қазақ үшін таңсық дүние емес. [2.3]

Мұны ел ертеңі үшін болашаққа жасалған үлкен қамқорлық, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған, ана тіліміздің болашағы үшін жасалған басты қадам деп білуіміз керек. Латынғакөшу мәселесі ана тіліміздегі төл сөздерімізді жазуда кеткен олқылықтарды түзетуге толықтай жол ашып береді. Қазіргі заман — жазу заманы. Жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін, сауаттылығын көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді және келешекті жалғастыратын алтын көпір. Адам жазу арқылы сауатын ашып, білім алып, байланыс жасап отырады. Осы жазулар арқылы жатарымыз, бүгінгі ұрпақ орфоэпия және орфография заңдылықтарын дұрыс жолға қоя білсе нұр үстіне нұр болған болар еді. Себебі қазіргі жастар арасында тілдің айтылым (орфография) және жазылым (орфография) заңдылықтарын ажырата қарамай, жазылым бойынша сөйлеуі етек алып бара жатыр. Ана тіліміздің басты ерекшелігін танытатын - үндестік заңына мойын ұсынатын кезең келіп жетті.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. [3.3].

Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекеттері КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Егер осы елдердің тәжірибесіне қарасақ, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек араб әліпбиін қолданған. Ал, 1928-1940 жылдар аралығында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940-1992 жж. кириллицаны қолданып, 1993 жылы өзбек тілі латын графикасына ауыстырылып, бүгінгі күнге дейін қолданып келеді. [4.1]

Кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал дүниежүзі халықтарының 80%-ы латын әліпбиіне толықтай көшкен. Бұл дегеніміз қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, әр түрлі техникалық ғылым салаларындағы көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Ғылым мен техника күннен – күнге қарыштап дамыған кезеңде латын тілі әлемдік өркениетке аяқ басудың алғы шарттары ағылшын тілін үйренуге бір табан болса да жақындатады, басқа тілдерді үйренуге мүмкіндігіміз артады. Әрбір жаңа тіл-біз үшін жаңа әлем. Екіншіден, ғаламтор тілін жетік игеруге оңтайлы тәсіл болары сөзсіз, әрі ең бастысы, қазақ тілін жаңғыртуға даңғыл жол ашады. Бұл да алар асуымыздың, бағындырар белесіміздің, шығар шыңымыздың айбынды жетістігіне жетелейтін жеңістер деп білемін. Елбасы ұсынып, ел қолдап отырған латын әліпбиіне көшу саясаты қазақ тілінің мәртебесіне биіктете түсері хақ.

Латын әліпбиіне көшудегі бастапқы жұмыстар басталып та кетті. Өңірлерде түрлі түсіндірме, насихат жұмыстары жандандырылып, халықтың көкейіндегі

сұрақтар мен ұсыныстар оң шешімдерін тауып келеді. Алдағы уақыттың еншісінде мемлекет басшысы атап өткендей ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің басы артық әріптер мен таңбалардан арылған, бір ізге түсірілген жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, түрлі бағытта әдістемелік жұмыстар жүргізілуі қажет. Сонымен қатар жаңа әліпбиді үйрететін білікті мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған сапалы оқулықтар дайындалуы қажет. Алға қойған ортақ мақсатқа қол жеткізіп, жетістікке жету үшін майталман, білікті тіл мамандары, мектеп мұғалімдері мен ғалым оқытушы-профессор қауымы аянбай тер төгуі керек.

Қорыта айтқанда латын тіліне көшудегі біздің ұтатын нәрселеріміз ұшан теңіз. Кезінде жазу емлесінде жіберілген қателіктерді түзетеміз және қазақ тілі үшін тән емес басы артық дыбыстармен таңбалардан арыламыз. Ғаламтор бетінде өзімізге қажетті сайттарды өз таңбаларымызбен ашу мүмкіндігіне ие боламыз. Ғаламтор, халықаралық пошта, басқа да әлемдік қарым-қатынас құралдарын қолдану мейлінше жеңілдейді. Түбі бір түркі ағайындармен байланысымыз бұрынғыдан да арта түседі. Ең бастысы олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысымызды күшейтуіміз керек. Бұл мәселеде халық болып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жаңашылдыққа қолдау көрсетуіміз қажет. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымыз. Латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатып, түркі және жаһандық әлеммен ықпалдасып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы / 14 желтоқсан 2012 ж.
2. Қазақ әліпбиі / <http://kk.wikipedia>.
3. Ақиқат. 2011 жыл, №5. «Қазақ тілін білу — әншейін бір ұран емес», Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі
4. Аналитический центр «Разумные решения» Латинизация алфавита. Узбекский опыт / <http://analitika.org/Uzbekistan/uz-politics/606-20070519043222328.html>.

ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАЗУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Макешова Жанат Макешовна

ф.ғ.к., АӨМУ доценті

Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.,

TomGulek@mail.ru.

Мақалада латын графикасын енгізу арқылы мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымына әсер ететін факторлар айтылады.

В статье определяются факторы, влияющие на политико-лингвистическую позицию государства посредством введения латинской графики.

The article identifies the factors influencing the political and linguistic position of the state through the introduction of the Latin script.

Тірек сөздер: латын әліпбиі, ұлттық сәкестілік, ұстаным, фактор, саясаттанушылар, тарихшылар, тұжырымдама.

2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» - деген болатын.[1] Осы бағыттағы мемлекеттік бұл маңызды міндет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелді. Аталған министрлік Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан мемлекеттерінің әліпби жүйесін латын графикасына негіздеудегі тәжірибесін саралау мақсатында кешенді ғылыми экспедиция ұйымдастырып, нәтижесінде қолжазба құқығындағы «Материалы научных исследований по переходу казахского алфавита на латинскую графику (Проведение научных исследований по переходу казахского письма на алфавит на основе латинской графики с изучением опыта Турции, Узбекистана, Азербайджана и других стран)» атты кітап әзірледі [2].

Әліпбе ауыстыруы мәселесі жаһандану мәселесімен тығыз байланысты болғандықтан мемлекетіміздің басқа графикаға көшудегі саяси-лингвистикалық ұстанымың зерделеуде ғылыми зерттеулер жүргізген отандық ғалымдардың еңбегі зор. Қазақстан Республикасының этносаясатымен геосаясатының аспектілерін өз еңбектерінде төмендей саясаттанушылары мен тарихшылар көрсете білді. Атап айтқанда: Қ.К. Тоқаев, М.С. Әшімбаев, К.Н. Бұрханов, Қ.С. Сұлтанов, Ж.Х. Жүнісова, М.М. Тәжин, Л.М. Иватова, С.А.Дьяченко, Л.Ю.Зайниева, Р.Қ. Қадыржанов, С.М. Борбасов, Б.Г. Аяған, М.Т. Лаумулин, А.Қ.Бижанов, Қ.Н. Калиев, М.Ш. Қалиева, Л.Ә. Байдельдинов, К.Л. Сыроежкин, С.К. Көшкімбаев, Е.Т. Қарин, М.Е. Шайхутдинов және т.б.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Үкіметке берген арнайы тапсырмасына сәйкес ҚР БҒМ Ғылым комитеті ғалымдардан құрған шығармашылық топ «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» деген атпен ғылыми жинақты шығарды.[3]

Саясаттанушы Р. Қадыржанов шетел ғалымдарының тұжырымдамасына сүйене отырып, орта ғасырдағы қолданыста болған латын тілімен латын жазуы

батыс христиан діни қауымдастығының негізі болғандығын ал, классикалық араб тілімен араб жазуы Құран тілі мен графикасы бүкіл әлемдік мұсылмандар қауымдастығының негізі болғандығын айтады және діни қауымдастықтың ұлттық сипаттағы қауымдастыққа айналуы тарихи тұрғыдан бірнеше жүзжылдықтарға созылған, сондықтан да жазу мен ұлттың сабақтастығы мен байланысы діннен, діни дәстүрлерден бастау алғанын айтады.[4,157]

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен жүргізілген зерттеуде: «Қазақ елестетілетін қауымдастығы ІХХ ғасырдан соңында-ақ қалыптаса бастады, бірақ оның дамуын Қазақ төңкерісі тоқтатты. Кеңестік кезеңде қазақ елестетілетін қауымдастығының дамуы оны идеологияландыру мен соған байланысты орындастыру негізінде жүріп, оның басты элементі қазақ тілін кириллицаға көшіру болды. Елестетілетін қауымдастықты қалыптастыруға негіз болатын баспа өнімдері Қазақстанда толығымен кириллицада басылды және әлі де басылып келеді. Алайда, тілдің материалдық тасымалдағышы ретінде жазу елестетілетін қауымдастықты қалыптастыру ісінде тіпті бірінші кезектегі мағынаға ие болады. Ол қазақтың ұлттық сана-сезімінің орыс тілі мен орыс мәдениеті жағына қарай бағдар алуына ықпал етіп келеді. Нәтижесінде қазақ сәйкестілігі көп жағдайда анықталмаған күйінде қалып отыр. Осы тұрғыда латын графикасына көшу қазақтардың нақтыланған ұлттық сәйкестілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанмен мәдени-тарихи тәжірибесі ұқсас Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстанның латын графикасына көшуін дәл осы көзқарас аясында қарастырған жөн»-деген тұжырым жасалған.[5,13]

Мемлекеттік саяси-лингвистикалық ұстанымы мемлекет ішіндегі және тыс жерлерден болып жатқан әр түрлі жағдайлар мен құбылыстардың тілдік сипатына қарай ұстанатын ұлттың саяси түсінігімен, қабылдаған шешімімен ерекшеленеді және мемлекеттік саяси-лингвистикалық ұстанымына бір-бірімен тығыз байланысты факторлар ықпалын тигізеді.

Тарихшы-тілші ғалымдардың пайымдауынша олар: постотарлық, психоллингвистикалық, ұлттық, тәуелсіздік, мемлекеттік құрылым, нормативтік-лингвистикалық, этнолингвистикалық т.б. факторлар.

Өзімізбен тарихи тағдырлас болған мемлекеттердің латын графикасына көшуін сөз етер болсақ: Әзербайжанда «Латын графикасы негізіндегі әзербайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» Заң 1991 жылғы 25 желтоқсанда қабылданса, ал Түркіменстанда жаңа түркімен әліпбиіне көшу туралы Жарлық 1993 жылдың 23 сәуірінде бекітілді. Ал Өзбекстанда 1993 жылдың 2 қыркүйегінде Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Мәжілісі өзінің ХІІІ сессиясында «Латын графикасына негізделген өзбек әліпбиін енгізу туралы» Заң қабылданды. Әзербайжанда 1991 жылы басталған әліпби реформасы 10 жылға созылып, ел Президенті Гейдар Әлиевтің 2001 жылғы 18 маусымдағы «Мемлекеттік тілдің қолданысын жетілдіру туралы» Жарлығынан кейін нәтиже берді. Түркіменстанда әліпби реформасы 1996 жылы аяқталуы тиіс болғанымен, іс жүзінде ол 2000 жылы аяқталды. Ал Өзбекстанда латын

графикасына көшу процесі ұзаққа созылып, жаңа әліпби жобасына 4 рет өзгеріс енгізілді. Өзбекстан Республикасы тиісті заңдарға өзгертулер енгізу арқылы латын графикасына көшуді 2010 жылы аяқталды.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірген жағдайда реформаның іс жүзінде сәтті аяқталуы осы мәселені алдын-ала ғылыми тұрғыда зерттеу, реформаға тыңғылықты дайындалу, латын графикасына көшкен түркітілдес мемлекеттер тәжірибесін пайдалану, мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымын қалыптастыру, ұлттық саясаттың тіл саясаты, мәдени саясат, білім беру саясаты мен ақпараттық саясат секілді аспектілері бойынша жүйелі түрдегі іс-шаралар жоспарын құру, жаңа әліпбиді тілдік-мәдени, ақпараттық-технологиялық және педагогикалық талаптар тұрғысынан жасау, реформа барысында орын алуы мүмкін этносаяси жанжалдардың алдын алу және реттеу, жұмсалатын қаржы мен әліпби реформасының мерзімін белгілеу, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде еліміздегі ғылыми-зерттеу институттарының қызметі зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2006. – 25 қазан. – 16.

Материалы научных исследований по переходу казахского алфавита на латинскую графику (проведение научных исследований по переходу казахского письма на алфавит на основе латинской графики с изучением опыта Турции, Узбекистана, Азербайджана и других стран). – Алматы: 2007. – 178 с.

Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

Қадыржанов Р. Латинница и национальная идентичность казахов. Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

О переходе казахской письменности на латинскую графику // Предварительная справка Комитета науки Министерства образования и науки Казахстана. – 19.07.2007. [http:// www.zakon.kz](http://www.zakon.kz).

ОПЫТ ЛАТИНСКОГО АЛФАВИТА, ИСПОЛЬЗУЕМЫЙ АЗЕРБАЙДЖАНСКИМ ЯЗЫКОМ

Гусейнова Туркана Сахиб кызы

Доктор (Phd)

Казахстан Ақтобе, Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова, turkana.h@gmail.com

Bugüne kadar Azerbaycanlıların kullandıkları alfabeler: Arap, Latin, Kiril, Latin alfabeleri olmuştur. Türk yazı tarihindeki alfabeler Uygur alfabesi ile başlamış, onuncu yüzyılda İslamiyet'i kabul eden Selçuklular gibi diğer oğuz boyları da Arap Alfabesini kullanmaya başlamıştır. Azerbaycanlılar 1929 yılına kadar Arap harflerini kullanmıştır. İran'daki Azerbaycanlı ya da Azerbaycanlı olmayan Türkler ise Arap alfabesi kullanmaktadırlar. Azerbaycan dili 1929–1939 yılları arasında Latin alfabesi ile, 1939–1991 yıllarında Kiril alfabesi ile yazılmıştır. 1991 yılından itibaren yeniden Latin alfabesi ile kullanılmaya başlanmıştır.

On dokuzuncu yüzyılın başlarında Azerbaycan aydınlarından Mirza Fetali Ahundov Arap alfabesi üzerinde bazı değişiklikler yapmış, daha kolay yazılan ve sesli harfleri de gösteren Arap alfabesi tertip etmiş ve 1863 yılında İstanbul'a gelerek yeni alfabeyle sadr-azamla görüşmüştür. Fakat onun teklifi kabul edilmemiştir.

Azerbaycan Cumhuriyeti'nde Azerbaycan Latin Alfabesi ilk olarak 1929 yılında kullanılmaya başlanmıştır. Ancak o dönemlerde Sovyetler Birliği altında olması nedeni ile alfabe kullanımı 1939 yılında Sovyetler Birliği tarafından reddedilmiştir.

Azerbaycan ülkesinin 1991 yılında bağımsızlığını ilan etmesi ile tekrardan kendi alfabetesini kullanmaya başlamıştır. 1929. yıl Latin alfabesinde nazal n harfi de vardı. Fakat Kiril alfabesine geçtikten sonra bu sesi göstererek işaret gösterilmedi ve zamanla nazal n sesi unutuldu. Bunun sonucunda bağımsızlık sonrasında 1991 yılında kabul edilen Latin alfabesinde bu harf yoktur.

Azerbaycan alfabesi

– 32 harften ve 34 sestem ibarettir (k-kitap, k-kilo ve ayırtma 'işareti – daha sonrasında bu işaret kaldırıldı.). Alfabede 9 ünlü ve 25 ünsüz harf var. Azerbaycan Latin Alfabesinde bütün yabancı adlar Azerbaycan Alfabesi kurallarına göre yazılır, örneğin "Bush", "Buş" olarak, "Schröder" ise "Şröder" olarak yazılır. Arapça asıllı bazı sözcüklerde '(apostrof) kesme işareti olarak kullanılır: cüz'i. Bu gösterge bazı sözcüklerde ünlünün uzun okunduğunu göstermek için kullanılır: e'lan.

Günümüz Azerbaycan dilindeki Latin alfabesi Türk alfabesinin neredeyse birebir aynıdır.

Sadece 4 harf Türkiye Türkçesinde yoktur:

Kısa kapalı ve gırtlaktan gelen sert bir E harfi vardır: Ə ə

Türkçedekinden farklı biraz daha hırıltılı bir ses ile çıkartılır. Seslendirme farkı vardır: Ğ ğ Gırtlığa yakın K harfi gibi kullanılır: Q q

Boğazdan gelen H sesini gırtlakla çıkartılması gibidir X x

Azerbaycanca	Türkçe
A a	A a
B b	B b
C c	C c
Ç ç	Ç ç
D d	D d
E e	E e
Ə ə	YOK
F f	F f
G g	G g
Ğ ğ	Ğ ğ
H h	H h

I i	I i
İ i	İ i
X x	YOK
J j	J j
K k	K k
Q q	YOK
L l	L l
M m	M m
N n	N n
O o	O o
Ö ö	Ö ö
P p	P p
R r	R r
S s	S s
Ş ş	Ş ş
T t	T t
U u	U u
Ü ü	Ü ü
V v	V v
Y y	Y y
Z z	Z z

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЗАЦИЮ-ШАГ В БУДУЩЕЕ

Мадиева Гульмира Булатовна
преподаватель, магистр филологических наук
АРГУ имени К. Жубанова,

Республика Казахстан, г.Актобе,
Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова
madievakunanova@bk.ru

Глава государства Н.А. Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» озвучил, что «... к 2025 году все деловые документы, периодические издания и книги должны начать выходить на латинице. Сейчас начнется большая подготовительная работа. Правительство должно подготовить график перехода на латиницу» [1]. С одной стороны, это один из этапов становления независимости республики, с другой, латинизация - это один из этапов глобализации.

Вопрос перехода казахского письма на латинскую графику начал обсуждаться еще в начале 1990-х годов. В некоторых республиках переход на латиницу начался практически сразу после распада Советского государства, в частности, в Азербайджане, Молдове, Узбекистане, Татарстане.

Перейти на новый алфавит будет легко людям старшего поколения, молодёжи и даже детям. Ведь сейчас основная масса молодежи для передачи текстовых сообщений на казахском языке и в интернет пространстве используют латинский алфавит. С уверенностью можно сказать, что молодое поколение успешно сможет справиться с переходом казахского языка на латиницу. Недаром говорят, что XXI век – компьютерный век. В интернет - пространстве можно воспользоваться онлайн переводчиком казахского языка на латиницу или наоборот. Для адаптации понадобится терпение, старание и время. **Переход на латинскую графику для казахского языка — одна из мер по повышению конкурентоспособности казахстанцев в условиях новой глобальной реальности.**

На современном этапе в самых широких кругах общественности обсуждается вопрос перехода казахского алфавита и казахской графики на латиницу. На данный момент определены сроки и мероприятия, в соответствии с которыми в нашей стране должен происходить переход на латиницу. На сегодняшний день после кропотливой работы и многочисленных консультаций с учеными и представителями общественности создан единый стандарт казахского алфавита и графики на латинице. Следующим этапом должна быть подготовка специалистов для работы по новому алфавиту и обучения остальной части населения для организации деятельности в рамках уже нового алфавита. Планируется приступить к разработке учебников для обучения по ним в общеобразовательных школах и ВУЗах. На сегодняшний день Правительством Республики Казахстан утвержден План мероприятий по переводу алфавита казахского языка на латинскую графику до 2025 года. На всех этапах мероприятия обеспечиваются проведением информационной и разъяснительной работы. В этих целях запланированы конференции, семинары-совещания, круглые столы, публикации и видеоблоги и т.д. Также созданы рабочие группы орфографической, методической, терминологической, по техническому и информационному сопровождению с привлечением экспертов в области языкознания и IT- технологий. Орфографическая рабочая группа разрабатывает правил орфографии и орфоэпии казахского языка на латинской графике. Методическая рабочая группа занимается разработкой методики обучения и изучения, а также их постепенное внедрение в образовательную систему. Терминологическая рабочая группа предназначена для систематизации терминологического фонда казахского языка на основе латинской графики. Рабочая группа по техническому и информационному сопровождению будет выполнять работу по адаптации латинской графики к IT- технологиям и информационным пространствам. Работа в этом направлении в дальнейшем будет продолжена. В ходе введения в действие

алфавита рабочие группы будут дополнительно проводить научные исследования и экспертизы.

Начало практической реализации реформы, то есть о чем сказал президент в своей программной статье, вполне закономерный и ожидаемый шаг. Реформу языковой графики надо рассматривать исключительно с модернизацией самого казахского языка. Мы переходим не на какой-то другой язык, а всего лишь модернизируем графику. Тот факт, что практически все тюркоязычные государства (Азербайджан, Туркменистан, Узбекистан) уже давно перешли на латинский алфавит, свидетельствует о том, что латинская графика более точно отражает фонетический строй тюркских языков, к коим относится казахский. Да и потом, разве переход на латинскую графику повлиял на внешнеполитический курс этих стран? То есть если вдумчиво и без эмоций подойти к вопросу перехода на латинскую графику, то очевидно, что это вопрос исключительно функциональности и практичности самого языка. Казахстан фактически последним из тюркоязычных государств принял решение о смене графики. Выбор в пользу открытого и глобального мира с тем, чтобы казахский язык получил новую динамику в своем развитии. Из истории известно, что в Казахстане латиница использовалась с 1929 по 1940 годы. Но в связи с идеологической политикой советского режима, Казахстан был вынужден перейти на кириллицу. В XX веке Казахстан трижды менял алфавит (до 1929 года использовалась арабская графика, с 1929-1940 годы латиница, с 1940 года используется кириллица). Из истории известно какой путь прошел казахский алфавит. В VI-X веке использовалась тюркская руническая письменность. В X-XX веках, около девяти столетий, казахи использовали арабскую письменность. Известно и то, что в XX веке алфавит менялся трижды (арабский, латиница, кириллица). Латинский алфавит в Казахстане просуществовал недолго и в 1940 году казахская письменность перешла на кириллицу. Не легко было в XX веке казахскому обществу трижды менять письменность. Переход на русский алфавит спровоцировал кризис родного казахского языка, духовной нравственности. Еще до обретения независимости, в 1989 году, среди казахской интеллигенции поднимался вопрос о необходимости перехода на латиницу. После обретения независимости в средствах массовой информации бурно дискутировали вокруг вопроса «Когда и как можно перейти на латиницу?». Особенно жарко этот вопрос обсуждался среди казахоязычной интеллигенции.

Сегодня все языки испытывают давление новых ускоряющихся глобальных процессов. Поэтому в Казахстане переход на латиницу взаимоувязан и взаимообусловлен другими реформами в сфере образования. То есть это часть большого национального образовательного проекта, направленного на повышение конкурентоспособности нации в условиях новой глобальной реальности.

Сегодня президент Назарбаев как общепризнанный национальный лидер закладывает ряд новых общественных идеологием, главные из которых — культ Образования и Знания. В этом основная суть его статьи и в целом его стратегии. По большому счету, для Казахстана это должно стать своего рода национальной идеей. Помимо реформы письменности Нурсултан Назарбаев обозначил еще ряд других шагов по адаптации общества к изменяющимся историческим реалиям. И переход (вернее, возвращение) на латинский алфавит — это всего лишь один из инструментов. Латинизация позволит не только упростить использование современных технологий, но и решит вопрос модернизации казахского языка, который назревал последние годы. Эксперты уверены, что предстоящая реформа позволит раскрыть весь его потенциал и решить вопросы орфографии.

"В казахском языке нужно обратить внимание на девять специфических звуков. Эти звуки играют очень большую роль внутри слова, на стыке слов. Отсюда и могут возникнуть трудности произношения. То есть у человека, у которого речевой аппарат никогда не работал над воспроизведением казахских звуков, может возникнуть акцент. А акцент, как известно, вызывает зажим, неуверенность, комплекс, и в результате человек отказывается говорить, изучать язык. А если перейдем на латиницу, то специфические звуки будет легче освоить. Но стоит отметить, что данная реформа может преподнести нам много сюрпризов. Всем нужно будет учиться писать на латинице. Также не надо забывать об издании учебников, подготовке преподавателей. Всё это тоже создаст определённые проблемы", — уверена Толеу Аймаганбетова.

"В первую очередь при переходе на латиницу снимется острота вопроса новых терминов в казахском языке. Приняв реформу, как и все другие этносы, мы будем заимствованные из других языков слова приближать к своей фонетике. Вторая причина — это возможность проведения модернизации языка при переходе на другую графику. И третье — удобство. Мы сможем писать на казахском на любом гаджете, находясь в любой точке мира, пользуясь стандартной клавиатурой QWERTY", — отмечает казаховед. С мнением Толеу Аймаганбетовой не согласен доктор филологических наук Шакир Ибраев. По его мнению, проблем с изданием учебников быть не должно. "Некоторые думают, что на издание книг понадобятся огромные финансы. Но я вам скажу так: книги в жанре "Классика" на казахском языке время от времени перепечатываются. Исходя из этого, предполагаю, что не нужно так негативно относиться к этому и думать, что нововведение принесёт нам проблемы", — считает Шакир Ибраев.

В современном мире латиница ассоциируется с новыми технологиями и прогрессом. На латинице пишутся все доменные имена и адреса электронной почты. Одним из главных преимуществ нововведения является то, что, изучая государственный язык на латинице, будет проще осваивать английский язык, на котором сейчас говорит и пишет мировое сообщество. В

современном мире без знания английского языка трудно развиваться в любом направлении, в том числе экономически. Переход на латинскую графику приблизит страну к передовым достижениям в мире, будет способствовать в дальнейшем более эффективному развитию разных сфер жизни.

Переход на новую графику создает возможность возвращения Казахстана в социокультурную среду тюркоязычных народов, сближает наши народы и укрепляет взаимопонимание между странами. При разработке кириллической графики в советский период был допущен ряд ошибок, не были учтены фонетические особенности казахского языка, многие слова и термины были интегрированы в казахский язык из русского. Эти ошибки необходимо учесть и по мере возможности исправить при формировании новой графики казахского языка.

Модернизация алфавита – это совершенно нормальная практика в ряде стран. Однако чтобы не повторить ошибок других государств, где адаптация к латинице затянулась на многие годы, нам необходимо взвешенно подойти к этому вопросу. И мнение граждан в этом вопросе играет важную роль

Список использованной литературы:

Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. - 12 апреля 2017. <https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html>

1. К. Жубанов. Исследования по казахскому языку. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 с.

2. А. Джунисбеков. Просодика слова в казахском языке. - Алма-Ата: Наука, 1987. - 92 с

QAZAQ ÁDEBI TILİ TARİHYNUNYŇ TEORİALYQ MÁSELELERİ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛ ТАРИХЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мұратбек Бағила Құрманбекқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан республикасы

baglash@mail.ru

Андатпа. Мақала «Қазақ әдеби тілінің» теориялық мәселелерін тілші-ғалымдардың пікірлерінің негізінде өрбітеді. Филологиялық пәнді латын әліпбиіне негіздеп оқытуды қалыптастыра отырып, студенттердің «көзшалымын» қалыптастыру көзделеді. Латын қарпінің бейімдеу теориялық мәселелермен қатар, қолданбалы сипатының аспектілері нақты фактілермен көрсетілді.

Түйін сөздер: әдеби тіл, латын қарпі, латын әрпі қолданысы, көзшалым, жалпыхалықтық тіл, әдеби тілдің белгілері.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические вопросы «казахского литературного языка» на основе мнений учёных-языковедов. Филологическая дисциплина рассматривается на основе латинского алфавита в формировании «взгляда» студентов. Наряду с теоретическими и адаптивными аспектами латинского алфавита аспекты прикладного характера были продемонстрированы конкретными фактами.

Ключевые слова: литературный язык, латинский алфавит, латинская надпись, взгляд, национальный язык, литературный язык.

Summary. In the article considers with theoretical issues based in the opinions of linguistic scholars “Kazakh literary language”. Philological discipline considers on the bases of the Latin alphabet in the formation students sight. Theoretical and adaptive aspects of the Latin alphabet, aspects of an applied nature were demonstrated by concrete facts.

Key words: literature language, Latin alphabet, Latin inscription, sight, national language.

Ádebı tildiń tarihn anyqtamas buryn, «ádebı til» degen kategoriıanyń ózi týraly túsinikti anyqtap alý qajet. Ótkeni «ádebı til» degenniń mazmuny, sıpaty jóninde tek qazaq til biliminde emes, jalpy otandyq lingvistikada anyq, aıqyn, úzildi-kesildi aıtylǵan turaqty pikir joq.

Birqatar ǵalymdar ádebı til degenimiz jalpyhalyqtyq tildiń óndelip quralǵan túri dep tanysa, endi birsypyrasy jalpy hatqa túskен dúnielerdiń tili ádebı dep tabady. Sondyqtan orys ádebı tiliniń tarihn sóz etken birqatar mamandar jazýsyz ádebı tildiń bolýy múmkin emes dep sanady.

«Ádebı til degenimiz – jalpyhalyqtyq tildiń hatqa túskен, belgili bir dárejede óndelgen erekshe túri». «Ádebı tildiń tarihy- jazba eskertkishterdiń tarihy». «Ádette, jazýsyz ádebı til bolýy múmkin emes». «Jazý – ádebı tildiń еń маңызды және қайткенде де болыға тиісті белгиси». «Til bilimi tarapynan alǵanda «ádebı til» dep tek kórkem ádebiet emes, ǵylymı zertteýlerdiń, saıası traktattardyń, gazet-jýrnaldardyń tilinde, qysqasy jazba tildi ataimyz».

M.Balaqaev: “Ádebı til – jazba til. Jazba ádebiet arqyly til baılyqtary, onyń qurylysy symbatty qalypqa túsip, ekshedi. Jazýy bolmaǵan halyqtyń tili ádebı til dárejesine kóterile almaıdy”,- dep jazady. Dál osyndai tuıyrymdy **Ǵ.Musabaev** ta aıtady: “Ádebı til еń aldymen jazýǵa súenedi. Jazý stilinsiz ádebı til bolmaq emes”,- deıdi. Endi birqatar zertteýshiler qazaqtyń ádebı tilin XIX ǵasyrdyń ekinshi jartysynan bastalady dep, muny uly aǵartýshy- demokrattar Abai men Ybyraıdyń esimderimen baılanystyradı.

Ádebı til degenniń еń bastı belgisi – onyń óndelgen, surıptalǵan, normalanǵan til bolýy, bul – bir. Qyzmeti jaǵynan sol halyqtyń ómirinde uıymdastyryshy, qoǵam máseleleriniń basyn qosýshy sıpaty, iaǵnı jalpyǵa ortaqtyq qasieti bolýǵa tiis, biraq ádebı tilderdiń bir kezeńderdegi jazba túrlerinde árdaiym sońǵy belginiń bolýy shart emes. Ádebı tilde taný úshin onyń qarama-qarsysyna qoıylatyn bastı qubylys – aıyzekei sóleý tili.

Ádebí til jaiyn arнай sóz etken **M.Áýezov**: “Qazaqtyń ádebí tilin Abaıdan bastalady deitin tilshilerge daý aitamyz. Abaıdyń aldyndaǵy qazaq halqynyń kóp ǵasyrdan kele jatqan mol epostaryndaǵy, uzyndy-qysqaly salttyq, tarihtyq jyrlaryndaǵy, sheber, kórkem óleń úlgilerindegi tilderdi umytyǵa bola ma? Buhar, Mahambetterde qazaq ádebí tiliniń úlgi-órnekteri joq deýge bola ma?” – deıdi. Osyǵan úndes pikirdi I.Keńesbaev ta aıtty: “Abaıǵa deın de qazaq ádebí tiliniń uryǵy sebilgen bolatyn...olar jańa tya bastaǵan jazba ádebiettiń keıbir ýákilderiniń shyǵarmalarynan tabylady” – dep jazdy.

Abaıdyń aldynda ótken Shortanbaı, Bazar, Buhar jyraýlar jazba ádebiet ókilderi, Abaıdyń iri aqyn bolýyna sebepker – osy baı ádebiet degendi **S.Muqanov** ta aıtty.

Ádebí tildiń qasıetteri men belgileri

Jalpyhalyqtyq tildiń negizinde paıda bolyp, obektivti sebepterdiń yqpal etýi barysynda nyǵaıa túsetin, órkenıetpen birge ósip-órkendeitin;

Ádebí tilge qatysty qalyptasqan qaǵıdalaryń talaptaryna jaýap beretin;

Birqalypta turyp qalmaı ózgerip otyratyn, kezeńdik sıpatty belgileri bar, biraq, keıbir tildik elementter men tildik konstrýktsıualardyń suryptalyp baryp, júıelenýi barysynda talǵammen qoldanylýyn qajet etetin;

Belgili bir normalar jıntyǵyna saı keletin;

Aýyzeki sóıleý tiline qarama-qarsy qoıy arqyly salystyrylatyn, tanylatyn;

Dialektilerden joǵary turatyn;

Qoǵamnyń qajetin tolyǵymen ótetin til.

1968 jyly jaryq kórgen “Qazaq ádebí tiliniń tarihy” atty oqy quralynda da ádebí til tarihyń ózgeshe baıandaityn zertteýshi M.Balaqaevtyń kontseptsiıasy negizge alǵandyqtan, qazaq ádebí tiliniń damý barysy mynadaı kezeńdermen bailanysty:

1-kezeń. XVIII-XIX ǵ. ádebí til.

2-kezeń. XIX ǵasyrdyń I jartysyndaǵy ádebí til.

3-kezeń. XIX ǵasyrdyń II jartysyndaǵy ádebí til.

4-kezeń. XX ǵasyrdyń bасыndaǵy ádebí til.

5-kezeń. 1920-1930 jyldardaǵy ádebí til.

6- kezeń. 1940 jyldan keıingi ádebí til.



Ádebí til – júıeli til. Jazba tildiń ilgeri damý barysynda halyq tiliniń sóz baılyǵy nyǵaıyp, grammatıkalyq qurylysy yqshamdalady, suryptalady; jazý mádenieti ósy arqyly halyqtyń til mádenieti artady.

Jazba ádebí til – tildik tarmaqtary bar til. Jazba ádebí til qoǵamnyń, memlekettiń resmı tili bolǵandyqtan, onyń qyzmeti de barynsha keń bolady.

Ádebí til-qoǵamdyq qyzmeti erekshe til. Sóıleý tili betpe-bet qarym-qatynas jasaýdyń quraly bolsa, ádebí til ónerdiń, mádeniettiń, ǵylymnyń, oqy, aǵartý, tárбие jumystarynyń, saıasattyń tili.

“Ádebí til”, “jazba ádebí til” kategorııalaryn, onyń jeke kezeńderin zerttemei turyp, ádebí tildiń tarihyń durys baǵdarlaýǵa bolmaıdy. Bizde qazaq tiliniń tarihy týraly kózqarastyń ár túrli bolý sebebin osy jaǵdaılarmen túsindirýge bolady.

Ádebi tildiń tarihyn zerttegende beldi aqyn jazýshylardyń ornyn erekshe. Olardyń shyǵarmalarynyń tildik materialdary negizinde ádebi tildiń damy, qalyptasy protsesin aıqyndaǵǵa bolady. Ádebi tildiń tarihy halyq aǵartý jumystarynyń, mádeniettiń, ǵylymnyń tarihy men, qoǵamdyq oı sananyń damy tarihy men baılanysty. Qazaq ádebi tiliniń bastalardy tasy jayındaǵy kózqarastardy tórtke bólip toptastyrǵa bolady:



JALPYHALYQTYQ TIL MEN ÁDEBI TILDIŃ ARAQATYNASY, BAILANYSY, EREKSHELIGI

Jalpyhalyqtyq til – belgili bir halyqtyń aýyzkei sóleý tilinde keń qoldanylady, jumsalı órisinde stildik shek qoıylmaıdyn til

Ádebi til – jalpyhalyqtyq tildiń belgili júege túsken, jazý dástúri men ár túrli jazba jáne aýyzsha ádebiettiń negizinde qalyptasqan turaqty, ornıqqan qalyptary, stildik-janrlyq tarmaqtary bar, sol tilde sóleıetin

Jalpyhalyqtyq til

*Jazbasha
jalpyhalyq
qtyq til*

*Aýyzsha
jalpyhalyq
qtyq til*

R.Syzdyq boıynsha:

Abaidyń:
“Jalmaýyzdaı jalańdap Ar-uattan
kúsiptin”
“Men daǵy júrgenim joq maldan
kúsin”

S.Isaev boıynsha

M. Áyezov “Bilekke bilek” povesinde “Túlkibas óhirine ǵana emes, basqa da jerlerdegi qarapayym qazaqtardy sóiletkende, olar Muhtarsha sóilemeidi, ózderinshe sóileidi:

- Biraq oralyp, býynyp qalady-aý typyrshyǵan qarań qaǵyr
- Ony men bútip qoımaımyn. Jiishkertem.
- Jemiń azatyp qapty-aý!
- Budan artyq qataqqa aparam seni?
- Qansha úrmet qysam da bolmai-aq qoidyń ǵoi, júdá!”

Sóilemder ishindegi sózder

QARAŃ QAǴYR –
qarań qalǵyr

JIIISHKERTEM –
jiishkertemin

QAPTY-AÝ – kalypty-
aý

ÚRMET QYSAM –
qurmet qylsam

Tildik normalardy
qalyptastyryp, turaqtandyrady

Normadan aýytqýǵa, jańa norma
jasaýǵa muryndyq bolady

Kórkem shyǵarma tili

SH. Sarybaev pikiri

“Buryń govor, belgili bir aımaq sheńberinde ǵana qoldanylyp, keiın jazýshy, ásiırese jýrnalisterdiń jii-jii qoldanyy arqasynda, olardyń sóz ýaǵyzdaýdaǵy igi eńbekteriniń nátijesinde tar sheńberden shyǵyp, ádebi deńgeıine deıin kóterilgen, jalpyhalyqtyq qoldanys dárejesine jetken.”

Qazaq ádebi tiliniń qanar kózderi, shyǵy- tegi, bastalar tusy, jalpyhalyqtyq tilden aırmashylyǵy, dialektilik aırmashylyqtardan ózgesheligi, aýyzeki sóıley tilinen tabıǵatynyń bólektigi, jazýmen araqatynasy, belgili bir qalypqa túsip qoldanylyy, turaqtylyǵy, aýtenttiligi, t.b. máselelerdi anyqtap alý qajettiligi qazaq tilshi ǵalymdaryn kóp izdenisterge jetelegen.

N.T.Saýranbaev

Jalpyhalyqtyq til degen uǵym ádebi til degen uǵymnan áldeqáıda keń basqasha qubylys. Máselen jalpyhalyqtyq tilge biryńǵaı ulttyq tilmen birge, onyń dialektileri, jergilikti govorlary, qarapaıym sóıley tili jáne sonymen birge jazba ádebi tili de jatady.

Jalpyhalyqtyq til
Ádebi til

Jalpyhalyqtyń tildiń negizinde paıda bolyp, obektivti sebepterdiń yqpal etýi barysynda nyǵaıa túsetin, órkenietpen birge ósip órkendetin

Dialektiden joǵary turatyn

Ádebi tilge qatysty qalyptasqan qaǵıdalaryń talaptaryna jaýap beretin

Aýyzeki sóıley tiline qarama-qarsy qoıy arqyly salystyrylatyn, tanylatyn

Ádebi tildiń qasıetteri men belgileri


Birqalypta turyp qalmaı, ózgerip otyratyn, kezeńdik sıpatty belgileri bar biraq keıbir tildik elementteri bar konstrýktsıalardyń suryptalyp baryp, júıelenýi barysynda talǵammen qoldanylyyn qajet etetin

Belgili bir normalar jıntyǵyna saı keletin

Fúnktsıonaldyq stildik tarmaqtarynyń sany damyǵan satysyna deın ár kezeńde ár túrli

Qoǵamnyń qajetin tolyǵymen óteitin til

Orhon-Enisei jazbalaryna arqay bolgan negizgi máseleler – *eldiń táýelsizdigi, bereke-birligi*. Kúltegin jyrynda 8 oqıǵa baıandalǵan.



Ǵalym **Ǵ. Aidarov** “*Orhon-Enisei jáne kóne uıǵyr jazba eskertkishteriniń tili*” atty eńbigindegi kóne túrki jazba eskertkishteriniń tildik erekshelikteri jáne qazaq tilimen salystyra otyryp qarastyrýynyń nátijesi:


1) bul tilden qazaq tiline dybystar óz qasietimen, daýystylar jýan-jıńishke túrinde kelýimen, úndestik zańynyń saqtalýymen úlgi boldy

2) kóne túrki tilindegi daýyssyz dybystardıń úndesýi júeli emes. Mysaly: qazirgi **bekter, qaǵanǵa, budunǵa, taýdaǵy, keldi, qaǵanda** sózderi kóne túrki tilinde - **bekler, qaǵanka, býdýnka, taǵtaqy, kelti, qaǵanta** sózderimen qoldanylǵan.

3) kóne túrki eskertkishterinde qosymsha tulǵanyń jalǵanýynda belgili bir júe saqtala bermeıdi. Mys: **ıylqa, qapyǵqa, tenride, ilte**

4) **I-j, d-t, ǵ-y, z-t, b-m** dybystarynyń biriniń ornyna ekinshisiniń qoldanylýy. Mys: **ish-is, iash-ias, ash-as, súńish-súńis, Ertish-Ertis**

5) Shyǵys septik- **qantan**; ilik septiktiń -ń, yń, in; tabys septiktiń-yn, in, n, ǵ **bolǵan**. Jatys septik shyǵys nemese barys septikteriniń ornyna jumsalǵan.



Kóne túrki tili sózderiniń maġynalyq jaġnan toptastyrylýy:

- 1) **Týystyq qatynastarġa qatysty sózder:** ata, qatýn, ini, sińli, kelin, iegin(jien), oġul(ul);
- 2) **Tabıġat qubylstaryna qatysty sózder:** ier, taġ, qar, tash, tas, ıyl, kún, sýb(sý), qum;
- 3) **Áleýmettik qatynastarġa qatysty sózder:** el, il, ıyrt, qan,(xan), qaġan, bek, baı, kún, c'yg'ai'(kedei'), to'ru'(to're);
- 4) **Áskerı leksikaġa jatatyn sózder:** sú(ásker), sherik(shery'), ýrysh, qylych, súńgi, oq;
- 5) **Turmysqa qatysty sózder:** bediz(órnek), aġyl(aýyl), kapyġ(qaqpa), eb(úı);
- 6) **Jan-janýar ataýlary:** adġyr, býqa, tai, ingek(sıyr), bóri, qoi, ıylqy, bars, bic'in(mes'in);
- 7) **Anatomualyq ataýlar:** bash, bas, adaq, kóz, qash, qulġaq, úrek, sach, til, ód(ót);
- 8) **Zattyń synyn kórsetetin sózder:** aq, qyzyıl, sary, iegren(jiren), ıashyl, kók, qara, bedúk(biik), ıyıqa(juqa), iinichke, qalýn(qalyń);
- 9) **Esimdikter:** ben, men, sen, sin, biz, siz ne, qany(qaisy), bý, kim;
- 10) **San esimder:** bir, eki, ých, tórt, besh, alty, ieti, sekiz, toqýz, on, uigirmi, otýz, qyryq, elig, ıyz, myń, biń, túmen;
- 11) **Etistikter:** et, esid, olýr(otyr), iat, iarat, kór, bil, týt, ıańyl, saqyn(oılan), syġta;
- 12) **Ústeýler:** ilki, kidin(keiin), kúntúz, thúntúru(tań ata) siaqty sózder

1 – jattyġy. Eskertkish tilindegi grammatikalyq maġyna týdyryp turġan formalardy tabyńyz. Olardyń qazirgi kezdegi grammatikalyq maġyna men kategoria týdyratyn formalardan aıymashylyġy men uqsastyġyn kórsetińiz.

Sóz basyndaġy, sóz ortasyndaġy, sóz sońyndaġy dybys almasıylaryna qatysty túrkologıualyq eńbekterde qalyptasqan kózqarastardy aıtyńyz.

Kúltegin eskertkishiniń teksı

(Kishi jazý)

10. Ioq chyġai býdýnyġ qop qobartdym.

Chyqan býdýnyġ baı qyltym.

Az býdýnyġ úkúsh qylym.

Azý bý sabymda igit bargý

Türk begler-býdýn buny esidiń

Türk býdyny /terip/

Il tut syqńyn býnta ýtym
Jańylyp úleskiń ieme býnta ýtym.
10. Joq kedeı halyqty kóp kóterdim.
Kedeı halyqty bai qyldym.
Bý sezimde ótirik bar ma?
Túrki bekteri, halqy, býny estiń.
Túrki halqyn jıyp
El etkenindi munda aittym
Jańylyp, kóshkenińdi jáne sonda aittym.

11. Neńneń sabym erser
Beńgú tashqa ýrtym
Ańar kórú biliń
Türk emit býdýn begler
Bódke kórúgme begler
Gúıańyltachysiz
Tabǵach qaǵanta bediachi kelúrtim.
Bediztim menin sabymyn symady.

11. Aıtar sózim bolsa,
Máńgi tasqa jazdym.
Buǵan qarap biliń
Türkiniń endigi halqynyń bekter
Taqqa /qumar/ bekter
Siz jańylasyzdar ǵoı.
Men máńgi tas... /ornattym/
Tabǵash qaǵannan sheber /bedizshi/.
Órnektettim.
Meniń sózimdi buzbady.

(Aıdarov Ğ. Orhon eskertkishteriniń teksti. – Almaty: «Ĝylym» baspasy, 1990, 55-b.).

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ

Раупова Лайло Рахимовна

профессор Ташкентского государственного
университета узбекского языка и литературы
имени Алишера Навои , доктор филологических наук,

Юлдашева Шахзода Хасановна

Андижанский государственный университет

Annotation

The article deals with the transition to the Latin script: achievements and prospects. Today, improving the current spelling, adding, correcting and supplementing the "Basic rules of the spelling of the Uzbek language" is a vital issue.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы переход на латиницу: достижения и перспективы. Сегодня совершенствование действующей орфографии, добавления, исправления и дополнения к "Основным правилам орфографии узбекского языка" является жизненно важным вопросом.

Key words: *uzbek language, alphabet, rules of spelling, Latin writing, Cyrillic alphabet, phonetic sound, letter, punctuation mark, literacy, spelling dictionary, education, change of writing, project.*

Ключевые слова: узбекский язык, алфавит, правила правописания, латиница, кириллица, звук, буква, знак препинания, грамотность, правописание, словарь, образование, изменение написания проекта.

В настоящее время латинский алфавит знаком почти всем умеющим читать людям Земли, поскольку изучается всеми школьниками либо на уроках математики, либо на уроках иностранного языка (не говоря уже о том, что для многих языков латинский алфавит является родным), поэтому он де-факто является «алфавитом международного общения»¹. Цивилизованный мир давно пользуется латинской графикой. Латиница используется в более 100 странах мира. Латинизацию начали с языков, которые использовали письменность на основе арабского алфавита. Движение за использование латиницы вместо арабского алфавита началось с 1921 г. в Азербайджане и на Северном Кавказе (Ингушетия, Северная Осетия и Кабарда). В марте 1926 в Баку состоялся первый тюркологический съезд, на котором представители тюркских народов при участии ученых-тюркологов из Ленинграда и Москвы приняли решение о желательности применения опыта Азербайджана по латинизации в других республиках и автономных областях СССР. Для руководства этой работой был создан Всесоюзный центральный комитет нового тюркского алфавита (ВЦК НТА). 1-й пленум ВЦК НТА, прошедший в Баку в 1927 г., принял проект унифицированного нового тюркского алфавита из 34 букв (яналиф) с вводимыми по мере надобности добавочными знаками к нему для отдельных языков². Уже к концу 1930-х большинство языков СССР были переведены на латинскую основу.

Известно, что узбекская латинская письменность, основанная на латинской графике букв и звуков (фонографический), был дважды внедрён в историю узбекского народа и в историю его письменности. Первое решение о переходе

узбекской письменности с арабской графики на латинскую графику было принято 15-23 мая 1929 года на конференции с участием народных писателей, докладчиков и ведущих интеллектуалов Самарканда (столица Узбекистана того времени), и была утверждена 10 августа 1929 года. «Узбекский латинский алфавит», принятый на Самаркандской конференции, состоял из 33 букв и одного знака (апострофа). На конференции сингармонизм был признан уникальным событием для узбекского литературного языка, а внедренные в алфавит отдельных 9-ти гласных, и продуманные для них правила правописаний впоследствии не оправдались, на практике существовала тенденция к смирению, поэтому одно и то же слово писали в нескольких вариантах. В результате этот вопрос снова обсуждался на Республиканской конвенции о языке и речи, которая состоялась в январе 1934 года, вследствие чего в алфавит были внесены некоторые изменения. Во второй половине 30-х годов прошлого века начался процесс формирования узбекской письменности на основе русской кириллицы, и данный процесс закончился принятием нового алфавита в 1940 году. К 30-м годам прошлого века джадиды – интеллигенты - узбеки, казахи и другие местные народы имели ещё силу. До образования бывшего СССР, арабская письменность была важным фактором, который объединял все тюркские народы. Арабские тексты, написанные на разных арабских наречиях и диалектах, были почти одинаковыми, что облегчало понимание людьми, говорящими на тюркских языках, друг друга. Первые модернисты - джадиды поняли, что латинская письменность была еще более приемлемой: во-первых, тюркский язык, основанный на латинском алфавите станет ближе к мировому; во-вторых, в результате систематизации латинского алфавита в единый алфавит для всех наречий и диалектов тюркских языков, народы тюркских языков будут продолжать понимать друг друга. В надежде достижения данных идей, тюркские народы один за другим начали разрабатывать свой алфавит на основе латинского алфавита. С тех пор до приобретения Узбекистаном независимости использование узбекского алфавита на основе кириллицы привело к повышению статуса русского языка, вплоть до статуса “второго родного языка”, и понижения статуса узбекского языка, вплоть до понижения круга его использования. Специалисты неоднократно утверждали, что кириллица не подходит для узбекского алфавита, и для полного выражения звуковой конструкции узбекского языка переход на латинский алфавит стал актуальным. Благодаря независимости Верховный Совет Республики Узбекистан 2 сентября 1993 года принял закон «О введении узбекского алфавита на основе латинского алфавита». Верховный Совет Республики Узбекистан принял закон от 30 апреля 2004 года. о внесении изменений и порядка внесения изменений в закон Верховный Совет Республики Узбекистан. Согласно этому закону переход на новый алфавит был внедрён 1 сентября 2010 года. Этот алфавит представляет собой комбинацию из 26 букв и 3 буквосочетаний. После приобретения независимости Узбекистана в республике было поставлено на обсуждение несколько идей и предложений о

вновь переходе с русской кириллицы на узбекский алфавит на основе латинского алфавита. Этот вопрос широко обсуждался в средствах массовой информации в течение года, и 2 сентября 1993 года был опубликован Закон Республики Узбекистан «О введении узбекского алфавита на основе латинского алфавита». Принятый новый узбекский алфавит состоял из 31 буквы и апострофа. В процессе обсуждения нового алфавита и составленного к нему «Основного правописания узбекского языка» были подготовлены ряд предложений и рекомендаций. В Указе Первого Президента Республики Узбекистан И.Каримова о создании Ташкентского государственного университета узбекского языка и литературы имени Алишера Навои от 13 мая 2016 года в ряду выполняемых задач были отмечаны и следующие задачи: «... создание совершенной академической и учебной грамматики, отражающей природный характер и особенности узбекского языка, его звуковой системы и их представлений, а также разработке научно-мотивированных предложений по улучшению существующих правил правописания» [1].

С 1 декабря 2016 года мы являемся свидетелями обсуждения действующего алфавита (на основе латинского). В частности, в те самые дни для реализации задач по указу о выполнении поставленных задач было оповещено о создании и рабочей группы при университете под руководством профессора Н.Махмудова и известных ученых- лингвистов государственных школ, академических лицеев и профессиональных колледжей, специалистов народного образования по подготовке предложений по усовершенствованию языкового алфавита и действующих правил написания ». Для выполнения этих задач рабочая группа известных экспертов из Университета узбекского языка и литературы работает над усовершенствованием узбекского алфавита и правил правописания на основе латинского алфавита. Член рабочей группы, доктор филологических наук Саодат Мухамедова, непрерывно оповещает в социальных сетях о всех изменениях в этой сфере. Недавно на веб-страницах интернета был опубликован состав группы, а также «Концепция усовершенствования алфавита узбекского языка и действующих правил орфографии» (2016/10/03) . В целом, с тех пор как проблема активизировалась, страницы группы, созданной в социальной сети Facebook “Любителей узбекского языка” оказались в центре внимания. Здесь вы можете найти интенсивное участие различных профессоров филологии и учителей из разных областей и уровнях, а также обычных любителей орфографии, которым не безразличны к этой проблеме. 16 декабря 2016 года на странице группы Ташкентского государственного университета узбекского языка и литературы имени Алишера Навои «Любители узбекского языка» под руководством Н.Махмудова был опубликован узбекский алфавит на основе латинского алфавита и проект правописаний рабочей группы. В нем начальный алфавит выглядел следующим образом:

A a (“а”), B b (“б”), C c (“дж”), D d (“д”), E e (“э”), F f (“ф”), G g (“г”), H h (“х”), I i (“и”), J j (“ж” скользящий), K k (“к”), L l (“л”), M m (“м”), N n (“н”), O o (“о”),

P p (“п”), Q q (“к”), R r (“р”), S s (“с”), T t (“т”), U u (“у”), V v (“в”), X x (“х”), Y y (“й”), Z z (“з”), O o (ö), G g (“г”), Š š (“ш”), Č č (“ч”), Ņ ņ (“нг”-носовой звук). Общее количество символов в предлагаемом алфавите составляет 30 букв, 5 из которых являются дополнительными символами. В некоторые других мировых алфавитах указывают более чем 10 или даже более 20 символов, это и указывают, что в узбекском алфавите 5 символов - это не так много .

Изменение алфавита – 1928, 1940, 1993 годы – узбекский алфавит за шестьдесят пять лет изменялся 3 раза.

Алфавит и орфографические реформы - в 1921, 1922, 1923, 1934, 1995 - за 67 лет был исправлен 5 раз. При текущем реформировании - будет шестой раз. Если посмотреть на английскую письменность, то можно заметить, что слово звучит иначе, звуки и буквы, представляющие их, часто не соответствует друг другу, то есть на протяжении нескольких веков они пишут одно, что звучит по-другому, но это не мешает им правильно писать и не мешает их орфографии. Вот уже в Узбекистане переход на латинский алфавит продолжается в течении 25 лет.

Как известно, что язык — великое богатство нации. Поэтому одну из важных своих задач мы видим в разработке комплекса мер, направленных на дальнейшее развитие, обогащение и совершенствование каждого государственного языка, имеющего древнюю и богатую историю. На самом деле, с первого взгляда, письмо - это вопрос прямой лингвистики и связан с вопросами языкознания. Поскольку язык, письмо и правописание напрямую связаны с политикой, как было указано ранее, трудно сделать объективные критерии для их разрешения. Наиболее оптимальным решением является содействие общественному, публицистическому и методологическому обсуждению и выбор компромиссного решения. Позвольте мне сказать, что латинский алфавит является наиболее рациональным выбором. Латинская графика приближает люди, которые используют латинский алфавит к международному сообществу, даже в самых маленьких аспектах.

Список использованной литературы:

Источник: <https://e-history.kz/ru/publications/view/3452> © e-history.kz

Луначарский А. В. Латинизация русской письменности // Культура и письменность Востока, № 6, 1930, с. 20—26. *Яковлев Н. Ф.* О развитии и очередных проблемах латинизации алфавитов // Революция и письменность, № 2, 1936, с. 25—38.

ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ И ЕГО РОЛЬ В КАЗАХСТАНЕ

Утельбаева Гульжан Укматовна
Казахстан, г. Актобе, АРГУ им. К.Жубанова

Вопрос о переходе на латинский алфавит встал еще в 1991 году, с обретением суверенитет государства. Вопрос поднимался неоднократно в СМИ.

Наряду с историческим прошлым, культурой и территорией язык всегда является главнейшим объединяющим началом любой нации, любого государства. Именно поэтому Президент Казахстана – Н. А. Назарбаев уделяет самое пристальное внимание вопросам развития казахского языка. Глава государства в своей программной статье "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" одним из ключевых приоритетов определил поэтапный переход казахского языка на латиницу. Это поистине историческая веха в духовно-культурном развитии страны.

Латинский алфавит – это уже наша повседневная реальность, ежедневная практика. Для переписки в мессенджере WhatsApp или через SMS казахский шрифт на кириллице практически никто не устанавливает. Большинство пишет на латинице, не употребляя специфические буквы. То есть за основу взята уже сложившаяся норма виртуального общения. Пока существуют проблемы с написанием отдельных слов, но со временем будут учтены и разработаны правила произношения и написания. Появятся словари, учебные пособия для изучения и использования алфавита. Когда со временем все нюансы будут отработаны, смотреть на этот вопрос станет проще. Этот лингвистический проект принесет очевидную социально-экономическую пользу. Финансирование масштабного переводческого процесса позволит создать тысячи рабочих мест.

Переход на латиницу упростит процесс интеграции. Кроме того, казахстанская молодежь, давно общается между собой на латинице – это факт. И о новом поколении мы должны думать, если мы хотим, чтобы наше население выучило казахский язык мы должны сделать алфавит более понятным, в том числе и для неэтнических казахов. Это объединит казахов по всему миру.

«Переход на латиницу – важный шаг. И этот шаг еще раз подтверждает политику Президента страны, нацеленную на вхождение Казахстана в число 30 развитых стран мира. Ведь модернизация языка – это шанс интегрироваться в мировое цивилизационное пространство, интегрироваться в техническое пространство. В переходе на латинский алфавит есть глубокий смысл. Это связано с особенностями внедрения современных технологий и коммуникаций, а также с научным и образовательным процессом нового века» - отмечает Дамир Шыныбеков, ректор Международного университета информационных технологий, член Общественного совета Алматы.

«Еще один важный момент – пишет обозреватель, латинская графика даст нам возможность консолидироваться, без этого в современном мире тюркским народам очень сложно. Сейчас, к сожалению, мы не можем читать литературу народов, очень близких нам по языку. В свою очередь и они не могут читать наши произведения.

Реформа казахской письменности вовсе не означает полного отказа от кириллицы, поскольку наше общество должно очень хорошо знать русский язык и русскую культуру. Перспективы развития нашего государства связаны с трехязычием. Именно это подвинет Казахстан в ряды преуспевающих стран мира.

Немаловажно, что переход будет происходить поэтапно. К концу этого года в тесном взаимодействии с учеными и всеми представителями общественности будет принят единый стандарт нового казахского алфавита и графики. А в следующем году начнется подготовка специалистов для обучения новому алфавиту, будут готовиться учебники на латинице. Партия «Нур Отан» будет активно проводить все необходимые организационные и методические работы» [1].

Таким образом, переход на латиницу продолжит движение по пути модернизации современного казахстанского общества. Будет в полной мере реализован потенциал интеграции в мировую культуру, с сохранением национальной самобытности, что приведет к взаимному обогащению духовной жизни полиэтничного казахстанского общества. Отдельно необходимо подчеркнуть, что принятие латиницы ускорит вхождение Казахстана в глобализационные процессы, так как латинский алфавит является одним из самых распространенных алфавитов, а также латиница – это основа современной технологической среды, это графика науки.

Список литературы:

1 <http://nomad.su/?a=3-201709120037>

2 <http://vecher.kz/how2live/latinitsa-vozvrashchenie-k-istokam>

3 <https://e-history.kz/ru/publications/view/3878>

II БАҒЫТ
ЕМЛЕ ЖОБАСЫ – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ
ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИИ МЕН ҰСЫНЫЛҒАН ЕМЛЕ
ЕРЕЖЕСІ ЖОБАСЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІ

Садирова Күлзат Қаниқызы

Филология ғылымдарының докторы, доцент

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
филология факультетінің деканы, Ақтөбе қаласы**
kulzat.sadirova@mail.ru

Андатпа. Мақалада латын негізді жаңа қазақ әліпбиінің ерекшеліктері және соған сай дайындалған емле ережесі жобасының арақатынасы мен сәйкестігі туралы сөз болады.

Резюме. В статье рассматриваются особенности нового казахского алфавита на основе латинской графики и соответствие его предлагаемому проекту правил правописания.

Summaru. The article discusses the features of the new Kazakh alphabet based on the Latin script and its compliance with the proposed draft spelling rules.

Тірек сөздер: әліпби, қазақ тілі, латын тілі әріптері, жазу, емле

Ключевые слова: алфавит, казахский язык, буквы латинского языка, графика, правописание

Key words: alphabet, Kazakh language, letters of the Latin language, graphics, spelling

Латын тілі әріптері негізінде дайындалған қазақ тілінің жаңа әліпбиі Қазақстан Республикасы Президентінің 19 ақпан 2018 жылы № 637 Жарлығымен бекітіліп, сол әліпбиге сәйкес жазу ережелерінің жобасы әзірленіп халыққа ұсынылды. Бүгінгі күні ел арасында жаңа емленің негізгі ережелері жобасының мазмұны түсіндіріліп, кирилл негізді әліпбимен жазуда басшылыққа алынған ережелерден қандай айырмашылығы бар екендігіне талдау жасалып халықтың қабылдауын бақылау мен ұсыныстарын қабылдау жұмыстары кеңінен жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың жоспарлы түрде байыппен жүзеге асырылу қажеттігі айтпаса да түсінікті. Ел арасындағы кездесулерде байқағанымыз – біз аралаған Ақтөбе облысының Хромтау, Алға, Қарғалы, Қандыағаш аудандары тұрғындары өзгерісті оң қабылдап, ел саясатын қолдайтыны анық сезіледі. Мұны 15 қарашада ұйымдастырылған жалпыхалықтық диктант нәтижесі де көрсетіп отыр.

Біз өз мақаламызда латын негізді қазақ тілі әліпбиінің ерекшеліктері мен соған сүйеніліп дайындалған емле жобасының сәйкестігі туралы ой қозғамақшымыз. Ең алдымен бекітілген қазақ тілінің латын негізді жаңа әліпбиіндегі өзгерістерге тоқталайық: кирилл әріптерімен жазылған әліпбидегі 42 әріп 32 әріпке қысқарған. Қазақ тілінің жаңа әліпбиінен орын алмаған әріптер: ь, ъ, я, ю, ё, э, щ, ц. Бұл 8 әріптің қазақ тілінің латын негізді жаңа әліпбиінен орын алмауының өзіндік себебі бар. Ол бұл әріптердің қазақ тіліне тән емес сипаты, нақты айтқанда, ь және ъ белгілері ұлттық тіл болмысына жат. Ал я – [йа], ю – [йу], ё – [йо], щ – [шш], ц – [тс] қосар дыбыстардың таңбасын беретін еді. Сондықтан олардың жаңа әліпбиде болмауы заңды. Мұнан бөлек жаңа әліпбиде бір таңбамен беріліп тұрған екі дыбыс бар. Ол мына дыбыстарға қатысты:

1) кирилл негізді әліпбидегі и, й әріптері жаңа әліпбиде ортақ бір таңбамен белгіленген: І. Оның себебі и кірме сөздерде жалаң и дыбысымен сәйкес айтылғанымен, ал қазақ тіліндегі төл сөздерде жалаң қалпында айтылмайды, ол [ій] дыбыстар тіркесінде келеді, мысалы, ине – [іине], соған орай жаңа әліпбиде екі дыбыс (кірме сөздерде келетін дауысты и мен қазақ тіліндегі төл сөздерде келетін й) бір әріп таңбасымен берілген. Бұл қалыпты жазуда қиындық туғыза қоймайды, дегенмен кейде конференция тақырыбын не қандай да бір тақырыпты мәтінде ерекшелеу мақсатымен бас әріптермен жазу кезеңінде кей сәйкессіздіктер байқалады. Мысалы: *latyn álipbi* деген тіркесті бас әріптермен жазсақ, мынадай сипатқа ие болады: *LATYN ÁLIPBII*, жаңа әліпбидегі і мен и, й дыбыстарын таңбалайтын әріп таңбасының бас әрпі бірдей – І. Бұл сөздің осы түрде жазылуын қабылдауда белгілі бір деңгейде қиындық тудырады.

2) Кирилл негізді әліпбиде бөлек таңбаланған х, һ әріптері жаңа латын негізді әліпбиде бір әріппен Н һ берілген. Х – кірме әріп, ол қазақ тіліндегі қ әрпімен алмастырылып жазылады, ал һ әрпімен жазылатын сөздер санаулы. Енді осы әріп таңбаларымен қазақ тілінде жазу емлесі жоба мазмұнында қалай берілетініне көңіл аударайық.

«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасының алғысөзінде ереже жобасының дайындалуы мен талқылануы туралы мынадай ақпарат берілген: «Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінің жобасын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген. «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасы Институттың Ғылыми кеңесінде талқыланып, мақұлданған.

Ереже жобасы Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен ғылыми-практикалық семинар-кеңестерінде қаралып, талқылаудан өткен.

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасына сараптама жасау мақсатында Емле ережелерінің негізгі қағидалары бойынша республикадағы жоғары оқу орындарының студенттері, орта мектептің оқушылары, сондай-ақ оқытушы-филологтар мен еліміздің кейбір өңіріндегі ересектер арасында сынама-сауалнама жүргізген. Емле ережелерінің жобасы тәуелсіз сарапшылар мен ЖОО-ның тілтанушы мамандарының сараптамасынан өткен. Емле ережелерінің жобасы 2018 жылғы 27 қыркүйекте Ұлттық комиссия отырысында таныстырылған» [1, 3-4].

Қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінің мазмұны 9 тараудан тұрады, оның 1-тарауында әріптердің емлесі, 2-тарауында түбір сөздердің емлесі, қосымшалардың жалғануы, 3-тарауда бөлек жазылатын сөздердің емлесі, 4-тарауда бірге жазылатын сөздердің емлесі, 5-тарауда дефиспен жазылатын сөздердің емлесі, 6-тарауда бас әріптердің емлесі, қосымшалардың жалғануы, 7-тарауда қысқарған сөздердің емлесі, 8-тарауда кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі, 9-тарауда сөздердің тасымалдануы туралы ережелер жинақталған.

Емле ережелерінің негізгі дені қолданыстағы ережелермен сай келеді. Өзгеріске түскен тұстары мен мүлдем жаңадан жазылған тарауы да бар. Жаңадан жазылған тарау – «Кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі». Бұл ережеде ё, ц, щ, э, ю, я әріптерінің жазылу емлелері 77-99 параграфтармен берілген.

77-параграфында: «ё – ó – әрпімен таңбаланады. Оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: мапóвр (-din'), амóва (nun').

Ц әрпі және сц әрпі тіркесі s әрпі арқылы (78-параграф, 25-бет), ал қатар келген ц әрпі ts тіркесі арқылы таңбаланады. Әліпбиге енгізілмеген ц әрпі жазу ережесіне сай үш жағдайда екі түрлі таңбаланады: medicina, kvars, pitsa.

-тч дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: skoch, skech, mach (79-параграф). Осы сөздердің жаңа жазылуына сай айтылуы ереже жобасымен танысушылар арасында тосаңдау қабылданғанымен, осы жазумен оқып сауат ашатын болашақ жастар үшін бұл қалыпты қабылданатын болады, кірме сөздердің қазақ тілінің орфоэпиясына, әуезіне сай айтылуы жүзеге асады.

Щ әрпі төл сөздерде shsh әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде sh әрпімен таңбаланады: ashshy, praporshik (80-параграф).

Э әрпінің жазылуы e әрпімен, - оэ әріп тіркесімен аяқталатын сөзде і жазылады: koefisent, aloi (81-параграф).

Ю әрпі екі жағдайда үш түрлі әріппен таңбаланады: бірінші жағдайда төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін іу әріп тіркесімен аіу, ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі ь мен жіңішкелік ь белгісінен кейін ұ әрпімен таңбаланады: parashút, absalút. И (і) әрпінен кейін тұрған ю орнына у жазылады: діу. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады (82-параграф).

83-параграфта әліпбиге енбеген я әрпінің үш түрлі жазылатыны туралы ереже берілген. Бірінші жағдайда я әрпінің орнына төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі мен жіңішкелік белгісінен кейін іа әріп тіркесі арқылы, мысалы, Іalta, koniak, ал дауыссыз дыбыстан кейін á арқылы таңбаланады: акúмýlátor, і әрпінен кейін тұрған я-ның орнына а жазылады: Túrkia, jaга.

Көріп отырғанымыздай, жаңа әліпбиге енгізілмеген әріптерді жазу ережесі қазақ тілінің емле жобасы мазмұнында ұлттық тіліміздің табиғатына сай үйлестіріліп жазылған.

Сөз болып отырған тарауда айырым және жіңішкелік белгісімен келетін кірме сөздерді қазақ тілінде жазу ережелері де нақты берілген. Олардың қайсысы болмасын, тіл табиғатына сәйкестелген. Нақтырақ айтсақ, жаңа емлеге сай сөздерде біз аталып отырған екі таңбаны – айырым мен жіңішкелік белгісін – жазбаймыз, қосымшалар түбірдің соңғы буынының сипатына қарай үндесіп жалғанады: múltfilm, túsh. Ономастикалық атаулар мен кейбір мағынасына нұқсан келетін сөздерге жіңішкелік белгісінің орнына і әрпі жазылады: piesa.

Жаңа емле ережесіндегі тағы бір ерекшелік мынау: кірме сөздердің ортасында келетін - дж тіркесіндегі d әрпі түсіріліп жазылады, мысалы, menejer, бірақ сөз мағынасына әсер ететін болса, d әрпі сақталып жазылады. Сол тәрізді кірме сөздердің ортасында, соңында келетін қосар дыбыстардың бірі мағынаға әсер етпесе, түсіріліп, мағынасына әсер ететін жағдайда сақталып жазылады: korektor дегенде бір r түсіріліп, massa дегенде сақталып жазылуы осыған байланысты. Осындай ұстаныммен –ст, -сть, -зд әріп тіркестерінің соңғылары түсіріліп жазылады: júrnalis, povos.

Жаңа емледегі тағы бір өзгеріс – кірме сөздердің соңында келетін -нг әріп тіркесінің орнына ñ әрпінің жазылатыны: parkiñ.

Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер у әрпімен жазылады: úatsap.

-ог әрпі тіркесімен бітетін сөздерге қосымша жуан жалғанады деп көрсетілген. Бұл да жаңа емледегі жаңалықтар

Негізінен, жаңа емле қазақ тілінде жазуды барынша тілдің табиғи заңдылығына жақындатуды мақсат етіп құрылған. Дегенмен, 9-параграфтағы «Айтылудағы иу (ұу), úу (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында у әрпімен

жазылады», 10-параграфтағы «Айтылудағы иу (йу), іу (йу) дыбыс тіркестері іу әріп тіркесі түрінде жазылады» деген ережелердің бұрынғы қалпындағыдай қалдырылуы бұрыннан байқалған қайшылықты сол қалпында сақтаған. Қосар дыбыстарды бір әріппен таңбалау ықшамдап (үнем) жазуға сәйкес келгенімен, тілдің тасымалдауға қатысты заңдылығына ішінара қайшы келеді. Сондықтан осы ереже жобасында көрсетілген 9,10 - тармақтарда «бір әріп - бір дыбыс» ұстанымын ұстаса, дұрыс болар еді деп ойлаймын. Себебі аталған дыбыстарды бір әріппен таңбаласақ, сол сөздердің қатарындағы кейбір сөздерді тасымалдауда келесі жолға түсетін буын дауысты дыбысты таңбалайтын әріптен басталады: k1-im, біздіңше, бұл тілдің тасымалдауда екінші жолға дауыссыз дыбыстан басталатын буын түседі деген заңдылығын бұзып тұр, ал k1 -im болып тасымалдасақ, 2-буын дауыссыздан басталады. Жаңа әліпби мен жаңа емле қолданыс барысында жетілдіріліп, қазақ тілінің төл табиғатымен үндесе түседі деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1 Фазылжанова А., Күдеринаова Қ. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері (жоба). – Астана, 2018. 30 б.

QAZAQ JAZÝYNYŇ JAŇA KEZENI

Aitbenbetova A.Q., Zinollaeva A.Q.

Q.Jubanov atyndaǵy Aqtóbe óńirlik memlekettik ýniversititeti
Aqtóbe qalasy, ayazhan.zinollaeva@mail.ru

Ańdatpa: Latyn áripteri grafızasia (árip tańbalay) zańdylyqtaryna, iaǵni, «kóry-qabyldaý-tany» talaptaryna da saı. Jer betinde latyn álipbii barlyq salada qoldanylatany baiqalady. Barlyq dári-dármek ataýlary, matematika, fizika, himia formýlalary, kóptegen terminder, mamandyqtarǵa qatysty ǵylymi ádebietter latyn álipbiimen bailanysty ekenin baiqaýǵa bolady. Latyn grafikasyn qoldanatyn barlyq elderdiń álipbindegi árip sany tildegi fonemalar sanynan álde qaida az bolýy da onyń jetistigi bolyp tabylady.

Tirek sózder: latyn álipbii, rýhanı jańǵyrý, joldaý, baǵdarlama, latyn grafikasy.

Qazaqstan Respyblikasynyń Prezidenti Nursultan Ábishuly Nazarbaevtyń 2017 jyly 12 sáyirde «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» maqalasynda: «Birinshiden, qazaq tilin birtindep latyn álipbine kóshirý jumystaryn bastaýymyz kerek. Biz bul máselege neǵurlym dáıektilik qajettigin tereń túsiniп, baiyppen qarap kelemiz jáne oǵan

kirisýge Táýelsizdik algannan beri muqiat daýyndaldyq» [1] dep aıtqan bolatyn. Elbasymyzyń tapsyrmasymen 2017 jyldyń 27 qazanynda 26 áripten turatyn latyn grafikasyña negizdelgen jańa álipbiimiz qabyldandy. Sondai-aq, Elbasymyz óziniń 2012 jylǵy 14 jeltoqsandaǵy «Qazaqstan – 2050» Strategiasy qalyptasqan memleketiń jańa saıası baǵyty» aty Qazaqstan halqyna Joldaýynda: «Memleket óz tarapynan memleketlik tildiń pozısiyasyn nyǵaitý úshin kóp jumys atqaryp keledi. Qazaq tilin keńinen qoldaný jónindegi keshendi sharalardy júzege asyrdy jalǵastyry kerek. Biz 2025 jylǵan bastap álipbiimizdi latyn qarpine, latyn álipbine kóshirýge kirisimiz kerek. Bul – ult bolyp sheshýge tiis prinsipti másele. Bir kezde tarih bederinde biz mundaı qadamdy jasaǵanbyz. Balalarymyzdyń bolashaǵy úshin osyndaı sheshim qabyldaǵa tiispiz jáne bul álemmen birlese túsimizge, balalarymyzdyń aǵylshyn tili men internet tilin jetik ıgerýine, eń bastysy – qazaq tilin jańǵyrtýǵa jaǵdaı tǵyzady» [1], – dep latyn álipbine kóshýdiń qajettiligin atap ótti. Bizdiń qazirgi kirill álipbindegi qazaq tilimiz - Qazaqstan Respýblikasynyń memleketlik tili, sonymen qatar Resei, Ózbekstan, Qytaı, Mońǵolia jáne t.b. elderde turatyn qazaqtardyń ana tili. Qazaq tili túrki tilderiniń qypshaq tobyna, sonyn ishinde qaraqalpaq, noǵai, qarashaı tilderimen birge qypshaq-noǵai tarmaǵyna jatady. Sonymen qatar qyrǵyz, tatar, bashqurt, qarashaı-balqar, qyrym, qумыq, tatar tilderine jaqyn. Qazaq jazýy birneshe ret ózgeriske ushyrady. Jazý tarihynda qazaq tiliniń álipbi júesi birneshe tarihi kezeńderdi basynan ótkizip, ulttyq álipbi deńgeine jetken. 1929 jylǵa deyin Qazaqstanda arab jazýy pıdalanylady. XX ǵasyrdyń basynda Ahmet Baitursynuly usynysymen qazaq fonetikasynyń erekshelikteri eskerilip jasalǵan, arab grafikasyña negizdelgen «tóte jazý» pıdalanylǵan. 1929-40 jylǵar aralyǵynda latyn grafikasyña negizdelgen álipbidi jazý júesine Elimizdiń latyn álipbine kóshý ultymyz úshin jasalǵan mańyzdy qadamdardyń biri. Uly Dala eliniń tarihyña kóz júgirtsek, birinshi tuǵyry bailyq – jer, ekinshisi – til, úshinshisi – memleket jáne onyn tarihy bolýy kerektiligi aıqyndalady. Aǵartýshy-pedagog, ǵalym Ahmet Baitursynuly aıtyp ketkendeı, «Ulttyń saqtalýyna da, joǵalýyna da sebep bolatyn nárseniń eń qýattysy – tili» [2, 78 b.] degen. Alash qairatkerleri de latyn álipbin jazý-syzýda erkin qoldanyp, óz eńbekterin jazdy.

Qazirgi qazaq zıalylary men ǵalymdary latyn qaripi tóniregindegi máselelerge belsendilikpen aralasy, óz pikirlerin baspasóz betterinde jarysa jarıalap jú. Bul turǵyda qazaq-kirill álipbin daýndaǵan til ǵalymy S.A. Amanjolvtyń róliniń zor ekendigin atap ótedi. Búgingi künge deyin Til salasynyń bilikti mamandary latyn qarpine negizdelgen qazaq álipbiniń jobalaryn jasaýda qyzý talqylaýda oıalaryn da aıtyp bólisti. Aıta ketsek, solardyń biri - filologia ǵylymdarynyń doktory, professor Álimhan Júnisbektiń pikiri: «Latyn álipbine kóshýdiń qıynshylyǵy qazirgi bizdiń qoldanyp júrgen álipbiimiz qazaqtyń tól álipbi emes, orys tilimen aralasy ketkeni, bizge ózge tilden engen dybystar aralasy ketse onda kedergiler týyndaitynyn, latyn álipbine tól dybystarymyzdy bapap, sonyn aıasynda kóshýin jáne qazaq jazýyna tek álipbi aýystyry ǵana emes, túbegeili reforma kerek ekenin, ol reforma úsh máseleni dybys, álipbi jáne emle erejeni birdei qamtıdy»[3],– dep aıtty. Árine, ult úshin mańyzdy ózekti máselelerdiń ondy sheshilýine qosyp otyrǵan kásibi bilikti

mamandardyń pikirleri eskerilip, latyn qarpindegi qazaq álipbiin jasalý joldaryna qatysty órbise jáne basqa joǵaryda atalǵan elderdiń tájiribesine qarap salystyra otyryp jasalsa quba-qup bolar edi. Qazirgi ýaqytta ualy telefonda jarnamalar, habarlamalar latyn álipbiimen jazylýda. Sonymen qatar, internet jelisinde de latyn álipbiine aýdaratyn transkripsia ornatylǵan, biraq orys grafikasynda ǵana jasalǵan, bolashaqta qazaq grafikasynda jasalady degen oıdamyz. Latyn álipbiine kóshýde osyndaı bastapqy jumystar atqarylyp otyr.

Qatardaǵy kópshiliktiń ishinde latynǵa ne sebepten aýysamyz, bul tańdaıdyń mańyzy ne degen qarapayym suraq tur. Ol suraqa «qazaq tiliniń ómirsheńdigi kúsheıedi», «qazaq ultynyń sanasy ózgeredi», «aǵylshyn tilin tez úrenemiz», «qazaq tilin qoldanýshylar sany artady» dep jaýap bersek, dál qazir buǵan eshim sene qoımaı, kúmánmen qaraityny anyq. Sebebi bulyńǵyr, kúmánı, uzaq jyldarǵa ulasatyn, sońy ne bolatynyna kóz jetkize almaıtyn maqsat bolyp tanylady. Sondyqtan qazirgi mańyzdy tańdaıdy ústirt uǵynbaı qajet. Buqaralyq aqparat derekterine súıensek, búginde álemniń 70% elderi latyn jazýy arqyly bilimdi igerip, ǵylymı zertteýlermen tanysýda. Bul degenimiz – bilim, ǵylym, saıasat pen tehnika, mádeniet pen óner, sport t.b. qatysty jazbasha aqparattyń barlyǵy derlik latyn grafikasy men beriledi, qoǵamdyq ómirdegi jańalyqtardyń basym bóligi osy grafikanyń negizinde taralady degendi biliderdi. Demek, latyn álipbiiniń bizdiń otanymyzdyń álemdegi damyǵan 30 eldiń qataryna qosylý talabynyń oryndalýy jolynda mańyzdy rol atqaratyny sózsiz. Latyn álipbiine kóshý týraly másele táýelsizdik alǵan jyldardan bermen qaraı kóterilip keledi. 2006 jyly Elbasy N.Nazarbaev Qazaqstan halyqtary Assambleiasynyń III sessiasynda: «Qazaq álipbiin latynǵa kóshirý jónindegi máselege qaita oralý kerek. Bir kezderi biz ony keiinge qaldyrǵan edik. Aıtse de latyn qarpi kommúnikasıalyq keńistikte basymdyqqa ie jáne kóptegen elder, sonyn ishinde postkeńestik elderdiń latyn qarpine kóshýi kezdesoqtyq emes. Mamandar jarty jyldyń ishinde máseleni zerttep, naqty usynystarmen shyǵy tyis. Álbette, biz bul jerde asyǵystyqqa boı aldyрмаı, onyń artyqshylyqtary men kemshilikterin zerdelep alýymyz kerek» [3], — degen edi. «Qazaqstan-2050» strategiasynda latyn tiline 2025 jyly tolyq kóshetinimiz týraly kesimdi sóz aıtyldy.

Álipbi reformasynyń jalpyulıtyq sıpaty jónindegi máselelerdi sóz etken filologia ǵylymynyń doktory, halyqaralyq «Qazaq tili» qoǵamynyń vise-prezidenti Ǵ.Ánes jańa reforma jóninde: «Kez kelgen júrgizilmek reformanyń mejelengen sońy nátiजेге qol jetkizilýi onyń negizgi maqsat-múddesi, iske asyryly merzimi men aýqymyna, kólemine baılanısty. Álipbi reformasy da jalpyulıtyq sıpat alǵanda ǵana tabysty bolyp, kózdelgen údeden shyqpaq» [4], - degen.

Álipbi reformasy – zamana talaby, Jalpyulıtyq Úshinshi Jańǵyryǵa aıaq basqan elimizdiń tolyqqandy, zańdy Ulıtyq shekarasy, Ulıtyq týy, Ulıtyq ánurany, Ulıtyq valıýtasy syndy Memlekettik tilin de tuǵyryna qondyryp, konstitýsıalyq mártebesine saı tolyqqandy jumys istetýdiń birden-bir kepili.

Álipbi reformasynyń basty maqsaty – Memlekettik tildi jeke-dara Qazaqstan Respýblikasynyń Ulıtyq ráminine aınaldyry ekeni aıqyn, basymdylyqpen aıtylyp, bul

tek qazaq tiline qatysty másele emes, Jalpyulttyq memlekettik reforma ekeni keńinen túsindirilýi, nasıhattalýy shart.

Álipbı reformasynyń ózegi retinde, bizdińshe, Bilim reformasy da jedel qolǵa alynyyp, qosa-qabat júrgizilýi kerek. «Bir Otan – Bir (memlekettik) til» reformasy qosa júrgizilgende ǵana qolǵa alynyyp otyrǵan Álipbı reformamyzdyń nátijesi bolmaq.

Professory, filologia ǵylymynyń doktory Quralaı Kúderinova eń aldymen «Qazaq tilin latyn álipbiine aýystyrý máseleleri» degen sóz tirkesin jii pıdalanyp júrgen kebir BAQ ókilderine eskertpesin aıtty. Onyń aıtyynsha, durysy – «Qazaq jazýyn latyn álipbiine aýystyrý» dep málimdei kele, «Qazaqtyń ulttyq en-tańbasynyń biri – ulttyq jazýy» atty taqyryptaǵy baıandamasyn kópshilik nazaryna usyndy. Q.Kúderinova: «Birinshiden, búgingi álipbiimizdiń ana tilimizge tıgizgen zardabyn kóre otyryp, áli de bolsa kirill jazýynda qalamyz deýdiń endi reti kele qoımas. Tipten, ol jazýda qala qoıǵannyń ózinde oǵan túbegeili ózgerister engizý kerek. Al oǵan ózgeris endiremiz desek, onyń daýy latynnyń daýynan da asyp túsetinine esh kúmán joq. Ekinshiden, arǵa ǵasyrǵa jýyq yaqyt salyp, arab álipbiine qaita oralyp jatýdyń taǵy jóni joq. Óitkeni qazirgi urpaq úshin arab jazýy kóp beıtanys jazýdyń biri ǵana. Úshinshiden, latyn jazýy qalaı degende de álemi aqparat jetistiginiń birden-bir quraly bolyp qaldy» [5].

Q.Kúderinova qazaq jazýyn latyn grafikasyna kóshirýde birqatar máselelerge de toqtaldy: «Grafikaǵa baılanysty problemalar álipbidegi áripterdıń tańbasy jáne áriptiń mánine qatysty. Qazaq tiliniń ózine tán dybys-taryn árip tirkesimen emes, áripústi jáne áripasty diakritikasymen berý ózge túrki halyqtarynyń álipbilerimen birdeılestirýge jáne jazý únemdigine múmkindik beredi. Jalpy álipbı aýystyrý máselesi bir jaǵynan, jazýdyń tilge tıgizetin áseri bolǵandyqtan kóterilip otyrylǵany belgili. Endeshe qazaq tili dybystyq quramyna tán emes, bógde til fonemalaryn sol tilden aýysqan termin sózderdi jazý, iaǵni emleniń sitatalyq prinsipi úshin ǵana álipbı quramyna alý durys emestigi aıqyn. Alaıda biz tildiń damý dialektisin esten shyǵarmaıymyz kerek. Til, tildiń dybys júesi ózgermeitin qubylys emes. Kez kelgen tildiń dybys júesinde dybys reńkteriniń differensiasıasy, kórshi tildiń, kirme sózderdiń áserinen bolǵan dybystyq ózgerister oryn alady. Mysaly, orys tilindegi [a], [e] dybystarynan sóz bastalmaıtyn zandylyqty shet tilden engen anketa, abbat, abzas, ataka, arba, angel, epoha, era, etika, ekzamen, effekt, etaj sıaqty sózder buzyp keledi. Sondai-aq eki daýystynyń qatar kelýi de orys tili fonetikalyq júesine qaıshy. Biraq qazir orys tilindegi poet, oreol, aýt, teatr, vıal, kakao, radio, pýnktıyasıa sózderinde eki daýysty qatar tańbalana beredi. Jáne ge, ke, he dybys tirkesimderi de kirme sózderde jazylıp, aıtyla beredi: kedr, geroı, sqema, agent, asket. Sondai-aq orys tilindegi [f] árpi tek kirme sózderdi tańbalaý úshin qoldanylady: forým, fakt, fonarъ, sofa, film, afera, forma, aforizm, efir, profilъ. fonemasy buryn bog, blago sózderiniń aıtylymynda bolsa, qazir kirme sózderde qoldanylady» [5].

Quralaı Bımoldaqyzy Súleimen Demirel atyndaǵy ýnıversitetiń qabyrǵasynda jumys jasaityn akademialyq úirmelerde stýdenttermen praktikalıyq túrde latyn qaripimen jumys jasap jú. Úirme barysynda ǵylymı, resmı, kórkem mátindermen jumys jasap, mátinderdiń latyn qaripimen jazylýyna totalyp, ondaǵy jetistikter men kemshilikterdi

basty nazarǵa ala otyryp kórsetken bolatyn. Q.Bımoldaqyzy latyn álipbiniń utymdy jaǵy:

1. Álippeni terý barysynda pernetaqta aýystyrylmaıdy;
2. Álippeni terýdegi tezdik;
3. Avtomattandyryǵy, - dep kórsetse, latyn

álipbiniń utymсыз jaqtary:

1. Uıaly telefonmen qoldanýdyń yńǵaisyzdyǵy;
2. Dáıeksheniń shamadan tys kóptigi;
3. Mátin kólemiń kóbeıyi, - dep atap kórsetti.

Q.Kúderinova jańadan qabyldanǵan álipbidiń birden-bir kemshiligi dep, «dáıekshelerdiń» shamadan tys kóptigin atap kórsetti. Zertteýler boıynsha,

A. Qunanbaıuly «Segiz aıaq» óleńi 171 sóz = 106 dáıekshe, 9-synyptyń «Geografia» oqylyǵynyń alǵashqy 2 betinde 647 sóz = 603 dáıekshe, «Til týraly zańnyń» alǵashqy 2 betinde 403 sóz = 347 dáıekshe, A. Qunanbaevtyń «3 qara sózi» 648 sóz = 412 dáıekshe bar eken. Q.Kúderinovanyń eseptheıi boıynsha kirme sózderdiń transliterasıy áli kóptegen talqylaılar men zertteýlerdi qajet etetin dúnie. Kirme sózderdiń transliterasıa máselesinde tómendegideı úsh nusqanyń bireyiniń júzege asyý múmkin dep kórsetip ketedi. Olar:

1. Áǵylshyn tilindegi aıtylym
2. Qazaq tilindegi aıtylym
3. Orys tilindegi aıyızsha aıtylym

Q.Kúderinova osy máselelerge jan-jaqty túsinik bere otyryp, latyn álipbiin qoǵamnyń erkin qabyldaıǵa múmkindigi tolyq jetetindigin jáne qoǵamnyń daıyn ekendigin aıtady.

Q.Kúderinovanyń zertteýlerinen baıqaǵanymyzdaı, latyn álipine kóshý - zaman talaby. Jańadan qabyldanǵan álipbidiń utymdy jaqtary kóp bolǵanymen, utymсыз jaqtary da birshama. Al transliterasıa, transkripsia máseleleri - bolashaqta sheshimin tabatyn, qazirgi tańdaǵy sheshilýi qıyn másele. Sondyqtann da, qoǵam arasynda daıy týdyрмаı, bul máseleге asqan sabyrmen jáne jaıapkershilikpen qarayмыз qajet.

Kóshilik ǵalymdar latyn qaripine kóshkenimizde utatyn tustaryмыз tómendegideı dep kórsetedi: Birinshiden, til tazalyǵy máselesi. Tilimizdegi qazirgi jat dybystardy tańbalatyn áriptерdi qysqartyp, sol arqyly qazaq tiliniń tabıǵı taza qalpyn saqtaıǵa múmkindik alamyз. Ekinshiden, qazaq tilin oqytqan yaqytta basy artyq tańbalarǵa qatysty emle, erejelerdiń qysqaratyny belgili. Ol mektepten bastap barlyq oqy oryndarynda oqytý úrdisin jeńildetedi. Yaqyt ta, qarjy da únemdeledi. Úshinshiden, latyn álipbine kóshý – qazaq tiliniń halyqaralyq dárejege shyǵyyna jol ashady. Qazaq tiline kompiýterlik jańa tehnologialar arqyly halyqaralyq aqparat keńistigine kirigýge timdi joldar ashylady. Tórtinshiden, túbi bir túrki dúnesi, negizinen, latyndy qoldanady. Bizderge olarmen rýhanı, mádenı, ǵylymı, ekonomıkalyq qarym-qatynasty, tyǵыз bailanysty kúsheitimiz kerek. Ol da tabıǵı is ekendigin aıtqym keledi. Latyn álipbine kóshýdiń utymdy jaqtary bul aıtylgandarmen shektelmese kerek. Ony yaqyttyń tóreligine qaldyрайық.

Latyn álipbiine kóshý – ulttyq nar táyekel. Tagdyrymyzdy, tabıgatyмыzdy, bolmysyмыzdy ózgerťy dep oılaımyн. Qazır túsinbeyimiz múmkin. Biraq osynyń negizinde memlekettik tildin áleyeti, ózimizdin tilimizdin tabıgaty jańaryp jatsa, jańgyryp jatsa biz odan utylmaımyz dep oılaımyн. Álipbidi jasaý syrt kózge oıaı bolganyмен ony sanaға engizý, kónilge qondyrý sıaqty basqa da kóptegen jumystar bar. Osynyń bári ónirlerden bastalady. Ózimizdi jańgyrtý, ózimizdin tabıgatyмыzdy ózgerťy degen máselege kele jatyrмыz. Jańa álipbiimizdi jańgyrtatyn dúnie dep esepтейtin bolsaq shyn máninde bul iske qoғam bolyp kirirken abzal. Bul tek qana azғantaı toptyń máselesi emes. Oған patriotizm kerek. Ózimizdin tilimizge degen jańa janashyrlyqтын úlken bir maidanyn bastaý kerek. Latyn qarpine kóshý máselesin jańa bir baғytqa, jalpyulttyq máselege analdyra bilsek degen tilegimiz bar. Bul iske bárimiz atsalysayq,– dep jnalған jurтshylyqтын oıyn bir arnaға toғystyrды.

Paıdalanған ádebiетter:

1. N. Nazarbaev. «Bolashaqqa baғdar: Rýhanı jańgyrý». Egemen.kz
2. Baıtursynov A. Til taғylymy. – Almaty, 1992.
3. <http://khabar.kz/kz/news/kogam-kz/item/90292-latyn-lipbiine-k-shu-turaly-ziyaly-auym-pikir-bildirdi>
4. <http://e-history.kz/kz/contents/view/6807>
5. Kúderinova Q. Qazaq jazýynyń teorıalyq negizderi. – Almaty, 2010.

ҚАЗІРГІ ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Қондыбай К.Ә.

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қаласы

Мақалада емле ережелері мен латын әліпбиі негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері, ондағы ерекшеліктер туралы сөз қозғалады. Жаңа әліпбиге негізделген емле ережесінің ерекшеліктері нақты көрсетіледі.

Тірек сөздер: емле, емле ережелері, жазу, орфография, орфоэпия, дұрыс жазу нормалары, дұрыс айту нормалары.

В статье рассматриваются правила правописания казахского языка на основе латинской графики, а также особенности правописания современной казахской азбуки.

Ключевые слова : правописание, правила написания, письмо, орфография, орфоэпия, нормы правописания, нормы произношения.

In the article about rules spelling language of Kazakh on basis alphabet spelling, rules and Latin, about features a word moves then. To Alphabet only what features rule of spelling, that settled, shown.

Key words: spelling, orthography, rules of writing, orthography, orthoepy, norms, it is correct to write, it is correct to talk norms.

Әрбір адамдар айтайын деген ойын бір-біріне ауызша да, жазба түрде де жеткізе алады, орфография немесе емле, дұрыс жазу қағидаларын белгілейді. Ал дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты — айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп беру. Әдетте жазу жалпыға ортақ болғандықтан, оның ережелері де көпшілікке бірдей болып, қалың жұртшылықтың пайдалануына арналады. Сондықтан емле ережелері әрі ортақ, әрі тұрақты болуға тиіс.

Емле ережелерінің тиянақсыздығы жазатын адамға үлкен қиындық келтіреді. Белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуы бір ізге түспеген болса, ең сауатты адамның өзі толқып, қиналады. Басылып шыққан кітап, газет, журналдар дұрыс жазудың бірден-бір көзі әрі үлгісі болуға тиіс және сауатты жазуға алғашқы баста үйрететін орын мектеп болғандықтан, бұл қиындыққа әсіресе баспа қызметкерлері мен мектеп мұғалімдері кездесіп отырады. Сондықтан 1960 жылы баспа қызметкерлері мен мұғалімдерге арналып қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері ережелерін бір жерге жинақтап баяндайтын тұңғыш анықтағыш шыққан болатын.

Бірді-екілі кейбір тұрмыстық сөздерді де емле ережелерімізде бар қағидаға сүйеніп, қазақыланған тұлғада жазуға болар. Бірақ бұл орайда қатты ескертетін жайт ресми түрде қабылданған, бекітілген, демек, күшін жоймаған емле ережелерімізді пайдаланып отырған бұл күндерде әйтеуір қазақылауға болады екен деп, жеке сөздерді әркім (әр баспа, әр редакция, әр автор) өз қалауымен өзгертіп жаза беруге мүлде болмайды Мұндай әрекет жазу мәдениетімізде аяқ алып жүргісіз бейберекеттік (хаосты) туғызады. Әлде де бірқатар сөздерді қазақша тұлғалауға болатындығын сезгенімізбен, әуелі олардың өзгертілген (қазақшаланған) түрлерін заңдастырып алғаннан кейін, яғни ғылыми әрі практикалық тұрғыдан дәлелденіп, мақұлданған, көпшілік қолданысына ресми түрде міндеттелген күннен кейін ғана сол қазақы тұлғаларды жазуға болады.

Екі тілдегі біріккен не күрделі сөздердің жазылуы әрдайым бірдей еместігін көрсету болды. Күні бүгінге дейін әсіресе аударма әдебиетте, баспасөз беттерінде орысша баламасына қарап бір сипаттағы сөздердің бірін қосылып (мысалы: аяқкиім - обувь), екіншісін бөлек (бас киім - головно убор) жазушылық жиі кездеседі[1,65].

Сонымен, қатар, С. Бизақовтың «Емле ережесі – сауаттылық кепілі» атты мақаласында лексикалық, емлелік, стильдік, орфоэпиялық қателердің белең алып бара жатқанын ата келе былайша ойын қорытқан: «Қазақ тілін зерттеуді шынайы ғылыми дәйектілікпен шендестіріп, оны уақытқа сай дамытып, көркейтіп, жетілдіріп, емле ережесін ұштай түсу мына төмендегідей мақсатты көздеп, діттегенде ғана уәжді болмақ деп есептейміз. Біріншіден, тіліміздің лексикалық қазынасын жұтаңдатпай, сөз санын азайтпай, керісінше, сөз байлығын сан жағынан еселей, молықтыра, кемелдендіре түсу жағын қаперде ұстап, ойластырған ұтымды. Екіншіден, тіліміздің грамматикалық амал-

тәсілінің жан-жақтылығы мен молдығын, морфологиялық құрылымын икемді, оралымды ету мүмкіндігін қарастырғанымыз оң нәтиже бермек. Үшіншіден, туған тілдің дыбыс жүйесінің саздылығын, сөздің тұлғалық тартымдылығын төмендетпей, айтылу әуезділігіне нұқсан келтірмей, оны әсем ырғақты етіп жетілдіре түсу мүмкіндігін есте тұтарымыз белгілі. Төртіншіден, мүмкін сөздің тұлғалық дербестігін сақтау жағын ескеріп, омоним сөздерді көбейтпей, керісінше, азайта түсу де ана тілімізді көркейте түспек. Бесіншіден, ана тіліміздің туыс халықтар тілінен одан әрі алшақтай беруіне жол бермей, керісінше, жақындай түскені жөн. Алтыншыдан, ережеге қатысты сөздерді толықтай айқындап, топтау арқылы емле ережелерін қолдануда бір принципке негізделген бірыңғай жүйелілік пен сәйкестікті сақтау жағына мұқият болсақ. Жетіншіден, орфографиядағы өзгеріс емлені қиындатып, тіл үйренушіні шатастырмау жағын есте тұтсақ. Сегізіншіден, мүмкін болған тұста сөз тіркесімін алмастыратын атауыш сөз бен одан туындаған сөз тұлғалары сөздік құрамды байытатынын ескеріп, мәлім болғанын түгелімен қолданысқа енгізгеніміз абзал. Тоғызыншыдан, қазақ тілінің сөзжасам тәсілінің бірі – екі түбірдің қосылып, бір мағынаны білдіріп, біртұтастық қасиетке ие ететін біріккен сөздерді де жинап-теріп тілімізді байыта, көркейте аламыз. Оныншыдан, тіліміздің дыбыстық, лексикалық, морфологиялық құрылымының дамып, жетіле түсу барысында ұзақ уақыт бойы қалыптасып келгендіктен, кіріккен атауыш сөз тұлғаларын таңдаусыз, талғаусыз қолданысқа енгізу арқылы да тілімізді кемелдендіре аламыз» [2, 2].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінің жобасы алдымен, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесінде талқыланып, мақұлданған. Ереже жобасы Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен ғылыми-практикалық семинар-кеңестерінде қаралып, талқылаудан өткен. Емле ережелерінің негізгі қағидалары бойынша республикадағы жоғары оқу орындарының студенттері, орта мектеп оқушылары, сондай-ақ оқытушы-филологтар мен еліміздің өңірлеріндегі ересектер арасында сынама-сауалнама жүргізілген. Емле ережелерінің жобасы тәуелсіз сарапшылар мен жоғары оқу орындарының тілтанушы мамандарының сраптамасынан өткен.

Емле ережелерінің жобасы 2018-жылғы 27-қыркүйекте Ұлттық комиссия отырысында таныстырылған. Қазіргі таңда қалың көпшілікке таныстырылып, талқыланып жатыр.

Жалпы алғанда, емле ережелері IX тарау, 108 параграфтан тұрады.

Емле ережелерінде қазақ әліпбиі, негізгі тірек ұғымдар, әріптердің емлесі, қосымшалардың жалғануы, бөлек жазылатын сөздердің, бірге жазылатын сөздердің, дефиспен жазылатын сөздердің, бас әріптің, қосымшалардың жалғануы, қысқарған сөздердің, кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі, сөздердің тасымалдануы берілген.

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: а, а́ е, і, о́, и, і́, у.

Дауысты дыбыстардың әрқайсысының қай буындарда жазылатындығы, оларға мысалдар келтірілген. Мысалы: ana,baqyt, shağala, izgilik, senim.

J, sh және I әріптерінің арасындағы а дыбысы жіңішке айтылғанымен, жазуда а әрпімен таңбаланады: **jaI, jailayú, jaily, shai.**

Сонымен қатар, дауыссыз дыбыстардың емлесі, олардың кейбірінің таңбалануы да нақты мысалдармен берілген.

Қазақтың байырғы сөздеріне қосымшаның үндесім заңы бойынша жазылатындығы бұрынғы емле ережесіндегідей берілген. 13-параграфта бірқатар кірме сөздердің айтылуы бойынша игерілген түрде жазылатыны мынадай мысалдармен берілген: taýar, nómir, poshta, kástóm, pálte, poiyz, size

Қосымшалардың жалғануы түбірдің соңғы буынындағы дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке болып жазылады. Бұл ережелер бұрынғы емле ережелерінде де дәл осылай берілген болатын-ды.

Емле ересіндегі ерекше назар аударатын 8-тарау. Бұл тарауда кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі мен кирилл әріптерінің латын әрпімен таңбалануын берген. Ё әрпі ó әрпімен таңбаланады: manóvr, brýselóz, aktór, amóba, dirijór, rejisor. Ц әрпі мен сц әріп тіркесі s әрпі арқылы жазылады: sírk, sífr, sílindr, sírkýl және т.б.

Қатар келген ц әрпі ts тіркесі арқылы таңбаланады: pítsa, Nítsa.Снымен бірге, -тч дыбыстар тіркесімен аяқталған сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: skoch, skech, mach.

щ әрпі төл сөздерде shsh әріп тіркесімен, алшеттілдік сөздерде sh әрпімен таңбаланады: ashshy, tushshy, keshshe; ýchılıshe, praporshík.

э әрпі e әрпімен жазылады: element, elevator, ерореа, роетика, koefisent. –оэ әріп тіркесімен аяқталған сөздерде э әрпінің орнына і жазылады: aloe, kanoi.

ю әрпі қазақтың төл сөздерінде және шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін iу әріп тіркесімен: Iúpiter, Iúrmala; kaiýta, ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісә (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін ú әрпімен таңбаланады: parashút, absalút, glúkoza, debút, prodúser, lúks, salút, valúta, búdjét, sújjet. u (i) әрпінен кейін келген ю орнына ù жазылады: qíù, kíù, díù.

я әрпі төл сөздерде, сонымен қатар шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі мен жіңішкелік белгісінен кейін ia әріп тіркесі арқылы жазылатынын айтып өтті. Мысалы: iaǵnı, qoıan, Ialta, soıa, ıdeıa; ǵıreıadro, alıans, komak, ал дауыссыз дыбыстан соң á арқылы таңбаланатыны да айтылып, мысалдармен берілген: akúmylátor, myláj, zarád, kalkýlátor. Сонымен қатар ескертуде u (i) әрпінен кейін келетін я-ның орнына ф жазылатындығы айтылған: qıar, sıa, Túrkiıa, j arıa.

Айыру (ъ) мен жіңішкелік (ь) белгілері алынып тасталды. Мысалдар: ansámbı, rúbl,paról, ált, ós, vólt, búldog, batalón, medalón, alkogól. Сонымен, әліпбиде айыру белгісі мен жіңішкелік белгі қолданылмайды.

Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқа тілдегі тұрпатына ұқсас жазылады. Олар мына сөздер: stepler, vaýcher, aıfon, bankomat, skrinshot, banknot, planshet, onlain, barmen.

дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымша үндестік заңы бойынша жазылады: menejer, jinsy, jentilmen. Осы емленің ескертуінде дж әріп тіркесінің арасынан буын жігі өтетін және сөз мағынасын өзгертетін жағдайда d әрпінің түсірілмей, сақталып жазылатыны айтылған.

Тағы бір айта кететін жайт: сөз соңында қайталама сс, мм, ллб фф, нн, бб, рр, пп, тт, дд, кк, уу дыбыстарын білдіретін әріптердің бірінің түсіріліп жазылатындығы: patison, komisar, resor, professor, gramatika, kolej, koefisent, týnel, anotasia, baner, tenis, konotat, silaby's, atestat, efekt, afrikat, korektor, akord. Сөз мағынасы өзгертетін жағдайда, сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк әріптері сақталып жазылатыны да жаңалық. Мысалы: esse, massa, sammit, ballada, netto, tonna, vanna, trýppa.

-ий-мен аяқалған сөздердің соңында бір ғана i әрпі жазылады: kalı, alúmnı, natrı, kafeterı, komentarı, realı.

Шеттілдік сөздердің соңындағы a әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады: gazet, munýt, kordınat, kapsýl, kardıogram. Сонымен бірге, сөз соңындағы -ст, -сть, -зд әріп тіркесінің соңғылары түсіріп жазылады делінген: júrnalı's, komýnı's, manifest.

р, һ әріптеріне аяқталған шеттілдік сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, **р, һ** ұяңданбайды: arhetıp- arhetıpı, stereotıp- stereotıpı.

Сөз соңындағы –нг әріп тіркесі 'n әрпімен жазылады. Ағылшын тіліндегі түпнұсқада w әрпімен басталатын кейбір сөздер ú әрпімен жазылады: úatsap, úıkı, úıkıpedıa, úeb –sıt.

Қорыта айтқанда, жаңа латын әліпбиіне негізделіп жасалған емле ережесінің жобасы жалпыхалықтық талқылаудан өтіп жатыр, жалпы алғанда емле ережесі бұрынғы ереже негізінде дайындалған, дейтұрғанмен, енген жаңалықтары да бар, жалпы әріп таңбасының кейбіріне халық аздап үйрене алмай жатқан тұстарын да айтып жатыр. Жалпы жобаны халық қолдап жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы), Астана, "Елорда", 2000
2. С. Бизақов. Емле ережесі – сауаттылық кепілі. Егемен Қазақстан. 2-қараша, 2017ж. №513
3. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері (Жоба). Астана, 2018ж
4. Рәбиға СЫЗДЫҚ, ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АНЫҚТАҒЫШЫ (емле, тыныс белгілері, сөз сазы), Астана, "Елорда", 2000

ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ – САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

БИЗАҚОВ С.

филология ғылымының докторы, профессор

Бұл мақала қазақ тілінің емлесіне қатысты дау-дамай, талас тудырған тұстары жайында тіл мамандарымен жан-жақты пікір алысып бір тоқтамға, пәтуаға келіп, орфографияны жетілдіру мақсатымен үш дүркін өткізілген дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша жазылды. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру барысында атқарылар даярлық жұмыстың ең көкейкесті өзектісі ана тіліміздің орфографиясын жетілдіріп, емлені ұштай түсу екені айтылып жүр. Орыстілділердің мемлекеттік тілді жөнді меңгере алмағанын қайсыбірде қазақ тілін үйретудің әдіс-тәсілдерінің жолға қойылмағандығының салдары деушілердің пікірі шындыққа жанаспайды. Кез келген бөгде тілді оқып-үйренудің екі түрлі тәсілі бар. Оның біріншісі – мәжбүрлеп үйрету болса, екіншісі – сол тілді құрмет тұтқызып үйрету. Осы аталған екі тәсілдің қайсысы тиімді? Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілін үйренудің қажеттілігі әркімге де белгілі. Елімізде ширек ғасыр бойы қаншама қаулы-қарар, бағдарлама қабылдадық, қаражат бөлінді, үгіт-насихат және басқа іс-шаралар жүргізілді. Соған қарамастан қазақ тілін басқаларға мәжбүрлеп үйрету әлі күнге дейін ойдағыдай нәтиже бере қоймады. Ал тілді құрмет тұтқызып үйретудің анағұрлым нәтижелі болатынын қоғамдық ортадағы тұрмыс-тіршілік айғақтап отыр. Басқа ұлт өкілдерін айтпағанның өзінде, орыстілді қандастарымыздың да арасында қазақ тілі заман талабына сәйкес дами алмаған деген жаңсақ пікірдің қалыптасуы оны үйренуге деген ұмтылысын да тежеп келгені белгілі болып отыр. Демек, орыс тілінде білім алушы өз қандастарымыз қазақ тілі сөзге жұтаң, кедей деп, оған мұрнын шүйіріп қарамасын, тілімізді құрмет тұтып, оны ұлықтап үйренуге деген ынта-ықыласын кемітпесін, өз тілін өзекке теппесін, өз тілінде сөйлегенді намыс көріп, қор санамасын десек, емлемізді ұштай түсудің ептейлі тұстары мен тетіктеріне мән берейік. Қазақ тілі халықаралық деңгейге көтеріліп, он

Орфография үздік болған жерде нәтиже де үздік. Орфография – тіліміздің ажар-көркі, бет-бейнесі деп жүрміз. Қай тілде болса да емле түзелмей, іс өрге баспайтыны да еске жиі алынууда. Дұрыс жазу мен сөз қолданудағы қателікті лексикалық, емлелік, стильдік, орфоэпиялық қателер деп ажыратамыз. Бүгінгі таңдағы сөз қолданудағы ала-құлалық пен емле ережесінен ауытқушылықтық салдарынан қазақ тіліндегі басылым мен ақпарат құралдарынан қатенің осы аталған төрт түрінің де етек алып бара жатқаны алаңдаушылық тудыруда. Тіліміздің әуезділігіне нұқсан келтірмейік. Ерте кезден-ақ қазақ тілін әсем ырғақпен күмбірлеп естілетін түркі тілдері ішіндегі ең әуезді тілдің бірі деп түркітанушылар атап өткен. Өкінішке орай, қазақ тілін үйренуші орыстілділердің неге осыған көзін жеткізе алмай жүрміз деген ой келеді. Осы айтылғанды ескеріп, қысаң дауыстылардың, әсіресе ы, і әріптерінің емлесін жөнге келтіріп, тиянақтаудың қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе екеніне, мұның

өзі айналып келгенде ана тілімізді алға оздыруға септігін тигізетініне тіл жанашырлары назар аударуға тиіс. Ешбір естілмейтін тұстарда да үстемелеп жазылып, сөздің айтылымын қиындататындықтан, қазақ тілінің ы, і әріптеріне орыстілділер жатсына қарап, қазақ тілі әуезді тіл емес деген жаңсақ пікір қалыптастырған. Өкінішке орай, орфографиялық сөздіктің кейінгі басылымдарында қысаң дауыстыны үстемелеп жазылған сөздер көбейіп отырды. Әуел баста қайрымды, мейрімді, тағлым деп жазып жүрген сөздерге кейінірек келе қысаң дауыстыны үстемелеп жазып жүрміз. Тіпті таяу уақытқа дейін аулы, аулында, аулындағы, аулының, аулынан деп жазу он шақты жыл болды сап тыйылды. Бұл сөздердің емлесін өзгертіп, қысаң дауыстыны үстемелеп қана жазатын болдық. Мұндай мысалдар аз емес. Қысқа й әрпінің де артық жазылып жүрген тұстары бар. Жазылу емлесі сөздің айтылу транскрипциясына жақындатылған байи (байый), кейи (кейій), көбейе (көбэйе), есейе (есэйе), еңкейе (еңкэйэ), көркейе (көркэйэ), күшейе (күшэйэ), ежірейе (ежірэйэ), кеңейе (кеңэйэ) тәрізді сөздердің орфографиясы баи, кеи, көбее, есее, еңкее, көркее, күшее, ежірее, кеңее түрінде қалыптасуы да мүмкін еді. Профессор Ы.Маманов: «Қысқа й әрпінен соң ешбір тілде толық и әрпі жазылмайды, сондықтан бұрыннан қалыптасқан баиды, кеиді, мoidы сөздерін байиды, кейиді, мойиды деп өзгертіп жазуымыз емлені кері кетіріп тұр» деп көрсетеді («Ана тілі», 19.09.1991 ж.). Тағы бір ескертетін жағдай мынадай. Егер қысаң дауысты үстемелеп жазылған сөздер орфоэпиялық нормаға айналса, тіліміздің әуезділігін елеулі түрде кері кетіреді. Өйткені орфография түптің түбінде орфоэпиялық нормаға да айналады деген пікір айтылып жүр. Сөздің айтылымы мен жазба нормасының әрқилығы сақталады деген тұжырымның әрдайым дұрыс бола бермейтініне мынадай емледегі екі өзгерісті атауға болады. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарына таман араб әрпінен латынға көшерде етістіктің соңында ы, і қысандарын жазу мәселесі туындап, қырғыздарда жазылмайтын болып, бізде жазылатын болып шешілді. Сөйтіп, айтад / айтады, келед / келеді, білед / біледі, шешілед / шешіледі, жазад / жазады секілді сөз нұсқаларының соңғы сыңары әдеби нормаға айналды. Қазір бұл сөздерді жазылуына қарай айту, оқу дағдыға айналып, қалыптасып кетті. Бұл айтылғанға керісінше, қысаң дауыстының қолданысын шектеу арқылы ана тілімізді көркейте түскен кезіміз жоқ емес. Атап айтқанда, қосарлы -ый, -ій әріптерінің орнына жалаң и дауыстысын жазуға көшу академик Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаевтың зор беделінің арқасында ғана жүзеге асты. Шындығында, жыйнал, тақия, сыйрақ, тійме, кійме, ақыйқат, қағыйда, быйылғы, табыйғый, саясый, тійімді, яғный, ылғый деп жазылғандай айтылатын да сияқты еді. Алайда кезінде іске асуы армандай қиын көрінген емледегі осындай оңтайлы түзету тіліміздің дыбыстық құрылымының ішкі мүмкіндігінің көзін ашып, тиімді түрде пайдалану арқылы қазақ тілінің әуезділігін арттыратындай етіп орфографияны жетілдірудің сәтті қадамы, дер кезінде енгізілген түзету болғанын уақыт, тәжірибе дәлелдеп отыр. Қазіргі ұрпақтың жоғарыда айтылған сөздерді жинал, тақия, сирақ, тиме, киме, ақиқат,

қағида, биылғы, табиғи, саяси, тиімді, яғни, ылғи деп жазылуына сәйкестендіріп, естілуін жағымдырақ етіп айтуы толықтай үйреншікті дағдыға айналды.

Қысаң дауыстыларға қатысты даулы мәселенің толастамай келуінің бір себебі емле ережесін ескеруде белгілі бір жүйенің, бірізділіктің сақталмауында екені айдан анық. Артық әріпті үстемелеп жазудың басым бөлігі редукция заңдылығына негізделген аталған емле ережесін ескермеуден туындап отыр. Егер тауыс+ып – таусып, айыр+ықша – айрықша, омыр+ау – омау, нағыл+ет – нағлет, шақыр+ым – шақрым, қорыт+ынды – қортынды, жарыт+ымды – жартымды, айыр+ылған – айрылған, қойыл+ым – қойлым, тағыл + ым – тағлым, көбін+есе – көбнесе, бауыр+ай – баурай, ықыл+ас – ықлас, көрін+еу – көрнеу, құбыл+ыс – құблыс, құрыл+ым – құрлым, құрлы, пейіл+імен – пейлімен деп жазсақ, мұның өзі сөз тұлғасының табиғи дұрыс айтылу қалпын ескергендік, әдеби нормада біркелкі жүйені сақтағандық, ереже баптарын бұлжытпай орындағандық болар еді. Елді мекен атауларын да аталған ереже негізінде табиғи естілімін бұрмаламай, Атыр+ау – Атрау, Отыр+ар – Отрар деп жазсақ, орыстілділер қатесіз дұрыс дыбыстайды. Аталған е

академик Исмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаевтың зор беделінің арқасында ғана жүзеге асты. Шындығында, жыйнал, тақия, сыйрақ, тійме, кійме, ақыйқат, қағыйда, быйылғы, табийғый, саясый, тійімді, яғный, ылғый деп жазылғандай айтылатын да сияқты еді. Алайда кезінде іске асуы армандай қиын көрінген емледегі осындай оңтайлы түзету тіліміздің дыбыстық құрылымының ішкі мүмкіндігінің көзін ашып, тиімді түрде пайдалану арқылы қазақ тілінің әуезділігін арттыратындай етіп орфографияны жетілдірудің сәтті қадамы, дер кезінде енгізілген түзету болғанын уақыт, тәжірибе дәлелдеп отыр. Қазіргі ұрпақтың жоғарыда айтылған сөздерді жинал, тақия, сирақ, тиеме, киеме, ақиқат, қағида, биылғы, табиғи, саяси, тиімді, яғни, ылғи деп жазылуына сәйкестендіріп, естілуін жағымдырақ етіп айтуы толықтай үйреншікті дағдыға айналды.

Қысаң дауыстыларға қатысты даулы мәселенің толастамай келуінің бір себебі емле ережесін ескеруде белгілі бір жүйенің, бірізділіктің сақталмауында екені айдан анық. Артық әріпті үстемелеп жазудың басым бөлігі редукция заңдылығына негізделген аталған емле ережесін ескермеуден туындап отыр. Егер тауыс+ып – таусып, айыр+ықша – айрықша, омыр+ау – омау, нағыл+ет – нағлет, шақыр+ым – шақрым, қорыт+ынды – қортынды, жарыт+ымды – жартымды, айыр+ылған – айрылған, қойыл+ым – қойлым, тағыл + ым – тағлым, көбін+есе – көбнесе, бауыр+ай – баурай, ықыл+ас – ықлас, көрін+еу – көрнеу, құбыл+ыс – құблыс, құрыл+ым – құрлым, құрлы, пейіл+імен – пейлімен деп жазсақ, мұның өзі сөз тұлғасының табиғи дұрыс айтылу қалпын ескергендік, әдеби нормада біркелкі жүйені сақтағандық, ереже баптарын бұлжытпай орындағандық болар еді. Елді мекен атауларын да аталған ереже негізінде табиғи естілімін бұрмаламай, Атыр+ау – Атрау, Отыр+ар – Отрар деп

жазсақ, орыстілділер қатесіз дұрыс дыбыстайды. Аталған емле ережесінде бірізділік, жүйелілік сақталмағандықтан, даурық/дауырық, естіпті/есітіпті, жайдарылана/жайдарлана, мақлұқ/мақылұқ, мақұрым/мақрұм, санлау/саңылау, аброй/абырой, ықылас/ықлас, тәйірі/тәйрі, баурымыз/бауырымыз, атрап/атырап, сауырын/саурын, таусып/тауысып, тақырыбы/тақрыбы, тәңрім/тәңірім, ұйтқы/ұйытқы, ықлым/ықылым, қоңраулатып/қоңыраулатып, қатынас/қатнас, қайрылар/қайырылар, жартымды/жарытымды жарыспа тұлғаларының қайсысы әдеби норма екенін есте сақтау қиын болғандықтан, мектеп оқушыларын айтпағанда, тіпті тіл мамандарының өзі де орфографиялық сөздіктен қайталап қарауға мәжбүр боп жүр. Мұның өзі – қазақ тілінің емле сөздігінің ғылыми принципі әлі де болса жүйеленіп жете зерттеле қоймағанының бір айғағы. Орфография үздік болған жерде нәтиже де үздік. Орфография – тіліміздің ажар-көркі, бет-бейнесі деп жүрміз. Қай тілде болса да емле түзелмей, іс өрге баспайтыны да еске жиі алынууда. Дұрыс жазу мен сөз қолданудағы қателікті лексикалық, емлелік, стильдік, орфоэпиялық қателер деп ажыратамыз. Бүгінгі таңдағы сөз қолданудағы ала-құлалық пен емле ережесінен ауытқушылықтық салдарынан қазақ тіліндегі басылым мен ақпарат құралдарынан қатенің осы аталған төрт түрінің де етек алып бара жатқаны алаңдаушылық тудыруда. Тағы бір авторлардың латын әліпбиіне көшіру сингармонизм заңдылығынан ауытқымай, оны толықтай орфографиялық әрі орфоэпиялық нормаға айналдырайық деуі де тілімізді кері кетіретін пікір. Әуел баста түркі тілдерінің баршасына ортақ сингармонизм кейін келе елеулі түрде өзгеріске ұшырап, туыс тілдер үш топқа бөлінді. Кейбір тілдерде бұл үндестік заңы толықтай өз ықпалын сақтаса, екінші бір тілдер тобында аталған заңдылық өз ықпалын елеулі түрде әлсіреткен.

ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ

Тансикова Амангүл Амангелдиевна
Ақтөбе қаласы, М.Ғабдуллин атындағы №70 ЖББОМ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
A_tansikova@mail.ru

Андатпа

Мақалада латын графикасы мен қазақ тілі емлесінің ережелері туралы баяндалған.

Тірек сөздер: Латын, әріп, дыбыс, жазу, емле, ереже, қазақ тілі, сингармонизм.

Резюме

В статье говорится о латинской графике и написании правил казахского языка.

Ключевые слова: латинский, буква, звук, писать, написание, правило, казахский язык, сингармонизм.

Summary

The article talks about the Latin script and writing the rules of the kazakh language.

Keywords: Latin, letter, sound, write, writing, the rule, kazakh language, harmonicism.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз болып табылады. Қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Сондықтан бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байланыстардың күшеюіне латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Қазіргі Қазақстанның дамып, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» туралы бағдарламалық мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы тапсырмасы халық арасында қызу қолдау тапқан еді[1]. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, елімізде қазақ тілінің әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру бағытында маңызды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Латын әліпбиінің артықшылықтарын түсіндіруден басталған алғашқы қадамдар қазіргі кезде латын негізді жаңа әліпбиді қабылдау, жазу емлесін дайындау сияқты толып жатқан мәселелермен байланысты қарастырылып жатыр. Латын әліпбиінің оқу-білім саласынан бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласына енуі үшін кезең-кезеңмен атқарылатын шаралар да жоспарланған.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығы бойынша «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізілді[2.1]. Қазіргі кезде жұртшылық осы нұсқамен толық танысып, үйрену мақсатында өзара қолдана бастады. Әліпбидің бұл нұсқасының ерекшелігі әріпүсті ноқатпен белгіленгені екен. Әріпүсті ноқат жазуға, қабылданымға оңтайлы екені байқалады. Бұл әліпбиіміздің жетістігі деп білеміз. Әліпбиде бұрынғысынша 32 әріп алынған. Оның ішінде кірме сөздердегі 6 дыбыс (и, в, ф, h, x, ч), және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Н -[x], [h] және І-[и],

[й], сонда барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс әріпүсті ноқат арқылы (ә, ө, ү, ғ, ң, у) таңбаланған. Сонымен бірге екі дыбыс қос әріппен (диграф) таңбаланған (Ch- [Ч], Sh[Ш]). Қазақ тілінде «Ш» дыбысы жазуда көп қолданылатындықтан, оны екі әріппен таңбалау жазуымызды қиындата түсуі мүмкін деп ойлаймыз[3.155]. Осы кезге дейін жарияланған латын негізді әліпби нұсқалары бірте-бірте жетілдіріліп, оқу-жазуға ыңғайлы, көңілге қонымды сипат алып келе жатқанын да атап айту керек.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру ісі жазу жұмыстарымен де тығыз байланысты. Жаңадан қабылданған латын негізді әліпбиді қолданып жазу үшін білікті мамандардан құрылған топ жаңадан жазу емлесін дайындап, халық талқылауына ұсынды[4]. Бұл жаңа орфографиялық ережелеріміз қазақ тілінің өзіндік табиғатына сай келіп, жаңа жағдайға қарай жетілдіріле түсуі тиіс. Мұның өзі үлкен жауапкершілікті талап ететін іс деп білеміз. Бұрыннан келе жатқан жазу емлесінде кейбір қиындықтар бар екендігі, сондықтан латын жазуына көшу кезінде осы кемшіліктерден арылып, емле ережелерін жетілдіре түсу керектігі туралы айтылып жүр. Жазу емлесі дұрыс жасалса ғана жазу сауаттылығы да, тілдің қолданысы да дами түседі. Жазу емлесі тарихына зер салсақ, кезінде профессор Қ.Жұбанов: «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады. Тілдің әліпбиінен бастап, жоғары сатысына жеткенше ілім-техниканың не бар игілігін сөзбен айтып, ашып бере аларлық дәрежеге жетудің өзі де емле мен терминологиядан аулақ болмақ емес. Емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады», - деген еді[5.335]. Сондықтан қай кезде де емле тілдің қолданысын жеңілдете түсетіндей икемді, тіл табиғатымен үндесіп жатуы тиіс. Қазіргі жазу емлесіне қатысты сөз болғанда, қазақ тіліндегі қысаң «ы», «і» дауыстыларының жазылуына байланысты шешімін күткен мәселе бар екендігін байқаймыз[6.185].

Өз кезінде профессор Қ.Жұбанов 1935 жылғы жазған қазақ жазуы мен әліпбиіне өзгеріс енгізу туралы жобасында жазу барысында нағыз қажеттігі болмаған жағдайда қысаң «ы» дауысты дыбысын таңбаламау арқылы оның қолданысын шектеу керектігі туралы ережелер ұсынады. Мысалы: а) кейінгі буында дауысты «а, о, е, і» дыбыстары келсе, сөз басындағы ашық буында «ы» дауысты дыбысын таңбаламау (бұрынғы *жылан, жылау, білек, піризма*, т.б. сөздерді *жлан, жлау, блек, призма* деп жазу); Ал кейінгі буында да «ы» дауысты дыбысы келетін болса, алғашқы буындағы «ы» дыбысын түсірмеу: *сьрт, бьлт, сьлк, қьрқ, сьрқ, зьрқ, зьгр* [6.186]; Қ.Жұбановтың «ы, і» дыбыстарына қатысты айтылған осындай ұстанымдарының кейбірі қазіргі қазақ жазуында пайдаланылады. Мысалы, сөз басындағы «р» дыбысынан кейін «ы, і» дауыстыларынан басқа дауыстылар келсе, сөз басындағы «ы, і» әріптері жазылмайды(*рақмет, рұқсат, рас, ру, рет, рең*), ал «р» дыбысынан

кейін «ы, і» қысаң дауыстылары келсе, олар сөз басында да жазылады (*ырыс, ырық, ырым, ырыл, ірі, іріткі, ірілік*). Сонымен бірге тек *ілу, іліну, ілесу, ілім* сияқты сөздерден басқа «л»-дан келетін сөздерде сөз басында «ы, і» таңбаланбауы Қ.Жұбанов ұстанымдарынан бастау алады. Қазіргі кезде де бір ұстаным мағынаға әсері жоқ жағдайда қысаң «ы, і» әріптерін мүмкіндігінше шектеуді ұсынса, екіншісі қысаң «ы, і» әріптерін қысқарту салдарынан сөз ішінде бірнеше дауыссыз дыбысты қатар жазуға тура келетіндігін, сондай-ақ сөз, буын аяғында келмейтін кейбір ұяң дауыссыздар емлесіне қайшы келетінін айтып, тіліміздің үндесе айтылымына әсер ететіндігін алға тартады. Қысаң «ы, і» дауыстылардың таңбалану емлесіне қазіргі кезде де ғалымдар мен жұртшылық бірдей келісе бермейтіндігін ескерсек, Қ.Жұбанов ұстанымдарының әлі де ғылыми өзектілігі жоғары екендігін біле түсеміз[7.299].

Қазіргі жазуымызда «и», «у» әріптерінің орыс тілінен енген сөздердегі дауысты дыбысты таңбалауы мен қазақ сөздеріндегі дауыссыз дыбыстар ретінде қолданысында қиындық орын алды. Кезінде Қ.Жұбанов «ұу/үу», «ый/ій» қосар таңбаларды бір-бір әріппен таңбалауға болатынын, «h» дыбысы одағайларда ғана кездесетін болғандықтан оған арнайы әріп арнау қажет еместігін, сондықтан латын графикасына көшкен қазақ әліпбиіндегі бұл «h» әрпін «ғ» дыбысын таңбалауға ауыстыру керектігін, «j» әрпін « і» таңбасымен, «v» әрпін «и» таңбасымен беруге болатынын, сондықтан бұрын «ғ» дыбысын таңбалаған «с» әрпін және «ө», «ә», «ғ», «j», «v» таңбаларын әліпби құрамынан шығарып тастауға болатынын айтады. Ғалым «ұу/үу», «ый/ій» дыбыстар тіркесін жеке «и», «у» әріптері арқылы, яғни тіркесіп келген екі фонеманы бір әріппен таңбалауға болатынын қазақ жазуына енгізген[6.61]. Осындай жағдайлар қазіргі шетел тілдерінде, ағылшын жазуында да, бар екені баршаға аян. Бірақ қазақ жазуындағы бұрын болмаған мұндай жаңалықты Қ.Жұбановтан кейінгі ғалымдар «дифтонг дыбыс», дауысты дыбыс деп қателесіп, дұрыс түсіндіре алмады. Ал осы «ұу/үу», «ый/ій» дыбыстар тіркесін жеке «и», «у» әріптерімен жазуды қазіргі жаңа әліпбиде тағы да заңдастырып отыр[4].

Жаңа емледе «и», «у» әріптерінің емлесіне ерекше назар аударылған. Бұл қосар әріптердің жазылуы туралы төмендегідей ережелер берілген: «§6. 1 (й), ұ (у) әріптері төл сөздерде дара дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: а1, ұ1, o1shy1, а́у, sáúkele, demeúshi, qaúyn. §7. Айтылудағы у1 (ый), і1 (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында 1 әрпімен жазылады: 1gilik, 1nelik, 1nabat, 1man; k1im, t1in, t1yn, m1ras, s1a, s1aqtu; b1, á1ipb1, tar1h1. Е с к е р т у. Қосар у1 (ый) әріптері тек су1 (сый), ту1 (тый) сөздерінде (оларға қосымша жалғанғанда да) жазылады: су1lyq, су1ymdu1yq, су1ú; ту1ym, ту1yú, ту1ú. 1у, 1і әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің -й жұрнағы жалғанғанда, екі 1 әрпі қатар жазылады: bandu, kenđi, mondu. §8. 1 (и), ұ (у) әріптері шеттілдік сөздерде дара дауысты дыбыс ретінде таңбаланады: institút, kino, granit; úniversitet, fýtbol, resúts. 11 §9. Айтылудағы уú (ұу), úú (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық

буынында *ý* әрпімен жазылады: *ýyldyruq, ýuz, ýildeý; túys, qúyrshaq, gúil, tintýir; oqú, sú, jazú, kely, barú*. §10. Айтылудағы *iuú* (йұу), *iúú* (йүү) дыбыс тіркестері *iú* әріп тіркесі түрінде жазылады: *baiú, qoiú, oiú, jaiú, taiú, kúú, túú, kórkeiú, kóbeiú, síúú* [4.10]. Бұл «и», «у» әріптерінің емлесі қосар дыбыстарды екі әріппен жазбай, үнемділік жағына көңіл бөлінгені байқалады.

Әліпбиден шығарылған әріптердің жазылуы да ережелермен берілген. Мысалы: « §83. я әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында, дауысты дыбыстан кейін, айыру белгісі (ъ) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін *ia* әріп тіркесі арқылы: *iaǵnı, qoıan; Ialta; soıa, ıdeıa; gıperıadro, súııadro; alıans, koniak*, ал дауыссыз дыбыстан кейін *á* арқылы таңбаланады: *akúııılá tor, múláj, zará d, kalkúılá tor*. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады. *E c k e p t y. u. i* (і) әрпінен кейін тұрған я-ның орнына а жазылады: *qıar, sıa, Túrkiıa, jarıa*», -деп берілген екен [4.26]. Демек, бұл әріптер шығарылғанмен, осы әріппен келген сөздерді еш қиындықсыз жазуға болады екен.

Тілімізге басқа тілден келген сөздер қазақ тілінің фонетикалық заңдарына бейімделіп, өзгеріске еніп жазылғаны дұрыс деп ойлаймыз. Бұл мәселелер жөнінде профессор Қ.Жұбанов былай деген еді: «Термин есебінде алынған интернационал сөздер қазақ тіліне судай сіңіп, бойына тарап, өз сөзіндей болып кетуі керек. «Ақыл», «ақпар» сықылды арабтан кірген сөздер де, «самаурын», «бөкебай»-ларға ұқсаған орыс сөздері де бұл кезде қазақтың өз сөзі болып кеткен. Ол сөздердің төркіні араб яки орыс сөзі екенін тілші ғалымдар болмаса, жалпы жұрт білмейді де, «қазақтың өз сөзі» деп ойлайды. Тілге жаңадан кіріп жатқан терминдер де соларға ұқсап, қазақтың төл сөзінен айыра танығысыз болып кетуі керек. Әйтпесе оларды жат сөз, жат нәрсе қылып көрсетіп қойсақ, тілді ілгері бастырып көркейтуге еш септігі болмақ емес» [5.354]. Жазуымыздың тарихына тағы ой жіберсек, 1929 жылы латын графикасын қабылдағаннан кейінгі қазақтың жаңа жазуы фонетикалық принципті басшылыққа алды. Жаңа жазу заңдылығы 30 параграф және 12 ескертпеден тұрса, оның 18 бөлімі орыс тілінен енген сөздерге, терминдерге, қалған 12 бөлімі қазақ сөздерін жазуға қатысты болды. Ал қазіргі жағдайда егеменді ел ретінде өзге тілден келген сөздерді өз сөзіміздей жымдастырып жіберетін, тіліміздің табиғатына сай келетін емле ережелер қабылдауымыз керек. Тағы да Қ.Жұбановтың сөзіне жүгінсек: «... дұрыс жазу деген – қазақтың өз сөздерінің, «таза» қазақша сөздердің ғана правосы болып, емле сонымен ғана тұрып қалмау керек, қазақтың әдеби тілінде кездесетін сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әр қайсысының өзінің меншікті тұрақты таңбасы жазылған түрінен басқаша жазудың бәрі де қате делінетін болу керек; бірақ ол үшін мына сөз «таза» қазақша, мынаның тегі жат деп, сөз-сөздің тегін қазып жатудың қажеті жоқ, тегі қайдан шықса да, бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі деліну керек», -деген болатын [5.337]. Басқа тілден сөз алмаған таза тіл жоқ, барлығында да өзге сөздер бар, бірақ өзге сөздерді өз сөздеріндей өзгеріске түсірген. Сондықтан кірме сөздер тілдің

заңдылықтарын бұзбай, сол тілдің заңдылығына бағынып енуі тиіс. Жаңа емле ережелері жан-жақты зерделеніп, тіліміздің табиғатына сай құрастырылуы тиіс. Әліпбиден басы артық әріптердің шығарылып тасталғаны осы талаптарға сай келіп тұр.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиіне өту кезінде жазуымызда орын алған кейбір кемшіліктерді түзеп, емле ережелерімізді жетілдіре түсетін боламыз. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ жазуына жаңаша жол ашады. Сондықтан латын графикасы арқылы жазу емлеміздің жылдан-жылға жетілдіріле түсетініне кәміл сенеміз. Емле жобасы – қазақ жазуы тарихының жаңа кезеңі. Жазуымыздың жолы әрқашан ашық болсын деп тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстар Республикасының Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1-2 б.
2. Назарбаев Н.Ә. ҚР Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы. №637 Жарлығы. 19.01.2018 ж. Астана, Ақорда.
3. Садуақас Н.А. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері// «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Атырау: «Инфорсервис» баспа орталығы, 2018.-152-157 б.
4. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. Жоба.-Астана:«Тіл-Қазына», 2018.-30 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 б.
6. Садуақас Н.А. Профессор Қ.Жұбановтың фонетика-фонологиялық зерттеулері. Монография. – Алматы: Эверо, 2018.- 216 б.
7. Садуақас Н.А., М.О.Миров. Латын негізді қазақ жазуының емлесі туралы// «Мәдениетаралық коммуникация жаһандық контексте: тіл, әдебиет және оқыту әдістемесі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе ӨМУ, 2018.- 298-302 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Абуғалиева Аягүл Құдайбергенқызы

педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа

Мақалада латын графикасы мен қазақ тілі емлесінің ережелері туралы баяндалған.

Тірек сөздер: Латын, әріп, дыбыс, жазу, емле, ереже, қазақ тілі, сингармонизм.

Резюме

В статье говорится о латинской графике и написании правил казахского языка.

Ключевые слова: латинский, буква, звук, писать, написание, правило, казахский язык, сингармонизм.

Summary

The article talks about the Latin script and writing the rules of the kazakh language.

Keywords: Latin, letter, sound, write, writing, the rule, kazakh language, harmonicism.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілге деген сұраныс артып, керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып келеді. Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай мінсіз болып келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отырғаны баршаға аян. Жазу пайда болған кезден бастап сөздің мағынасын дәл жеткізу үшін жазу емлесі, оның ұстанымдары, жазу-сызуға қойылатын талаптарға ерекше мән беріліп келеді. Сондықтан ойдың дәл таңбалануы жазудың жетістігі болып есептеледі. Ал тілде өзге тіл сөздерінің өзгеріссіз еніп, өзге тіл заңдылықтарымен қолданылуы және осындай кірме сөздердің шамадан тыс көбейе түсуі тілдің қызметін ауырлата түседі. Бұл қиындықтан шығудың бір жолы әліпби өзгертуіміздің бір себебі болды. Сонымен қатар еліміздің әлемдік кеңістіктегі беделі артқан сайын латын жазуы да күнделікті өмірімізге батыл ене бастады. Латын әріптері - өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің біріне айналды. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты қазақ тілін жаңғыртуға үлкен серпін берген бағдарламалық мақаласы халық тарапынан қызу қолдау тапты[1]. Қазіргі жаһандану, жаңа технологиялар заманында өз ана тілімізбен қатар көп тіл білу, әлемдік кеңістікте кәсіби байланыс құралына айналған ағылшын тілін меңгеру, мемлекеттік тілді білуге ерекше маңыз беріліп отыр. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі де мемлекеттік тілді әлемдік талаптарға сай келтіру бағытындағы шаралардың бірі деп білеміз. Елбасының тапсырмасы бойынша қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатыр. Жұртшылықтың қатысуымен өткізілген талқылаулар нәтижесінде әліпби нұсқалары да жетілдіріліп, қазіргі нұсқасы бекітілді. Қазіргі таңда «Жаңа

әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасын бүкіл ел болып талқылау ісі қайта жалғасты[2]. Емле ережелері ұлттық тіліміздің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуына, тіліміздің дыбыстық қорының мүмкіншілігін толық қамтуына ерекше назар аударылған. Жаңа емле жобасында қазақ тілінің бұрынғыдан келе жатқан ережелерінің негізі сақталған. Бұл жағдай емлені тез меңгеруге көмектеседі. Емледе бұрынғы жазу қағидалары, сөздерді біріктіріп жазу тәртібі, ғылым мен техниканың әртүрлі саласына қатысты теміндік мағынаға ие болған сөз тіркестерінің жазылуы, адам аттарының емлесі, кейбір жарыспалы тұлғалардың емлесі, өзге тілден келген сөздерді қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша жазу туралы, т.б. мәселелер айқын көрініс тапқанын байқауға болады[2]. Емледе қазақ жазуындағы ұу/үү, ый/ій қосар әріптерді бұрынғыдай бір ғана «у» мен «и» таңбалары арқылы жазуды ұсынған екен. Бұлай таңбалау жазуда әріп үнемділігіне де пайдалы болғандығы айтылып келеді. Бірақ осылай таңбалану сыры дұрыс түсіндірілмей, бұл жағдай дыбыс пен әріпті шатастырып айтуға жол бергенін білеміз. Қазақ жазуында «и» мен «у» - орыс тіліндегі сөздер құрамында келетін дауысты дыбыс, қазақ тіліне кірме дыбыстар деп есептеледі. Қазақ тілінің төл сөздерінің құрамында дауысты «и», «у» дыбысы жоқ. Сондықтан осы дыбыстарды айту-жазу заңдылықтарын шатастырмай қолдану жолдарына ерекше назар аударған жөн. Ережедегі «сый», «тый» сөздері қатарына «мый» деп жазуды қосқан жөн сияқты. Себебі қазіргі жазуымыздағы ұу/үү, ый/ій қосар әріптерді бір ғана «у» мен «и» таңбалары арқылы беруге болғанмен де, қанша айтса да, бұл дара әріптер қазақтың қазақы айтылымын қосар әріптей бере алмайтыны айдан анық. Сондықтан дара әріптермен техникалық жағынан ұтып тұрғанымызбен де, қосар әріптердің беретін қазақы әуенінен ажырап, ұтылып тұрмыз. Кезінде дара таңбаламай, А.Байтұрсыновтың қосар әріппен жазуының сыры да осында жатқандай.

Жаңа ережеде шетел сөздерін жазудың тиімді жолдары көрсетілген. Әліпбиден шығарылып тасталған әріптермен келген сөздерді жазудың ережелерін мұқият оқып, танысу керек. Емледе (§90) «Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады», - деген ереже бар[2.28]. Бұл ереже тіліміздің табиғатына сай алынған, себебі біздің тілімізде екі бірдей дауыссыз дыбыс қатар тұрмайды. Мысалы: komisar, profesor, gramatika, simetria, amiak, anagram, kardigram; metalýrgia, elips, elinizm, kolej, silabýs, koloid, biliard, brýselóz, talı, kolokviým, triler, alofon, troleibýs, alúzia; kotej, atestat, popýri, spariń, korektor, aparatýra, aplikasia, ipodrom, opozisia, sýgestia; aditiv; akaýnt, akord, akreditasia, hokeı, indıvidým. Бұл ережеге қосымша ескертуде «сөз мағынасы өзгеретін жағдайда сс, мм, лл, тт, нн, бб, рр, пп, дд, кк әріптері сақталып жазылады», - деген анықтама бар екен: esse, mass-media, massa; sammit, ballada, milligram; getto, netto; tonna, vanna. Осы ереже

бойынша араб тілінен енген «махаббат», «ләззат» деген сияқты сөздердегі геминацияланған дыбыстардың да бірін түсіріп жазуды заңдастыру керек.

Емледе жіңішкелік белгісі (ь) бар сөздердің жазылуы туралы төмендегідей ереже бар: (§84) «Жіңішкелік белгісі (ь) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады, жіңішкелік белгі (ь) ескерілмейді» [2.26]. Мысалы: *ansámbł* (-diń, -i, -ge, -der), *dúbl* (-diń, -i, -ge, -der), *asfált* (-tiń, -i, -ke, -ter), *púlt* (-tiń, -i, -ke, -ter), *batalón* (-niń, -i, -ge, -der), *medalón* (-niń, -i, -ge, -der), *koról* (-diń, -i, -ge, -der), *gastról* (-diń, -i, -ge, -der), *álpıńıs* (-tiń, -i, -ke, -ter), *áternatıv* (-tiń, -i, -ke, -ter), *kobált* (-tiń, -i, -ke, -ter), *festıvál* (-diń, -i, -ge, -der), *álbartos* (-tyń, -y, -qa, -tar), *bálzam* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *pálma* (-nyń, -sy, -ǵa, -lar); Бұл ережеге қосымша ескертуде «Мына сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады», - деген анықтама бар екен: *bron* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *monastyr* (-dyń, -y, -ǵa, -lar), *ǵyash* (-tyń, -y, -qa, -tar), *týsh* (-tyń, -y, -qa, -tar). Бұл жерде де жіңішкелік белгіні ескермесек те, оны жіңішке айтуды ескерген, бірақ сөзді бүтіндей жіңішке айту ескерілмеген сияқты. Мысалы, *ansámbł*(ансамбль-анс(ә)мбл).

Ал (§85) «Жіңішкелік белгісімен (ь) келген буын құрамында «е, і» әріптері бар сөздерде жіңішкелік белгісі ескерілмейді, қосымшалар түбірдің соңғы буын үндестігіне сәйкес жалғанады» [2.27]. Мысалы: *akvarel* (-diń, -i, -ge, -der), *stil* (-diń, -i, -ge, -der), *lager* (-diń, -i, -ge, -ler), *artıkl* (-diń, -i, -ge, -der), *kegl* (-diń, -i, -ge, -der), *premer* (-diń, -i, -ge, -ler), *premera* (-nyń, -ǵa, -lar), *relif* (-tiń, -i, -ke, -ter), *barelef* (-tiń, -i, -ke, -ter), *brakoner* (-diń, -i, -ge, -ler), *barer* (-diń, -i, -ge, -ler), *shıfoner* (-diń, -i, -ge, -ler), *kelt* (-tiń, -i, -ke, -ter), *film* (-niń, -i, -ge, -der), *gelmint* (-tiń, -i, -ke, -ter), *atele* (-niń, -si, -ge, -ler), *relif* (-tiń, -i, -ke, -ter). Бұл ережеге қосымша ескертуде «Ономастикалық атаулар мен кейбір мағынасына нұқсан келетін сөздерде жіңішкелік белгісінің (ь) орнына і әрпі жазылады», - деген анықтама бар екен: *Pıer*; *pıesa*, *ıe*. Орыс тілінен енген сөздерге қатысты осындай ережелер емлемізде өте көп екенін байқаймыз. Осы ережелердің бәрін бір сөзбен, яғни «барлық кірме сөздер қазақ тілінің заңымен жазылады» деп қашан жазар екенбіз деген ой келеді.

Емлені шетел сөздерін тіліміздің табиғатына жақындата жазуға бейімдеп құрастырғаны байқалады. Шетел сөздерінің айтылымындағы дыбыс тіркестері қазақ тілінің айтылымына қарай жақындатылғаны дұрыс болған. Мысалы, (§97). «Сөз соңындағы -нг әріп тіркесі ń әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады», - деген ереже бар [2.29]. Мысалы: *parkıń* (-niń, -ge, -i, -der), *boýlıń* (-niń, -ge, -i, -der), *brıfıń* (-niń, -ge, -i, -der), *reıtiń* (-niń, -ge, -i, -der). «Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер «ú» әрпімен жазылады», - деген ереже бар [2.29]. Мысалы: *úatsap*, *úıkı*, *úıkıpedıa*, *úeb-saıt*. Ал (§99). «-ог әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады», Мысалы: *pedagog-tar*, *pedagog-y*, *dialog-tar*, *dialog-y*, *ekolog-tar*, *ekolog-y*.

Емле ережесінде (§92) «шеттілдік сөздердің соңындағы «а» әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: *gazet* (-tiń, -i, -ke, -ter), *minýt* (-tyń, -y, -qa, -tar), *sıfır* (-dyń, -y, -ǵa, -lar), *kordınat* (-tyń, -y, -qa, -tar), *kapsýl* (-dyń, -y, -ǵa, -dar), *kardiogram* (-nyń, -y, -ǵa, -dar). Бірақ *matematika*, *pedagogıka*, *statistika*, *mehanika* болып жазылады», -деп жазылған[2.28]. Кейбір жағдайда сөз соңындағы «а» дыбысы қазақы айтылымда жуан-жіңішкелі «ы-і» (касса-касси, клеёнка-кілөнкі, плёнка-пілөнкі) болып қолданылатынын да ескеру керек деп ойлаймыз. Бұрын қатар келген екі дауыстыны кіріктіріп айтып-жазатын болсақ, енді жаңа емлеміз бойынша біріккен сөздерде екі дауысты қатар жазыла беретін сияқты. Мысалы, ортаазиялық, қараағаш, қараалма, қараөзек, ешкіемер, батааяқ, т.б. Емле ережесінде кейбір кирилл әріптері мен шеттілдік сөздердің емлесі тарауындағы «ё» әрпі «ó» әрпімен таңбаланады, оларға қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады(*manó vr* (-diń, -i, -ge, -ler), *brýseló z* (-diń, -i, -ge, -der), *aktór* (-diń, -i, -ge, -ler)», «ц» әрпі және «сц» әріп тіркесі «s» әрпі арқылы жазылады(*sıfır, sıfır, sılınđr, sırkýl; desimetr, medisına, proporsional, abzas*; Қатар келген «ц» әрпі «ts» тіркесі арқылы таңбаланады(*pıtsa, Nıtsa*), «-тч» дыбыстар тіркесімен аяқталатын сөздердегі «т» әрпі түсіріліп жазылады(*skoch, skech, mach*), «щ» әрпі төл сөздерде «shsh» әріп тіркесімен, ал шеттілдік сөздерде «sh» әрпімен таңбаланады(*ashshy, tushshy, keshshe*), «э» әрпі «e» әрпімен жазылады(*element, elevator, ерореа*), «-оэ» әріп тіркесімен аяқталатын сөзде «э» әрпінің орнына «ı» жазылады(*aloı, kanoı*), «ю» әрпі төл сөздерде, сонымен бірге шеттілдік сөздерде сөз басында және дауысты дыбыстан кейін «ıú» әріп тіркесімен(*aiú, oiú; Iúpiter, Iúrmala*) ал дауыссыз дыбыстан, айыру белгісі (ь) мен жіңішкелік белгісінен (ь) кейін «ú» әрпімен таңбаланады(*parashút, absalút, glúkoza*), т.б. баптар қазақ тілінің табиғатына сай жазылған ережелер деп есептейміз[2.25].

Жаңа емледе бірге жазылатын сөздердің заңдылықтары жан-жақты көрсетілген. «Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: *jertóle, baǵdars ham, beınebaıan, sýsabyn, kereńqulaq* (өс.), *ıtsandyq* (өс.), *kelteshash* (өс.) », -деген ереже бар[2.15]. Тіркескен сөздердің бір сыңарының мағынасы көмескіленсе, немесе атау мәнде жұмсалса бірігеді екен. Күрделі сөз сыңарының біріктіріліп жазылу себебін айқындау, оның нақты критерий қандай болатындығы туралы ғалымдар Р.Сыздық, Н.Уәли, Қ.Күдерина еңбектерінде айтылған тұжырымдар осы емледе де жалғасын тапқан. Ғалымдар Н.Уәли мен А.Алдашеваның «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» кітабында да баяндалған жазудағы қиындықтар негізінен шешімін тапқан[3]. Сонымен бірге бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы туралы толығырақ мағлұмат алу үшін ғалым Қ.Күдерина зерттеулеріне ерекше назар аудару керек деп есептейміз[4]. Себебі оның еңбектерінде сөздерді бірге жазудың бірнеше белгілері жан-жақты талданып көрсетілген болатын. Ғалым сөздің тұрпат межесі мен мазмұн

межесін назарға ала отырып, құрама сөздің сыңарларының тура мағынасы мен ауыспалы мағынадағы қолданыстары арқылы оларды бірге не бөлек таңбалаудың тиімді жолдарын ғылыми тұрғыда көрсете білген. Қазақ тіліндегі құрама сөздердің бірге, бөлек тұлғалану негіздерін арнайы зерттеу нысанына алған ғалым Қ.Күдерінова тіркесті сөздердің құрамындағы сыңарлардың тұрпат межесі мен мазмұн межесін тұлғаланудың негізі ретінде қарастырады. Құрама сөз сыңарлары арасындағы қатынасқа, кемінде екі сөзден тұрып, бір ғана зат не құбылыстың атау бірлігі болып жұмсалып ерекшеліктеріне қарай отырып, бірігуге сұранып тұрған сөздерді, автордың өз сөзімен айтқанда, «босаралықсыз жазылатындарды екі белгісіне – формалды және семантикалық белгілеріне – қарай» топтастырады. Тіркесті сөздердің құрамындағы сыңарлардың жазба түрінің мазмұн межесі ретінде оның фонема, морфема және морфемалардың универб, предикаттық қатынас мазмұнын, ал тұрпат межесі әріп, олардың босаралықпен, қосаралықпен, босаралықсыз таңбалануын танытатынын айта келіп, БС бен КС-ді тұрпат межесі тұрғысынан босаралықпен таңбаланатындар, босаралықсыз таңбаланатындар деп екіге бөліп қарастырады. Формалды белгі ретінде сөздерді біріктіруге жетелеу қызметі бар қосымшаларды «ұластыруыштар» деп, ал мағынасының дерексіздігі, дербес қолданысының сиректігі, талғап жалғануы, жұрнаққа тән сипаттың болуына қарай «аффиксоид құрастыруыш», ортақ стандарт мағына үстеуімен, сандық жағынан өнімділігімен танылатын «стандарт құрастыруыш», бүтіннің бөлшегі ретінде басқа көп сөздермен ортақ байланысып, жалпы мағынада жұмсалатын ұғымды жинақтау қызметін атқаратын «жинақтаушы құрастыруыш» деп үш түрлі «құрастыруыштарды» талдап көрсетеді. Жазу емлесі ғасырлар бойы бірте-бірте қалыптасқан жазу дәстүрі, жазу тәжірибесі, жазу дағдысын қамтитын өте күрделі құрылым болып есептеледі. Әр тілдің өзіндік ерекшеліктері мен қоғам дамуына сай тілдің ішкі-сыртқа жағдайларға қарай дамуы, жаңа сөздермен толықты сияқты мәселелер жазу емлесінде дер кезінде ескеріліп отыруы керек. Тіліміздегі сөздік құрамның молаюы, сөздіктерімізде қамтылатын атаулардың көбеюі біріккен сөздерге де қатысты болып табылады. Қорыта айтқанда, сөздердің бірге, бөлек жазылу мәселесін шешу, автордың өзі айтқандай, «БС, КС және сөз тіркесі тәрізді аса күрделі лингвистикалық ұғымдарының арасын айқындайтын теориялық мәселеге тәуелді»[3.106]. Қазақ жазуы үнемі өзгеріп, емлесі жаңару, толықты үстінде. Соған қарамастан қазіргі қазақ орфографиясының өз шешімін күткен қиындықтары да бар. Сөздің сыртқы және ішкі тұрпатының ықшамдылығына деген тілдегі үнемділік заңының нәтижесінде біріккен сөздердің көбейе түсуі қалыпты жағдай болып табылады. Тілдің қоғаммен бірге дамуы барысында, яғни лексикалық қорының толықты түсуінде біріккен сөздердің үлесі арта түседі. Сондықтан, қазіргідей жаңа емле ережелерін негіздеп жатқан тұста, лексикалық қорымыздың толықты түсуі үшін өз үлесін қосып, бұрынғы қалыптасып қалған

таптаурын көзқарастарды ысырып тастап, бірігуге сұранып тұрған күрделі сөздердің жолын ашып, сөздердің бірге не бөлек жазылуының теориялық мәселелерін негіздеген ғалым Қ.Күдерина зерттеулері қазіргі латыннегізді емлемізді теориялық жағынан нығайта түседі деп есептейміз.

Жаңа емледе адам аттарын жазуға да ерекше назар аударылған. Сондықтан адам аттарын жазуда бұрын орын алған кемшіліктер енді қайталанбайтын болды[5.154]. Сөздің айтылымын ескермей, жазылымы бойынша айтуға, көзіне көрсетіп қойған дыбысты дұрыс айтпай, тілді бұзып сөйлеуге бейімделіп бара жатқан жаһандану кезеңінде мектептерде емле Ережелерін оқытуға ерекше назар аударылуы керек. Емледе бұрынғы жазылуы әртүрлі болып келген орфограммалар бір ізге түсірілгені де анық байқалады. Қазіргі жаңа әліпби мен емлемізде тіл үндесімінің негіздері басшылыққа алынған, сондықтан латыннегізді ұлттық әліпбиіміздің болашағы зор деп сеніммен айтуға болады. Дегенмен, аралас буынды «ақірет», «қадір», «тауқімет», «күзірет» деген сияқты сөздерді жаңа емледе үндестік заңына сай етіп, бірыңғай жуан жазу туралы ереже ұсыну керек деп ойлаймыз. Сонымен қатар (§45). «Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады және түсірілген -ynshy (-inshi), -nshy (-nshi) қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: 6-ға, 100-ge deın, 10-15-ten; 2018-jyl, 5-sanat, 3-kireberis, 10-qazan, 2-aqpan, 136-bar, 1-úı, 9-páter, XXI ғасыr, III tom, IV taraú»,-деген ережедегі ай-жылды білдіретін реттік сан есімдерден кейін бұрынғыдай дефис қоймай жазу керек деген ұсыныс айтамыз.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде, әліпби құрамындағы дыбыстар мен жазу емлесіне қатысты мәселелерді өзара байланыста қарастырып, екі тізгінді тең ұстап, тіліміздің пайдасына ортақ ұтымды шешім қабылдау арқылы тіліміздің үндестік заңына сай жазылуын заңдастыруымызға толық еркіндік тиіп отыр. Жаңа емле қазақ тілінің табиғи заңдылықтарына сай жүйелі, ғылыми тұрғыда құрастырылғандығымен ерекшеленеді. Емле ережелері қазіргі жаһандану заманында бірнеше тілде сөйлеп жүрген жастарымыздың қазақ сөзінің үйлесімін бұзбай сөйлеуін, сөзіміздің әуезділігін, тіліміздің әсем ырғақпен айтылуын қамтамасыз ете алады. Әліпби мен емле қазақ тілінің үндесім заңына сай болуы арқылы мемлекеттік тілдің дамуына да ықпал ете алады. Сондықтан жаңа емлеміз қазақ тілінің табиғатына сай болуы арқылы қазақ тілін жаңғырта түсетініне сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстар Республикасының Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газет, №44(20.477).14.04.2017 ж. 1-2 б.
2. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері. Жоба.-Астана:«Тіл-Қазына», 2018.-30 б.

3. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988.-111 б.
4. Күдерінова Қ. Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы.- Алматы: комплекс, 2005.-144 б.
5. Садуақас Н.А. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері// «Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру: жаһандану жағдайындағы мемлекеттік тілдің дамуы» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Атырау: «Инфорсервис» баспа орталығы, 2018.-152-157 б.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТУРАЛЫ Ә.ҚҰРЫШЖАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Майра Төлебайқызы Куштаева

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстан Республикасы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

maira.kuashtaieva@mail.ru

Әдеби тілдің қалыптасу, даму тарихын жалпыхалықтық тілмен, диалектілермен және көне жазба мұралар тілімен байланыстыра зерттеудің маңызды екені ертеден айтылып жүр. Олардың ішінде әдеби тіл тарихының тереңдігін көрсететін бірден - бір айғақ көне түркі жазба ескерткіштеріміз болып табылады. Қазақ тіл білімі саласында осы бағытта Ә.Қайдар, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, А.Аманжолов, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Б.Қалиұлы, Ә.Төлеуов, М.Серғалиев, Б.Сағындықұлы, М.Сабыр т.б. сынды ғалымдарымыздың ықпалымен біршама жұмыстар атқарылып жүр.

Тіл тарихын зерттеу арқылы қазіргі түркі тілдерінің тілдік құрылымын, олардың белгілі бір дәуірдегі ескерткіштер тіліне қатысын анықтау – ең негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Көне түркі жазба ескерткіштері – сол дәуірдегі этикалық топтардың сөйлеген тілдері туралы ақпараттарды сақтап қалған бірден-бір тілдік материалдар. Сондықтан оларды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде қазіргі түркі тілдерін, соның ішіндегі қазақ тілінің де тарихы

туралы нақты мәліметтер ала аламыз. Бұл кезеңнің ескерткіштері сан алуан тақырыпта жазылған [1;57,90].

Орта түркі әдеби тілін қалыптастыруға қазіргі ұлттардың ата-тектері түгелдей дерлік ат салысқан деп айтуға болады. Дегенмен әр ескерткіштің жазылған аймағына байланысты белгілі бір тайпа одақтарының қатысу дәрежесі әр түрлі болған: белгілі бір ескерткіш тіліне бір одақтық тіл басым қолданылса, екінші бір ескерткіште басқа түркі тілінің бір диалектісі басымдылық көрсеткен. Осыдан келіп оғыз, қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр тілдер тобының әр ескерткішке қосқан үлесі қандай деген сұрақ пайда болады.

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы ескерткіштердің тілдік құрамын қазіргі тілмен салыстыра зерттей отырып, көне тілдік формалардың қай тілдерде сақталып қалғандығын немесе сақталмағандығын, қандай өзгерістерге түскендігін, яғни өлі қосымшаларға айналғандығын көрсетіп беру – тіл ғылымының бүгінгі көкейтесті мәселелерінің бірі.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тіліміздің тарихын қалыптастырудағы қызметін ғалымдар көзқарастары дәлелдейді. Бұл орайда Ә.Құрышжанов пен М.Томанов орхон-енисей ескерткіштері тіліндегі қазіргі қазақ тілінен тұлғалық, әрі мағыналық жағынан ұқсастығы айқын, ешқандай айырмашылығы жоқ сөз деп 130 сөзді, ал қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөздер деп 397 сөзді, тұлғалық та, мағыналық жағынан ұқсастық таппайтын сөздер 311 сөзді тізіп көрсетеді [2, 57].

Әрине, көне және қазіргі тілдердің бір-біріне алыс жақындығы тек сөздердің санымен ғана өлшенбейтіндігін мойындай отыра, дегенмен, лексикалық қордың негізі іліктестік тауып жатса, көне түркі тілімен қазіргі түркі тілдерінің арналары бір екендігін байқаймыз [3, 47].

1971жылы Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың авторлығымен «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбек жарияланды. «Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі» бөлімін Ғ. Айдаров жазған. Мұнда түбір сөздер, туынды сөздер, біріккен сөздер, күрделі сөздер, көптелу, тәуелдену, септелу, жіктелу категориялары қарастырылып, ескерткіштер тілінен нақты мысалдар келтіріледі. «Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің тілі» бөлімін Ә. Құрышжанов құрастырып, қыпшақ тілі ескерткіштеріндегі түбірінің жай-күйін айта келіп, жалғаулары мен жұрнақтары туралы біршама мағлұмат береді. «М. Қашғари заманындағы түркі халықтарының тілі» бөлімін жазған М. Томанов «Дивану луғат-ит турк» сөздігіндегі түбірлер туралы баяндалады. Авторлық бірлестікпен жарық көрген еңбекте тарихи жазбалардың грамматикасы едәуір толығырақ зерттелген.

Осымен байланысты Ә.Құрашжановтың бірнеше еңбектерін атап кетуге болады. «К характеристике первичных глагольных основ в языке древнекыпчакских памятников» (1967); «Исследование по лексике старокыпчакского памятника XII в. - «Тюркско-арабского словаря» // «Наука», 1970, 14 п/л.; «К изучению лексики «Тюркско-арабского словаря» XIII в. (1983); «К истории изучения древнекыпчакских памятников» (Б.И.Репинмен

бірге) (1966); «Сөз атасы. Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер» (V-XVII ғасырлардағы жазба ескерткіштердің материалдары бойынша құрастырылған жинақ) // «Жазушы», 1987, 207 б. т.б.

Ескі қыпшақ тілінің ең іргелісі де, сүбелісі де, готикалық көне курсивпен жазылған қолжазба «Кодекс куманикус» («Қыпшақтардың кітабы») еді. Бұл жазба жадігерліктің тілін зерттеу Ә.Құрышжанұлының зерттеу еңбектерінен басталады. «Кодекс куманикустың» өзі мен оның тілдік ерекшеліктері туралы Ә.Құрышжанұлы бірқатар еңбектер жазып шығарды. Мысалы, «К изучению куманских загадок» (1960); «Арабо – персидские элементы в куманском языке» (на материале лексики); «К вопросу об уйгурской письменности куманов» (1962); «О графике одного слова в памятнике куманского языка «Кодекс куманикус» // Эпиграфика Востока (М., 1963); «Көне қыпшақ тіліндегі ай, күн аттары» (1969); «К истории изучения разговорной речи кипчаков XIII-XIV вв.» (1970); «К истории изучения куманского языка» (1972); «О замечаниях редакторов на полях рукописи «Кодекс куманикус» (1974); «Куманша-қазақша жиілік сөздік» (А.Жұбановпен және А.Белботаевпен бірге); «К изучению лексики «Кодекс куманикус» (1981); «Кодекс куманикус» // Қазақ тілі. Энциклопедия, 1998; «Түркістан». Энциклопедия, 2000; «Кодекс куманикус» - қазақ әдеби тілінің лексикографиялық арнасы» (1989), т.б.

Түркітанушы Ә.Құрышжанұлы ескі түркі жазба ескерткіштерін қазақ тіліне тәржімалап, қалың қауым оқушылар үшін олардың барынша ұғымды болуына баса назар аударған. Ғалым - көне түркі жазба ескерткіштерін және олардың тілін зерттеу саласында ең алғашқы жол бастаушы. Қазіргі қазақ тілінің жасалу, қалыптасу, өсу-өрбу, даму-жетілу, өзгеру-шарықтау, байи түсу және құнарлану, т.б. жолдарын танып-білу үшін, Н.Т.Сауранбаев айтқандай, ескі қыпшақ тілінде жазылып қалған мұралардың тілін зерттеу, әрине, қажет-ақ, өйткені, «...племена кипчаков можно считать предками казахского народа» [4].

XIII-XIV ғасырда жазылған ескі қыпшақ тілінің жазба ескерткіші «Мухаббат-наме» дастаны түркология ғылымында кеңінен танымал екені белгілі. Ол орта ғасыр дәуіріндегі қыпшақ тілін бейнелейтін бірден – бір бағалы ескерткіш. «Мухаббат-наме» - көне дәуірдегі жазба ескерткіштердің ішіндегі ең ірі әрі мәнді, қызғылықты дастан. Бұл орайда көне түркі жазба ескерткіштерін кеңінен зерттеп жүрген түрколог ғалымдар Ә. Құрышжанов пен Ә. Ибатов бұл ескерткішті «орта түркілік жазба әдеби тіл» – деп атады [5].

Ескі қыпшақ тілінің жазба жадігерліктері, біз айтып өткендей, тек қана «Кодекс куманикуспен» ғана шектелмейді. Біз жоғарыда атап көрсеткендей, қыпшақ тілін оқып – үйренудің жазылып қалған көздері толып жатыр, ол туралы Ә.Құрышжанұлының «Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер» деген еңбегінде тиісті мәліметтер келтірілген.

Орта ғасырдағы жазба ескерткіштері – сол дәуірдегі этикалық топтардың сөйлеген тілдері туралы ақпараттарды сақтап қалған бірден-бір тілдік материалдар. Сондықтан оларды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде қазіргі

түркі тілдерін, соның ішіндегі қазақ тілінің де тарихы туралы нақты мәліметтер ала аламыз.

Мамлюктер елінде 1245 жылдары жазылған «Түрк араб сөздігі» тілін арнайы зерттеген Ә.Құрышжанов шығарма тілі жалпы түркілік лексикадан айрықша ажыратылмайтынын айтады [6;142]. Түркітанушы жазба мұраның лексикалық құрылымы, грамматикалық түзілісі мен олардың семантикалық ерекшеліктерін талдап, ғылыми айналымға қосты. Бұл туралы профессор С. Омарбеков: «Бұл кісінің ескерткіш тілінің ішкі жүйесі, оның тарихы туралы кітаптары, ғылыми мақалалары ескерткішті шын мәнінде профессионал деңгейге көтерген бірден-бір еңбектер десек, асыра айтқандық болмайды» деп баға береді. Ғалым мұраларының ішінде тек тілшілер қауымын емес, бүкіл қазақтілді оқырманға жасаған ерен еңбегі – орта ғасыр ғұламалары М. Қашқари, А. Йүгінеки, Ю. Баласағұни, А. Иассауи еңбектерін ғылыми-поэтикалық тұрғыда тәржімалап ұсынуы.

Сонымен қатар ғалымның жоғарыда айтылған еңбектерінен басқа, Орта Азия түріктерінің жазба ескерткіштері, көне қыпшақ тілінің грамматикасы, армян қыпшақтары мұраларының тілі, шағатай тілінде жазылған еңбектер т.б. көптеген көне ескерткіштер мұраларып туралы мағлұматтар беріліп, олардың зерттелуіне әсер етуінде. Ұлттық мәдениетіміздің ұлттық бітімін қалыптастыруда елеулі орны бар түркі жазба мұраларының ғасырлар бойғы даму барысында эпитафиялық (құлпытастық) сипаттан шын мәніндегі түрлі ғылым салаларына жеке-жеке сараланған (тіл білімі, әдебиет, эпистолярлық жазба, астраномия, математика, т.б.) классикалық мәдениет деңгейіне, сол кезеңдерде эталондық сапада барынша қарқынды дамыған көршілес шығыс халықтарымен мәдени байланысы арқылы қол жеткені талас тудырмайтын тарихи шындық. Мұндай диалектикалық бірлікте дамыған халықтардың мәдениетіндегі өзара әсер-ықпалдың түп-төркіні, сонау, көне дәуірлерде жатқандығын көненің көзі – ескі жазба жәдігерліктерден, жіті ден қойсақ, анық байқай аламыз.

Қазақ тілінің теориясы мен тарихы уақыт озған сайын жаңа зерттеулермен толығып, сол арқылы тарихи сана мен ұлттық дүниетанымның аясын кеңейте түсуде. Еліміздің тәуелсіздігі түркі халықтарына ортақ мәдени мұраларымызды қайта зерттеп, олардың шынайы табиғатын тануға, ұлт игілігіне қолдануға, сол жәдігерліктер арқылы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды қайта бағалауға, саралауға мүмкіндіктер беріп отыр. әр кезеңдерде зерттеушілердің тарапынан қызығушылық тудырып келе жатқан түркі тілдері, соның ішінде қазақ тілінің қалыптасуы, даму жолдарының өзіндік заңдылықтары, ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы белсенді қызметі бүгінгі ғасырлар тоғысында зерттеудің ерекше тәсілдерімен қоса, ұлттық таным мен болмыстың тарихи күретамырын одан әрі тереңдете қарастыруды қажет етеді. Сонымен қатар әлемдік жаһандану жағдайында қазақ тілі тарихи тамырын нықтамаса қазіргі рухани-мәдени тоғысуда өзінің бағытын басқа арнаға бұру қаупі де жоқ емес. Ана тіліміздің болашағына оң не кері әсерін

тигізетін бұл әлемдік үдеріс ұлтымызға, тілімізге қатысты әрбір істе екі есе жауапкершілік үстейді. Уақыт көшіне ілесе алмай, дүние жүзінде жаңа дәуірге қадам баса алмаған тілдер де бар. Тіл тынысын тоқтатса, халық та ұлттық болмысын жоғалтады. Ұлт пен тіл мәселесінде үлкен, кіші немесе ұсақ-түйек мәселе болмайды. Сондықтан қазақ тілінің тарихына қатысты әрбір кезеңдерді жан-жақты зерттеп, жазба ескерткіштерге терең талдау жасау арқылы, тілдің даму барысындағы көне замандар мен қазіргі кезеңдердің арасындағы жалғастықты, сабақтастықты анықтау арқылы тіліміздің келешекке қадамын нықтай түсеміз.

Адамзаттың өмір бойғы қарым-қатынасының құралы болып келе жатқан тілдің мәселесі әр кезеңде де өзекті. Тілдің дамуындағы әр кезеңдердің нақты дерегі болып табылатын сөздік қордағы әрбір тілдік бірліктер немесе белгілі бір тарихи жағдаяттың бір үзігін бойына сақтап қалған оралымдар, қала берді әр дәуірдің тұтас белгісін көрсететін жазба ескерткіштерді кешенді зерттеу арқылы халқымыздың рухани дамуының үздіксіз кемелдену үстінде болғанына көз жеткізуге болады. Сондықтан тіліміздің әрбір бөлшегінен бастап, қалыптасқан тұрақты тіркестерін, мәтіндері мен жазба ескерткіштерді тарихи-мәдени-танымдық-тілдік тұтастықта зерттеу басқа ғылымдармен қоса, қазақ тіл білімінің де өрісін кеңейтіп, тіл тарихының, түркологияның маңызын тереңдете түсері сөзсіз [7.67].

Жалпы алғанда қоғамның кешегісі мен ертеңі, тарихи тұлғаның қалыптасуы мен дамуы, тіршілікті тану – барлық адамзаттың мәңгілік мәселелері. Осы тұрғыда түркітанушы ғалым Ә.Құрышжановтың түркологияға қосқан елеулі үлесі – көне түркі жазба ескерткіштерін ғылыми айналымға қосылуына үлкен ықпал етуі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Иманбердева С.Қ. Тарихи ономастикалық кеңістік (X-XIV ғғ. Түркі жазба ескерткіштері негізінде). ф.ғ.д. – Алматы, 2010. – 12-16 б.

Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971.

Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ана тілі. –319 б.

Сауранбаев Н.Т. Некоторые черты древнекипчакского языка // Сб. Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. –Алма-Ата. Ғылым, 1982. –С.254 //Сб. Вестник АН Каз

Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері хақында. Кіт.: Қазақ әдеби тілінің тарихы мен даму жолдары. Алматы: Ғылым, 1981 ж. 97-124 б.

Құрышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». –Алма-Ата: Наука, 1970. -232 с.

Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. - 33- 39 б.

Құрышжанұлы Ә. «Ескі түркі жазба ескерткіштері».

КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫМЕН ТАҢБАЛАУ ЖАЙЫНДА

Жекеева Айгуль Талгатовна

Гуманитарлық ғылым магистрі

Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.,

agu_93.20@mail.ru.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің ширек ғасырынан астам уақытын бастан өткеріп отырған бүгінгі күні үлкен экономикалық қана емес, рухани да жаңғыруды көздеген реформаларға тәуекел жасап отыр. Мұның ел тәуелсіздігінің баяндылығы мен беріктігі үшін маңызы аса зор. Осындай үлкен өркениеттік бетбұрыстарға апаратын жаңғыру мен жаңаруға жол ашатын бастамалардың біріне ұлт көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің бағдарламалық мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (12 сәуір, 2017 жыл) арқылы іске қосқан қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру реформасы жатады.

Қазақ жазуының жаңа әліпбиге көшуін Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен жалпыадамзаттық өркениетке үлес қосқан қазақ мәдениетінің озық үлгілерін сақтай отырып, елдің рухани жаңғыруы, қазіргі жаһандану үрдісіне тереңдеп, әрі ауқымды түрде ену тұрғысынан қарастыру қажет. Елбасының жаһандық бәсекеге қабілетті ұлт болудың үшінші технологиялық жаңғыруына көшудің, яғни ақпараттық және коммуникациялық байланыс технологиялары, оның ішінде, жаппай компьютерлендіру, интернет, ұялы телефон жүйесі, жерсеріктік теледидар т.б. жаһандану үрдісінің технологиялық негізі болып саналады. Аталған технологиялардың ұдайы әрі кеңінен тарауы латын графикасының бүкіләлемдік ақпараттық кеңістікте басым орынға ие болуына алып келері анық.

Латын графикасы қазіргі әлемде ең кеңінен қолданылатын жүйе болып табылады. Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшуі, біріншіден, ұлттың рухани жаңғыруына жағдай жасайды: қазақ тілінің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, тілдің иммундық тетіктерін жаңғыртуға, қайта іске қосуға, екіншіден, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке тиімді түрде енуінің алғышарттарын қалыптастырса, үшіншіден, Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуына мүмкіндік жасайды.

Соңғы кезде қазақ тілінің мәртебесі Отанымызбен қоса, шетелдерде де өскендігін анық аңғаруға болады. Шетелдік қазақтар өздерінің Қазақстанда тұратын отандастарымен қатынасқанда қазірдің өзінде латын жазуына негізделген ақпараттық жүйелерді қолданады. Шетелдіктерге де қазақ тілін үйренуге оңайырақ болады. Қоғамның компьютеризациясы, интернеттің

қолданылуы, батыс мәдениетінің теледидар, кино арқылы ықпалы, еуропалық сапа, талап – осының бәрі біздің қоғамымызды латын әліпбиіне итермелейді. Қазіргі модернизация, инновация, цифровизация заманында қазақ тілін латын графикасына көшіру глобальдық коммуникацияға кіруге мүмкіндік тудырады және еліміздің бәсекелестігін арттырады.

Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол өркениетті шешім, гуманитарлық, рухани, әлеуметтік мазмұнға ие мемлекеттік шара және латын графикасының лингвистикалық жағынан да маңызы салмақты. Қазақ тілінің мемлекеттік статусына лайық қолдануы, жаһандану процесі мен өмірдің компьютеризациясы және ақпараттық технологиялары – осының бәрі латын графикасына көшу мәселесінің маңыздылығын арттырады.

Қазақ тілтанымында өзге тілдерден қабылданған, ауызша /жазбаша коммуникацияға араласқан аталымдар үшін кірме сөз, шетел сөзі, интернационал сөздер, халықаралық терминдер, ксенизм, экзотизм, локализм деген терминдер қолданылып келеді. Аталғандардың арасында терминдік-ұғымдық айырмашылықтар бар. Оларды жинақтап атау мақсатында кірме сөз және шетелдік сөздер деп аталатын терминдер қолданылады.

Қазақ әліпбиін латын негізді графикаға көшіру – қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпби негізінде реформалау проблемасының аса маңызды тұстарының бірі ретінде қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздердің таңбалануы айрықша назар аудартуда.

Көршілес елдермен рухани, мәдени, тарихи байланыстар нәтижесінде *в, ф, х, и, у* дыбыстары тілімізге кірме сөздер арқылы енді. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің қолданылуы жаңа затқа, жаңа ұғымға, жаңа құбылысқа байланысты. Қоғам өмірінің түрлі салаларын қамтитын жүздеген атаулар келді. Қазақ тіл білімінде терминдерді қалыптастыру, қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтарына икемдеу, ана тілінің дыбыстық заңдылықтарын сақтау деген ұстаным бар екені белгілі. Кірме сөздерді латын графикасымен таңбалауда осы қағидаларды мейлінше сақтау керек.

Тіл білімінде шет тілдерінен енген кірме жалқы есімдердің бастапқы дыбыстық-графикалық бейнесін сақтап жазудың үш тәсілі аталады: трансплантациялау, транслитерациялау және транскрипциялау.

Трансплантациялау (лат. *trans* - арқылы, қайта; *plantatio* - өсімдіктерді отырғызу; *transplantare* - ауыстырып салу) – «мәтінге шет тілдерінің сөздерін (атауларды, есімдерді) графикасын сақтай отырып тікелей енгізу» [1, 11]. Бұл тәсіл қазақ тілінде негізінен БАҚ-та, ісқағаздарында, ішінара ғылыми әдебиетте қолданылады.

Транслитерациялау (лат. *trans* - арқылы, қайта; *littera* - әріп) – бір жазудың таңбаларын екінші жазудың таңбаларымен дәл беру. Транслитерациялауда бір жазу жүйесінің әрбір таңбасы (немесе таңбалар тізбегі) екінші жазу жүйесінің бір ғана таңбасымен (немесе таңбалар тізбегімен) беріледі. Транслитерациялау негізінен жалқы есімдер мен географиялық атауларды, әртүрлі саяси және мәдени-тұрмыстық реалийлерді беруде қолданылады. Мұнда әріптердің

сәйкестігі ғана ескеріліп, дыбыстарға көңіл бөлінбейді. Сондықтан транслитерациялау негізінен тілге санскрит, латын, грек сияқты өлі тілдердің сөздерін алғанда қолданылады. Сонымен бірге көпшілік қолдана бермейтін немесе қолданыста қиындық тудыратын әліпбилі тілдердің мәтіндері де транслитерацияланады [2].

Шет тілдерінің сөздері қазақ тіліне негізінен орыс тілі арқылы транслитерацияланатындықтан, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынып келеді. Мысалы, абберрация (лат.aberratio), ультимо (итал. ultimo) және т.б.

Ал қазақ сөздерін (негізінен жалқы есімдер) басқа тілдерге транслитерациялау барысында транслитерацияланатын тілдердің жазу ерекшелігі негізге алынады. Мысалы, Қадырова Әйгерім Ғабитқызы деген адамның аты-жөні орыс тіліне Қадырова Айгерим Ғабитқызы, ағылшын тіліне Qadyrova Aigerim Gabitquzy түрінде транслитерациялануы мүмкін.

Жалпы халықаралық тәжірибеде шет тілдерінің сөздерін белгілі бір тілдің әліпбиі арқылы беруде төрт түрлі графикалық тәсіл (немесе осы тәсілдердің аралас) қолданылуы мүмкін: бір таңбаны бір таңбамен беру; бір таңбаны таңбалар тізбегімен беру; бірнеше таңба тізбегін бір таңбамен беру, бірнеше таңба тізбегін бірнеше таңба тізбегімен беру.

Қазақ әліпбиін латын қарпі негізінде реформалау мәселесі бойынша шет тілдерінен термин қабылдау мәселесі қайта қарауды талап етеді. Осы орайда стандартталған бірыңғай қазақ ұлттық әліпбиін қабылдау және терминдерді қабылдау қағидаттарын қайта қарап, жетілдіру яғни негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелеріне түпкілікті нүкте қою [3].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Гиляревский Р.С., Старостин Б.А. Иностранные имена и названия в русском тексте: Справочник 3-е изд., испр. и доп – М: Высшая школа, 1985.-303 с.
- 2.Зиндер Л.Р. Общая фонетика. 2-е изд. – М: Высшая школа, 1979. – 297 с.
- 3.Халықаралық терминдерді латыннегізді әліпбиде транслитерациялау және транскрипциялау тәжірибесі. С.Құлманов

БАШКОРТ ТЕЛЕНДӘ ЭКВИВАЛЕНТЪЫЗ ЛЕКСИКА ПРОБЛЕМАҒЫН ӨЙРӘНЕУ ТАРИХЫНАН

Э.Нарбулатова

БДУ-ның 4 курс студенты

Ғилми етәксеһе – филол.ф.д., проф. Г.Р. Абдуллина

Башкортостан Республикаһы, Өфө к., Башкорт дәүләт университеты

«Лексика һүзе грек теленең lexikos «һүз» тигән һүзенән яһалып, һүзлек составы, һүззәр йыйылмаһы мәғәнәһен аңлата. Лексика тип ниндәй зә булһа конкрет бер телдең һүзлек составын да, теге йәки был языусы йәки әсәр телендә булған

һүззәр йыйылмаһын да атайзар. Мәсәлән: башкорт теленә лексикаһы, Мостай Кәрим лексикаһы, «БҮҫһүз» романының лексикаһы һ.б.» [6].

Эквивалентһыз лексика – айырым халықтың мәзәниәтен күрһәтәүсә һүззәр. Реалийзар – бер халыкта булып, икенсә халыкка бөтөнләй сит булған һүззәр. Бындай һүззәрҙе милли-специфик һүззәр тип атарға мөмкин. Ғалимдар араһында лингвокультурологияның статусы (үз аллы дисциплина йәки лингвистика тармағы), лингвокультурологик тикшеренәү предметы һәм ысулдары тураһында берҙәм караш юк. Дөйөм кабул ителгән лингвокультурологик тикшеренәүҙәр билдәләмәһе булып телдә мәзәниәт менән тығыз бәйләнештә өйрәнәү һанала. Теге йәки был телдә һөйләшеүселәрҙең донъяға карашын күрһәтәүсә иң билдәле материал булып фразеологизмдар һәм паремиялар тора. Айырым концепттарҙың лингвокультурологик үзенсәлектәрен асыҡлауға арналған тикшеренәүҙәр зә бар; бындай эштәр матур әҙәбиәт тексттарына нигезләнә.

Е.М.Верещагин карашы буйынса, эквивалентһыз лексика – ул «тәржемә менән тәртипкә һалынмаған, йөкмәтке планы менән икенсә телгә килешмәгән һүззәр». Шуға ла «эквивалентһыз лексика» төшөнсәһе үзенә эквиваленты булмауын ғына түгел, ә милли мәзәниәт сағылышы юклығын сәбәбен үз эсенә ала [2].

Л.К. Латышев эквивалентһыз лексиканы реалий-һүззәргә, ваҡытлыса эквивалентһыз төшөнсәләргә, капыл алынған эквивалентһыз экзотизмдарға бүлә [4].

Эквивалентһыз реалий-һүззәр булыуы ошо телдә һөйләшеүселәрҙең төрлө төшөнсәләргә тәржемә итеү тәжрибәһе юклығынан да тора.

Билдәле бер өлкәлә, ижтимағи сферала фәнни қазаныштарҙың тигеҙһез таралышы аркаһында ошо телдә һөйләшеүселәр өсөн яңылыҡтарҙың һуңлап килеп етеүе лә эквивалентһыз һүззәрҙең артыуына сәбәпсә булырға мөмкин. Күпмелер ваҡыттан һуң улар эквивалентһыз булыуҙан туктай. Был күренеш *ваҡытлыса эквивалентһыз һүззәргә* қағыла.

Ә төрлө сәбәптәр аркаһында бер ниндәй зә атама алып өлгөрмәгән һүззәр *капыл килеп сыккан эквивалентһыз һүззәр* тип атала.

А.О. Иванов эквивалентһыз лексиканы өс зур төркөмгә бүлә. Улар иҫәбенә түбәндәгеләр карай: 1) терминдарҙы, индивидуаль неологизмдарҙы, семантик лакундарҙы (телдә лексик системала теге йәки был төшөнсәне аңлатыу өсөн һүззәрҙең дефициты) үз эсенә алған *референциаль-эквивалентһыз* төркөм, 2) қысқартылған текстарҙы, ымлыҡтарҙы, дөйөм тел нормалары сиктәренән сығыу менән характерланған *прагматик-эквивалентһыз* төркөм һәм яңғызлыҡ иҫемдәрҙе, өндөш һүззәрҙе, фразеологизмдарҙы берләштергән *альтернатив-эквивалентһыз лексика* [3].

Башкорт тел ғилемдә эквивалентһыз лексика проблемаһын өйрәнәүгә үз өлөшөн индергән хезмәттәргә тукталайыҡ.

Башкорт теле һәм әҙәбиәте белгесе, фольклорсы, этнограф, тарихсы Ғ.Ф. Вилданов — заман һулышын еткергән китаптары һәм ваҡытлы матбуғат биттәрендә сыккан мәкәләләре менән үзен күп қырлы һәм алдыңғы қарашлы

ғалим буларак таныта. Ул башкорт телен өйрәнеүгә зур өлөш индерә. Башкорт телен ғәмәлгә ашырыу буйынса комиссия инструкторы булып эшләү осоронда тел ғилеменәң актуаль мәсьәләләре буйынса күп һанлы мөкәләләр һәм һүзлектәр баһтыра, дәреслектәр сығарыуға әүзем катнаша. 1924 йылда Ғ.Ф. Вилданов йәнле халык теленән язып алынған һүззәрзе туплап, аңлатмалары менән уларзы “Белем” журналында баһтыра. Ләкин был һүзлек әле башкорт телен бөтә байлығында күзалларға мөмкинлек бирмәй, сөнки ул күләме яғынан бик бәләкәй, бөтәһе 40 һүз килтерелгән. Ғалим Нурлығзәм Таһиров тарафынан был һүзлеккә рецензия ла язылған. Ул башкорт теленәң бөтә нескәлектәрен белгәнгә күрә, һүзлеккә төплә анализ яһай, үз фекерзәрен миһалдар менән нығыта. Дөйөмләштереп карағанда, Ғ.Ф. Вилдановтың хезмәте, хаталары булыуына карамаһтан, башкорт теленәң тәүге аңлатмалы һүзлеге булыуы менән әһәмиәтле.

1927 йылда нәшер ителгән “Эш атамалары (терминдәре)” исемле терминологик һүзлек алда телгә алынған хезмәткә карағанда зур үзгәреш кисергән. Китапта бөтәһе 1762 һүз тупланған, терминдар ике телдә – русса һәм башкортса – бирелә. Бында рус теленән үзгәртелмәй алынған терминдар күп кенә булыуға карамаһтан, ғалим башкорт һүззәрен мөмкин тиклем күберәк кулланырға ынтыла. Бында 1921-1923 йылдарға үзе, К. Туйкин һалған миллилек концепцияһынан ситкә тайпылмаһка ынтылыу һизелә. Мәһәлән, терминды үзгәртмәйенсә, шул килеш тә һәм уның башкортса вариантын да биреү үрнәге: *автономия – айрат, (автономия), авангард – алғасты (авангарт), администрация – идара бүлеге, (администратсийә), актив – йөгәр (актив), бюджет – килем-сығым (бюджет), забастовка – эш ташлау (забастовка)* һәм башкалар.

Һүзлектә күпләп аббревиатуралар биреү күренешә күзәтелә. Мәһәлән, *АБССР – АБССЙ, РСФСР – РСФСР, ВЦИК – ВТСИК (Бөтә Рәсәй үзәк башкарма комитете), ГПУ – КПУ, Башобком ВКП(б) – ВКП(б)-ның башөлкә комитете, Башобком ВЛКСМ – ВЛКСМ-дың башөлкә комитете, Башноркомфин – Малийә халык комиссарлығы, Башнаркомздрав – Башһаулык һаклау халык комиссарлығы, Башнаркомсобес – Башһжтимағи тәһминәт халык комиссарлығы, Башсельсоюз – Башһауыл хужалығы берәмеге* һәм башкалар.

Айырым урындарға автор рус телендәге аббревиатураларзы башкорт теленә тулыһынса тәржемә итә. Мәһәлән, *БСНК – Башкорт халык комиссарзлары сәүите (шураһы), БЦСНХ – Баш үзәк халык хужалығы сәүите*. Был аббревиатуралар башкорт теленә рус теленәң ныклап йөгөнтә яһай башлауын сағылдырыуы миһал булып тора. Башкорт әзәби телендә һәм терминологияһында артабан был күренеш ныклап урын ала. Мәһәлән, башкорт телендәге аббревиатураларға кағылышылы профессор Э.Ф. Ишбирзин түбәндәгеләрзе яза: “Өйтергә кәрәк, кыһкартылған һүззәр һәм аббревиатуралар төрки телдәре өсөн хас күренеш түгел, улар башкорт әзәби телендә рус теле йөгөнтәһә нигезендә тик 1920 йылдар урталарында ғына күренә башлай.

Кағизә буларак, кушма атамалар башкорт теле тарафынан калька йәки ярим калька итеп, ә уларзың кысқартылған формалары һәм аббревиатуралары үзгәртеп кабул ителгәндәр: юғары укыу йорто – высшее учебное заведение, ләкин уның аббревиатураһы – вуз; коллектив хужалык – коллективное хозяйство, ләкин уның кысқартылған варианты – колхоз; Коммунистик йәштәр союзы – Коммунистический союз молодежи, ләкин уның кысқартылған формаһы – комсомол һәм башкалар. Тик һирәк осрактарза ғына, бигерәк тә халык-ара ойошмаларзың һәм кайһы бер илдәрзең атамалары өсөн, тулы калькаларзан һәм ярим калькаларзан кысқартыузар кулланыла: Америка Кушма Штаттары – Соединенные Штаты Америки, аббревиатураһы – АКШ; Берләшкән Милләттәр Ойошмаһы – Организация Объединенных Наций, аббревиатураһы – БМО”.

Башкорт тел ғилемдә эквивалентһыз лексиканы Л.Х. Сәмситова ентекле өйрәнә, ошо темаға кандидатдык диссертацияһы яклай. Ул үзенә “Башкорт мәзәниәте реалыйзары” һүзлегендә башкорт теленә эквивалентһыз лексикаһын 24 төркөмгә бүлеп жарай. Эквивалентһыз лексика халыктың үзенә генә хас булған тормош һәм көнкүреш үзенсәлеген, менталитетын, йолаларын, ғөрөф-ғәзәттәрен сағылдыра һәм билдәле милләт тураһында мәғлүмәт алыуға ярзам итә, тип иҫәпләй ғалимә.

Л.Х. Сәмситова фекеренсә, эквивалентһыз лексика – ул телдә сағылыш тапмаған һүзәр-төшөнсәләр, конкрет милләттең тел доньяһы күрһәткесе. Мәсәлән, рус телендә булмаған «старший брат», «младшая сестра» тигән махсус һүзәр һәм, киреһенсә, башкорт телендә булмаған йәшкә кағылмаған һүзәр һәм төшөнсәләр: «брат», «сестра». Тап шул лексик күренештәрзә кеше аңында теге йәки был милләттең әһәмиәте сағыла һәм һәр милләттең үзенсәлеге күрһәтелә [5].

Был лексик катлам икенсе телдәргә тәржемә ителмәй һәм бирелгән һүзе менән, йәғни тасуири метод менән еткерелә. Тасуири метод – ул һүзәрзең лексик формаларының айырмалылығы. Ошондай лексиканы икенсе телдәрзә үзенә коннотациялары менән айырылып торған лексика тип атайзар. Реалый – бер халыкта булып, икенсе халыкка бөтөнләй сит булған һүзәр. Бындай һүзәрзе милли-специфик һүзәр тип атарға мөмкин. Реалыйзарзы билдәләй торған һүзәр эквивалентһыз лексика иҫәбенә инә. Улар башка телдәргә тәржемә ителмәй, шуға күрә тәржемәселәргә тасуири метод кулланырға тура килә. Мәсәлән кәләпүш – каляпуш (катын-кыззарзың баш кейеме).

Эквивалентһыз лексика шулай ук төшөнсәләр аша асыклана. Мәсәлән, Л.Х. Сәмситованың “Башкорт мәзәниәте реалыйзары” һүзлегендә география, тәбиғәт күренештәренең атамаларын аңлата: **ләйсән** – первый весенний дождь, **акмантокман** – поздний весенний буран с мокрым снегом, **урт** – полость между зубами и щекой; башкорт халкының милли аштары: **бишбармак** – башкирское национальное кушанье из мелко накрошенного мяса и квадратно нарезанной лапши, приправленное крепким бульоном, луком и перцем, **буза** – напиток; **катык** – сквашенное молоко; кешеләрзең көндәлек аралашыуында

кулланылган һүззәр: **абау** – 1) выразить боль, испуг, 2) выражает чувство восхищения, удивления, **ай-бай** – ну и ну, ну и хорош же ты, **афарин** – выражает одобрение чьих-либо действий, слов и т.п.: Bravo! Здорово! Молодец! Эквивалентһыз лексика барлыкка килеүе төрлө аспекттарзан тора. Ул:

тәржемә ителгән телдә һөйләшкән халыктың тормошонда теге йәки был предметтың булмауы;

тәржемә ителгән телдә шундай ук төшөнсә юклығы;

лексик-семантик характеристикаларының окшашмағанлығы;

Реалийзар – ул бер халыкка ғына хас матди һәм рухи тормошка характерлы күренештәр. Телдә эквивалентһыз лексика йәшәп килеүзең сәбәбе булып теге йәки был халыктың доньяға үзенсәлекле карашы булыуы тора. Һәм ул төрлө телдәрзә төрлө, яңы мәғәнә ала.

Эквивалентһыз лексика үсешенә Ф.Ф. Хисамитдинова ла өлөш индерә. Уның мөхәррирлегендә сыжкан ун томлык “Башкорт теленең академик һүзлеге” – башкорт лексикографияһы тарихында беренсе аңлатмалы-тәржемәүи һүзлек. Һүзлек, нигеззә, хәзерге башкорт теленең дөйөм кулланылышлы лексикаһын, фразеологияһын үз эсенә ала. Бынан тыш, һүзлеккә киң таралған диалектизмдар, искергән һәм яңы һүззәр, халык һәм фәнни терминология, яңғызлык исемдәр индерелгән. Шулай ук һүзлектә эквивалентһыз лексиканың бирелеше лә хуплауға лайык [1].

Дөйөмләштереп әйткәндә, тел ғилемендә эквивалентһыз лексика проблемаһын өйрәнәүсе ғалимдар бик үк күп булмаһа ла, бар. Был йәһәттән башкорт тел ғилемендә махсус кандидатлык диссертацияһы якланыуы, һүзлек сығарылыуы – бик тә ыңғай күренеш.

Әзәбиәт

Башкорт теленең академик һүзлеге: 10 томда / Ф.Ф. Хисаметдинова редакцияһында. – Өфө: Китап, 2011.

Верещагин Е.М. Язык и культура. – М.: Русский язык, 2000.

Иванов А.О. Безэквивалентная лексика. – Спб.: Типография издательств СПбУ, 2006.

Латышев Л.К. Перевод: теория, практика и методика преподавания. – М.: Просвещение, 1988.

Самситова Л.Х. Реалии башкирской культуры. Словарь безэквивалентной лексики башкирского языка. – Уфа: Китап, 1999.

Әхтәмов М.Х. Хәзерге башкорт теле. Лексикология, Фразеология, лексикография: Укыу кулланмаһы. – Өфө: Башкорт дәүләт университеты, 2002.

ЖАҢА ӘЛПБИ: КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ

Исакова С.С.

Ф.ғ.д., профессор

Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ұлттық болмысты сақтау мен жаңғырту, қазақ тілін табиғи қалпына келтіру жолындағы аса маңызды қадам – қазақ әліпбиін латын негізіне көшіру бірнеше жылдан бері талқылана келіп, биылғы жылы Елбасы Жарлығымен бекітілді. Жаңа әліпби тек таңбаларды ауыстыру ғана емес, бастысы – қазақ ұлтының рухани жаңғыруы үшін барынша икемді, тиімді жолдардың бірі екенін қалың жұртшылық терең түсініп, жоғары саналылықпен қабылдауда.

Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру бағытындағы жұмыстардың ең негізгісі- емле ережелерін жасау. Қазіргі жағдайда емле қағидаларын қалыптастыруда қазақ сөзінің құрамындағы кірме терминдердің таңбалануы мұқият талдауды қажет етеді. Кірме терминдер тілдік жүйелер арасындағы белсенді қарым-қатынастың нәтижесі болып саналады. Тілдік жүйенің кірме қабаты сол тілді қолданушылар арқылы жүзеге асып отырады. Осы тұрғыдан кірме сөздерге төмендегідей анықтама беруге болады:

Кірме сөздер деген - тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, [сөз тіркестері](#), [жұрнақтар](#) т. б.). Бұл жердегі әңгіме – кірме сөздер дегеніміз не? - дегендікте емес, оларды қалай қабылдау керектігінде болып отыр.

Шет тілінен сөз қабылдауды Эйнар Хауген былайша сипаттайды: «Попытку говорящего воспроизвести в одном языке навыки, усвоенные им в качестве носителя другого языка» [1,345].

Көптеген авторлар шет тілінен сөз қабылдағанда ол сөздер өздері енген тілге жан-жақты бейімделуге жақын тұратындығын айтады. Мәселен, Я.П.Крысин шет тілінен сөз қабылдау процесін бір тілден екінші тілге түрлі элементтердің енуі деп түсінеді. Автордың «түрлі элементтер» деп отырғаны – тілдің басты-басты құрылымдары: фонетика, лексика, морфология, синтаксис т.б [2,19].

Біз болсақ, сөз қабылдау дегенді жаңа ұғымдар мен түсініктерді атау үшін өзге тілдің сөздік қорынан сөз алу деп түсінеміз. Кез келген тілде сөз алмасу мейлі ол әдеби тілде болсын, терминологиялық жүйеде болсын заңды құбылыс. Жоғарыда айттық, мәселе сөз қабылдауда емес, мәселе олардың тілімізге қалай қабылдануында болып отыр. Осыған орай кірме терминдерді еуропа тілдері қалай қабылдап жүр деген мәселеге жауап іздеп көрелік.

Ең алдымен, біз «халықаралық терминдер» деп аталып кеткен ұғымға аздап тоқталайық.

Ағылшын тілінде интернационализм немесе халықаралық сөздер деп мағынасы мен шығу төркіні жағынан ұқсас болып келетін кірме сөздерді атайды. Бұл сөздер бірнеше тілдердің ұзақ уақыт өзара байланыстарының нәтижесінде пайда болады. Айтылуы мен жазылуы бірдей болғандықтан олар бірнеше тілдер арасында түсінікті болады (И.В.Арнольд).

Тілші ғалымдар арасында сөз немесе термин "халықаралық" мәртебеге ие болуы үшін неше тілде қолданылуы керек, қандай тілдердің сөздері "халықаралық" сөздер қатарына ене алады? деген сұрақтар пікірталас тудырып жүр. Бірақ оған әлі күнге нақтылы жауап берілген жоқ. Орыс тілінде

интернационализмдерге «әр түрлі тілдерде бірдей мағына беретін, бірақ әр тілдің заңдылығына сай рәсімделетін халықаралық лексикалық қор» [3, 131] деген анықтама берілген. Қазақ тіліндегі халықаралық терминдер деп жүрген лексикалық бірліктеріміз жоғарғы анықтамаға сәйкес келмейді.

Қазақ тіліне шеттен енген сөздерге қазақша балама іздей бастасақ, «жоқ, бұл халықаралық термин, оны қазақшаға аударуға болмайды» деп шыға келеміз. Ал шындығында, «халықаралық терминдер дегеніміз қандай сөздер»? – дегенге Республикамыздағы белгілі терминолог Байынқол Қалиұлы былай дейді: «Халықаралық терминдер дегеніміз – арғы тегі латын, грек сөздері негізінде пайда болған еуропа тілдерінің сөздері. Ол сөздер орыс тіліне еніп, орыс тілінің тілдік заңдары бойынша азды-көпті өзгерістерге түсіп, қалыптасқан. Бұл сөздер қазақ тіліне (түркі тілдеріне де) енген жағдайда, «олар ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылуы, қалай жазылса солай жазылуы керек» деген талап қойылады. Сондағы дәлелі: бұлар – дүниежүзі халықтарына ортақ сөздер».

Ал шындыққа келсек, «халықаралық терминдер» деген термин жоқ. Болса, оладың ішінде ең құрығанда қытай, жапон, араб, парсы тәрізді шығыс халықтарының немесе түркі халықтарының бір-екі сөзі жүретін еді ғой,- дей келіп, ғалым: «Термин дегеніміз – бар болғаны кез келген тілдегі ғылыми ұғымдардың атаулары ғана. Әр халық ғылыми терминдерді өздерінің ұлттық тілдері негізінде өздері жасап алулары керек» деп түйіндейді [4].

Орыс ғалымы М.М. Маковский халықаралық терминдердің бар екеніне күмән келтіреді [5,168]. Француз ғалымы Марион Казула: халықаралық терминдер деп жүргеніміз экономикасы, ғылымы мен білімі басым елдің тілінің үстемдік етуі нәтижесінде пайда болған кірме сөздер; халықаралық термин немесе сөздер дегеніміз шартты атау,- дейді. Гилад болса, Цукерманның «иврит тілі үшін халықаралық терминдер ағылшын, француз, неміс, орыс, поляк тілдері ғана бола алады» деген пікірін сынайды [6, 3].

Келтірілген пікірлерден шығатын қорытынды біреу ғана: ол - халықаралық терминдер деген атаудың шартты екендігі. Халықаралық терминдерге төркіні тек грек-латын тілдерінен шыққан сөздер ғана жатқызылады екен.

Француз тіліне енген кірме терминдерді қабылдау қағидаттарына назар салғымыз келеді. Бұл туралы Christiane Loubier "Politique de l'emprunt linguistique" (2017) (Кірме сөздерді қабылдау саясаты, "De l'usage de l'emprunt linguistique" (Кірме сөздердің қолданысы туралы" (2011) деген еңбектерінің мәні ерекше.

"Кірме сөздерді қабылдау саясаты" еңбегінде кірме терминдерді қабылдау қағидаттары нормативті және негізгі болып екіге бөлінеді:

1. *Нормативті қағидат.* Кірме терминдерді қабылдауда, өзгертуде француз тілінің нормасы басшылыққа алынады.

2. *Негізгі қағидаттар.*

1. **Тіл сөйлермендерінің тілдік күзіреттілігін жақсарту.** Тіл сөйлермендерінің қоғамдық өмірдің барлық саласында француз тілі сөздерін, сөз тіркестерін,

терминдерін кеңінен қолдануына жағдай жасау, ол сөздер кірме сөздерге балама болуы тиіс.

2. **Француз тілінде жаңа сөз жасауға ынталандыру.** Жаңа сөз жасау тілдік жоспарлаудағы маңызды тәсіл болып саналады. Француз тілі өзінің тілдік жүйесінің өміршеңдігін үнемі дәлелдеп отыруы тиіс.

3. **Кірме сөздерді тілді байыту құралы ретінде мойындау.** Кірме сөздерді тиімді пайдалану тілдегі термин мәселесін шешуге ықпал етеді. Сол себепті де кірме сөздерді қабылау саясаты жасалынған және заңдастырылған терминдерді пайдалануға мүмкіндік беретінін мойындауымыз керек. Сонымен бірге кірме терминдердің тілдік жүйені байытуға, кеңейтуге ықпал ететіндей әлеуеті болуын ескеру қажет. Мұның барлығы кірме сөз тілге енбес бұрын анықталуы шарт.

4. **Кірме сөздердің тілге бейімделуі.** Француз тіліне енген кірме сөздердің барлығы графикалық, морфологиялық, лексикалық және т.б. тілдік бейімделулерден өтуі тиіс. Мысалы: кірме сөздердің жазылуын француз әліпбиіне бейімдеп, шет тілінің таңбаларын алып тастап, жеңілдетіп қабылдау (*canyon, pina colada*) немесе француз тіліне тән емес дыбыс қатарларын қысқарту (*naan* емес, *nan...*), кірме графемаларды ауыстыру арқылы (*cheikh* емес, *cheik; malström, maelström емес, malstrom, banca емес banque*) дауысты е дыбысының ашық не жабық айтылуын білдіретін *è* (accent grave), *é* (accent aigu) диакритикалық таңбаларды қосу (*allégro, anthropocène, pérestroïka*), екпінді өзгерту (*autographe, soprano*); кірме сөздердің жекеше және көпше түрлерін француз тілінің нормасына сай өзгерту (*soprani* емес, *sopranos*); француз тілінің деривациялық үлгісіне салып, кірме сөздерден туынды тіл бірліктерін жасау: кірме сөздің соңы *-er* аяқталған жағдайда, оған *-eur; -euse (footballeur, globe-trotteur, rockeur)* жалғау, кірме сөздің соңы *-ing* аяқталған жағдайда, оған *-age* немесе *er (aquaplanage, couponnage, jogger)* қосымшасын жалғау; - шет тілінен енген сөз бөлек жазылса, оны біріктіріп жазу (*chiche taouk емес chichetaouk*) т.б. Енді чех тілінің кірме терминдерді қабылдау тәжірибесіне көз салайық. Чех тілі де кірме сөздер мен терминдерді қабылдауды аса сақтықпен, мұқияттылықпен іске асыратын еуропа тілдерінің бірі. Чех ғалымы П. Хаузер кірме терминдерді қабылдаудың үш тәсілін атап көрсетеді. Олар: 1. **Деривация** (чех. Дериваце), яғни бастапқы тіл бірліктерінен басқа туынды тіл бірліктерін жасау; 2. **Аббревиация** (чех. Абреваце), кірме сөзді қысқарту арқылы жаңа сөз жасау; 3. **Композиция** (чех. Композице), сөз қосу. Мысалы, грек-латын тілінен *akademie-* греч. Ἀκαδημία, *katedra-*лат. cathedra, *autor*; медицинада *puls-* лат. pulsus, заң саласында *proces-* лат. processus, *generál-*лат. generalis, *tragédie-* греч. τραγῳδία, *poezie-* греч. ποιησις, *drama-* греч. δρᾶμα).

Француз тілінен *blůza-* фр. Blouson, *manžeta* - фр. manchette, *salón-* фр. *salon*, *bujón-* фр. bouillon; Испан тілінен *armáda-* исп. *armada*; Италиян

тілінен tempo- ит. *a tempo*, duet- ит. *Duetto*, soprán- ит. *soprano*; Ағылшын тілінен hokej- англ. *Hockey*.

Жоғарыда берілген мысалдардан қандай тіл болмасын, кірме терминдерді қабылдау қағидаттары ең алдымен ұлттық тілдің мүддесін көздейтіндігі анық байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі сияқты кірме терминдердің, сол терминдер енген тілдердің мүддесін бірінші орынға қоятын тілді кездестіру мүмкін емес. Бұлай дейтін себебіміз, біз кірме терминдерді орыс тілінде қалай дыбысталса, солай дыбыстап, қалай жазылса, дәл солай етіп жазу үшін әліпбиімізге тілімізде жоқ дыбыстарды енгіздік. Ол аз болғандай, халықаралық терминдерді аударып, тілімізге бейімдейтін болсақ, «өркениеттен кеш қаламыз, ғылым мен техникамыз дамымайды, қазақ тілін ешкім үйренгісі келмейді» деген жаңсақ пікірлерді көлденең тартатын болдық.

Қазақ тіл білімінің білгірі, профессор Б. Қалиұлы: Шет тілдерінен келген сөздерді ешбір өзгеріссіз соламайымен ала беретін болсақ, қазақ тілі үндестік заңына негізделген жалғамалылық тілдер құрамынан шығып, флективті тілдер құрамына ауысып кетеді, - деп, өзінің жан айқайын әрбір үш мақаласының бірінде қайталайды. Бұл пікірде үлкен мән бар. Егер ол пікірге құлақ аспасақ, қазақ тілін дамытамыз деп жүріп, оны жоғалтып алуымыз әбден мүмкін.

Халықтар арасындағы мәдени-экономикалық байланыстар тілдегі сөз алмасу үдерістеріне ықпал ететіні сөзсіз. Ол дыбыстық, морфологиялық, семантикалық деңгейде көрінуі мүмкін. Бірақ бұл ықпалдың шегі болуы керек. Әрбір тілдің өзіндік тарихи даму жолы және сол жолмен байланысты қалыптасқан нақты тілдік формалары бар. Оны бұзу, сақтамау тілдің жойылуына әкелері сөзсіз. Дүниежүзіндегі ең кең тараған тілдердің мақсаты да сол, аз ұлттар тілдерін жойып, ортақ тіл жасау.

Халықаралық тіл жасау деген мәселені көтеріп жүргендер де аз емес, бұл өз алдына бөлек сұрақ. Осы орайда белгілі ғалым Эдуард Сепир (Edward Sapir écrit: «Le langage est probablement le plus indépendant, le plus massivement résistant de tous les phénomènes sociaux» [7,146] (*аудармасы*: "Тіл – барлық әлеуметтік құбылыстардың ішіндегі ең тұрақтысы және ең тәуелсізі") деп атап көрсетеді.

Сондықтан біз үшін тіліміздің қазақи табиғатын сақтап қалу мәселесі – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл тұрғыдан жазуымызды латын қарпіне көшіру кезінде кірме сөздеріміз бен терминдеріміз қалай жазылады деген сұрақ туындауы сөзсіз. Жаңа қабылданған төл дыбыс таңбасымен халықаралық терминдерде де үндесімге бағынып жазылуы тиіс. Орыс тілі арқылы енген кірме терминдерді қайта електен өткізіп, оларды түпнұсқа тіл негізінде жазу басшылыққа алынуы қажет. Олай етпесек орыс орфографиясының нормасына жүгіну сол бойдан қала береді. Мәселен, химия араб. كيمياء – *himie*, физика – греч. φύσις *fizike*, техника – греч. τεχνικός *tehnike*, т.б. болып жазылуы тиіс.

Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген латын суффикстері екені белгілі. Мысалы, -ция – -sion/-tion деген латын жұрнағы, ол

орыс тіліне presentation, construction, action деген сияқты сөздердің құрамында келген. -ist, -ism, -al жұрнақтары да pianist, physicist (физик), abstractionism (абстракционизм), central, formal сөздерімен енген. Ал жаңа қазақ жазуында түпнұсқа тілдегі жазылуы бойынша таңбаланғаны жөн. Бұл түрік тіліндегі терминденуге де сәйкес келеді. Мысалы, түрік тілінде филологиялық терминдер я аударылады, я түпнұсқаға жақындатылып жазылады: morfoloji, fonetik, fonem, grafikler, transkripsiyon. Сонда қазақ тіліндегі жұрнақтар -ция, -изм емес, -sion, -ism болып жазылу және айтылу керек.

Әдебиеттер

1. Хауген Э. Процесс заимствования // Новое в лингвистике. - М.; Прогресс, 1972, - Вып. 4. – С.344-383.
2. Крысин Л.П. Иноязычные слова в современном русском языке. - М.: Наука, 1968-208с.
3. Матвеева Т.В. Полный словарь лингвистических терминов. -Ростов н/Д: Феникс, 2010. -562 с.
4. Қалиев Б. Халықаралық терминдерді неге аударуға болмайды?!//Жас Алаш республикалық газеті. 29 қаңтар, 2018 жыл.
5. Маковский М.М. Теория лексической аттракции. -М., 1971. 250 с.
6. Marion Casula. L'emprunt linguistique// Compte-rendu de lecture. Méthodologie (SCL A08). Licence 1. AMU. Faculté ALLSHS d'Aix-en-Provence.10.11.14
7. Sapir, E. (1921). Chapitre 9 : Comment les langues s'influencent réciproquement. In : Le langage (pp. 137-146). Paris : Payot.
8. Derooy, L., L'Emprunt Linguistique. Cahiers de l'Institut de Linguistique de Louvain, Société d'Édition « Belles Lettres »1980
9. Pergnier, M., 1989, Les anglicismes.1re édition. Presses Universitaires de France, Paris
10. Maurais Jacques, ÜProblÄmatique de l'emprunt lexicalá, in Travaux de terminologie et de linguistique I, QuÄbec, 1982, pp. 87-106.
11. Touratier Christian, ÜLes problÑmes de l'empruntá, in L'emprunt, Aix-en-Provence, UniversitÄ de Provence (Coll. Travaux, 12, Cercle linguistique d'Aixen-Provence), 1994, pp. 11-22.

РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ ЛАТИНИЦЫ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Кенесов Е.К

АРГУ им. К.Жубанова, г.Актобе

ekenesov@mail.ru

В последние два десятилетия вопрос разработки и внедрения казахского латинизированного алфавита стал одной из активно обсуждаемых в Казахстане тем, вызывающей искренний интерес, сопереживание и равнодушную

позицию нашего гражданского общества в вопросах дальнейшего развития культурного строительства нации в целом. Сегодня, когда минуло чуть больше года с даты 27 октября 2017 года, когда, согласно пресс-службе Президента Республики Казахстан, Глава государства Н.А.Назарбаев поручил подготовить указ об утверждении проекта казахского алфавита, основанного на латинской графике [1] задача усовершенствования и подготовки общества к внедрению казахской латиницы осуществляется согласно намеченному плану.

В интервью изданию *Forbes.kz* политолог Расул Жумалы выделил три принципа, которые легли в основу казахской латиницы: 1. алфавит должен быть удобным, легким в написании и чтении, а также в полной мере отображать фонетические особенности казахского языка; 2. по возможности надо придерживаться принципа «один звук — один знак». В казахском языке **28 звуков**, но при этом **42 буквы** на кириллице; 3. надо постараться уместить алфавит в существующую QWERTY-клавиатуру без включения дополнительных символов. Но третье условие не являлось принципиальным, и если возникнет противоречие между подходами, приоритет будет отдаваться первым двум [2]. В вопросе внедрения казахской латиницы Президент РК акцентировал внимание на важности поэтапного и системного перевода государственного языка на латиницу: *«С 2018 года нужно начать подготовку кадров для преподавания нового алфавита и подготовку учебников для средней школы. Планируется, что к 2025 переход на латинский алфавит произойдет во всех сферах казахстанского общества»* [1]. И если прошлый 2017 год прошел в широких обсуждениях выдвинутых вариантов казахской латиницы, то в 2018 году республика предприняла первые шаги по практическому изучению общественного мнения относительно того или иного написания казахских слов на латинице и подготовке к ее внедрению. Ряд общественных акций, как Общенародный диктант на латинице, проведенный в стране 14 ноября 2018 года с целью популяризации нового казахского алфавита и овладение практическими навыками письма на основе латинской графики [3], первая в Казахстане апробация новых правил правописания казахского языка на основе латинской графики, проведенная 20 июля 2018 года в учебно-оздоровительном центре "Балдаурен" в Акмолинской области, когда более 300 ученикам 6-9 классов, приехавшим на летний отдых, предложили пройти тестирование и помочь учёным-лингвистам выявить орфографические проблемы нового алфавита [4], а также запланированные апробации казахской латиницы в пяти школах столицы Казахстана, города Астаны [3] оказывают действительную пользу в разработке наилучшей модели нашей латиницы. Так, в ходе апробации в учебно-оздоровительном центре "Балдаурен" учащимися были выявлены некоторые пробелы и подсказаны более подходящие варианты написания казахских слов учащимися. Один из них - ученик 8 класса из Алматы Айтен Бексултан. Он отметил ряд слов, которые были для него неудобными, и предложил варианты написания. По словам учащегося слово "циркуль" пишется через начальную "s", что вызывает неудобство при чтении. Получается *sirkul*, но если поставить перед "s" "t", то будет легче – "ts". Также Айтен отметил трудности со словами *Ashat*, *Ashana*, которые в предложенном варианте читаются как "Ашат" и "Ашана", вместо Асхат и Асхана. Предложение учащегося по этому поводу связано с введением какого-нибудь

знака, как в арабском языке [4]. Нетрудно заметить, что в данном случае сказалось определенное владение Айтеном Бексултаном английским языком, вызвавшее явление языковой апперцепции, т.е. влияния сложившихся стереотипов в сознании индивида на восприятие информации. Психологи определяют апперцепцию как обусловленность содержания и направленности восприятия знаниями и предшествующим опытом человека, его сложившимися интересами, взглядами и отношениями к окружающей действительности [5]. Стереотип в данном случае возник в связи с прочтением диграфа “sh” как звука «ш» -- нормой, действующей для английского языка, и перенесенной на казахский язык. Конечно же, последнее слово в вопросе изменения нормы написания казахских слов, содержащих сочетание звуков «с» и «х», остается за специалистами, однако здесь похвально единое стремление привести наш латинизированный алфавит к наиболее удобоваримой форме.

Заслуживающим внимание в вопросе обучения письму на основе казахской латиницы хочется отметить и небольшой, но положительный опыт «Центра активного долголетия», созданного в рамках пилотного проекта Алматинского областного акимата летом 2018 года. Задачей центра явилось создание для людей, достигших пенсионного возраста, условий, благодаря которым они чувствовали бы себя социально нужными людьми, что стимулировало бы их активное отношение к жизни и, соответственно, желание отодвинуть временной порог возрастной физической немощи и деменции. В рамках проекта предусматриваются различные культурно-развлекательные, оздоровительные, обучающие программы и др. мероприятия. Одна из обучающих программ связана с казахской латиницей. Надо признать, что некоторые из слушателей выказывают неуверенность в том, что они смогут овладеть незнакомой им техникой письма, но, тем не менее, выражают желание проверить свои возможности в ее освоении. Другие же, хотят узнать «что это такое» и смогут ли они в будущем помочь своим внукам при выполнении письменного домашнего задания на латинице. Но есть и такая категория людей, которыми руководит неподдельный интерес к казахской латинице, и от таких людей также можно было услышать какие-то конструктивные замечания.

Нельзя отрицать, что в казахстанском обществе еще сохраняется определенная доля неприятия нового алфавита. В основном, как нам кажется, это связано с наследием советского типа мышления, которое десятилетиями впитывалось в сознание тоталитарного, не только практически закрытого от внешнего мира политически и географически общества, но и далекого от осознания смены самой мировой тенденции и логики общественного развития. К сожалению, здесь речь не идет о людях определенно старшего поколения, так как свои негативные мнения высказывают порой представители и среднего поколения, родившиеся, учившиеся и прожившие часть сознательной жизни в советское время, и в то же время успевшие познать все преимущества и недостатки капиталистического строя. Нам кажется, сам тип мышления создал для себя ментальную зону комфорта, тем самым обнаруживая неспособность или слабую способность адаптации к кардинально и быстро меняющейся казахстанской действительности, в которой востребованной становится новая система письма.

В этой связи хотим немного отклониться от темы и рассказать об открытии, сделанном еще полвека назад консультантом группы UK Metals Эллиоттом Жаком, и описанном прогнозистом в области технологий, управляющим директором по прогнозированию в компании Discern Analytics Полом Саффо. Согласно Эллиотту Жаку работники, находившиеся на разных уровнях иерархии в компании, имеют очень разные временные горизонты, то есть четкие временные рамки достижения определенных целей. Свою концепцию Жак Эллиотт назвал концепцией дискреционного временного горизонта. В этой модели дискреционные способности людей можно разделить на несколько уровней. На первом уровне находятся рабочие на конвейере или ассистенты отдела продаж, которым нужно выполнять однообразные действия, и где временные рамки задач не превышают трех месяцев. Уровни 2–4 включают различные менеджерские позиции с временными горизонтами от года до пяти лет. Пятый уровень с временными рамками от 5 до 10 лет — это царство руководителей небольших фирм и исполнительных вице-президентов крупных компаний. Выше 5-го уровня располагаются царства государственных деятелей и легендарных капитанов бизнеса, дискреционные временные горизонты которых составляют 20 лет (уровень 6), 50 лет (уровень 7) или больше. На уровне 8 располагаются такие люди, как Генри Форд, которые способны мыслить на сто лет вперед, а уровень 9 — это сфера Эйнштейна, Ганди и Галилея, которые смогли создать задачи, над которыми их последователи продолжают и будут продолжать работать веками [6]. Сам автор статьи, Пол Саффо, считает, что пора пересмотреть данную несколько забытую теорию Эллиотта Жака и возродить концепцию «дискреционного временного горизонта» в качестве инструмента анализа социальных структур и их приспособления к решению стоящих перед обществом задач. Возможно, — пишет Пол Саффо, — нам трудно найти путь решения таких проблем, как изменение климата, именно потому, что наша политическая система выбирает в конгресс мыслителей со вторым уровнем временного горизонта, в то время как там нужны люди с пятым. Идеи Жака помогут понять, что старый афоризм о том, что «выигрывает тот, кто думает на много ходов вперед», — лишь часть истины; наиболее эффективным будет общество, в котором каждый отчетливо осознает временной горизонт дела, которым занимается [там же]. Нам же думается, что в нашем казахстанском опыте развития только терпение и время смогут переубедить вышеназванную категорию людей в необходимости данного цивилизационного шага. В большинстве же своем, наши примеры свидетельствуют о неоднозначном восприятии новой системы казахской письменности, внедрение которой наполняет ощущением новизны и приближения к передовым стандартам развития в общемировом сообществе. Задумываясь об открытости нашего общества новому веянию, вспоминается одна китайская пословица, говорящая об уважительном отношении к профессии учителя, которая звучит так: «Учитель, Государь, Отец — одно и то же». Применительно к общенародным, проникнутым духом единства устремлениям в усовершенствовании нашего нового алфавита хочется перефразировать ее следующим образом: Система образования, Государство (Народ) и Родина — одно целое».

Второе значимое направление деятельности по разработке и внедрению казахской латиницы, осуществляемое в 2018 году, связано с разработкой норм правописания

слов казахского языка. По сообщениям экспертов из международного общества «Қазақ тілі», данный процесс, связанный с переходом казахского алфавита на латинскую графику, будет состоять из нескольких этапов. Латиница позволит оптимально адаптировать международную научно-техническую лексику к особенностям казахского языка, что позволит обогатить язык и будут способствовать его развитию [7]. Как отмечает президент международного общества «Қазақ тілі» Омирзак Айтбайулы, раньше все правила казахского языка были адаптированы к кириллице. Но с внедрением нового алфавита, естественно, должны измениться и правила правописания. У любого языка, в том числе и казахского, есть свои законы и нюансы. Всё это будет собираться по крупицам и будут выводиться свои закономерности [там же].

Несомненно, нас радует то, что закономерности употребления казахского языка на основе латиницы будут анализироваться и по крупицам собираться в единую систему, что позволит вывести знания о казахском языке на качественно новый уровень. Одним из инструментов к этому выступит новый казахский алфавит, о передовой роли которого еще в конце 1920-х говорил Кудайберген Куанович Жубанов, возглавлявший Государственную терминологическую комиссию при Народном комиссариате просвещения Казахской АССР и являвшийся членом Всесоюзного Центрального Комитета нового (латинизированного) алфавита, для языков, считавшихся тогда бесписьменными. Как член комитета К.Жубанов внес ценный вклад в создание наиболее совершенной на тот момент казахской латиницы для замены им применяемого в то время в Казахстане арабграфического письма [8, с.260-269]. Сегодня роль латиницы также обуславливается развитием науки и технологии, как и развитие современной языковой ситуации в Казахстане обуславливается очередным этапом истории человечества. Согласно стадильной теории, предложенной ученым Н.Я. Марром, язык напрямую зависит от стадии развития общества, и каждая экономическая стадия регулирует развитие языка. Мы согласны с этим мнением и в подтверждение его хотим привести слова ученого из Финляндии, специалиста в области трансформации образования, методологии обучения и влияния языков на когнитивное развитие человека, Дэвида Марша, из его интервью журналу *Esquire*: «Наши человеческие ценности очень сильно зависят от слов, которые передаются из поколения в поколение, а значит, от языка. Есть большая разница между человеком, знающим только свой язык, и человеком, знающим еще и иностранные языки. ... второй будет более открытым к разнообразию мира. А в мультикультурном обществе это будут уже ценности как гуманизма, так и прагматизма. Люди в Сингапуре знают три языка – английский, китайский, малазийский. Кто от этого выигрывает? Все! И сам человек, и общество... в стране, в которой успех обеспечила очень технологичная экономика, крайне важен язык. Сингапурцы когда-то дали своим молодым людям очень хороший английский, это стало огромным преимуществом. ...в этом успехе совокупность обстоятельств – правильное время, правильное место, правильный язык» [9]. Говоря о Казахстане ученый одобрил нашу языковую политику отметив, что благодаря своим ресурсам и возможностям страна может иметь все для успеха, а наш народ может позволить себе изучать только казахский язык. Однако это будет очень дорого, т.к. казахская экономика нуждается в определенной экспертизе, и если у Казахстана не будет своих граждан, которые смогут оперировать на мировых

языках, то эту экспертизу придется покупать за рубежом и импортировать экспатов-специалистов, которые работают с технологиями или на газовых и нефтяных месторождениях, которые могут разрабатывать золотые рудники, управлять радиотехникой, программировать коды и тому подобное. Это принесет большой вред независимости, если страна останется с одним языком. Таков парадокс нашего времени [там же].

Одним из сопутствующих явлений глобализации можно назвать всё более углубляющийся и распространяющийся процесс заимствования слов, которому в современном мире подвержены все языки, народы-носители которых вовлечены в мировые цивилизационные процессы. Возвращаясь к вопросу казахской орфографии на основе латиницы, мы хотим отметить некоторые моменты, вызывающие вопросы. Авторы Жубанова А.Е. и Магавина К.А. в своей статье «Задачи правильной передачи орфографии казахских слов в текстах на основе латиницы и ее отражение в Национальном корпусе языка» [10] обращают внимание на выступление Президента Назарбаева Н.А., в котором он упомянул нехарактерные для казахского языка буквы: ю, я, ь. *Используя эти буквы, мы искажаем казахский язык, поэтому приходим в основу...»,* - говорит Н.А.Назарбаев [11]. Сюда же Жубанова А.Е. и Магавина К.А. относят и буквы *ч, щ*. Опираясь на слова Кудайбергена Жубанова о том, что нельзя говорить о казахском языке вообще, о казахском языке, одинаковом для всех времен, а можно и должно говорить лишь о казахском языке определенного времени (цит. по К.Жубанов) [8, с.266-267], авторы отмечают актуальность этого высказывания в наши дни. Мы также придерживаемся этого мнения и хотим напомнить, что К.Жубанов предложил ввести в казахский алфавит букву “h”, а также букву «Ф», чтоб передавать в словах, в которых есть звук *ф*, чтобы интернациональные слова, как *федерация, философия, физика* и др., звучали по возможности в своей первоначальной версии [8, с.260-269]. К этому Жубанова А.Е. и Магавина К.А. относят и задачу максимально точной передачи казахских звуков через буквенные образы в заимствованных и интернациональных словах, как, «фьючерс», «дефибриллятор», «юнкер», «юра», «подъезд», «хэштэг», «хятчбьяк» и др., которые не всегда подлежат переводу. Ведь, как замечают авторы, эти слова попали на казахскую почву из русского языка, или же из английского, но через русский, и соответствующую адаптацию прошли сперва в русском языке. Поэтому наличие в новом алфавите новых букв, не типичных для казахского языка внесло бы нужные коррективы в него [10]. Другой вопрос, когда слоги в заимствованных словах подвергаются естественному для казахского языка процессу аккомодации, соответствующей редукции под влиянием предыдущей твердой или мягкой гласной. Следует ли оставлять в их написании буквы, которые фактически не отражают звук? Например, последний слог в слове «дефибриллятор», произносится как «дифибрилят(э)р’», а «хятчбьяк» как «хятчб(э)к» и др. Такими вопросами занимается в настоящее время международное общество «Қазақ тілі».

Эта ситуация немного напоминает нам опыт Японии в заимствовании английских слов японским языком. Как описывает исследователь Головачева Л.Р., заимствования проникают в разговорный японский язык через так называемый «коммерческий японский» — смесь японского и иностранного языков, используемую в коммерческих текстах (Наппап, 1984). Сначала новые слова появляются в том виде как они есть, неассимилированными, внутри

японского текста. Впоследствии они транскрибируются фонетически при помощи катаканы (слоговая азбука, с помощью которой пишутся заимствования), причем транслитерация неизменно ведет к фонетическим изменениям: так, большинство конечных согласных дополняется гласными, а труднопроизносимые сочетания согласных «разбиваются» гласными (Makudonarudo - McDonald's, uisukii - whiskey, dorai kuriningu - dry cleaning). Звуки, не существующие в японском языке, адаптируются к ближайшим по звучанию японским звукам: rajio - radio, takushi - taxi, chiimu - team, tsuna - tuna, rabu - love, basu - bus, bath) [12]. Конечно, в каждом языке заимствованные слова подвергаются некоторому естественному «преломлению» через фонетические нормы языка-реципиента. В случае с Японией нельзя не учитывать, что «несмотря на всю видимую открытость японского общества, его сложно назвать полностью интегрированным в европейскую среду», а «английские слова или даже выражения, попадающие в японский язык, продолжают собственное, индивидуальное существование наряду с японскими словами» [там же]. У Казахстана, который по сравнению с Японией более близок к европейской среде и географически, и ментально, свой уникальный опыт развития. Взятая за основу общественного развития философия Евразийства также заставляет нас искать свой уникальный путь культурного строительства. Главное, на наш взгляд, чтобы внедрение иностранных слов в языке в рамках культурного строительства нации проходило естественную нивелировку, и заимствованные слова не выглядели бы отчетливо чужеродным элементом, но при этом, опять же, необходимо настолько избегать искусственного приспособления таких слов к нормам нашего языка, когда приобретают откровенно уродливый вид. Об этом предупреждал еще в 1930-е годы К.Жубанов, когда чрезмерная инициатива некоторых языковедов писать и произносить заимствованные и интернациональные слова как, например, «осмос», «лаборатория», «футурист», приводила к тому, что было трудно угадать их первоначальный вид и смысл, так как они звучат и пишутся на более привычный для казахов манер, как «оспыс», «леберетир», «путыршы». Такого искажения основы заимствованных слов-терминов в казахском языке необходимо было, по мнению ученого, избегать [8, с.260-269]. Современным разработчикам новых правил правописания и орфоэпии казахских слов на основе латиницы необходимо учесть прошлый опыт языкового развития и лично мнение ученого Кудайбергена Жубанова.

В целом же можно проследить особенную роль латиницы в развитии казахского языка как в далекие 1930-е годы XX века, так и в нашем XXI веке, а именно то, что с этим алфавитом связывались и связаны сегодня передовые идеи языкового, культурного, научно-технического и цивилизационного развития.

Литература:

«Общество поддерживает». Президент Казахстана поручил подготовить указ о переходе на латиницу. Reuters. 26.10.2017.

<http://news.21.by/world/2017/10/26/1389465.html>

Почему первой реакцией на латиницу стала «saebiz». Интервью

политолога Расула Жумалы. Forbes.kz. 27.10.2017. <https://forbes.kz/process>

В Казахстане пройдет Общенародный диктант на латинице (Центр деловой информации Kapital.kz.) Эл.ресурс: [https:// kapital.kz/gosudarstvo/73452](https://kapital.kz/gosudarstvo/73452)

Тукушева А. Новые правила правописания на латинице апробировали на школьниках в Боровом. 20 июля 2018. <https://informburo.kz/novosti>

Проблема стереотипов в сознании при восприятии информации: мнения. (Обсуждение ИА REX). 18.01.2013. www.iarex.ru; [Психология от А до Я. http://psyznaiyka.net/](http://psyznaiyka.net/)

Саффо, Пол. Временные горизонты

[//https://pikabu.ru/story/vremennyye_gorizontyi_](https://pikabu.ru/story/vremennyye_gorizontyi_)

После перехода на латиницу правила орфографии поменяют. 08.11.2017. <https://www.zakon.kz/4887490>.

Когда один язык хорошо, а два лучше. Интервью Дэвида Марша. 20.11.2018. <https://esquire.kz/>

Жубанова А.Е., Магавина К.А. Задачи правильной передачи орфографии казахских слов в текстах на основе латиницы и ее отражение в Национальном корпусе языка. Сб. конф.к 85-лет. А.К.Жубанова. А.Байтұрсынов ат.Тіл білімі инст. Алматы, 2017.

Назарбаев прокомментировал латиницу и saebiz. Президент Казахстана высказался по поводу представленного в парламенте варианта казахского алфавита на латинице, 14.09.2017. Forbes.kz. Электронный ресурс: <https://forbes.kz>

Жубанов Худайберген Куанович. Исследования по казахскому языку (на каз. и рус. языках). Алма-Ата: Наука, 1966. -366 с.

Головачева Л.Р. Особенности функционирования английского языка в Японии (науч.статья). КиберЛенинка: <https://cyberleninka.ru/article/>

Шет тілдік атауларды қазақ тілі заңдылықтарына ікемдеу ұстанымдары

Жұбаева О.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымының докторы

Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының

тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтқан еді [1]. Ал «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз – осы», – деп тұжырымдады. Яғни, Президентіміз Қазақстанның келешектегі дамуын сөз еткенде, өткен тарихын да әрдайым есте ұстап, тарихтан тағылым алу керектігін ескертеді. Осыған байланысты «тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани код» ретінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет.

Бүгінде латын графикасына көшуге байланысты терминдерді таңбалау, халықаралық атауларды дұрыс жазу мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған байланысты өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерінің маңызы артып отыр.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшандыратын комиссия құрылады да, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [2].

Бұл мәселе 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде де сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, шеттен еніп жатқан терминдер (жат сөз) қазақтың өз сөзіндей тілімізге сіңіп кетуі үшін қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарына сәйкестендірілуі керектігін ескертіп, 9 заңдылықты көрсетеді:

Қазақ тілінде үндестік заңы бар.

Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер де жоқ емес. Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «нікі» («дікі», «тікі»)-мен жалғанып айтылатын сөздер.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «нікі»-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында, ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды: бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететін сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару я ол заң жоғалуға бет алған деп жору – қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарда болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды.

Бұл: үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмйілә» сықылды соңғы буындарында жұмсақ «ә» келетін сөздер де жоқ емес. Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде, бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды «Кәмйілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен, барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәмиләге» болмайды «Кәмйілаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буынынан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң: бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабият» – «әдебиет»).

3. Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер оның аяғында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң: бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (*Покров – боқырау*).

4. Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып «қ», «к»-лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, «ғ», «г» болып өзгереді. «Ғ», «Г», «Д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жаңа дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертін болып, «т» өзгермей, сол күйінде қалатын болуы керек. Ондай сөздің аяғындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да «қ», «к»-лер өзгермейтін болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (*Оренбург – Орынбор*).

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қарағай» болып үзіліп буындала алмайды); «мәселе» сықылды үзіліп буындалатын сөздер қазақ тілінде болмайды. Және: бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек («мәсле» – «мәселе», «мүмін» – «момын»).

6. Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады. Сондықтан екпіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек («Самара» – «Самар», «пуховый» – «бөкебай»).

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қама айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек те я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек («Макка» – Мекке», «Алла» – «Алда»).

8. Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек.

Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; ретіне қарай, мәселен, ерсі «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін; «х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс.

Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек [3, 91-94-б.].

Латын графикасын қабылдауға байланысты «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 18 ақпанындағы санында Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланады [4]. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан оқу комисиариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, жан-жақты емлеге енген өзгерістерге оқушылардың пікірлерін сұрайды. Осыған байланысты газетке түрлі мақалалар жарияланып, түрлі ұсыныстар түседі. «Шет сөздердің імләсі жайында» атты мақаласында Телжан Шонанов былай деп жазады:

Жат сөздер халық айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, қат тануына оңтайлы болуы үшін, жат тіл імләсін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек. Осы күні бір жат сөз әр түрлі құбылып жазылады. Мысалы: *камисериет*, *камисерет*, *камөнес* т.т. Мұнан қалың бұқараның қат тануына, шет сөздерді түсінуіне зиян көп, тіліміз заңына келмеген соң, қалық тілі күрмеліб айта алмайды, сондықтан шет сөздер белгілі ережемен жазылсын.

Шет сөздер дұрыс жазылу үшін: аяғы қалай жазылуына, 2) түбірінің қазақ тіліне үйлеспейтін дыбыстарын қалай өзгертіп, қысқартуына жол көрсетілсін.

Шет сөзді жазуда заңға сүйенбегендіктен, орыстың «кооперация» деген сөзінің аяғын «се», «тсе», «са», «тса», «тсие» қылып құбылтып жүрміз. Мұндай мысал көп. Шет сөздің тұқылындағы дыбыс заңына сүйенбегендіктен, орыстың «коммунист» деген сөзінің тұқылын «кәмен», «кәмөн», «камун», «көмен» қып құбылтып жүрміз. Жат сөз қазаққа қол байырғы болу үшін керек жерінде барлық дыбысын өзгертуіміз керек. Өйткені әр тілдің дыбыстарының

айтылатын, шығатын жолдары бар. Сол жолмен жүрмеген дыбысты адам айта алмайды. Орысша сөйлеген қазақ он жыл оқыса да, орыс тілінің дыбысын дұрыс айта алмайтыны осыдан. Мәселен, қазақ тілінде төменгі ерінді тіске тіреп айтатын (**в, ф**) дыбыстары жоқ (см. проф. Богородицкий «Введение в тюрко-татарское языкознание». Часть 1. Стр. 23. Таблица классификации звуков).

Шет сөзді дыбыс негізіне сүйеніп (фонетический принцип) жана тілін меңзеу (морфологическая аналогия) заңымен қарастырып жазалық.

Әр тілде бір дыбыс көршілеріне әсер етеді: қатайтады, жұмсартады. Мұны еліктіру (ассимиляция) заңы дейміз. Орыс тілінде тартыншақ еліктіру (регрессивная ассимиляция) болса, (*пробка – пропка, сбереги – збереги*) біздің тілімізде итіншек еліктіру (прогрессивная ассимиляция) бар (*ұрған – ұтқан, азға – асқа...*). Итіншек еліктіру бар тілімізде тартыншақ еліктіру заңымен шет сөз жазып шатасып жүрміз (*әліпбе, дұрысы – әліппе*). Онан соң тілімізде еліктіруге қарсы іру заңы бар. Ол заң мынау: бір ыңғай айтуға қиын дыбыстар тіркес келсе, оңайлау үшін іріп, әр жолдан шығуға тырысады. Мысал: *атшы* басқа түрік тіліне қарағанда *атчы* болар еді.

Итіншек еліктіру мен іріту дауыссыз дыбыста болса, дауыстарымызда үндестік (сингармонизм) заңы бар. Шет сөзді жазғанда бұл заңды қолданбасақ, қазақтың тілі келмейді. Қазаққа: *ат айланар* деп айтқыза алмайсың.

Пішін меңзеуіміз мынау: шет сөз сын есім болса (*социалистический*) біз де соның *соцсиал* деген түбіріне бір жалғау жапсырғымыз келеді. *Тас үй, қазақ малы* дегенде, сын есімде жалғау бар ма, міне, шет сөзге қазақ тілінде жалғау беріле ме, жоқ па, берілсе қазақ тілі қандай жалғау береді, мұны ретке салу керек.

Шет сөзді дыбыс негізіне тіліміздің заңына сүйеніп жазу үшін тілімізге қалық арқылы кірген араб, парсы жана ескіден кірген орыс сөздері дерек болсын. Бұл күнгі газет-журналдар қалықтың шет тілге тілі қалай келуімен санаспаған. Сондықтан бұлар өзгертіп алған сөздер імлә жасауға дерек бола алмайды. Тілдің неге келмеуі әр тілде әр түрлі дыбыс жолы (артикуляционная база) болуынан. Қалық өзінің дыбыс жолына үйлестіріп, тілін келтіріп шет сөз алады. Тілі келмейтін газеттегі шет сөзден халыққа зияннан басқа пайда жоқ: қат танып, тілін ұстартуға бөгет [5].

XX ғасырдың 20-30-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді (жат сөздерді) қабылдап, тұрақтандыруда төмендегі ұстанымдар негізге алынған: орыс тілінен енген сөздерді жазуда сол уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алынған.

сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түріне ауысқан.

бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір* т.б.

орыс тіліндегі **ф** орнына **п**; **г** орнына **ж**; **н, х** орнына жуан сөздерде **қ**; жіңішке сөздерде **к, ц** орнына **с, в** орнына **у**; **щ** орнына **ш** қолданылған. Мыс: *физика – пійзійке, география – жағырапа, химия – кійміе, техник – текнійк, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

сөздің соңындағы **а** дыбысы түсіп қалған: *аптека – аптек, фабрика – пабірік, награда – награт*. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы, і** болып өзгерген: *Европа – Жаурыпы, Африка – Әпрікі, Азия – Әзіе* т.б.

орысшада **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

орыс тіліндегі **-тор**-ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір, -тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, кәректір* т.б.

ка-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка – ыспырабке, музыка – мүузійке, техника – текнійке* т.с.с.

орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке**-ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

XX ғасырдың басында сөздік түзушілер аударуға көнбеген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп алып отырған. Мысалы: *зауыт – завод, капыйтал – капитал, кійміе – химия, кассы – касса, дійдәктіе – дидактика, натарыс – нотариус, газ – газ, азотная кислота – азот қышқылы, бром – бұром, аммоний – әмөн, бром – бұром, бактерия – бактеріе, барий – барый* т.б.

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I съезінде термин мәселесін арнайы сөз еткен Елдес Омаров қазақ тілінде сөздің соңында **б, г, ғ, д** дыбыстары келмейтінін ескерте келіп, осы заңдылықты шет тілінен енген сөздер үшін де ұстану керектігін айтады [3].

Осы ұстаным сөздіктерде де басшылыққа алынған. Мәселен, 1926 жылы шыққан Ә.Үмбетбайұлының «Әскери атаулар сөздігінде»: актив – әктіп, кнод – анок, миллиард – біліярт, велосипед – белесепет, завод – зауыт, заводоуправление – зауыт басқармасы, залог – залок, аманат (кепіл), залоговой акт – залок әктісі, залогодатель – залок салушы, залогодержатель – залок алушы, изумруд – зүмірет, йод – йот, микроб – мекроп, устав – ұстап, ухаб – оқап, штатив – ыштатып (үш аяқ) т.с.с. түрде берілген.

1924 жылғы сійез қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз деп екі бөліп алып, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен бес бөліп жіктеген: **р, л, у, й** – *жарты дауысты*; **ң, м, н** – *ұяң*; **б, п, т, с, ш, қ, к** – *қатаң*; **ж** мен **з** – *ымыралы*, **д, ғ, г** – *ымырасыз* атанған. Съезд қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктегенде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай топтастырып, жалғау-жұрнақтардың ешқайсысымен үйлеспейтін үш дыбысты (**г, ғ, д**) *ымырасыз* деп атап (**б** дыбысы көпке дейін зерттеушілер арасында талас тудырған) өз алдына бөлек шығарған. Осылайша жіктеу А.Байтұрсынұлының 1927 жылы жарық көрген «Тіл – құралдарында» да сақталған [6]. Бүгінде профессор Ә.Жүнісбектің еңбектерінде қазақ тіліндегі төл ұяң дауыссыздар (**б, г, ғ, д, з, ж**) тоғысыңқы және жуысыңқы дыбыстар болып жіктеледі, яғни **б** дыбысы ерін тоғысымы, **д** тіл ұшы тоғысымы, **г** тіл ортасы тоғысымы, **ғ** тілшік тоғысымы арқылы, **з** тіл ұшы жинақы жуысымы, **ж** дыбысы жайылыңқы жуысымы арқылы жасалатыны жан-жақты дәлелденген [7, 35]. Екінші сөзбен айтқанда, ғалым еңбектерінде **б, г, ғ, д** дыбыстарының не себепті ымырасыз болатыны жасалу жолдарына қарай сипатталған. Екі кезеңнің ғалымдары **б, г, ғ, д** дыбыстарын топтастыруда екі түрлі қырынан (XX ғасырдың басындағы ғалымдар қосымша жалғануына қарай, Ә.Жүнісбек жасалу жолына қарай) жіктегенмен, аталған дыбыстардың ерекшелігін нақ басып көрсетіп, жеке топтастырған.

Яғни қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді. Шет тілден енген сөздерде сөздің соңында келген **б, г, ғ, д** дыбыстары келетін сөз көп. Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйенер болсақ, шет тілден енген мұндай сөздер өте көп [8]. Солардың ішінде **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*араб, архесиллаб, мазһаб, масиһаб, иһаб, хиджаб*); **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*гардероб, гидрофоб, микроб*); **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*автоклуб, аэроклуб, бизнес-клуб, интернет-клуб, клуб, куб, мотоклуб, спорт-клуб, фитнесклуб*); **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*аншлаг, архипелаг, бактериофаг, детритофаг, рейхстаг, рычаг*); **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*комсорг*); **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*драматург, жазушы-драматург, кардиохирург, кинодраматург, металлург, нейрохирург, хирург*); **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ксилофаг, макрофаг, олигофаг, сапрофаг, саркофаг, энтомофаг*); **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*варяг*); **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ағартушы-педагог, акушер-гинеколог, аналог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, барлаушы-геолог, биолог, бульдог, геолог, герцог, гидролог, гинеколог, гляциолог, косметолог, маркетолог, метеоролог, минеролог, мифолог т.с.с.*); **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бал-маскарад, жад, жиһад, лимонад, мармелад, рафинад, шоколад т.с.с.*); **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*слайд*); **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авангард, гепард, электркард*); **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*швед*); **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*рейд*); **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*нуклеопротеид, протеид, хромопротеид*); **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фаст-фуд*); **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фотоэтиюд*); **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бильярд*); **ард** дыбыс

тіркесіміне біткен сөздер (*стюард*); **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*наряд*); **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авиаотряд, отряд, разряд, снаряд*); **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*альдегид, антимонид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид* т.с.с.); **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод* т.с.с.); **оид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*астероид, гапloid, дифтонгоид, коллоид, органоид* т.с.с.); **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі (*аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд*) **б, г, д** дыбыстарының орнына **п, к, т** дыбыстарын жазу керектігі талас тудырмайды.

Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес бұл сөздердің соңындағы (әсіресе сөз бітеу буынға аяқталғанда) ұяң дауыссыздың орнына қатаң дауыссыз жазылуы тиіс. Араб тілінен енген *kitan* сөзі түпнұсқада **б** дыбысына біткенмен, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес сөз соңы қатаң дыбысқа алмастырылды. ХХ ғасырдың басында *завод* сөзі *зауыт* түрінде таңбаланған. Бұл дәстүр қазіргі кезде де сақталып келеді.

Қазақ тілінде дыбыс тіркесімінің өзіндік заңдылықтары бар. Соған сәйкес сөздің соңында екі қатаң дауыссыз қатар келе алмайды, қатаң дауыссыздан кейін үнді не ұяң дауыссыз келе алмайды. Ал үнді дауыссыздан соң қатаң келе алады (*қант, жент, кент, серт* т.с.с.). Мұндай тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді. Сондықтан **енд** (*бренд, дивиденд, стенд, тренд, фотостенд*), **онд** (*алюкобонд, генофонд, евробонд*), **унд** (карборунд) дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де *ент, ант, ұнт* түрінде жазуға болады.

Шет тілден енген, **енг, инг, онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы нг дыбысының орнына қазақ тіліндегі **ң** дыбысын таңбалауға болады: *сленг* – *slæŋ*, *дифтонг* – *'dif.θŋ*, *паркинг* – *'pa:.kiŋ*, *холдинг* – *'həʊl.diŋ*, *банкинг* – *'bæŋ.kiŋ*, *рейтинг* – *'rei.tiŋ*, *тренинг* – *'treiŋiŋ*, *боулинг* – *'bəʊ.liŋ*, *брифинг* – *'bri:.fiŋ*, *маркетинг* – *'ma:kiŋiŋ* т.с.с.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама Е.Омаров: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» (Омаров, 1925), – деген еді.

Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден-бір жолы – ұлттық рухты ояу, ұлттық кодты сақтау. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ... Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады». Сондай тұлғаларымызды үлгі етіп, ұлттық рухты ояту қажет. Қазақтың

терең тарихын білген ұрпақ ешқашан тіліне селқос қарамайды, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен қазақ тарихындағы тарихи тұлғаларды мақтан етіп, өз елінің патриоты болады. Тарихтан тағылым ала отырып, болашағының жарқын болуы үшін де өз үлесін қосуға тырысады. Елбасымыздың «Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды. Өткенге қарап, ертеңді түзе!» деген сөздерін әрдайым жадымызда ұстауымыз керек.

Латын графикасына көшуде өткенімізді таразылай отырып, XX ғасырдың басында қай дыбыс қалай игерілгені, қосар дыбыстарды таңбалаудағы ерекшеліктер, шет тілдік терминдердің жазылуы, таңбалауда қандай ұстанымдар басшылыққа алынғанын ескере отырып, тіліміздің заңдылықтарын бұзбауғы тырысуымыз қажет.

Әдебиет:

<https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashagga-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Алматы, 2005. – 144 б.

Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты// «Еңбекші қазақ», 1929, 18 ақпан.

Шонанов Т. Шет сөздердің імләсі жайында// «Еңбекші қазақ», 1929; 25-26 наурыз.

Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.

Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.

Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. - Алматы: Дәуір, 2016. - 1472 б.

ІІІ БАҒЫТ

ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯҒА КӨШІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ ОРНЫ

Майра Төлебайқызы Куштаева

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстан Республикасы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

maira.kuashtaieva@mail.ru

Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді. Жазу (жазба тіл) - адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал [1,17] Ал ауызекі тіл жайында мұны айта алмаймыз. Ауызекі тілмен сөйлесіп, қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы кеңістікке байланысты болады да, оның шеңберінен шығып кете алмайды. Ол кеңістіктің шеңбері құлаққа естілудің мүмкіндігімен ғана өлшенеді де, адамдар ауызекі

тіл арқылы жүзбе-жүз кездескенде ғана, бір-бірімен сөйлесіп пікір алыса алады. Алайда мұндай салыстыру ауызекі тілдің қызметі мен құндылығын ешбір төмендете алмаса керек. Ауызша тіл күнделікті өмірде ауызба-ауыз сөйлесіп, қарым-қатынас жасауда, тікелей өзара пікір алысуда айрықша қызмет атқарады.

Жазба тілдің ауызекі тілден кейін пайда болғаны, оның жазудың шығып жасалуымен байланысты екендігі белгілі. Жазудың шығып жасалуының, соған сай жазба тілдің жасалуының күллі мәдениет атаулының тарихында орасан зор маңызы болды және болып та отыр. Жазусыз мәдениет атаулыны, өркениет атаулыны көзге елестетудің өзі мүмкін емес.

Адам білімді негізінен жазба тіл арқылы, жазылғанды оқу арқылы алады. Адамзаттың сонау көне дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейінгі талай ғасырлар бойына ғылым мен техника, әдебиет пен өнер саласында жасаған күллі мәдени байлығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де - жазба тіл. Көптеген заман бойында жасалған және біздің заманымызда жасалып отырған мол рухани мәдениетті бізден кейінгі ұрпақтарға, дәуірден-дәуірге жеткізетін де - осы жазба тіл.

Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрстететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Жазу - тілді жаңғыртудың, бекітудің құралы. Жүйесі мен құрылымы бар тілдік таңба жазуға түсіп, денотаттық тұрпатқа ие болғаннан кейін мәңгілік құндылыққа айналды. Өйткені жазу ауызша сөзді таңбалап қана қоймайды, адамның тіл туралы түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді [2,146]

Әрбір өркениетті елдің мақтан етер жазба әдеби мұраларының бар екені белгілі. Тәуелсіз Қазақ елінің де жазу тарихының түпкі негізі, қайнар көзі архидеректемелер мен этногенез тұрғысынан алғанда қола дәуірін, одан кейінгі кезеңдегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан бастау алатындығы ғылыми тұжырымдалған. Профессор Қ.Жұбанов: «...тіліміздің жазба өмірі, орыс тілімен салыстарғанда да, едәуір ұзақ: жазуымыз ұзақ өмір сүрген. Түріктерде VI-VIII ғасырда жазу болған. Славяндар X ғасырдан бастап жазулы болған. Орхон жазуын былай қоя тұрғанда да, бізге жеткен белгілерге қараған да, түріктер IX-X ғасырда ұйғыр жазуымен жазып біраз кітап қалдырған», – деп көрсетсе [3,332], проф. С.Қаржаубайұлы бұл тұжырымды одан әрі нақтылай түседі: «...біздің ата-бабаларымыз 10 ғасыр ішінде қолданған 16 жазу түрі бірде-бір елде кездеспейді. Дауысты дыбысты қосқан жазу әлемде түркі жұртында ғана болған. Күлтегін ескерткішінің 732 жылы құйылған төртбұрышты киелі кірпішінен басталған дүниелер , өткен ғасырда Ахмет Байтұрсыновтың қалыптастырған араб төте жазуына, одан латын, қазіргі қолданыстағы кирилл әліпбиімен жалғасып жатыр». Әр халықтың ана тілі – сол ұлттың тұтастығының символы. Ал ата жазуы – сол тұтастықты жүзеге асырудың негізгі құралы.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Көне жазу нұсқаларын талдап оқи білу ерте заманда өмір сүріп, қазірде өлі тілдерге айналған тілдермен танысуға немесе қазіргі тілдердің ертедегі қалпымен танысуға және оны білуге мүмкіндік береді.

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу - өткен мен бүгінгі, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады.

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары пайдаланған көне жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің, атап айтқанда, жазуының да тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы, көне үйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, бір кездерде (1929–40) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады. Қазақ жазуы - санаулы ғасырдың емес, мыңдаған дәуірдегі түркілік әлемге ортақ жазуды бастан өткерді. Осымен байланысты қазақ жазуын ұлттық кезеңге дейінгі және ұлттық бағыт кезеңі деп қарастырылады.

Бұл ауыстыру саяси жағдайға байланысты болды. Б. Әбілқасымов мен Ш.Мәжітаева бұның себебін былай түсіндірді: «1910 жылдардан бастап А.Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын бірден алу түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдады. 1937-38 жылдардағы қуғын – сүргіннен кейін, зиялы қауымның көрнекті өкілдері атылып, айдалып кеткен соң, латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде, қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді»[4.97].

Қазақ жазуының тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше өзгеріске ұшырағанын көреміз. Алдымен бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби, ал 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеміз. 42 әріптен тұратын әлемдегі әрпі көп кириллицаға негізделген қазақ жазуы осылайша пайда болды. Мұның да тіліміздің табиғи заңдылығына қарсы келетін жақтары аз болмады. Бұл жағдайды түзетудің жолы, біріншіден, қазақ тілінің жалғамалы тілдер (аглютинативті) тобына жататындығын, екіншіден қазақ тілінің басқа тілдерден

ерекшелігі – буын үндестік заңын, дыбыс үндестік заңын, ерін үндестік заңын сақтау мәселесін ескеріп, біздің тілімізге кірме лексика, термин сөздердің үндестік заңдарына бағыну мәселелерін, орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтай отырып, соның негізінде зияткерлік ұлт негізін – қазақ тілін қалыптастыратын графика жасау. Ғылыми негіздерге сүйене отырып, әрі түркі халықтарына ортақ келісілген латын әліпбиінің жобасын басшылыққа алу маңызды, яғни Қ.Жұбанов тілімен «сөз негізі туысынша, жалғауы дыбыс жүйесінше жазылу керек»[3.73] деп есептейміз..

Бұл орайда бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн.

Әдетте, сөз құрамында айтылатын тіл дыбыстарының жазба тілде қағаз бетіне түсіп жазылуы және соған орай оқылуы үшін олардың белгілі бір таңбалармен белгіленуі шарт. Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба-әріптермен таңбаланады. Ал графика дегеннен белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді түсінеміз. Л.В.Щерба графиканы «алфавиттің ережелері (қағидалары)» деп те атайды. Графика белгілі бір қағидаларға негізделеді. Графиканың ең басты мәселелерінің бірі - тілдің алфавитіндегі әріптердің құрамы туралы мәселе. Графикалық қағида бойынша, әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбаланбай, олардың әрқайсысының өзіне телінген таңбасы (әріп) болуы керек. Екінші сөзбен айтқанда, графика белгілі бір әріп бірнеше фонеманың таңбасы емес, бір фонеманың таңбасы болсын деген қағидаға негізделеді. Бұл қағида графиканың ең басты қағидаларының бірі болып саналады. Ал, егер әр түрлі фонемалар бір ғана әріппен таңбалана берсе, онда сауат ашу, оқыту ісі, емлені үйрену қиындай түсер еді. Алайда бұл айтылғаннан белгілі бір тілдегі фонемалардың саны мен әріптердің саны өз ара тепе-тең болуы шарт деген ұғым тұмауға тиіс. Графиканың транскрипциядан айырмашылығы сол, ол (графика) тілдің дыбыстық құрамын дәлме-дәл және түгел қамтып көрсетуді мақсат етпейді. Алфавиттегі әріптер транскрипциялық таңбалар емес, ол (әріп) басқа әріптермен түрлі-түрлі қарым-қатынаста бола отырып, әр түрлі фонемаларды таңбалауы мүмкін.

Әліпби тек жазудың жай ғана құралы болмауы тиіс. Жазу жеңіл де айқын, оқу нақты да қазақ тілінің дыбысталуымен, ішкі заңдылықтарымен соншалықты сәйкес келіп жатуы керек деп білеміз.

Бүгінгі ғаламдық жаһандану үрдісіндегі латын әліпбиі негізіндегі жазудың үстемдік сипаты мен қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртатындай жаңа жазудың қажеттігі еліміздегі әліпби жүйесін өзгерту керектігін танытты. Жазу қалыбын өзгерту, дыбыстық қорымызды жаңа графикада таңбалау тек лингвистикалық қана емес, ұлттық деңгейдегі маңызды мәселе. Латын негізді әліпбиді қабылдау бірнеше маңызды мәселені қамтиды. Біріншісі латын әліпбиіне негізделген жазу таңбасының әлеуметтік маңызымен байланысты болса, екіншісі лингвистикалық мәселелермен байланысты болады. Жазу

таңбасын ауыстырудың саяси-мәдени, психологиялық және экономикалық аспектілері де қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс.

Қазіргі таңда қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Бұл - заман талабы. Бұл мәселеде ғалымдардың пікірлері мен көзқарастары әр түрлі. Философиядағы диалектика заңдылығын ескерсек, бұл қалыпты жайт. Себебі, қарама-қайшылықсыз даму мүмкін емес.

Ал жазудың қазіргі өмір сүріп отырған ортамызда хабар тарату үшін, өткенімізді танып, болашаққа із қалдыру үшін аса маңызды құндылық екені айтпаса да белгілі. Сол жазуды қалыптастырып тұрған ең ұсақ бөлшек – әріптің тілдің мәнін ашатын дыбысты таңбалайтынына келсек, ол тіптен өзекті дүние. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдың ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деген болатын. Демек, саяси-әлеуметтік мәні бар қадамымыз мемлекетіміздің барлық саласы үшін аса қажетті, болашаққа үңілудің пәрменді белгісі.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің жетілдірілген тұсы алдыңғы нұсқаға қарағанда көңілге қонымды, мәселен, көпшіліктің арасында резонанс тудырған апостроф енді жоқ, оның орнында «акут» деп атайтын белгісі бар әріптер болатын болды, сонда бір дыбыс – бір таңба принципі орындалған. Жалпы, негізгі дыбыстардың бәрі де қамтылған.

Дегенмен, қабылданған жаңа әліпбидің қаралу қажет тұстары да бар. Жаңа әліпби жобасындағы таңбалар қағидатына сай келмейтін әріп – І'і'. Бұл таңбамен и және й дыбыстары таңбаланған.

«Қазіргі қазақ тілінде басқа түркі тілдері сияқты қосынды (дифтонгоид) дауыстылар бар. Осы дифтонгоид дауыстылар мыналар: у және и. Бұл фонемалар қосынды дыбыстардың орнына жұмсалады. Мысалы: бу, буын-бұу бұуын, ту, үу сияқты сөздерде у дыбысы үу дыбыстарының орнына қолданылады. Дауыссыз дыбыстан кейін келіп, дауысты фонемаға айналады. Сондай-ақ и қосынды дыбысы дифтонгоид ретінде жұмсала береді. И дыбысы қосынды жуан ый және қосынды жіңішке йй дыбыстарының орнына қолданылады. Мысалы: жиналыс, Иса, тиын сөздерінде и дифтонгоид дыбысы жуан ый дыбыстарының орнына қолданылып тұр. Сондай-ақ, и фонемасы жіңішке йи дыбыстарының орнына жұмсалады. Сондықтан бұл у және и дыбыстарын қосынды дыбыс немесе дифтонгоид дауыстылар деп атайды. Бұл дифтонгоид дауыстыларға тек қана екі сөз немесе ол сөзден өрбіген сөздер бағынбайды. Олар мыналар: сый, тый» [5,33].

Зерттеушілер мен оқулық авторларының көбісі бұл әріптің әрқайсысы екі дыбыстың ый, йй қосындысы екенін біле отырып, дауыстыға жатқызып жүр. Жатқызып қана қоймай, оны (и) дифтонг, дифтонгоид деп дәлелдеуге тырысады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың эксперименттік жолмен зерттеп жүрген Ә.Жүнісбеков және басқа ғылымдар байырғы сөздеріміздің құрамында кездесетін осы (и) әріпті дауысты дыбыстар деп қарамайды. Біріншіден, сөздердің құрамында екі дауысты қатар тұра беретін болады: суы, буын, келуі, миы, тиын, тиін. Екіншіден, сөз ішінде буын дауыстыдан басталып (бару-ым, келу-ім, оқи-ын, су-ық) және дауысты жеке буын құрайтын (су-ы, бару-ы, келу-і,қи-ы) болады. Мұның екеуі де тіліміздің табиғатына қайшы екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ [6,57].

И байырғы сөздеріміздің құрамында дыбыс бола алмайтын Ә.Жүнісбеков еңбектерінде әбден дәлелденген. Тіліміздегі орыс сөздері арқылы енген и дыбысының таңбасын төл атауларымызды жазуда кеңінен қолданып ғана қоймай, дауысты дыбыстардың қатарына қосқан, сондықтан и дыбысына жаңа әліпбиде орын жоқ. Бұл орайда й - қазақ тілінің дауыссыз фонемасына арнайы таңба белгілеу керек еді.

Сонымен қатар тілімізде орыс тілі арқылы енген сөздердің, құрамында кездесетін (институт, университет, магазин, спутник, мина, филолог, билет т. б.) и фонемасы да Г'і' таңбамен белгіленгендіктен, й мен и дыбысының аражігі болмай қалады. Осы тұста емле ережелеріне қайшы келмейтін жақтарын ескеруді назарға ұстағанымыз дұрыс болар дейміз. Осындай мәселелерді жөнге салып, әлі де жетілдіре түссек, біздің әліпбиіміз ең озық, жетістігі мол әліпби болар еді.

Латын жазуына көшу әдеттегі көп науқандардың бірі емес. Жаңа әліпби жасаудың мәні мен маңызы өте зор. Ең алдымен, латын жазулы әліпбиге ауысу тіліміздің өзіне тән дыбысталуын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тіліміздің қолдану өрісін кеңейтіп, бәсекеге қабілетті етеді. Ал саяси, идеологиялық тұрғыдан алғанда жазу реформасы қоғамдық сананы жаңғыртудың іргетасы бола алады.

Библиографиялық тізім:

1. Садуақас Н.А. Латын қарпі – өркениеттің жазуы, өмір талабы //Гуманитарлық зерттеу мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы). №26. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, 2017. – 16-21 б.
2. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. Екінші басылым. Алматы, «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы», 2010ж. -377 б.
3. Жұбанұлы Қ., Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2013, 263 б.
4. Әбілқасымов Б., Мәжітаева Ш. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана: Елорда.2000,189б.

5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1993. — 136 бет.

6. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. - Орал, 2007. - 32 б.

ЖАЗУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ЫҚПАЛЫ

Тектігүл Ж.О.

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақстан республикасы, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
t.khamza@mail.ru

Қоғам өмірінде болатын құбылыстардың барлығы тілден көрініс тауып, тіл арқылы болашақ ұрпаққа жетеді. Кез келген тілдің қоғамда қызмет етуінің алғышарты – ол ақпараттық қарым- қатынас қызметін атқаруы болып табылады. Ал жазу мүмкіндігі пайда болғаннан бастап ақпарат алмасу тек ауызба-ауыз айту немесе әр түрлі қимылдар арқылы ғана емес, оқу-жазу арқылы да беріле бастады. Бұл өз кезегінде адамдардың өзара мәлімет, ақпарат алмасумен шектелмей, жазу арқылы адамзаттың игі қазыналарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіне мүмкіндіктер берді.

XV ғасырда мәліметті қағазға басып шығару құралының пайда болуы кітап шығару ісін жолға қойып, адамзат ақыл-ой қазынасының тікелей көпшілікке жетуіне мүмкіндік жасады. Кітаптардың, оқулықтардың көптеп шығарылуы, көпшілік кітапханаларының ашылуы адамзатты жалпы сауаттылыққа жетелеп, мәдениеттің жаңа даму кезеңіне жол ашты.

Жалпы адамзат қарым- қатынасы дамуында «үш "ақпараттық төңкеріс" болғандығы туралы айтылады: 1) шамамен б.э.д.3000 жыл(яғни шамамен 5 мың жыл бұрын) Оңтүстік Двуречье (қазіргі Иракта) ежелгі шумерлер сөйлеу тілінің дыбысталуын жеткізетін сына жазуын жасаған; 2) 1453 жылы Германияда басталып, Еуропада жедел түрде кеңінен тараған кітап бастыру ісі; 3) жаңа ақпараттық технологиялардың (компьютер, Интернет, кез келген ақпаратты сандық түрде жеткізу мүмкіндігі, мультимедиа және т.б.) жасалды[1,16].

Коммуникация тарихында ерекше маңызды оқиғалар қатарына шумер сына жазуына дейінгі кезеңді дұрыс анықтауды жатқыза отырып, "бірінші ақпараттық төңкеріс" дегеніміздің әсте де алғашқы ірі сапалық өзгерістер болмағандығын көре білуіміз керек. Өйткені, дыбыстық тілдің өзі қарым-қатынас жасау тарихындағы бірінші қадам емес. Өйткені дыбыстық тілге дейін дене тілі мен ым- ишара тілі қолданылғаны белгілі. Дыбыстық тілдегі сөз-сөйлемдер ым-ишара семиотикасына екінші, «қондырма» ретінде қалыптасқан. Алғашқы қауымдық кезеңде сөйлеу тілі ым-ишараларды толықтырушы қызметінде ғана жұмсалса, кейіннен соларды сөзбен ауыстырған. Ежелгі адамдардың таңбалық мінез-құлқы дене қозғалыстарының

биологиялық субстратында қалыптасып, дене, аяқ-қол, бет әлпет қозғалыстары белгілі бір мәнге ие бола бастады.

Алғашқы адамдық семиотикалық процестің басы ритуалды іс-әрекеттерден басталып, олар алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдардың мифологиялық көзқарастарын, басқа да коммуникация барысындағы семиотикалық мүмкіндіктерін қалыптастырды. Олар: ритуалды би, мүсіндік, протомузыка, ритуалды мүсіндік, бедерлі (рельефтік) және жартастағы бейнелер және тек осылардың кейінгі- дыбыс тілі. Ритуалдар мен ритуалмен бірігіп кеткен протоөнердің дүниеге келуі ерте палеолит дәуіріне жатады (150- 40 мың жыл бұрын), яғни неандертальдықтардың уақытына жатады. Қазіргі адам және оның ауызша тілі шамамен палеолит және мезолита шебінде, яғни 40 мың жыл бұрын пайда болған.

Осылайша, «бірінші ақпараттық төңкеріске» әлеуметтік семиотикалардың ең ежелгісі - ритуалды жатқызуға болады. Мұндай ритуалдан магия мен культпен бірігіп кеткен протоөнер семиотикасы (бәрінен бұрын - би), дамып шықса, одан кейін сөздердің дыбыстық тілі, сондай-ақ мінез-құлық семиотикасындағы көптеген таңбалар қалыптасқан.

Жазудың (барлық түрлерінде- пиктографияда, иероглификада, әріптік- дыбыстық жазуда) «төңкерістік» іс-әрекеті уақыт пен кеңістік аралығындағы ақпарат жеткізу мүмкіндігінен тұрады. Ақиқатында адамзат үшін осы мүмкіндіктердің пайдалы факторлары есепсіз.

Әріпті - дыбыстық (әліпбилік) жазу адамдарға шамалы ғана бастапқы асемантикалық (мағынасыз) элементтердің (әріптердің) көмегімен алуан түрлі мазмұнға ие болатын (семантикаға) элементтер комбинациясының кез келген түрін (шексіз үлкен және алуан) жасауға болатынын көрсетті. XX ғасырдың басында жазуы жоқ Африка тайпаларының сауаттану процесін бақылаған мәдениет тарихшылары, сондай-ақ этнологтар жиырмадан аса асемантикалық (мағынасыз) әріптерден белгілі бір мағынаға ие сөздер мен түрлі хабарламалар жасау - жазуы жоқ сана үшін "мәдени шок" болғанын жазады. Әріптердің кез келген хабарламаға жарамдылығы жазудың жағдаяттан, шындықтан, тайпадан тәуелсіздігі туралы ой туғызады. Мак Люэн айтқандай, жазу адамды "ұжымдық тайпалық әлемнен жұлып алып, индивидуальды оқшауланған қайраңға лақтырып тастады" [2, 20]. Әліпбилік жазу жазуды контекстен жұлып ала отырып, оның қажетті кез келген мазмұндағы хабарламаны жеткізуге жарамдылығын паш етеді. Әліпбидің арқасында адамзат ойды сыртқа шығарудың клишелі моделін жасап шығарды [2, 40]. Сонымен қатар "Батыстың адамы жазу технологиясынан еш нәрсеге алаңдамай әрекет ету қабілетін меңгерді" [3, 6]. Сондықтан "әліпбилік адам өзінің өмір сүру тәсілін десакралдандыруға бейім келеді" [3, 103].

Жазудың таралуы коммуникация мен танымдағы объективті және рациональды принциптерді күшейтті.

М.Кастельс жазу «айтылғанды сөйлеушіден ажыратуға» мүмкіндік берді деп жазды. «Әліпби Батыста коммуникация біліміне негізделген кумулятивті

ментальды инфрақұрылымды жасады. Мұндай концептуальды технология біз білетін қазіргі Батыс философиясы мен ғылымы дамуының негізіне айналды. Бұл өз кезегінде «айтылғанды сөйлеушіден ажырата отырып», әрі концептуальды дискурсты мүмкін ете отырып, ауызекі сөйлеу тілі мен тілдің арасындағы айырмашылықты жеңуге мүмкіндік берді» [4, 314]. Әліпби «кұлақ пен көз арасында алшақтық» тудырды (Мак-Люэн), яғни тікелей бақыланатын (және ауызша сөйлеу барысында естілетін) және түсінілетін (және бірдей әріптердің әр түрлі комбинациялары арқылы да беріледі) құбылыстар арасында алшақтық тудырды. Мұндай ала-құла, түрлі пиктографиялардан әріптік жазуға көшу ХХ-ХХІ ғасырлар шегінде анық көрініс тапты. Өртүрлі мекеме, сауда орындарының маңдайшаларындағы суреттер көп жағдайда әріптерге ауыстырыла бастады. Бұрын мейрамханалардың есіктеріне бейнеленген табак, бөлке нан, шұжықтардың орнына алтын әріптермен жазылған маңдайшалар пайда болды.

Жазудың тілдік- коммуникациялық процестерге ықпалы бірқатар үрдістерде айқындалды.

Жазу тілі дамыған қауымдастық қоршаған әлемді жазуы жоқ тайпаға қарағанда жақсы түсінеді. Жазуды меңгеру қоғамда айналатын ақпараттың санын күрт арттырумен шектелмей, ақпараттың мазмұнын да кеңейтеді. Ал жазуы жоқ тайпалар жинақтаған мол ақпарат көздері тілдің өзінен басқа (яғни, сол тілдің әлемдік бейнесінде), мифология мен фольклорында- эпостарында (қисса, жырларында) мақалдарында, тарихи аңыздарында, ертегілерінде, әндерінде, мақалдарында, ырымдарында сақталып қалады. Тұтастай алғанда халық бұл ақпараттарды жадында ұстап, оны келешек ұрпаққа халық тәжірибесін сақтаушылар мен жеткізушілер, яғни абыздары, көсемдері, жыраулары арқылы жеткізді.

Алайда, ақпаратты жеткізудің жазбаша түріне ауысқан кезде, ең бастысы, «берілетін ақпараттардың санына емес, сапасына мән беру керек болады» [5, 155]. Егер ауыз әдебиеті негізінен тайпаның барлық мүшелеріне, барлығына белгілі болса, ал алғашқы ертедегі жазба мәтіндер жекелеген адамдардың тобына ғана белгілі болуы мүмкін. Міне, сондықтан жазудың пайда болуы қоғамның ақпараттық - зияткерлік тұрғыдан жіктелуіне ықпал жасап қоймай, оның жекелеген мүшелерінің шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуына да ерекше жағдай жасайды.

Жазу ақпарат берудің жолдары мен тәсілдерін бірнеше дүркін кеңейтеді: тек қарапайым тірбектер бойынша ғана емес (әкесінен ұлына, ұстаздан шәкіртіне), сонымен қатар уақыт немесе кеңістік аралығындағы байланыстардың қажетті буындарына соқпай-ақ жеткізе алады. Ендеше, жазудың арқасында Ежелгі Римнің қол жеткізген ұлы жетістіктері - римдік құқықты – Рим құлағаннан кейін бірнеше ғасыр өткенде ортағасырлық Еуропа халықтары қабылдап, кейінгі өркениеттердің заңдық жүйесінің негізіне айналды.

Қазіргі ғылымда «көне түркі жазбалары» деп танылып жүрген Орхон-Енисей тас жазуларын дәуірі жағынан VI-VIII ғасырлардан қалған ескерткіштер ретінде

қарастырамыз. Алайда, дәуірлеудің бұл тәртібі де мейлінше «тиянақты» дей қою қиын. Соңғы кездері тарихшы Л.Р.Қызласов Тува территориясындағы хакас алпауыттары меншіктенген таңбалардың генеалогиясын және археология деректерін тексере келе, Енисей бойындағы жазулар VII-XII ғасырларға тән деп дәлелдеген [6, 43]. Сөйтіп, тас бетіндегі жазулардың бірсыпырасын орта ғасырдың мәдени мұрасы ретінде бағалауға талпынған. Оған қоса, «көне түркі» деп атап жүрген кезеңіміздің өзі тарихтаудың жалпы ғылымдық принциптері тұрғысынан алғанда орта ғасырдың ерте дәуірі саналатын кезеңге тұстас келеді. Демек, осыған орай бұдан былайғы кезеңді ғалым «орта ғасырдың орта шені және орта ғасырдың соңғы дәуірі деп бөліп қарауды жөн көреміз» деп тұжырымдайды [6, 42].

Көне жазбалар өзінің тілі, стиль табиғаты жағынан халықтың ауыз әдебиетімен, адам баласының сәбилік кезеңінен бері қарай келе жатқан, «фольклор дәстүрі» деп аталатын мейлінше пәрменді шығармашылық тәсілмен тығыз байланысты. Ал, ежелгі заманның жазба ескерткіштері өз кезіндегі жасанды әдеби тілдің үлгісі болғаны мәлім. Ол кезеңде жазу тілін екінің бірі біле бермейтін, бұл тілде ешкім сөйлемейтін, ол тек хат жүзінде өмір сүретін. В.В.Виноградовтың айтуынша, феодализм тұсында феодалдык бөлшектенушілік салдарынан әдеби тілдерде табиғи біртұтастық болмаған. Оның бойынан алуан түрлі территориялық диалектілердің жарқыншақтары айқын көрініп тұрған. Бұндай тілді феодалдык қоғамның шағын бөлігі ғана, яки белгілі бір феодалдык топтар мен дін басылары ғана тұтына алған [7, 74].

Жазу тілдердің лексика- фразеологиялық қорларын байытуға ықпал етеді. Жазбаша тілдер лексикасының дамытуында кумулятивті (жинақтаушы) процестер үлкен рөлге ие болады, соған сәйкес лексикалық алмастырулардың (жаңа атау бұрынғыны ығыстырғанда) қарқындылығы азаяды. Егер жазуы жоқ тайпалардың сөздігі 10 - 15 мың сөзден аспаса, онда ұзаққа созылған жазба дәстүрі бар тілдердің тезаурус сөздігі (барынша толық сөздік) 500 -600 мың сөздерді құрайды.

Жазу адамдардың метатілдік рефлексиясын күшейтіп, әдеби тілдің құрылуына жағдай жасайды. Әдетте жазудың дамуы әдеби тілдің (нормаланған) қалануына алып келеді.

Көптеген мәдениетте жазу, әсіресе, ғұрыптық – діни байланыс аясында қарым – қатынас жасаудың элитарлы, эзотериялық құралы ретінде пайда болды. Адамдар көп уақыт бойы жазудан ғажайыпты көрді, сондықтан да көптеген халықтар жазуды құдайлар жасады деп сенді. Сонымен қатар жазуды құдайлардың жасағандығы туралы миф – бұл соңғы миф, онымен мифопоэтикалық дәстүр аяқталады. Жазудың пайда болуымен халықтар дамуының мифологиялық кезеңі аяқталады. Жазу тарихы жазу коммуникациясы аумағының географиялық және әлеуметтік кеңістікте артуымен байланысты. Бұл жазу қарым - қатынасының демократиялануына алып келді.

Ал түркілердің төл жазуы көне түркі руникасынан бастау алатын қазақтың жазу мәдениеті әр кезеңде қолданылған көне ұйғыр, араб, латын графикалары негізінде дамып, қазіргі таңдағы кириллица негізінде жасалған қазақ әліпбиімен жалғастық тапты. Соңғы жылдары әлемдік ғылым мен техниканың, электронды ақпарат құралдарының тілі ретінде латын жазуына негізделген Еуропа халықтарының тілі басымдық алып отыруына орай және түркі тектес халықтардың бірыңғай латын әліпбиіне көшу мәселесі қолға алынуда. Бұл, әрине, жан-жақты ойланып, терең бағамдауды қажет ететін күрделі мәселе.

Әдебиеттер

Мечковская Н.Б.История письма и история коммуникации.От клинописи до Интернета.Москва:Флинта.Наука.2009.

Мак-Люэн М. Понимание медиа:Внешние расширения человека. Москва,:Жуковский, 2003.464 с.

Мак-Люэн М. Галактика Гутенберга:Сотворение человека печатной культуры.Киев:Ника-Центр, 2004.-432с.

Кастельс М.Информационная эпоха:Экономика, общество и культура:Пер.с англ.М.:Гос. Ун-т, Высшая школа экономики, 2000.606 с.

Иванов Вяч .Вс. Чет и нечет:Асимметрия мозга и знаковых систем. М.; Сов.радио, 1978.

Қызласов Л.Р История Тувы и средние века. М.;1969.212 б.

Виноградов В.В.Проблемы литературных языков.М.; 1967.561 с.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

LATYN ÁLIPBIİN KOMMÝNIKASIALYQ KEÑISTIKTE ÚIRETÝDE
JATTYǴÝLARDYŇ TIIMDILIGI

Esenova Gýlshat Serikovna
gýmanitarlyq ǵylym magistri
Q. Jubanov atyndaǵy AOMÝ

Halyqtyń ǵasyrlar boıy ıgergen barlyq jetistikteri jazý murasy arqyly tanylady. Jazý — barlyq halyqqa ortaq, jalpy mádenietti jalǵastyrýshy, bir-birimen bailyanystyrýshy qundylyqtardyń biri bolyp tabylady. Osy turǵyda latyn álipbiine kóshý týraly másele Elbasymyzdyń mańyzdy bastamalarynyń biri. 2006 jyly Elbasy N. Nazarbaev Qazaqstan halyqtary Assambleıasynyń III sessıasynda: «Qazaq álipbiin latynǵa kóshirý jónindegi máselege qaita oralý kerek. Bir kezderi biz ony keiinge qaldyrǵan edik. Áitse de latyn qarpi kommýnikasialyq keñistikte basymdyqqa ie jáne kóptegen elder, sonyń ishinde postkeñestik elderdiń latyn qarpine kóshýi kezdesoqtyq emes. Mamandar jarty jyldyń ishinde máseleni zerttep, naqty usynystarmen shyǵýy tiis. Álbette, biz bul jerde asyǵystyqqa boı aldyрмаı, onyń artyqshylyqtary men kemshilikterin zerdelep alýymyz kerek», — degen edi [1]. Ǵalymdar, ádebietshiler, jalpy til janashyrlary qazirgi qoldanylyp júrgen álipbidi latyn áripteri men aýystyrý máselesine úlken jaýapkershilikpen qaraı otyryp, ǵylymı izdenisteriniń negizinde ózderiniń súbeli oıлары мен bólisýde. Máselen, f.ǵ.k., dosent N.Á.Sádyaqastyń 2013 jyldyń 24 qańтарында «Latyn álipbiine kóshý — tilimiz úshin jasalǵan ıgi qadam...» taqyrybynda Aqtóbe gazetine bergen suqбатында: «Latyn álipbiine kóshý, saıyp kelgende, ana tilimizdiń bolashaǵyn oılap, qoldanys aıasyn odan ári keñeıte túsýge múmkindik jasap, tilimizdiń ishki tabıǵı álipbiimiz arqyly jazýdyń aıtýǵa jasap kele jatqan qıanatyn boldyрмаı, qazaqy aıtylym (orfoepia) men jazılym (orfografia) talaptaryn júıege túsirý dep túsiniń kerek» - degen ǵylymı pikirimen bólisken bolatyn [2]. Latyn tiline 2025 jyly tolyq kóshetinimiz týraly «Qazaqstan-2050» strategiasynda kesimdi sóz aıtyldy. Qazirgi tańda tilimizdiń bolashaǵy úshin jasalyp jatqan sharalardyń ǵylymı mańyzdylyǵy joǵary. Sebebi latyn álipbiine kóshý — álemdik úderiske jaqyndaı — dep tereń túsinetin ǵalymdar áleymettik jelide óz pikirlerin bildirýde. Máselen, t.ǵ.d., professor T. Sadyqov: — Búgingi almaǵayıp zamanda tek ekonomikalıyq turǵyda ǵana damyp qoımaı, ulttyq rýhanı bolmıstyń saqtalıyna da asa mán berý kerek. Elbasynyń maqalasynda osyǵan baǵyt beretin, kózdegen maqsatqa jetýdiń jolyn aıqyndaityn negizgi tetikter anyq kórsetilgen. Sondyqtan biz — qazaq ǵalymdary erekshe qıanyshpen qabyl aldyq — dei kele, kez-kelgen qoǵamnyń rýhanı ustanymynsyz alǵa jyljýy múmkin emes ekeni tarihtan belgili. Osyǵan deın de bizdiń bul saladaǵy jetistikterimiz az bolǵan joq. Ásirese, táyelsizdik alǵannan beri qaraı ulttyq sanany jańa tuǵyrǵa kóterý maqsatynda kóptegen is-sharalar júzege

asyryldy. Sonyń ishinde «Mádeni mura», «Halyq – tarih tolqynynda» baǵdarlamalaryn Elbasy óz maqalasynda erekshe atap ótken. Endi zamannyń ózgerýine bailanysty rýhanıatymyzdy da jańǵyrtatyn kez keldi. Osy turǵyda Memleket basshysy bilimge, ulttyq sanaǵa, mádenıetke, gýmanıtarlyq salaǵa aıyqsha kónil bólip otyr. Sebebi, olar adamnyń tulǵa retinde qalyptasýynda mańyzdy rólge ie» - dese, f.ǵ.d., professor, túrkıtanýshy ǵalym Q. Sartqojaulı: «Qarap tursañyz, bir álipbıden ekinshisine aýysý ońai sharýa emes. Ol – tutas qoǵamdy, memlekettiń ár azamatyn qamtıytyn óte aýyr prosess. Sondyqtan onyń qaýiptiligi de árdıym nazarda turýy tiis. Soǵan qaramastan, latynshaǵa ótetin yaqyttyń jetkenin aıtqan Elbasy bul jumystyń ret-retimen júzege asýy tiis ekenin jetkizedi. Jalpy, kez kelgen damyǵan memleket, negizinen, eki baılyqqa erekshe nazar aýdarady. Olar materialdyq jáne rýhanı baılyq. Jasyratyny joq, táýelsizdiktıń algashqy jyldarynda biz kóbine algashqysyna kónil bólip, ekinshisi elenbeı qalǵandaı kúide turdy. Osy keleńsizdiktı joıy úshin mynadaı sheshimge kelý Memleket basshysynyń tereńnen oılaıtynyn, ár isti óz yaqytynda oryndaitynyn taǵy bir dáleldeı. Endi ony sátti júzege asyry biz ben sizdiń basty mindetimiz bolýy kerek. Óz basym búkil túrki álemine ortaқ, osydan 2-3 myń jyl buryńǵy qundylyqtardy zerttep júrgendikten, latyn álipbıine kóshýdi aıyqsha qýanyshpen qabyldadym. Qazirdiń ózinde osy baǵyttaǵy tom-tom bolǵan eńbekterimiz jaryqqa shyqpaı, qoljazba kúinde tur. Endi solardy jarıalaýǵa jol ashylady dep senemiz» - degen pikirın bildirgen [3].

Memlekettiń álem keńistiginde basqa eldermen teń turyp, órkenıetti el retinde tanymal bolyp, halyqtyń áleymettik jaǵday, bilimi men ǵylymy, óneri, mádenıeti dúniejúzi memleketterimen teńesýi úshin bolashaq oqy eńbegindegi oı derbestigin oqy áreketin jandandyra otyryp, óz mamandyǵynyń erekshelikterin túsinip tanýǵa, oı kózimen zerdeleýge negiz bolatyn, sanaly urpaq tárbıeleýde qazaq tiliniń mańyzy erekshe. Joǵaryda aıtylǵan pikirlerge súıensek, buryńǵy qundylyqtarymyzdy jańǵyrtyp, sanaly urpaqtyń óresin keńeitip, bilim deńgeiin joǵarylatýda latyn álipbıine kóshý negizgi qadam bolýy shart. Sebebi qoljazba kúinde qalyp, jaryqqa shyqpaı jatqan mańyzdylyǵy basym eńbekterimizben erkin tanysýǵa mol múmkindik alynbaq. «Adam jazý arqyly bilim alady, jazý arqyly bir-birimen baılanys jasap, júrgen-turǵanyn, jasaǵan jumystaryn da jazyp otyrady, iaǵni hattama, túrli qatynas-is qaǵazdary, kompıýter, internet, agent arqyly habarlasýlar-bári de jazý arqyly júzege asady. Osy jazýlar búgingi urpaqtyń orfoepia (aitalym) zańdylyqtaryn umytyp, aıtýyn da, jazýyn da orfografia (jazylım) zańdylyqtarymen júryıne itermeledi. Iaǵni jazý aıtylymǵa áser ete bastady, al, durysy, jazylım aıtylymǵa qyzmet etýi tiis. Sondyqtan tilimizdiń tabıǵı aıtylymyna qaıshy keletin kemshilikterimizden arylatyn kez keldi. Ár sózdi babalar salǵan jolmen ulttyq úndesimine qaraı aıtýymyz úshin jarysa qaptaldap kedirgi keltiretin eski álipbıimizdi latyn álipbıine eshteńeden qoryqpaı almastyra salýǵa múmkindik keldi. Demek, urpaq keleshegin oılasaq, ulttyǵymyzdyń negizgi belgisiniń biri tilimizdi saqtap qalamyz desek, birden-bir durys jol — latynǵa kóshý» - dep kórsetedi fonolog-ǵalym N.Á. Sádyaqas [1]. Qazirgi tańda tildi oqytýda til úrenýshiniń sóıleý tilin durys qalyptastyrýda qatysymdyq turǵydan damytý prosesi olardyń sol tilde erkin sóılep, pikirlesýine múmkindik jasaıdy, tilge degen

qyzyǵyshylyǵyn arttyratyny praktika júzinde dáleldengen. Qatysymdyq baǵyt tildi oqytýda tildik qarym – qatynasty sólesim áreketteri arqyly júzege asyrydy kózdeıdi. Sólesim áreketin qalyptastyryǵa baǵyttalǵan kommúnikativtik tehnologialar til úrenýshiniń bilimi men biliktiligin arttyrady. Tehnikanyń damýy qarqynyna qaraı qazirgi tańda jas urpaqtyń (kommúnikanttar) latyn álipbiine kóshý barysynda emin-erkin tildik qarym-qatynasqa túsýine zor múmkinshilik bar. Qazaq tiliniń memlekettik til retinde mártebesi kóterilip, onyń qoǵamdyq-áleymettik mánińin artýy – urpaq tárbielý isiniń qoǵam damýy talabyna saıkes ózgere otyryp, búgingi stýdentke pándi tereń ıgertip qoımaı, bolashaq mamandyǵyna beıimdep oqytý máselesiniń qolǵa alynýynda. Bul degenińiz sýbʒektiniń jeke tulǵalyq qasıetteri ártúrli ortalyq qatynastar áserinen, iaǵnı bir-birimen qarym-qatynas jasaýy barysynda qalyptasady. Qazirgi tańda el bolashaǵy – jas urpaq qazaq tilin qoǵamdyq-áleymettik ortaǵa qatysty qarym-qatynas quraly retinde ıgeredi.

Jalpy tildi kommúnikativtik turǵydan qatynas quraly retinde ıgerý – onyń qoǵamdyq-áleymettik qyzmetin bilýdi jáne baǵalaıdy kózdeıdi. Memlekettik tildi oqytý, damytý jáne qazaq tiliniń qajettiligin arttyrý úshin kóptegen sharalar júzege asyrylýda. Grammatikalyq zańdylyqtardy saqtai otyryp, tildik normany durys qalyptastyryda jeke tulǵanyń orny erekshe. Latyn álipbiine kóshýde jeke tulǵanyń áleymettik beınesi basty nazarda bolmaq. Pedagogikalyq aǵymdarda el jastarynyń jeke tulǵa bop qalyptasýy úshin, sóleý, oılaý sekildi áreketteriniń damýy úshin áleymettik orta qajet ekendigi málim. «Áleymettik orta» uǵymyna túsiniq bersek, bul keń maǵynada, qoǵamdyq ómirdiń materialdyq jaǵdaıy, áleymettik jáne memlekettik qurylys, óndiristik qoǵamdyq qatynastar júiesi jáne olar anyqtap otyrǵan áleymettik júie sıpaty men qoǵamda paida bolǵan ártúrli mekemeler qyzmetin qamtıdy. Jeke tulǵanyń áleymettik beınesi, til arqyly da, onyń qai memlekette jatatynyn kórsetedi. Til meńgerý barysynda jańa áleymettik qatynastardyń paida bolýy, tulǵanyń oılaý júiesin barytyp jáne ózgartip qana qoımaıdy, sonymen birge bilim berýdiń negizi ekenin basa nazarǵa alǵan jón. Til úrenýshiniń til meńgerýde tanymdyq is-áreketiniń, áserlenýshilik, erik-jigeriniń, minez-qulqynyń, qarym-qatynasynyń tek ózine ǵana tán sapalyq erekshelikteri bolady. Sondyqtan jeke erekshelik – bul jas urpaqtyń óz basyndaǵy qasıetteriniń bir-birimen saıkestikpen kelýi, onyń basqa adamnan ózgesheligi, osy qasıetteri arqyly kórinis tabady. Sońǵy kezderi tildi kásibi turǵyda meńgertýde jeke tulǵanyń qalyptasý zańdylyǵyn zerttep, til úrenýshiniń tanymdyq, ózindik jumysy men ózin-ózi basqarý qyzmetin jaqsartý oqytýshynyń negizgi mindetteri bolyp otyr.

Memlekettiń álem keńistiginde basqa eldermen teń turyp, órkenietti el retinde tanymal bolyp, halyqtyń áleymettik jaǵdaıy, bilimi men ǵylymy, óneri, mádenieti dúniejúzi memleketterimen teńesýi úshin bolashaq oqý eńbegindegi oı derbestigin oqý áreketin jandandyra otyryp, óz mamandyǵynyń erekshelikterin túsiniq tanýǵa, oı kózimen zerdeleýge negiz bolatyn sanaly urpaq tárbielýde tildiń orny erekshe.

Tildik normalardy qalyptastyryda túrli ádis-tásilderdiń utymdy pıdalanylýy – búgingi kún talabynan týyndap otyrǵan kúrdeli másele. Osy oraıda, bala-baqshalar, mektep, JOO-dary ustazdarynyń aldynda úlken izdenis, qajyrly da úzdiksiz eńbektený

tur. Oqý úderisinde jańa tehnologialardyń tiimdi tustaryn praktika júzinde saralap, irikteyi qajetiligi negizgi másele bolyp tabylady. Bul týrasynda L.N. Tolstoı bylai deidi: «Qandaı muǵalim bolmasyn, ádisterdi neǵurlym kóp bilýge tyrysýǵa, olardy kómekshi shara retinde qabyıl alyǵa tiisti. Oqýshynyń sabaq túsinýindegi qıynshylyǵynyń qandaıyn bolsa da, ony oqýshynyń kemshiligi emes, qaita ózinniń sabaq oqytýdaǵy kemshiligim dep qabyldaýǵa tiisti. Jańa tásilderdi oilap tabý jóninde óziniń qabiletin damyta berýge umtylýǵa tiisti» [4].

Osy oraıda, tildi nátijeli úretýde oqý úderisinde keńinen qoldanylyp ádis-tásilderdiń biri - jattyǵylar ádisi úlken kómekshi shara. Professor R. Ámirov oqýlyqtaryndaǵy jattyǵylarǵa nazar aýdara otyryp, «jattyǵy degenimiz – sizdiń oqytý amaldaryńyzdyń mazmuny, keń turǵyda, ádistemeńizdiń mazmuny» dep beredi. Árbir oqytýshy oqý materialyn til úrenýshilerge qalaı meńgertýge bolatyny jaiynda únemi shyǵarmashylyqpen jumys jasaýy qajet.

Oqytý ádisteriniń kóptúrliligi pedagogika salasynda talas týdyratyn kúrdeli máselelerdiń biri. Soǵan oraı búgingi tańda oqytý ádisteriniń anyqtamasy jáne olardy toptastyryú máselesinde ortaǵ pikir qalyptasqan. Bilim berýdiń kózderine saıkes I.T. Ogorodnikov, V.V. Davydov, M.M. Skatkin, E.Ia. Golant pikirleri bolyp otyr. Olar: 1) aýyzsha baıandaý ádisteri; 2) ózdiginen jumys isteý ádisteri; 3) laboratorialyq ádisteri. Oqý materialyn aýyzsha baıandasa, oqýshylar ózdiginen bilimn jetildirse, al tájiribelik ádisterdiń ishinde jattyǵy ádisi eń kóp qoldanylatyny belgili.

Jattyǵy ádisi degenimiz pedagogikada – oqýshynyń iskerligi men daǵdysyn qalyptastyryp, qairat-jigerin damytýǵa baǵyttalǵan oqytý ádisi delingen [5]. Bul ádis arqyly til úrenýshi alǵan bilimn tájiribede erkin qoldanyp, keńinen bilimn tereńdetip, shyǵarmashylyq qabileti damytlady. Til úrenýshi oqý materialyn sapaly túsinip, ıgergennen keıin, áyeli sol materialǵa baılanysty qarapaim, odan keıin birte-birte kúrdeli jattyǵy jumystary júrgiziledi. Kúndelikti ómirmen baılanystyryla beriletin jaǵdailyq jattyǵylar teoria men praktika arasyndaǵy baılanystyń ara-qashyqtyǵyn jaqyndata túsedı. Oqý, úrený, uǵynǵanyn tájiribede qoldaný, iskerlikke daǵdylaný júesi arqyly til úrenýshi bilimdi tolyq ıgeredi, mamandyǵy boıynsha bolashaqta qazaq tilin erkin paıdalanýǵa mol múmkindik alady. Jattyǵy ádisi arqyly iskerlik pen daǵdyny qalyptastyryú birneshe kezeńnen turady: birinshi kezeńde oqytýshy oqýshynyń qabyldap, túsingen bilimniń negizinde olarǵa jattyǵydyń maqsatyn, mindetin túsendiredi, ekinshi kezeńde oqytýshy jattyǵydyń durys oryndalýyn kórsetedi; úshinshi kezeńde alǵashqy ıgergen bilimn oqýshy tájiribede paıdalanady; tórtinshi kezeńde oqýshylardyń alǵan daǵdysyn tájiribede óz betimen qoldana bilýi iske asady. Jattyǵy ádisin qoldanǵanda oqýshylardyń elikteyin jáne shyǵarmashylyq is-áreketin esepke alýmen qatar, olardyń oı tolǵanysyn, ózindik sheshimin de eskeryú qajet. Qazirgi kezde oqytýdyń jańa ádis – tásilderi boıynsha jattyǵy ádisi bir júege túsirilip, joǵary tiimdilikpen júrgiziledi. Jattyǵy ádisi arqyly oqytý teoriasyn tájiribelep baılanystyryú ustalymy, oqý barysynda berilgen erejeler men qaǵıdalarydy qaita pysyqtap tıanaqty meńgerý jattyǵy arqyly oryndalady. Sondyqtan bul ádis barlyq pánderdı oqytýda, sonymen qatar qazaq tilin meńgertýde de keńinen qoldanylýy tiimdi. Oqýshylar pán mazmunyna qatysty

teorialyq bilimderin pysyqtaý barysynda praktikalыq jumystaryn atqarady. Mysaly, til sabaqtarynda diktant jazý, grammatika jáne fonetika jumystaryn oryndaý, túrli shyǵarmashylyq izdeniste sityasialыq jaǵdaılardan shyǵý t.b.

Orys ǵalymdary (N.I. Gez, B.A. Lapidýs): «Pri samoı pravilnoi strýktyre ýroka pri ochen prodymmannoi sisteme zaniatiı po inostrannomyı ıazyky nelzia dobıtsia jelaemyh rezýltatov bez rechevoi trenirovki ýchashihsia» [6] deidi

Til úretýdiń barlyq kezeńderine, iaǵni til úrenýshilerdi saýatty oqýǵa, jazýǵa úretý, durys baılanystyryp sóileýge baýly, durystap oqýǵa daǵdylandyry, sózdik qordy baıty jáne praktikalыq bilim berý maqsatynda tiimdi qoldanylatyn negizgi tásilderdiń biri - jattyǵylar tildiń qoǵamdyq-áleymettik rólin arttyrýǵa yqpal etedi. Latyn álipbiine kóshý úderisiniń maңызdy qadamy jasalǵan tusta til úretýshi ustazdardyń aldynda oqytý tehnologialarynyń eń tiimdi túrlerin anyqtap, qajetti ádis-tásilderdi tiimdi paidalaný qajettigi turady. Ǵalymdardyń pikirlerine súene kele, latyn álipbiin saýatty qoldaný úderisi barysynda qarqyndy jumys júrgizýde kezdesýi yqtimal tildik kedergilerden jattyǵylardy tiimdi paidalaný arqyly aldyn alýǵa bolady. Sonda ǵana oqý, úrený, uǵynǵanyn tájiribede qoldaný, iskerlikke daǵdylaný júesi arqyly til úrenýshi bilimdi tolyq ıgeredi jáne jeke tulǵanyń áleymettik beinesi – til arqyly onyń qai memleketke jatatynyn kórsetedi.

Paidalanylǵan ádebietter:

1. <http://oblmaslihat.sko.kz/kaz/news>.
2. <http://www.aktobegazeti.kz>
3. http://el.kz/kznews/ruhani-zhangyru/latin_alipbiine_koshu_____alemdik_uderiske_zhakindau
4. Harlamov I.F. Pedagogika. M., 1999 g.
5. Qazaq Ulttyq ensiklopediasy.A., 2001. № 3-tom.
6. Inostannye ıazyke v shkole // M., 1969. №6.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Р.Н.Дәрменқұлова, Ә.Ж.Әміров

ф.ғ.к., доцент, АО Ұлттық медицина университеті, ф.ғ.к., доцент
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті², Алматы қаласы, Қазақстан
e-mail: rainur70 @ mail.ru¹, abdibek71 @mail.ru,

Түйін

Мақалада қазақ тілі пәнін басқа пәндермен байланыстыра оқыту арқылы студенттердің интеллектуалдық өрісін байыту, алған білімдерін әр салада қолдана алу мақсаты көзделіп, пәндердің байланыстылғы жан-жақты қарастырылады.

Резюме

В статье рассматриваются задачи, связанные с изучением предмета казахского языка в сочетании с другими дисциплинами, для обогащения интеллектуального мышления у студентов, умением применять полученные знания в различных сферах, всесторонне рассматриваются взаимосвязь дисциплин.

Summary

The article discusses the tasks associated with the study of the subject of the Kazakh language in combination with other disciplines, to enrich the intellectual field of students, the ability to apply their knowledge in various fields, comprehensively examines the relationship of disciplines.

Тірек сөздер: оқыту, кәсіби, сабақ, әдістеме, пән, тәрбие, қазақ тілі.

Қоғам егеменді еліміздің білімді де саналы, үйлесімді дамыған, ғылымның соңғы жаңалықтарын игерген, дүниетанымы берік қалыптасқан, белсенді маман даярлауға мүдделі. Сондықтан жоғары оқу орындары мен арнаулы оқу орындары ғылым мен техниканың жоғары жетістіктеріне сай теорияны меңгерген, қоғам сұранысына жауап бере алатын мамандарды қалыптастыруды көздейді. Соған орай білім беру мазмұнын ізгілендіруде оқу пәндері көлемін, құрамын өзгертіп, жаңа пәндер енгізіп, заман талабына сай оқытуды ұйымдастырудың жаңа формалары мен технологияларын іздестірудің қажеттілігі туып отыр.

Оқыту таным әрекетінің ерекше түрі және білім берудің негізгі жолы болғандықтан, оны дұрыс ұйымдастыру білім сапасының жоғары болуына көмектестеседі. Оқыту - екі жақты үрдіс. Ол - *сабақ беру* (оқытушының әрекеті), *оқып – үйрену* (студенттің әрекеті). Оқытушы сабақ беру кезінде студенттердің таным әрекетіне және тәжірибелік әрекетіне басшылық етсе, үйрету білімді, іскерлікті, дағдыларды меңгерту үрдісі болып табылады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер пәндерді өзара байланыстыра отырып, көп нәрсеге қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп отыр. Осы орайда жоғары оқу орындары білім беруде студенттің игерген білім, дағдысымен шектелмей, оның шығармашылық белсенділігін, кәсіби біліктілігін өз бетімен әрекет жасау мүмкіндігін, пәнге қызығушылығын, ғылыми көзқарасын, кәсіби мәдениетін т.б. қалыптастыру мақсатын көздейді.

Қазақ тілі ана тілі ретінде барлық пәндерді меңгеру, игеру құралы болғандықтан, оның қай тақырыбы болса да кез - келген пәнмен байланыстыра

жүргізуге қолайлы. Тіл кез - келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып табылады. Сондықтан да пән ретінде оқылатын қазақ тілінің болашақ қоғам иелерін тәрбиелеуде маңызы зор.

Қазақ тілін әдебиет, орыс және шетел тілі пәндері, Қазақстан тарихы, психология, медицина ғылымымен және т.б. пәндермен байланыстыра оқыту арқылы да студент білім алу қажеттілігін түсінеді. Бұл байланыс көбінесе тіл ұстарту мақсатында жасалып, нәтижесінде студенттердің сөздік қорын байытуға, танымдық көзқарасын қалыптастыруға жол ашады, өзге тілдерде кездесетін ортақ грамматикалық ерекшеліктерді, ережелерді байқауға мүмкіндік туады

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының тарихында көрнекті тілші – ғалым Ахмет Байтұрсынұлының көшбасшысы болғаны белгілі. Бүгінгі таңда ғалым А.Байтұрсынұлының оқудың негізі білімді өз бетінше алу екені туралы айтқан пікірлері құнды екені сөзсіз. Ол педагогиканың өзекті мәселесі болып отырған студенттің өз әрекетіндегі субъектілік қызметін арттыру міндетіне сай келеді.

Қазақ тілі пәнін оқыту барысында *әдебиет пәнімен* жиі байланыстыруға болады. Қазақ тілін оқытып-үйретуде грамматиканы жалаң түсіндірмей, қосымша арнайы тақырыптарға байланысты мәтіндер беріледі. Мәселен, «Қазақтың көрнекті ақын-жазушылары», «Адамзаттың Абайы», «Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері», т.б. мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілін әдебиетпен байланыстырып оқытудың маңызы зор. Бұл жағдайда студенттердің тіл байлығы кеңейіп, ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағын *әдебиетпен* байланыстыра отырып, студенттің ұғымына түсініксіз, ауыр тиетін сөздердің мағынасын, оның шығу тегін, тарихын, түсіндіру тиімді. Демек, сөзді орынды жерде қолданып, оның мағынасын жетік білетін студент өз бетімен сөйлем құрап, оны ауызша сөйлеу тілінде шебер қолдана алатыны сөзсіз. Осы орайда А.Білалованың мына пікіріне назар аударайық: «Қазақ тілі өмір таныту, тәрбие беру, қарым-қатынас жасау құралы екендігі белгілі. Тіпті елдігіміздің бір белгісі- ұлттық тіліміздің өгейсімей дұрыс өмір сүруі. *Тіл мен әдебиетті* оқи отырып адамдық борышын қалыптасады» [1,27]. Әдебиет пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлау қабілетін арттырып, сараптау, саралауға үйретеді, көңіл-күй сезімдерін, тілін, шығармашылық әрекет-бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтін басты нысаны студенттерге тілді меңгерту, оқытып-үйрету болғандықтан, ол ең алдымен тіл біліміне арқа сүйейді. Өйткені мектепте қазақ тілі пәнінен өтілетін материал *тіл білімі* ғылымының негізіне сүйеніп, жоғары оқу орнына келгенде кәсіби қазақ тілін меңгеруге бағытталады. Бұл міндетті шешуде де тіл білімінің мағлұматтарына сүйенетіні белгілі.

Сондай-ақ қазақ тілін *Қазақстан тарихы(Мәңгілік ел)* пәнімен байланыстыра оқыту арқылы студенттің танымдық көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыра

отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеуге болады. Бұл мақсатта «*Менің Отаным-Қазақстан*», «*Қазақстандағы тарихи ескерткіштер*», «*Халық қаһармандары – ел мақтанышы*», «*Қазақтың батыр қыздары*» т.б. мәтіндермен жұмыс жүргізе отырып, студенттің танымдық көкжиегін дамытуға болады. Осы тұста оқытушыдан шеберлікті, ізденімпаздықты, білімділікті және ең ұтымды, ең қолайлы әдіс-тәсілдерді қолдана білуді талап етеді.

Қазақ тілі мәселелері мен оларды оқыту үлгілеріне ерекше мән беріп, көп еңбек сіңірген тілші – ғалымдардың көрнектісі А.Байтұрсынұлының «сапалы оқытудың кілті – іздену, тиімді әдістерді тауып пайдалана білу, сабақ барысында үнемі түрліше әдістерге сүйеніп отыру керек» деген тұжырымын келтіруге болады [2].

Ең нәтижелі, ұзақ қалыптасқан байланыс *қазақ тілі мен орыс тілі* арасында байқалады. Өйткені тілді үйретуде орыс тілінен алған түсініктеріне, ұғымдарына және білімдеріне сүйене отырып оқытудың маңызы зор. Сабақ кезінде студенттерге осы екі пән арасындағы байланысты ашып, қазақ тілін жете түсіндірген пайдалы. Бұл байланыс оқыту тиімділігін, оңтайлылығын анықтауға мүмкіндік береді. Орыс бөлімінде оқитын студенттерге қазақ тілін оқытып-үйреткенде грамматика орыс тілімен салғастырыла түсіндіріледі, айырмашылықтары мен ұқсастықтары айтылады. Осы екі пәннің арасындағы сабақтастықтың нәтижесінде студенттер тілді тез әрі түсіне отырып игереді.

Қазақ тілі мәселелері мен әдістемесіне байланысты еңбектер жазып, құнды пікір айтқан педогог - ғалымның бірі *Ж.Аймауытов* қандай мәселені сөз етсе де, қай пәнді (педагогика, психология, дидактика) зерттесе де, ең маңызды орынға тіл, оның тазалығы мен дұрыс қолданылуы туралы мәселені қояды. Өйткені, автордың айтуынша, тіл- адам(бала) өмірінің ең алғашқы баспалдағы. Дүниедегі барлық тірлік ең алдымен тілден көрініс табады да, басқалары содан кейін іске асады.

Бұл мәселелер жөнінде ғалым: «... әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн,- деп айта келіп, Ж.Аймауытов тілді дұрыс үйрету үшін басты қағидаларды есте сақтағанды жөн санайды. Олардың қатарына баланың ой қабілеті мен өмірді ұштастыра отырып, *пән аралық байланысты* күшейте келіп, көбінесе ынталандыру қасиетіне ерекше мән берген дұрыс деп есептейді[3,8].

Қазақ тілін медицина ғылымдарымен байланыстыра оқытудың да өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, қазақ тілін оқытып- үйретуде кәсіби лексикаға байланысты әрбір факультетке арнайы медициналық мәтіндер беріліп, солармен жұмыс жүргізіледі. Студенттер мәтін бойынша берілген тапсырмалар арқылы тақырыптың жалпы мазмұнын түсінуге, аударма жасай отырып, болашақ мамандығына қатысты лексиканы игереді. Сондай- ақ, сол алған ақпараттар арқылы сұхбат жүргізуді, сырқатнама жазуды үйренеді. Қазақ тілінде көненің көзіндей болып, көптен келе жатқан бір алуан сөздер

анатомиялық атаулардың қазақша айтылуын білу, оны қолданысқа енгізу әрбір ағза атаулардың сырына үңілуге жетелейді.

Медицина жоғары оқу орындарында қазақ тілін медицинамен байланыстыра оқыту өмір талабынан туған нәрсе. Өйткені мамандығына қатысты арнайы мәтіндерді оқып кәсіби лексиканы меңгеру арқылы өз ойын жазбаша және ауызша дұрыс жеткізуге дағдыланады. Пәндер арасындағы сабақтастықты іске асыруда өтілетін тақырыптарға байланысты бірімен екіншісі ұштастырыла өткізілсе, сабақ қызықты әрі түсінікті болады.

Сондай-ақ қазақ тілі пәнінің психологиямен байланысын сабақ барысында айқын байқауға болады. Психология студенттің психологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын болғандықтан, ол оқытудың әдісі мен тәсілін психологиялық тұрғыда дәлелдеуге көмектеседі. Сөйтіп қазақ тілін оқытуға қатысты материалдарды дұрыс түсініп, тәжірибе жүзінде шешуге мүмкіндік береді. Оқытушы осы орайда өзінің әрбір студентін, оның психикасын, материалды қабылдау және есте сақтау дағдыларының дәрежесін білуге жағдай жасайды, студенттерді жүйелі зерттейтін әдістермен қаруландырады. Студенттердің психологиясын, жеке басының ерекшеліктерін, ойлау қабілетінің даму үрдісін білмей тұрып, қазақ тілі пәнін оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалану мүмкін емес.

Сонымен қазақ тілін оқытып-үйретуде пәнаралық байланыстың негізінде халқымыздың рухани мәдениеті мен тыныс-тіршілігінен қажетті мәліметтер бере отырып, қазақтың этнопедагогикасының танымдық, тәрбиелік және дамытушылық қызметтерінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған жөн.

Доцент А.Жанәбілова «Пәнаралық байланысқа негізделген проблемалық оқыту технологиясы» атты мақаласында проблемалық ситуацияны шешу арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауы дамиды, интеллектуалдық таным үрдісі жетіледі дей келіп, өз ойын былай білдіреді: «Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалардың тіл дамытудағы тиімділігі- оқушылар бұл оқыту түрінде ғылыми ізденіспен, зерттеушілікпен айналысады. Ойлаумен бірге тілдері де дамиды[4,80].

Сабақ оқу -тәрбие үрдісінің ең басты, маңызды мәселесі. Жалпы алғанда бір сабақ барысында оқыту, тәрбиелеу, дамыту үрдістері қатар жүріп жатады. Бұл пәнаралық байланыс негізінде болатын құбылыс. Студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, мәселенің шешімін өз бетінше табуға ұмтылушылыққа тәрбиелеу – оқытушының басты міндеті. Ол талданылатын тақырыпқа сәйкес, соны ұғынудың алғашқы баспалдағы болатын немесе оның мәнін ашатын материалдарды таңдай отырып, сабақты жан- жақты мазмұнда түсіндіреді.

Сабақ барысында пәнаралық байланыстарды дамыта отырып, студенттердің ғылыми ой-өрісін жетілдіруге, мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: сабаққа қызығушылығын арттырып, шығармашылық жұмыс істеуіне септігін тигізеді;

студенттердің бойында өз біліміне сенімділігі, қабілеттілігі, жауапкершілікті сезіну сияқты қасиеттер қалыптасады;

өз бетінше қорытынды жасауды, сөйлеу мәдениетін, ғылыми ақпараттарды білуге үйренеді.

Қорыта айтқанда, пәндерді байланыстыра оқыту студенттердің ғылыми көзқарасының қалыптасуына, білімді жүйелі түрде алуына, танымдық дәрежесінің нығайып, молаюына көмегін тигізеді және олардың әрбір қоғамдық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауына көмектеседі.

XX ғасыр басында педагог-ғалым Ж.Аймауытовтың «Сабақ беру-үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер» деген ұлағатты сөзі ұлт болашағын ойлайтын әрбір педагогқа үлкен міндет жүктейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Біләлова. А. Шешендік өнер. «Қазақ тілі мен әдебиеті». 2010. №1.
2. Байтұрсынов. А. Қай әдіс жақсы? «Жаңа мектеп», 1928. №4.
3. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, Қазмембас, 1924.
4. Жанәбілова А. Пәнаралық байланысқа негізделген проблемалық оқыту технологиясы. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2009. № 4.

ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ә.С.Сәдірова магистр

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстанда білім беру үрдісінің өзіндік ұлттық үлгісі орнығып, жаңа мазмұндағы оқыту жүйесі қалыптасуда. Дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсаты көзделіп, әрбір ғылым саласында нақты өзгерістер енгізіліп жатыр. Мұндай өзгерістер білім беру жүйесінің даму бағыттарын нақтылап, оны тың арнаға, жаңа сапаға қарай дамыту қажеттілігін міндеттейді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістер интеллектуалдық қабілеті жоғары, білімді, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етіп отырғаны белгілі. Бүгінде, оқытудың сан түрлі әдістері бар. Соңғы жылдары сапалы оқыту мен үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру жұмыстардың нәтижесі тіл білімі мен әдістеме ілімінде жаңа бір әдіс – **қатысымдық әдістің** пайда болуына негіз болды.

Қатысымдық тұрғыдан оқыту технологиялары пәнді, тақырыпты, материалды меңгертуде студенттердің сөйлеу тілін, оның қатысымға түсу қабілеті мен дағдыларын және қатысымдық құзыреттілікті т.б. жетілдіруді көздейді. Бұл топқа Ы.Алтынсариннің тілдік дағдыны жетілдіру технологиясы;

М.Балақаевтың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру технологиясы; Ф.Ш.Оразбаеваның қатысымдық әдіс технологиясы; Н.Оразақинованың сатылай кешенді талдау технологиясы; Дебат технологиясы; Белл-Ланкастерлік жүйе жатқызылды. Мәселен, М.Балақаевтың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру технологиясы бойынша студенттердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру көзделді. Аталған технология студенттердің өзіндік пікірін, ойлы көзқарасын, ауызша және жазбаша түйіндеулер жасауын жетілдіруді және стилдің түрлерін ажырата білуді, әдеби тіл нормасын сақтап сөйлеуді үйретуді мақсат етті.

Қатысым әдісінің негізгі мақсаты - тіл үйренушілерді бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетіне баулу. Ғалым Ф.Оразбаева: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын; тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі [1,148]» - деп анықтама беріп өтеді.

Қатысымдық әдісті пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы жаңа тақырыпты игертуді жүзеге асыруында. Тілдік пәндерді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілдің ең басты және негізгі қасиеті – қатынас құралы болу қызметі. Тіл – адам баласының қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алмасудың, жазбаша ой алмасуда белсенді қызмет атқаратын қоғамдық құбылыс. Тілдің мағлұмат беріп, сол дерек кейінгі жүргізілетін оқу әрекетінің бойында пәнге деген қызығушылық қалыптасып, терең игеруге ұмтылар еді. Тілдің қарым-қатынастық рөлін түсіндірумен қатар, тілді жақсы меңгерген білім алушының ойлай да, жаза да, сөйлей де білетіндігі.

Тіл – адамдар арасындағы тілдік қатынасты қамтамасыз ететін, дыбыстық таңбалар жүйесінің жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың құралы. Тіл сияқты сөйлесім де әлеуметтік құбылыс. Өйткені сөйлесімді жеке бір адам жүзеге асыра алмайды, ол бірнеше адамдардың тілдік түсіністігі арқылы іске асады. Сөйлесім адамдарды біріктіреді, оларды өзара байланысқа түсіреді.[2,82] Тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын – хабарды іс жүзіне асырушылар, хабарға тікелей қатысушылар. Олар мынадай құрамнан тұратындығы:

1. Белгілі бір ақпаратты, деректі хабарлайтын – Баяншы;

2. Ақпаратты жеткізетін – Тұлғалар;

3. Ақпаратты не деректі – Қабылдаушы екендігі белгілі. Бұл туралы Ф.Оразбаеваның еңбегінде кеңінен айтылып өткен.

Психологтар сөйлесім кезінде баяншының қабылдаушының әр түрлі ерекшеліктерін ескере отырып тілді қолданатынын айтады. Баяншы кімге

қалай және қайтіп сөйлеу керектігін өзі шешеді. тілдік қатынасқа түсушілердің ең басты қызметі – қатысымдық, байланыстырушылық, экспрессивтік.

Қатысымдық қызмет бойынша баяндаушы мен қабылдаушылар тілдік қарым-қатынастың барлық түрлерін іс жүзіне асыра келіп, хабар арқылы бір-бірімен қарым-қатынастық қызмет атқарады.

Байланыстырушылық қызмет тілдік қатынасты жүзеге асырушылардың бір-бірімен пікір алмасуынан, бірінің айтқан ойын екіншісінің жалғастырып, сабақтастырып отыруынан көрінеді. Мұнда негізгі қызмет атқаратын – хабарды жеткізетін тұлғалар. Ол баяншы мен қабылдаушыны өзара байланыстырады және тілдік қатынастың түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Экспрессивтік қызмет тілдік қарым-қатынасқа түсушілердің бір-біріне берілген хабарды қабылдап қана қоймай, оның айрықша мәнін, күшейту реңкін толық түсінуінің нәтижесінде орындалады. Баяншы хабарды жай айтып қана қоймайды, ондағы қандай ойға ерекше көңіл бөлу керектігін де, өзінің көңіл-күй, сезімін, көзқарасын да жеткізуге тырысады. Ал қабылдаушының осыны дәл танып, жете түсінуі қажет болады.

Сөйлесім компоненттерінің түрлері – оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым бойынша қол жеткізетін құзыреттіліктер оқушының ақпаратты түсіну, қолдану, жинақтау, өңдеу және өз ой-тұжырымдарын қорытып шығару, бағалау әрекеттеріне сүйене отырып анықталады. Мысалы, оқылым мен тыңдалым, айтылым мен жазылым әрекеттерінде оқушының өз бетінше ізденуі, шығармашылық тұрғыда қолдануы, дара ойлауға ұмтылы негізінде туындайтын құзыреттіліктер қалыптастыруға мүмкіндік мол. Мұнда өмір жағдаяттарында оқушының дұрыс жол табуы, сын сәттерде өзіне тиімді шешім жасауы, өзіндік көзқарастарын сөз әдебін сақтап жеткізе алу, ойын түсінікті әрі жүйелі айта алу қабілеттері шыңдалады. Оқушының ауызша және жазбаша тілде ойын еркін және әдеби тіл нормаларының талаптарына сай стильдік ерекшеліктерді ескере отырып жеткізуі біліктіліктің өлшемі болып саналады.

Қатысымдық дағдыны қалыптастыру жаттығулары сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) қамти отырып жүргізіледі. Жаттығудың бұл түрі білім алушының кез келген тілдік ортада еркін пікір алмасу, дискурста қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беру мен түрлі мазмұндағы тілдік жағдаяттарда білім, білік дағдыларын қолдануды жетілдіруге бағытталады. Сонымен бірге, ойын жүйелі жеткізу, пікірін дәлелдеу мен тілдік жағдаятта оңтайлы шешім қабылдауды үйретуді көздейді. Тапсырмалар сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы ұсынылады. **Мысалы:**

Тыңдалым. Жолдасының тапсырманы оқығанын тындап, әрі қарай келесі тапсырманы орындауға дайындалады.

Оқылым. Белгілі бір берілген мәндік тапсырмаларды оқып, талқылау жұмыстарына дайындалады.

Айтылым. Арнайы тапсырма бойынша білім алушы жеке ойын жеткізеді.

Жазылым. Білім беруші ұсынған тапсырмалар бойынша жазу жұмыстарын жүзеге асырады.

Тілдесім. Қандай да бір проблемалық тапсырма арқылы білім алушы өзара пікірлесуге не ой талқыға түседі.

Қатысымдық тапсырмалардың мақсаты:

- қатысымдық – тілдік қатынасқа түсуге қажеттілік, қызығушылық тудыру;
- білімдік – ауызша тілдесім әрекетіне жаттықтыру арқылы фонетика-грамматикалық дағдылар қалыптастыру;
- тәрбиелік - саналы тәртіп, еңбексүйгіштік, белсенділікті дамыту, өзара көмек беруге тәрбиелеу;
- бағдарлық – тіл үйренушінің сөйлесім әрекетін, қатысымдық ниетін жоспарлай білуді дамыту;
- бағалаушылық - әрбір тіл үйренушінің өзінің және басқалардың сөйлесім әрекетін бақылап, бағалауы арқылы өз-өзіне есеп беруін, рефлексиялық қабілетін дамыту.

Пәнді қатысымдық тұрғыдан оқытудың ұтымдылығы - білім беруде жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретіндігінде. Болашақ маманның кәсіби ойлауын, сөйлеу қабілетін т.б. дамытады. Біздің бүгінгі білім беру саласының да көздеген ұлы мақсаты - осы болмақ, яғни, еркін пікірлі, жеке тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф.Тілдік қатынас - «Сөздік-Словарь», 2005 жыл
2. Рахметова Р. Қазіргі қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (автореферат) – Алматы, 2010 жыл

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДАҒЫ ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Шатенова Айнаш Тажиевна

жоғары санатты қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы
Ақтөбе қаласы
№ 8-орта мектеп

Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасауы осының дәлелі.

Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнының жылдам қарқында жаңаруын талап етеді.

Біздің еліміздегі білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы осындай заманауи тенденцияларға негізделген. Өйткені білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша

көзқарас пайда болып, оқытудың формасы өзгерді. Жаңартылған білім бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру.

Функционалды сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Оқушыны өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірде қолдана білуге баулу міндеті ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазақтың талантты ақыны М.Жұмабаев: «Тәрбиедегі мақсат - баланы тәрбиешінің өзіндей емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару»- деген екен. Болашақта өмірдің барлық салаларында табысты болулары үшін, оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту жолында мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер нәтижелі жұмыс істей алады. Өз мамандығын жақсы көретін, қиындығы мен қызығын қатар көріп жүрген көп ұстаздың бірі, мен-халқымыздың өзіндік ой-санасы мен парасатын, ұлт құндылықтарын ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуші, ұлттық болмысымыздың негізгі күретамыры-тілімізді, ғасырлар бойы жиған рухани азығымыздың сарқылмас бұлағы -әдебиетімізді жас ұрпақтың бойына сіңіруші-қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін.

Әрине, әр жаңа бастаманы бастаудың өз ерекшеліктері мен қиындықтары болады. Былтырғы, 2017-2018 оқу жылында 5,7-сыныптың оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бере бастағанда, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан алған теориялық білімімді тәжірибеменен ұштастыра отырып, оқыту сипатына жаңаша қарап, оқытуда көп көмек көрсете алатын жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерудің, әр жаңа оқыту формасының ерекшелігін танып, қолдана білудің маңызы зор екендігін түсіндім.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы оқушыға қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құратудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді. Бұл бағдарламаның бұрынғы қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі қазақ тілін функционалды-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

тыңдалым және айтылым;

оқылым;

жазылым;

әдеби тіл нормаларын сақтау.

Оқу жоспарында көрсетілген оқыту мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Ал «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру. «Қазақ әдебиеті» пәнінде пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және

салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады.

Тәжірибелі мұғалім ретінде тиімді сабақ өткізудің ең басты кепілі- сабақты тиімді сабақ жоспарлап, қол жетімді әрі нақты оқыту нәтижесіне бағытталған оқу мақсаттарымен жұмыс жасау екенін жақсы білетін мен алдымен күнделікті сабақ жоспарларын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір сабақта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті негіз етіп алуға, ал басқа коммуникативтік әрекеттердің жанама түрде қолданыла беруіне баса назар аудардым. Мысалы, бірінші сабақта тыңдалым/ айтылым дағдыларына басымдық берілсе, келесі сабақта оқылым/ жазылым дағдылары бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау оқушы бойында бұл дағдыларды жақсы қалыптастыруда көмектесетінін байқадым.

Алғашқыда тыңдалым материалы бойынша жұмыс жасаудың өзіндік қиындықтары болды, кейбір оқушыларға мәтін мазмұнын толық ұғыну, мәтінде айтылған ақпараттарды еске сақтау қиындық келтірді. Мәтінді бірнеше рет жібергеннен кейін ғана толық талдауға кірісетінбіз, әрине, бұл сабақ уақытын тиімді пайдалануға кері әсерін тигізетін. Сондықтан мен өз шәкірттеріме мәтінді тыңдаған кезде тыңдай отырып, қажет мәліметтерді түртіп алып отыруды, мәтін мазмұнының ретін жай жоспар түрінде белгілеп отыруға дағдыландыруға тырыстым. Нәтижесінде қазіргі сәтте сабақ беретін сыныптарымдағы оқушылардың басым көпшілігі тыңдалым материалыменен тез әрі нәтижелі жұмыс жасауға дағдыланып, көтерілген мәселені болжау, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау, мәтін мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты түсіну, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау, жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру, ресми сөздер мен тіркестерді, терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу сияқты дағдыларды меңгерді деуге болады.

Оқушылардың тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және оқушының ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздей отырып, оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстым. Әрине, оқушының өз көзқарастарын білдіруді үйренуі, мақсатқа сай қорытынды жасау, синтез, анализ жасау дағдыларын меңгеруі, жан-жақты ашылуы, шығармашылық тұлғаға айналуы үшін тек түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану жеткіліксіз, ең бастысы, оқушыға жайлы, өзін еркін сезінетін ортаның болуы қажет. Сондықтан мен сабақтарымда шәкірттеріммен жылы да сенімді қарым-қатынас орнатуға тырысамын. Ол үшін әр сабақты түрлі мақсатты тренингтермен бастау, қолдау көрсету, мадақтап (әсіресе, тұйық, сабақта көп ашыла бермейтін оқушыларды) көтермелеу, сыныптастарының алдында әділ бағалау қазіргі сәтте өз нәтижесін берді деп сеніммен айта аламын. Сабақтарымда қолданып жүрген «Сенімділік формуласы», «Бүгін ең керемет күн...», «Жылы тілек» тренингтерімен қатар, сабақты сол күнгі тақырыпқа байланысты “Ой қозғау” тренингтерімен бастау оқушыларды сол күнгі тақырыпқа жетелеуге, ой салуға мүмкіндік беріп, өз нәтижесін көрсетіп жүр. Мысалы, “Қазақстанның сәулет өнері” тақырыбындағы сабағымды «Менің Қазақстаным ең сәулетті ел, себебі...» тренингімен бастаған кезде оқушылар бірден сөйлемді жалғастырып, тақырыптың ашылуына тиімді түрткі болады.

Өз шәкірттерімді жан-жақты тануда, олардың сеніміне еніп, жағымды қарым-қатынас қалыптастыруда мен үшін кері байланыс берудің пайдасы зор болды. Сабақтың әр кезеңінде оқушыларға кері байланыс беруде оқушылардың тек жақсы жақтарын ескеруге, тапсырманың дұрыс орындалмаған тұстарын нақты дәлелдермен, жай дауыспен, тең дәрежеде түсіндіруге, «олай емес», «сенікі дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауға тырыстым және жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына нақты ұсыныс беруге мән бердім. Соның нәтижесінде сабақтарымда оқушылар ашық та еркін қарым-қатынас жасайтын, өзара тиімді пікір алмасатын, жасырмай өз көзқарастарын білдіретін, өз ойларын жүйелі де нақты жеткізе алатын болды.

Білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын ала танылған критерийлермен салыстыруға негізделген, оқу материалын қалай игергенін, практикалық дағды қалай қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беретін критериалды бағалау технологиясы – білім алушылардың дағдыларын дамыту дәрежесін бағалауға ықпал ететін бағалау жүйесі. Бұл бағалау түрі мектеп шәкірттеріне, ата-аналарға басында тосын әрі түсініксіз көрінгенімен, уақыт өте оқушылардың білімін әділ де нақты бағалауға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткізуде.

Мұғалімнің бағалау қызметі – бағалау критерийлерін іріктеу, әзірлеу және қолдану, бақылау мен бағалау тәсілдерін таңдау. «Бағалау критерийі», «дескриптор», «кері байланыс», «өзін-өзі бағалау», «өзара бағалау» деген ұғымдарды өз оқушыларымның санасына сіңіре отырып, балаларды оқуда табысқа жетуге ынталандыруға, білімдегі кемшіліктерін анықтауға және олардың жетістіктерін көрнекі түрде көруге бағыттауға тырыстым. Ол үшін әр сабағымды оқу мақсаттарын көрсету мен айтудан және оған жетудің критерийлерін таныстырудан бастап отырдым. Оқушылар оқу мақсаттарын түсініп, оны ой елегінен өткізіп, оған қалай жету керектігін біліп отырса, сабақтың тиімділігі де арта түсетіндігіне көзім жетті. Күнделікті сабақтарымда шәкірттерімнің білім алу дағдыларын, меңгеру деңгейін өлшеу үшін ұсынылған «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», «Сарапшы пікірі» сияқты қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолданумен қатар, негізгі бағалау формасы ретінде түстермен бағалау түрін ендіردім. Нақтырақ тоқталсам, оқу жылының басында оқушыларға үш түрлі түс арқылы білім деңгейлерін анықтау ұсынылды. Әр сыныптың оқушыларымен талқылай отырып қабылданған бұл қалыптастырушы бағалау түрінде «жасыл түс»- берілген білімді жан-жақты меңгерді, жұмыс үздік орындалған деген ұғымды; «сары түс»- білім толық емес, жетілдіретін жерлері бар немесе толықтыру қажет деген ұғымды; «қызыл түс»-білім деңгейі төмен, толықтыратын тұстары көп деген ұғымды білдіреді. Балл, баға түрінде нақты бағалаудың орнына қолданылған бұл бағалау түрі оқушыларға ұнады және осы бағалауға тез үйреніп кетті. Нәтижесінде берілген дескрипторға сәйкес критерий арқылы оқушылар өздерін, бір-бірін осы бағалау түрімен бағалап жүр.

Мектепте білім алушылардың дағдыларды бойға сіңіруі және өзін-өзі бағалау тәжірибесі жинақталуы қажет екендігін басты назарда ұстай отырып, оқушыларымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру кезінде негізгі назарды өзін-өзі реттеуіне, өз бетінше білім алуына ынталандыруға тырысамын. Балалардың өздерінің не білетініне, қандай дағдыларды меңгергеніне сыни талдай жасай білу дағдыларын қалыптастыру, өз кемшіліктерін және нәтижесінде неге қол жеткізгісі келетінін анықтауға үйрету маңызды екені тәжірибеде дәлелденді. Мені ұстаз ретінде қуантқаны- оқушылардың өз-өздерін сыни көзбен, әділ бағалауға тырысатындары.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудағы маңызды кезеңдердің бірі – білім алушылар жұмыстарының нәтижелеріне талдау жасау. Бағалау нәтижелеріне талдау жасау білім алушыларда кездесетін қиыншылықтар туралы ақпарат алуға, оның алдын алу шаралары туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сапалы да нәтижелі білім алу үшін

әрбір білім алушының дайындығының жалпы деңгейіндегі өзгерістерді де, бұрынғы жетістіктерімен салыстырғанда оның жетістіктерінің динамикасын да атап өту маңызды екенін ескере отырып, әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырыптар бойынша өткізілетін жиынтық бағалаудың, тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелерін оқушылардың өздеріменен сараптай отырып, жетілдіру қажет тұстарын нақты мысалдармен көрсету арқылы, сынақ соңынан рефлексия жасата отырып, себептер мен мүмкіндіктерді өздеріне ұғындыру – оқушылардың келесі сынақтарда жетілуіне мүмкіндік берді. Сонымен бірге белгілі бір тапсырмалар қиындық тудыратын балалар тобын, білім алушылар үшін аса күрделі, қиын сұрақтар, тапсырмалар, тақырыптарды айқындап, тиімді жағына қарай оңтайландыру да жақсы нәтижеге жеткізуге жетелеуде.

Қазіргі білімдік мақсаттарға сай оқушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімге оқушыны жан-жақты тануға, оны өзіндік жеке дара ерекшеліктерін бақылап зерттеуге жақсы мүмкіндік береді. Сол себепті де рефлексия сабақтың негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастыру - өз бетімен білім алудың, өз бетімен ізденудің, өзін - өзі тексерудің, өзін-өзі бақылаудың, өзін-өзі бағалаудың негізгі құралы болып табылады. Рефлексияны әр түрлі жүзеге асыруға болады, сабақтың соңында, әр тақырыптың соңында т.б.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясындағы сабақтарымда тәжірибені жетілдіру үшін мен үнемі оқушыларыма рефлексия жасатуға, өзім де қызметіме рефлексия жасап отыруға тырысамын. «Бес саусақ», «Шығу парағы», «Мадақтау сәндвичі», «Білгенім:Түйгенім», «БББ» т.б. рефлексия әдістері менің өткізген сабақтарымның сапасына, білім нәтижесіне сараптама жасауға, жұмысымды жетілдіруге көмектеседі. Оқушының менің нұсқауымменен жасап жүрген рефлексиясы ақырындап оқушының ішкі рефлексиясына ұласқан кезде ой-өрісі кең, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігі қалыптасқан, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігі дамыған, біліктілікке ұмтылатын тұлға қалыптасатындығына сенімім мол.

Қазақтың талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген екен. Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу процесінде алдымызға нақты әрі нәтижелі мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында ізденіспен ерінбей еңбектенсек, меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалана алатын, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталы, рухы мықты азаматтар дайындалып, сол азаматтар еліміздің тірегі айналары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

2018-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат

Негізгі орта және жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық

3. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз		5
-----------------	--	----------

I БАҒЫТ

ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ ӘЛЕМДІК ИНТЕГРАЦИЯ МЕН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ОРНЫ

Бекежан Ө.Қ.	ПОСТКЕҢЕСТІК ЕЛДЕРДЕГІ ЛАТЫН: ТІЛ ЖӘНЕ САЯСАТ	7
Холманова З. Т.	ИЗ ИСТОРИИ ПИСЬМЕННОСТИ ТЮРСКИХ ЯЗЫКОВ	13
Aitbenbetova A.Q	LATYN ÁLIPBIINE KÓSHÝ – QAZAQ TILINIŇ ALǴA JYLJÝY	18

Абдрахманова Ж.М.	ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДА ЛАТЫН ҚАРПІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҮЛГІСІ	21
Икбол Мирзо	НАШ ЯЗЫК – НАСЛЕДИЕ КАШГАРИ	25
Бекниязова Д.Д.	ЛАТЫН ӘЛПБИИНЕ КӨШУ – ТАРИХИ ТАҢДАУ	27
Иманбаев Қ.Қ., Мухтарова А.С.	ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ	33
Қарағұлова Б.С. Кушкимбаева А.С.	ҚАЗАҚ ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ	36
Джусупова К.Ж.	ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ - ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫН БОЛАШАҒЫ	39
Канағатова Ж.М.	ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ	43
Imanğazına A.Á.	LATYN ÁLIPVII – ÁLEMDİK KEŃİSTİKKE APARATYN JOL	48
Сағнадинова Ж.	ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ	51
Холмурадова М.Ф.	ПИСМЕННОСТЬ – ЦЕННОСТЬ НАРОДА	57
Хусаинова Л. М.	ЛАТИНСКОЕ ПИСЬМО В СИСТЕМЕ БАШКИРСКОГО ПИСЬМА	62
Шахабитдинова Ш.Х., Зарипбаева Н.М.	ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ УЗБЕКСКОГО АЛФАВИТА	68
Нағашбеков Н.Ә.	ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ	72
Аманғалиева М. Ж., Тұржанова С.С.	ЛАТЫН ӘЛПБИИНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ	73
Макешова Ж. М.	ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖАЗУДЫҢ МАҢЫЗЫ	76
Гусейнова Т.С.	ОПЫТ ЛАТИНСКОГО АЛФАВИТА, ИСПОЛЬЗУЕМЫЙ АЗЕРБАЙДЖАНСКИМ ЯЗЫКОМ	79

Мадиева Г.Б.	ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЗАЦИЮ-ШАГ В БУДУЩЕЕ	81
Мұратбек Б.Қ.	QAZAQ ÁDEBI TILI TARİHYNYNŪ TEORİALYQ MÁSELELERİ	84
Раупова Л.Р. Юлдашева Ш.Х.	ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ	93
Утельбаева Г.У.	ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ И ЕГО РОЛЬ В КАЗАХСТАНЕ	97

II БАҒЫТ

ЕМЛЕ ЖОБАСЫ – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Садирова К.Қ.	ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛПБИИ МЕН ҰСЫНЫЛҒАН ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ ЖОБАСЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІ	100
Aitbenbetova A.Q., Zinollaeva A.Q.	QAZAQ JAZŪYNYNŪ JAŅA KEZEŅİ	104
Қондыбай К.Ә.	ҚАЗІРГІ ЖАҢА ӘЛПБИГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ	108
Бизақов С.	ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ – САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ	113
Тансикова А. А.	ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ	116
Садуақас Н.А., Абуғалиева А.Қ.	ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ	121
Куштаева М.Т.	КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТУРАЛЫ Ә.ҚҰРЫШЖАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	127
Жекеева А.Т.	КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫМЕН ТАҢБАЛАУ ЖАЙЫНДА	131
Нарбулатова Э. Абдуллина Г.Р.	БАШКОРТ ТЕЛЕНДӨ ЭКВИВАЛЕНТЪЫЗ ЛЕКСИКА ПРОБЛЕМАҒЫН ӨЙРӨНЕУ ТАРИХЫНАН	134
Исакова С.С.	ЖАҢА ӘЛПБИ: КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ	138

Кенесов Е.К	РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ ЛАТИНИЦЫ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ	142
Жұбаева О.	ШЕТ ТІЛДІК АТАУЛАРДЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА ИКЕМДЕУ ҰСТАНЫМДАРЫ	149

ІІІ БАҒЫТ
ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯҒА КӨШІРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Куштаева М.Т.	ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ ОРНЫ	158
Тектігүл Ж.О.	ЖАЗУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСҚА БЫҚПАЛЫ	163

ІV БАҒЫТ
ЛАТЫН ӘЛПБИІНІҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Esenova G.S.	LATYN ALIPBIIN KOMMÝNIKASIaLYQ KENISTIKTE ÚIRETÝDE JATTYǴÝLARDYN TIIMDILIGI	168
Дәрменқұлова Р.Н. Әміров Ә.Ж.	ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ	172
Сәдірова Ә.С.	ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ТИИМДІЛІГІ	185
Шатенова А. Т.	БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДАҒЫ ОҚУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИИМДІ ЖОЛДАРЫ	188

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында өткізілген «**Латын әліпбиі: гуманитарлық ғылымдар және әлемдік интеграция**» халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы
Қараша, 2018 жыл

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
Редакциялық баспа бөлімі
(Ақтөбе қ., Ағ.Жұбановтар к-сі, 263)